

БАБАЛАР СӨЗІ

ХИКАЯЛЫҚ
ДАСТАНДАР

31



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2006

«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ

КІТАП СЕРИЯЛАРЫ

БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*

Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*

Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*

Әбділдин Ж.М.

Әуезов М.М.

Байпақов К.М.

Зиманов С.З.

Кәлетаев Д.А.

Кекілбаев Ә.

Кенжеғозин М.Б.

Қасқабасов С.А.

Қойгелдиев М.Қ.

Қосыбаев Е.М.

Құл-Мұхаммед М.А.

Мағауин М.М.

Мәмбеев С.А.

Нұрпейісов Ә.К.

Нысанбаев Ә.Н.

Рахмадиев Е.Р.

Сұлтанов Қ.С.

Сүлейменов О.О.

Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

*Қытайдағы қазақ
фольклоры*

Хикаялық дастандар



ББК 82.3 (5 Қаз)
Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Күзембаева С.,
Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Қорабай С.,
Елеукенов Ш., Алпысбаева Қ.

Қытайдағы қазақ фольклоры үлгілерін жинап, баспаға дайындаған:
Егеубаев О.

Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:
филология ғылымдарының кандидаттары: Қосан С., Алпысбаева Қ.
(*жауапты шығарушы*), Егеубаев О.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2006.
Т. 31: Хикаялық дастандар. — 2006. — 376 б.

ISBN 9965-35-140-6

«Бабалар сөзі» сериясының 31-томына «Құламерген», «Арық мерген», «Әбу жылан», «Телім—Тентек», «Екі ағайын», «Мұрат Сәлих пен Мағрипа», «Көкек пен Зейнеп», «Қойшы батыр», «Саналы Сара», «Сәукеле», «Бөкен жарғақ», «Бұлғын—Сусар», «Үш жетім», «Үш жетім қыз», «Кезбе шал», «Хан хукімі» атты хикаялық дастандар енді.

Б $\frac{4702250205}{00(05) — 07}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-140-6 (т. 31)

© Әдебиет және өнер институты, 2006

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2006

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Серияның жарық көрген отыз томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын дастандар мен тарихи жырларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он бір томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы және тарихи жырлардың үш томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Қазақ халқының қымбат қазынасы — фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, қазақ эпосының көркем үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.


Оқырман назарына ұсынылып отырған аталмыш серияның 31-томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналды. Бұл томға «Құламерген», «Арық мерген», «Әбу жылан», «Телім — Тентек», «Екі ағайын», «Мұрат Сәлих пен Мағрипа», «Көкек пен Зейнеп», «Қойшы батыр», «Саналы Сара», «Сәукеле», «Бөкен жарғақ», «Бұлғын — Сусар», «Үшжетім», «Үшжетімқыз», «Кезбе шал», «Хан хүкімі» атты хикаялық дастандар енді. Аталған дастандардың кейбірінің сюжеті шығыстық, яғни үнді, парсы, араб хикаяларынан алынса, кейбірі жергілікті оқиғаларға негізделген. Сюжеттері хикая, қисса түрінде ауыз әдебиетінде ертеден айтылып келген бірқатар фольклорлық шығармалар қазақ ақындарының жаңғыртуымен нәзира үлгісіндегі дастан жанрында жырланған. Аталған шығармалардың кейбіреуі ел аузынан жазылып, біраз өңделіп барып Қытайда баспа бетін көрген.

Қазақстанда алғаш жарияланып отыр. Тағы бір ерекшелігі бұл мәтіндерде араб, парсы, қытай тілдерінен енген сөздермен қоса жергілікті тілдік қолданыстар да кездеседі.


Мәтіндерді жинап, баспаға дайындауға Қытай мәдениеті мен өнеріне үлес қосқан ғалым, ҚХР фольклортанушылар қоғамының мүшесі — Оразанбай Егеубаев қатысты.

«Бабалар сөзі» сериясының негізгі ұстанымдарына сәйкес отыз бірінші том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі — 23,5. б.т.



M Θ T I H Δ E P



Құламерген

Бастайын бір хикая сөздің басын,
Қайғылы жандар төгер көздің жасын.
Апарып таразыға тура тартар
Билер мен ғадыл өткен падишасын.
Шер сөзді ішке сақтап жарамайды,
Жазалық батырлардың бір қиссасын.
Көп сөз боп бекер кеңес ұзамасын
Көңілі жылағанның жуанғансын.
Еркіне қызыл тілді қоя бермей,
10 Осы жерден шығаралық қисса басын.

Жаратқан жаппар Құдай жанды-жансыз,
(Жамағат, ғайып етпе болса дәмсіз).
Өтіпті Құламерген деген батыр,
Қызығы айта берсең болар сансыз.

Тыңдасаң Құламерген бұрын өткен,
Ақырында мұратына о да жеткен.
Мұхиттың Казар деген аралында
Өнерпаз мергендікпен мекен еткен.

Астына Құлагер ат мініп жүрер,
20 Құс салып, қаршыға сап дәурен сүрер.
Қызықтың неше түрлі бәрі өзінде,
Аң қуып, күндіз-түні ит жүгіртер.

Гүләйім — алтын шашты қатыны бар,
Шәрипа — жеті жасар бір қызы бар.
Гүләйім талай жаннан сұлу екен,

Қарасаң көркемдігі күн тұтылар.
Үш жаста Жоянмерген бір ұлы бар,
Бұлардың аяғында қызығы бар.
Гүләйім ақ ордадан бір күн шығып,
30 Дариядан ағып жатқан су алдылар.

Жуам деп алтын шашты суға салды,
Барша әлем мынау іске қайран қалды.
Жуам деп отырғанда алтын шашты,
Бір талы дарияға кетіп қалды.

Жөңкіген суда сол шаш ағып кетті,
Гүләйім зар еңіреп зарлық етті.
Зарланып ордасына қайтып келіп,
Мергенге шаштың жөнін баян етті.

Айтқан соң шаштың жөнін баян қылып,
40 Сөйледі қатынына мерген тұрып.
— Сөзімді менің айтқан тыңда, — деді, —
Бәйбіше, бір азырақ мойын бұрып.

Тыңдашы, мен сөйлейін саған, — дейді,
Ұстауға келмеді ме шамаң, — дейді.
Шашыңды бұл дүниеде адам көрсе,
Ғашық боп, өш болады маған, — дейді.

Тамамдап Мерген сөзін айтып бітті,
Алтын шаш дарияға ағып кетті.
Бұлғары шаһары еді су аяғы,
50 Шаш ағып сол шаһарға барып жетті.

Дарияға балық аулап бір шал барған,
Ауына дариядағы көзін салған.
Оралып қалған екен әлгі алтын шаш,
«Бұл не?» деп қайран болып қолына алған.

Тарту қып ол патшаға алып келді,
Не нәрсе екендігін жан білмеді.

Алтын шашты әкелген ғаріп шалға
Мың ділдә қазынадан алып берді.

Патша сонда халықты жинап алды,
60 Алдына халайықтың шашты салды.
— Не нәрсе екендігін тапқан адам
Мұратына жетеді, — деп жарлық салды.

Жиылған тамам халық ақылдасты,
Ұйғарып әр нәрсеге жақындасты.
Дүниенің жамандықпен түбін тескен
Бір кемпір сонда тұрып бақылдапты:

— Ей, патша, мен сөйлейін саған, — дейді,
Не нәрсе екендігін табам, — дейді.
Бар менің жалғыз ұлым — Орақ батыр,
70 Қызынды некелеп бер соған, — дейді.
Кемпірдің айтқан сөзін мақұл көрді,
Кемпірдің бұл тілегін бермек болды.

Осылай залым кемпір сөз сөйлеген:
— Бар, — дейді, — бұл мұхитта Құламерген.
Гүләйім алтын шашты қатыны бар,
Білмесең, мынау соның шашы деген.

Патша бұл ғажаптан хабар тауып,
Кетеді Гүләйімға көңілі ауып.
Кемпірге сонда патша жарлық қылды:
80 — Сен азғыр, мен онымен етем сауық.

Билеген Қасым патша оң мен солды,
Таныған білімімен қандай жолды.
Ғажайып сиқыршы еді әлгі кемпір,
Азғырып Гүләйімді бермек болды.
Біраз күн мыстан сонда дайындалды,
Мойнына қайыршы боп қоржын салды.
Дарияға елсіз жермен жолға түсіп,
Мұхиттың аралына жақын барды.

Келеді залым кемпір ақыл түзеп,
 90 Келешек жан табатын күнін көздеп.
 Дариядан бір күн шығып талып жатты.
 Гүләйім бір күн суға келе қапты,
*
 Кемпірді талып жатқан тауып апты.
 «Мергенім мұны көрсе өлтірер», — деп,
 Алып кеп абдыраға мықтап сапты.

 Ол кемпір азғыруға ойға қалып,
 Көрген соң Гүләйімді іші жанып.
 Жылапты зар еңіреп Гүләйімға:
 — Зарымды тыңдашы, — деп, — құлақ салып.

100 Әй, Гүләйім, құлақ сал,
 Айтқан сөзді ұғып ал.
 Аяғында мұхиттың
 Бұлғары деген шаһар бар.
 Ол шаһарды билеген
 Қасым атты патша бар.
 Алтын айдар басында,
 Қырық уәзір қасында.
 Жеткізер едім сені өзім...
 Сол патшамен қосылып,
 110дәурен сал.**
 Екі жасты қосқанға
 Бұл дүниеде сауап бар.
 Қосылуға сен соған
 Жақындасып оңтайлан.
 Мергендігі болмаса
 Байында қандай өнер бар?
 Теңің емес күйеуің
 Соның үшін айтам зар.

Гүләйім сонда тұрып сөз сөйлеген:
 120 — Сөйледің жаның ашып маған, — деген.

* Бір жолы танылмады.

** Қолжазбада өшіп қалған.

Мергенге патшаның әлі келмес,
Келсе де қанша адам қырар деген.

Кемпірге жақты да оның осы сөзі,
Жайнады маңдайдағы жалғыз көзі.
— Мергенің сонша мықты, батыр болса,
Ұйықтайтын бар ма, — деді, — оның кезі?

Гүләйім сонда тұрып жауап қатар:
— Шешеке, осы жерге қылдың сапар.
Ішінде әр жұманың дүйсенбі күн
130 Мергенім үш күн, үш түн ұйықтап жатар.

Әскері дүйсенбі күн келсін, — дейді,
Қай жерде Құлагер ат көрсін, — дейді.
Қылышы шаншулы, аты сыртта тұрса,
Сол кезде келген әскер кірсін, — дейді.

Байланса Құлагер ат босағаға,
Сүйеулі үйде тұрар қылышы да.
Ол кезде келген пенде құтылмайды,
Патша ұмытпасын мұны, сірә.

Мұны естіп қайығына кемпір мінген,
140 Өзінің шаһарына қайта жүрген.
Бастан-аяқ көргенін бір-ақ теріп,
Патшаға залым кемпір баян еткен.

Патша мұны естіп дайындалды,
Алдына шеберлерін жиып алды.
Бір қайық шеберлерге істеткізіп,
Тағы да үш жүз балуан жиып алды.
Қасына қырық уәзірін ертіп алды,
Дарияда кемеменен үш айды алды.
Мергеннің аралына тура салды,
150 Мергеннің ордасына жақын барды.
Жануар Құлагер ат жауды көріп,
Пысқырып иесіне хабар салды.

Сонда қатын шошынып оянады,
Қойыны көз жасымен боялады.
— Атынды босағаға байладың, — деп,
Ренжіп, қатын сұмдық ой алады.

— Байла, — деп, Мерген, — атты басқа жерге,
Қауіпсіз қайта ұйықтап қалды демде.
Қатыны ақ ордадан шықты дағы
160 Кер атты байлап қойды аулақ жерге.

Сол кезде үш жүз балуан кіріп келді,
Мергенді ұйықтап жатқан көзі көрді.
Оянды мерген сонда ұйқысырап,
Жабылып үш жүз балуан байлайды енді.
Мойнына темір шынжырарқан салып,
Арқанды бір іркіп қап быт-шыт етті.

Қорықты өңшең залым есіл ерден,
Балуан қамал бұзған кемеңгерден.
— Мергенді бекітер, — деп, — осы арқан,
170 Қатыны әкеп берді асыл арқан.

Қоймады қалың әскер болмасына,
Гүләйім қастық қылды жолдасына.
Байласып ол батырды жүрген шақта,
Құлагер кісінейді қыр басында.

Шулайды үш жүз балуан андағайлап,
Мерген тұр ашуланып көзі жайнап.
Алдында есігінің бір бәйтерек
Бар еді, соған ерді қойды байлап.

Үп-үлкен бәйтеректің бойы мықты,
180 Батырың қозғалғанда-ақ жұлыныпты.
Мергеннің көл болыпты аққан жасы,
Гүләйім жолдасына қылған қасы.
Патшаға ол мынадай ақыл айтты:
«Орданың бекітер деп босағасы».

Мергенді босағаға қойды байлап,
Жатады босағада көзі жайнап.
Қайтарып үш жүз балуан сойылшысын,
Падиша Гүләйіммен жатты ойнап.

Сол кезде Құламерген зар жылайды,
190 Зарланып бір Аллаға көп жылайды.
Төсектен жаңа тұрған қыз баласын
Шақырып, ол мынадай деп жылайды:

— Қарағым, қалқам, қандаймын,
Жылап саған зарлаймын.
Сендерді мен көргенде
Ботасы өлген нардаймын.

Қасыма келші, қарағым,
Қайда екен қару-жарағым.
Маңдайыңнан иіскетші,
200 Мен армансыз болайын.

Шәрипа сонда тұрып сөз сөйлеген:
— Сен емес менің атам, патша, — деген.
Сөзіңнің былжыраған керегі жоқ,
Төсекте атам жатыр апамменен.
Сарайға қайрылмастан кіріп кетті,
Бұл сөзді естіген соң Құламерген.
— Құдай-ау, не жаздым? — деп зарлық етті.

Жөнелді қарамастан туған қызы,
Құданың бұл да болса бір сызығы.
210 Жылайды Құламерген бір Аллаға,
Құдайдың құдіретіне бар ма шара?
Зар жылап Құламерген жатқан шақта,
Оянды Жоянмерген ұлы жаңа.

Құламерген шақырып,
Ұлына сонда жылайды.
Көзінің жасын бұлайды:
— Айналайын, жалғызым,

Мандайыңнан иіскет, — деп,
Қатты зарлық қылады.

220 — Айналайын, жан ата,
Он жасқа да келмедім.
Байлаған сізді кезеңде
Соғысып бірге жүрмедім.
Босатар едім мен сізді,
Болса егер дәрменім.

Бір ақыл Құламерген ойлайды енді,
— Атамның алтын сапты қылышын бер, — деп,
Шешеңнен соны сұрап жыла, — дейді.

Мұны естіп Жоянмерген жүріп кетті,
230 Барды да шешесіне зарлық етті.

Падиша сонда жатып сөз сөйлейді:
— Немене, мұның жайын білші, — дейді.
Бер қарай таң атқаннан мазаны алды-ау,
Жылатпай сұрағанын берші, — дейді.

Балаға қылыш бермей, қынды берді,
Ойын қып қынды мініп бала жүрді.
Ойыны әбден қанып болғаннан соң,
Алдына әкесінің әкеп берді.

Қылыштың қабын Мерген алды қолға,
240 Құдайым өзі бастап тура жолға.
Түбіне бір пышақты салдырған-ды
Ұстаға қылыш қынын соқтырғанда.

Гүләйім ол пышақты білмейді екен,
Балаға білсе қынды бермейді екен.

Сонымен қынды Жоян алып келді,
Пышақты түбіндегі көзі көрді.
Әкесі: — Бұл пышақты қолыңа алып,
Тигізсең бір шетіне қияр, — деді.

Баласы қиып-қиып босатады,
250 Қолына өз пышағын ұстатады.
Орнынан тұра келіп Құламерген,
Жағалай қырық уәзірді жусатады.

Жағалай қырық уәзірдің бәрін қырып,
Орнына байланғандай қайта отырды.

Әлқисса, қырық уәзірінің қырылғанын патша білмей қалады. Таң атып, Гүләйім ұйқысынан оянып, патшаға назданып жатқан кезде Құламерген өзінің таңылған жерінде отырып қырық уәзірді қырғандығын жариялайды.

Патша сонда тұрып ашуланды,
Қолына шыдай алмай қылыш алды.
Батырдың босағанын байқай алмай,
Жанына өлтірем деп жетіп барды.

Ал, сонда Құламерген ашуланды,
260 Маңдайға жұдырықпен қойып қалды.
Бір ұрған жұдырықты көтере алмай,
Тіл тартпай сол арада өліп қалды.
— Құдай-ау, бергеніңе шүкірлік, — деп,
Қауіпсіз Мерген ұйықтап жатып қалды.

Бір шақта Мерген тұрды ұйқысынан,
Гүләйім бек ұялды қайғы жұтқан.
Сарғайып күншығыстан таң кеп атқан.
Жамандық ұзамайды көңіл қара,
Падиша бағы қайтса түсер тақтан.
270 Көтертіп Шәрипаны Гүләйімға,
Жөнелді Мерген шығып арал жақтан.

Мінгесті Жоянмерген ат беліне,
Айдады Гүләйімді төркініне.
Үш айдай қосақтаулы қатын, қызы,
Өзінің айдап келді елдеріне.

Келгенін мергеннің жұрт көзі көрді,
Болғанын бір сұмдықтың патша білді.
— Не жазым қылды саған, қарағым? — деп,
Ол патша келген жерден сұрап кетті.

- 280 Айтады Мерген кешкен уақиғасын,
Төгеді атасына көзден жасын.
— Балаңыз шайтандыққа азып кетіп,
Өзімді өлтіруге қылды қасын.

Патша істің жайын енді білді,
— Жендеттер тез келсін, — деп хабар етті.
Екеуін жаяу айдап алып барып,
Бастарын кесіп бүгін алсын, — деді.

- Апарып екеуін де асты дарға,
Жеділер миын шашып құзғын, қарға.
290 Жоқ деген аққа зауал, ей, жарандар,
Демендер басымызға пәле қайда.
Жамандық осыменен кетті дейді,
Ақырында жақсылыққа жетті дейді.
Тағы да Маржан сұлу балдызы бар,
Мергенге соны неках етті дейді.
Балдызын Маржан сұлу алғаннан соң,
Қайнында бес жыл уақыт өтті дейді.
Бір кезде мекендерін сағынған соң,
Патшаға мұны баян етті дейді:

- 300 — Ей, ата, мен қайтайын жерге, — дейді,
Талап жоқ онан өзге менде, — дейді.
«Өркімнің туған жері — Мысыр шәрі»
Деген бір мақал бар ғой елде, — дейді.

- Патша рұқсатын берді оған,
— Барсаң бар, жолың болсын, жаным, балам.
Жиенін дәл сол күні шақырады,
Апарып тоғыз жүздей жылқысына
Бір шұбар Дұлдаш деген атты берді.
Дұлдаштың жайын айтып бағалатты,
310 Күмістен төрт аяғын тағалатты.

- Жоянмерген, жиенім,
Мына атты көр, — дейді.
Баласы ед Қулық биенің,
Алла жазды Дұлдашты.
Жиенім, саған бергенім,
Бес айлық жолды бес күнде-ақ
Басасың, бала, Мергенім.
Жануардың жүрісін
Бір мініп өзім көрмедім.
320 Сұрап келген көп батыр,
Біріне оның бермедім.
- Бұл сөзді естіген соң Жоянмерген,
Қасына Дұлдаш аттың жетіп келген.
Иесін көргеннен соң Дұлдаш жануар,
Иіскелеп ол баланы тұра берген.
- Елімен қоштасыпты сұлу Маржан,
Көш жүріп жол ортаға келіп қалған.
Көш бастап келе жатып Құламерген,
Баланы жылап жатқан көзі көрген.
- 330 — Баланы, — Маржан сұлу, — алма, — дейді,
Алам деп пәлеге сен қалма, — дейді.
Дүниеде дұшпаның көп пенде едің,
Өзіңе өзің пәле салма, — дейді.
- Ал сонда Құламерген көп сөйлейді,
Қайғысын өз басының жеп сөйлейді.
— Алам деп қатын тілін қапа болғам,
Алмаймын қатын тілін, — деп сөйлейді.
- Бұл сөзге сұлу Маржан құлақ салды,
Еңкейіп жас баланы қолына алды.
340 Бәрінің сиқырлықпен көзін байлап,
Жас бала білінбестен түсіп қалды.
Мергеннің арт жағынан тұрды қарап,
Көңілі қорыққан соң әрбір тарап.
Сауыты, сайман, мылтық, оқ, найзасын,
Жас бала түсіріпті бек сиқырлап.

Сиқырды Құлагер ат сонда біліп,
 Қарайды арт жағына мойнын бұрып.
 Аң аулап Жоянмерген артта қалған,
 Кезікті әлгі бала соған жүріп.

Әлқисса, жас бала болып құбылып, жол тосып жатқан жал-
 мауыз кемпірдің ұлы Орақ батыр еді.

Ол патша мен қырық уәзірдің тағдырын естіген соң жеті
 жүздей қол бастап соғысуға келген. Құламергеннің күшін
 көріп, қолын қалтарысқа қалдырып, өзі бала болып құбылып,
 қапысын тауып екі батырды өлтірмек болады. Бірақ артта
 қалған Жоянмерген әкесінің қару-жарағын таниды да, екеуі
 майдандаса кетеді.

350 Орақ пен Жоян батыр салды күрес,
 Батырлар, күшің болса енді тірес.
 Дүние біреуіңе жоқ болады,
 Батырлар, қапыл қалмай енді сірес.

Орақпен үш күн, үш түн алысады,
^{*}
 Толғаған күші еркін жас балдырған,
 Бұралып тал шыбықтай майысады.

Сол кезде Құламерген жетіп келді,
 Атына қамшы басқан екпіндеді.
 Баласын шаршап жүрген көзі көріп,
 360 — Орақты енді маған берші, — деді.

Намысы кернеп Жоян ашуланды,
 Қызарып екі көзі оттай жанды.
 Денесін алып дүлей күш кернеді,
 Таудай қып жерден тартып жұлып алды.

Жоғары тоғыз қабат айналдырды,
 Орақты Жоян батыр алып ұрды —
 Орақтың басын кесті домалатып.

^{*} Бір жол түсіп қалған.

Әлқисса, Орақтың басын кесіп, сауыт-сайманын алған Жо-
янмерген қайтадан атқа қонады да, қалың жауға қырғидай ти-
еді.

- Қойға кірген қасқырдай
Бір шетінен қырады.
370 Мылтық жетер жер болса,
Атып кетіп барады.
Қылыш жетер жер болса,
Шауып кетіп барады.
Өз білгенін батырлар
Істеп кетіп барады.
Өртке жанған қамыстай
Күйіп кетіп барады.
Әй, жануар, Дұлдаш ат,
Аяғы жетер жер болса,
380 Теуіп кетіп барады.
Үш күн тынбай қырады,
Төртінші күн қараса,
Болған екен тамаша.
Өзге әскері таусылып,
Үш-ақ адам қалыпты,
Оны да ұстап алыпты.
Құлағын кесіп құнтитып,
Мұрнын кесіп шұнтитып,
— Еліңе барып сәлем айт, — деп,
390 Қоя берді жымпитып.

Үшеуін жолға салып қоя берді,
Өзінің аралына жүре берді.
Қызықты неше түрлі аңды аулап,
Мергендер аралында жата тұрсын,
Қызыққа аңын аулап бата тұрсын.
Келеді үш пұшықтың енді сөзі,
Қандырып тыңдағанның құлақ құрышын.

Үш пұшық сымпиып жетті елдеріне,
Өзінің Бұлғары шаһар жерлеріне.

- 400 Қырғынның бастан-аяқ бәрін теріп,
Баяндап сөз сөйледі елдеріне.

Патша бұл қырғынды естіді анық,
— Неткен күш, — дейді бұған қайран қалып.
Мергеннен не қылсаң да өшіңді ал, — деп,
Жінікті жалмауызға хабар салып.

Мыстанға бұл хабарды естіртіпті,
Орақты естіген соң есі шықты.
— Қаныңды тірі болсам ішермін, — деп,
Мініп ап желмаяға жүріп кетті.

- 410 Ақырып, айбарланып кемпір келді,
— Болса үйде Құламерген шықсын, — деді,
Кемпірдің заһарынан қорыққан соң,
— Аңда, — деп сұлу Маржан айтып берді.

Тұрыпты сонда кемпір уақытын айтып,
— Барамын мен үйіме бүгін қайтып.
Сайланып Құламерген дайын болсын,
Келемін бесінші күн тағы қайтып.

Келіпті Мерген кешке аңнан қайтып,
Жылайды сұлу Маржан кемпірді айтып.

- 420 Көтеріп оң қолымен жүзін сүртіп:
— Әлің келер, Мерген-ау, оған қайтіп?

Әлқисса, мұны естіген Құламерген абыржып қалады. Ол:
«Кемпір биыл үш жүз жасқа келеді. Гүләйімді азғырып, жақсы
өмірді аздырып жүрген сол. Менде ұзында өші, қысқада кегі
бар, Жоянның қолынан өлген Орақ батыр кемпірдің жалғыз
баласы. Оған атса оқ, шапса қылыш өтпейді. Мен қашайын, не
көрсем де далада жалғыз көрейін. Кемпір келсе, ізіме салып қоя
беріңдер», — дейді.

Қашпаққа Құламерген дайындалды,
Заһары кемпір сұмның қандай қатты.
Сүйгені — қатын-бала үйде қалды.

Жөнелді Құламерген атқа мініп,
Айтады баласына зарлық қылып:
— Егерде кемпір келсе, ізіме сал,
Пәлеге қалып жүрме қарсы тұрып, —

Деді де Құламерген жүріп кетті,
430 Қатын-бала жылаумен зар еңірепті.
Тағы да үш күн, үш түн өткеннен соң,
— Құламерген қайда? — деп кемпір жетті.

Кемпірдің айбарынан қорыққан соң,
— Қашты, — деп Жоянмерген айтып берді.

Көрсетті Құлагердің жатқан ізін,
Ойылған жер ошақтай басқан жерін.
Кемпірдің маңдайында бар жалғыз көз,
Тұра алмас адам қарап оның жүзін.

Сұм кемпір желмаямен кетті суыт,
440 Артынан жете алмады үш ай қуып.
Төрт айдай сонда малғұн қуалапты,
Бес айда жете алмады жақын жуық.

Болғанда алтыншы ай қуды тағы,
Қарасы Құламерген бұлдырады.
Келеді желмаяға қамшы басып:
«Жетем, — деп, — қай уақытта асып-сасып».
Сол кезде Орал тауға жеткен екен,
Айналып Орал тауды жүрді қашып.

Ол Мерген Орал тауда жүре тұрсын,
450 Мехнат қайғыменен көре тұрсын.
Азырақ қатынынан сөз қозғалық,
Тыңдаған ел құлағын түре тұрсын.

Бір күні сұлу Маржан ұйықтап жатқан,
Түс көріп, хабар алды Мерген жақтан.
Мергеннің халі-жайын білдірмекке,
Түсінде аян болды жалғыз Хақтан.

Баланы оятады сұлу Маржан,
Оянып Жоянмерген құлақ салған.
— Жалмауыз әкеңізге жеткен екен,
460 «Баламды көрмедім», — деп қылады арман.

Әкеңнен қалған екен алтын жүзік,
Әкең жүр дүниеден күдер үзіп.
Тез жеткіз, жолың болар бұл сапарда,
Көрерсің тірі жүрсең талай қызық.

Әкеңнің оғы менен садағын ал,
Сөзіме менің айтқан құлағың сал.
Қалтаңнан жүзікті ал да жолға таста,
Кезіңе келіп қалар жалмауыз дәл.

Бұрылар сонда кемпір саған қарап,
470 Атып қал жалғыз көзден тура қадап.
Жығылар сонда кемпір омақасып,
«Екі ат» деп, бір оғынды сұрар қалап.

Бір атқан жалғыз оғың жетер оған,
Жаны оның жаһаннамға кетер содан,
Екі атпа, тілімді алсаң, Жоянмерген.

Мінді де Дұлдаш атты жүріп кетті,
Жүрісі жануардың сондай қатты —
Оралға бес-ақ күнде барып жетті.

Әкесін шаршап жүрген көзі шалды,
480 Жүзікті қалтасынан қолына алды.
Жолына әкесінің тастап еді,
Көрген соң Құламерген қолына алды.

Астында Құлагер ат үдеді енді,
Жануар құстай ұшып жігерленді.
Кеткенде Мерген сонда қырдан асып,
Артынан кемпір келді жанталасып.
Балаға сонда кемпір жалт қарады,
Садақпен жалғыз көзден қалды басып.

Жығылды оқ тиген соң омақасып,
490 — Ер болсаң, Жоянмерген, екі атшы, — деп,
Кісімен өзін атқан қарсыласып.
— Бір атқан жалғыз оғым жетер, — дейді,
Сұмдығы жаннан асқан залым кемпір
Ажалы Орал тауда жетті дейді.

Әкесінің зары:

— Жоянмерген, жалғызым,
Үш пәледен арылдым.
Бірінші ажал, қарағым,
Босағаға таңылдым.
500 Екінші ажал, қарағым,
Жас балаға алдандым.
Сайманды ұрлап алғанда,
Жауды қырып сен салдың.
Үшінші ажал, мінеки,
Атаңнан тұр хал кетіп,
Кер аттан тұр сән кетіп.
Қысылып жүрген кезімде
Келдің, қалқам, сен жетіп.
Келе салып өлтірдің
Сұм жалмауыз кемпірді,
Қоя бермей дәндетіп.

Сол жерде Құламерген көп жылайды,
Қайғысын өз басының жеп жылайды.
— Жалғаннан бүгін көшсем, арманым жоқ,
Жалғызым тірі көрдім, — деп жылайды.
Құданың құдіреті қандай епті,
Осындай бастарынан заман өтті.
Басында мехнатты көрсе дағы
519 Ақырында мұратына олар жетті.

Арық мерген

Болыпты өте ертеде Арық мерген,
Ақылды, өзі батыр садақ керген.
Аң аулап жатпай-тұрмай құла түзден,
Кедейге қамқоршы боп азық берген.

Бір күні жол тартыпты мерген алыс,
Асыпты асқар таудан елге таныс.
Бір үлкен шөлден өтіп, өзен аттап,
Барыпты бөтен жерге бір бейтаныс.

Жатыпты кеш болған соң ат арқандап,
10 От жағып, атқан елік етін қақтап.
Пысырып етті алдыға алған шақта,
Жетіпті бір сұлу қыз бұлғалақтап.

Үстінде асыл киім, теңге таққан,
Аяғын басқан сайын сылдыр қаққан.
Қылмиып бір тізелеп бұраң қағып,
Қыз келіп орын алды еңіс жақтан.

Қыз отыр бір шөп алып шұқыланып,
Мергеннің бар қылығын көзбен бағып.
Кезіккен елсіз жерде сұлу қызға,
20 Мерген де таңданады қайран қалып.

Мерген де ет шаншып ап пышағына,
Әдейлеп ұсынады қонағына.
Ұмтылып қыз пышақтан ет алғанда,
Сырт етіп пышақ ұшы сынбады ма?!

Түсінді сонда мерген жау екенін,
Тұрағы елсіз иен тау екенін.
Болса да өзі жалғыз амал тауып,
Тажалдың таптамақшы құт мекенін.

30 Сиқыр қыз жезтырнақтың нағыз өзі,
Ойнақтап тоқтамайды екі көзі.
Аралап тажалдықпен жапан түзде,
Сумандап құлқын іздеп жүрген кезі.

Көк шөпке қолын сүртті ет жеп болып,
Маңайды қыз да отыр көзбен шолып.
«Сүртуін майды майға», — деді дағы,
Қыз тұрды орнынан кетпек болып.

Мерген де қыз кеткен соң қылды қауіп,
Өкелді бір кесінді терек тауып.
Сұлатып жерге жастап жатқызды да,
40 Қояды қаптал шапан оған жауып.

Сонан соң бір терекке шықты барып,
Қолына өз қаруы садақты алып.
Қыз келіп мытығанда сол теректі,
Түсірді етпетінен тартып қалып.

Бірақ та қыз жаралы, кетті қашып,
Орнынан әрең тұрды жаман сасып.
Тисе де екі оқ қатар өлмей кетті,
Көк шөпке із қалдырды қанын шашып.

50 Көк шөптен тоқтамады аяқ тайып,
Әркімге жауды жою емес айып.
Бір-екі ащы дауыс шықты дағы,
Бұл маңнан табылмады болып ғайып.

Ал мерген таң қылаңдай асын ішіп,
Жөнелді ұзын сонар ізге түсіп.
Сиқыр қыз қатпар-қатпар тауға тартқан,
Қалудан қатты қорықты көзге түсіп.

Кезікті бір жартасқа мерген барып,
Әр жерін аралады жолын шалып.
Жан-жағы құз-құлама қиын екен,
60 «Шықпас» деп мерген қалды оған нанып.

Бір шетке жүре берді мойын бұрып,
Шаршады өрлі-қырлы жаяу жүріп.
Жартастың бір шетінен шыққанында,
Қараңғы болды, ымырт үйіріліп.

Сол күні және қонды қорым тасқа,
Жайлы орын табылмады мұнан басқа.
Су көрмей тәулік бойы арып-ашып,
Ұйықтады ер-тоқымды жастап басқа.

Жол жүріп қалжыраған күніменен,
70 Негізгі сөз түгемес мұныменен.
Таң атып, жерге жарық түскен кезде
Оянды құзғын-қарға үніменен.

Ас ішіп таң атқан соң тағы жүрді,
Дыбысқа алуан-алуан құлақ түрді.
Азулы сан жыртқыштың мекенінен,
Жатқанын қыздың өліп көзі көрді.

Осы тау жезтырнаққа болған мекен,
Жан бағып тажалдықпен жүреді екен.
Екі көз арт жақтағы мергенде боп,
80 Сұрқия тастан құлап өлген екен.

Жемтігін жезтырнақтың алды тауып,
Мергенге жолықса да талай қауіп.
Істеген ерлігінің белгісі үшін
Тырнағын жезтырнақтың алды шауып.

Азырақ жалғыз өзі құрды кеңес,
Ойласа бұл сұм, әсте, жалғыз емес.
Қалғанын тағы тауып құртуды ойлап,
Жан-жақты түгел кезді ертелі-кеш.

Болса да екінші күн су көрмеді,
90 Су іздеп бір шатқалды тік өрледі.
Басына сол шатқалдың таянғанда,
Бір бұлақ сылдыраған кез келеді.

Бұл судан мерген келіп шай қайнатты,
Болғанша шайын ішіп кеш те батты.
Жүруге бұдан ары болмаған соң,
Сол жерге ат оттатып мерген жатты.

Осы жер бір жолбарыс мекені екен,
Күндізі әлде ұйықтап жатқан ба екен.
Адам мен ат иісі мұрын жарып,
100 Аяңдап жолбарыс та жеткен екен.

Жолбарыс баспалап кеп жақындады,
Елеңдеп ат оқырды, қалшылдады.
Оқырған дауыспенен тұрса орнынан,
Таяп кеп жолбарыс тұр атылғалы.

Талайда Арық мерген батыр еді,
Бастапта тәтті ұйқыда жатыр еді.
«Аузында азулының кетпейін», — деп,
Жалма-жан қимылдап, қамтылды енді.

Семсерді сонда мерген қолына алды,
110 Шатынап екі көзі оттай жанды.
Үлгеріп басқа қару алғанынша,
Екеуі қоян-қолтық келіп қалды.

Екеуі бола қалды арбақ-құрбақ,
Бірі аң, енді бірі адам ұрпақ.
Екеудің ерегесте бірі өлсе,
Болмақшы құзғын-қарға қанына ортақ.

Жолбарыс келген жерден алды басып,
Адамнан кетті оның күші асып.
«Япыр-ау, ажал шіркін жетті ме?» — деп,
120 Мергенің бастабында қалды сасып.

Жолбарыс қанды аузын салмақ болды,
Шел қаптап, екі көзі қанға толды.
Мерген де тез қамданып семсерімен,
Жыртқышты тақыр шаптан жармақ болды.

Жолбарыс тұр еңкеймей қаңтарылып,
Алқымға мерген қолы тиген барып.
Бұлқынып аунағанда бар күшімен,
Жолбарыс түсті астыға аударылып.

130 Мықты қол жолбарысты алқымдады,
Алқымға қол батқан соң қырқылдады.
Тіктесіп екі мықты алысқанда,
Тозаң боп жердің шаңы бұрқылдады.

Бір кезде ақ семсерін қолына алып,
Жіберді шаптан өрлей ішін жарып.
«Үһ!» деп сонда мерген демін алды,
Терісін жолбарыстың сойып алып.

140 Сол жерде демін алды бір күн жатып,
Азыққа семіз теке таңдап атып.
Қуырып бақыршаға май қуырдақ,
От жағып, көк түтінді будақтатып.

Сонымен тағы жүрді шатаңды өрлей,
Аты да босаңсыды көзі терлей.
Үш күнде жал басына таяп қалды,
Кез келген кедергіге кезек бермей.

Алдынан көркем бір жер кез келеді,
Сұлулық қандай оған тең келеді.
Көк аспан тау басына төңкерілсе,
Ақ қайың самал желмен тербеледі.

150 Тауменен жағаласқан ну қарағай,
Тік өрлеп кең қапталды өрге қарай.
Даланың алуан гүлі көзді тартып,
Сайрап тұр тал басында бұлбұл, торғай.

Мақсатқа жетеді адам жалықпаған,
Шын жүйрік топта озады талықпаған.
Бозторғай жерге қонбай ән шырқаса,
Құзында қыран ұшып қалықтаған.

Басында ешкі, теке қойдай өріп,
Қарайсың көз айырмай қызық көріп.
Шатаңда бұғы, марал жатса жусап,
160 Елік тұр алаңқыда жонын беріп.

Түн болса аюы да ақырады,
Байғызы тыным таппай шақырады.
Ұлыса тамақ іздеп аш қасқыры,
Шәуілдеп қу түлкісі шабынады.

Жайылып ұларлары қапталында,
Немесе терең сайдың шатқалында.
Топ-топ қып балапанын ұшырады,
Жатып ап құзар тастың қатпарында.

Бұларға көп қызықтап көзін салды,
170 Сүйсініп көп қызыққа демін алды.
Бір тасқа тамашалап шығып еді,
Көп қойды қарсы беттен көріп қалды.

Бір кезде жалға шықты үш атты адам,
Келеді ыра төмен шыққан заман.
Тұс-тұстан құрайлаған дауысымен
Қойлары қапталдағы құзға таман.

Өгіздей серкелері қой бастаған,
Иенде еркін өскен жан баспаған.
Мерген де атын ерттеп мініп алды,
180 Қадамын жеделдетті жай тастаған.

— Жол болсын, — деді біреу жалғыз көзді,
Мерген де нағыз жауды енді көрді.
— Аң қарап шығып едім ағат жүрдім,
Жөн сұрай келіп тұрмын көріп сізді. —

Деп мерген баяу ғана жауап берді,
Жалғыз көз мергенді де байқап көрді.
«Бір күндік азық болар күйік бар», — деп,
Жүруге қалмай еріп бұйрық берді.

190 Көк жартас қойнауына бұлар келді,
Арпалыс ой кернеді асыл ерді.
Бекіткен қара үңгірдің аузын мықтап,
Үзіктей тас қақпаны мерген көрді.

Қуаныш сейілткендей ақыл-ойды,
Жалғыз көз, ұзын сирақ, сұңғақ бойлы.
Тұтқадан ұстады да лып еткізіп,
Орнынан әлгі тасты алып қойды.

Үңгірге кіріп жатыр қой да саулап,
Ет жүрек тоқтамайды атша тулап.
Жалғыз көз қойды санап болғаннан соң,
200 — Үйге кір, — деді оған көңіл аулап.

Болғанда бұлар кіріп есік жапты,
Айырар кім бар мұнда сор мен бақты.
Қожайын төрге шығып отырды да,
Бақыршы будақтатып отты жақты.

Жанында жалғыз көздің екі адам бар,
Сиқынан байқалады мұң менен зар.
Қапыда қолға түсіп кете алмапты,
Кең дүние бұлар үшін болыпты тар.

210 Қарайды, тіл қатпайды жаутаң қағып,
Жүреді кешке дейін қойын бағып.
Ел-жұртын, бала-шаға, үйін ойлап,
Бірін де айта алмайды мұңын шағып.

Бұларға мергенді де қосты апарып,
Тағы да есік ашты тас қопарып.
Ішіне қара үңгірдің кірді дағы,
Жалғыз көз төрге шықты масаттанып.

- Бұрынғы екі адамға бұйрық берді:
— Бірінді бірін сойып пысыр, — деді.
Азырақ дем аламын көз мызғытып,
220 Ет пысса мені оятып, түсір, — деді.
- Екі адам жағаласты бұйрық қылған,
Бұларды қырқыстырды әлгі антұрған.
Өлтірді тез қимылды баяулауын,
Аямай бұрынырақ таспен ұрған.
- Боршалап қазанға әкеп етін салды,
Маздатып отқа салды қара талды.
Астында оты күшті болып еді,
Қазан да көп кешікпей бұрқылдады.
- Ет пысып, уақыт жылжып өте берді,
230 Естіген ертегіні көзі көрді.
Ет пысып болған шақта әлгі залым
Есінеп орынынан түрегелді.
- Бұл кезде ет те түсіп дайын болды,
Астауға адам еті төбе болды.
Білегін сыбанып ап, жалмаң қағып,
Жалғыз көз асап жатыр оңды-солды.
- Қызарып жалғыз көзі қанға толып,
Етті жеп, сорпа-суын ішіп болып.
Бір қойды адамдарға «же» деп берді,
240 Мергенді жаңа тапқан барлай шолып.
- Бір қойды қорек етті қалған адам,
Қарны ашып отырғандар бағанадан.
Алған соң азын-аулақ өлмес қорек,
«Жатыңдар» деп бұйырды әлгі надан.
- Салынған сарпалдаңға кешке дейін,
Жатуға ыңғайланды болып бейім.
Жамбасқа қара үңгірдің тасы батып,
Мерген де ұйықтамады көпке дейін.

Бір кезде жалғыз көзді тұрды аунап,
250 Адамды қой орнына жеген жалмап.
Құпия бір нәрсені күбірлейді,
Мерген де ұйықтаған боп, жатыр тындап.

«Япыр-ау, не болды оған кешікті ғой,
Мінеки, үш күн болды көрсетпей бой.
Өлмесе, келер еді, тірі емес қой?», —
Деген сөз жалғыз көзге түсірді ой.

«Тосайын және екі күн күдер үзбей,
Шығармын келмесе егер өзім іздей.
Өлтіріп қойған болса егер біреу,
260 Қоймаспын мен де оның мойнын үзбей.

Болады бұған қауіп адамзаттан,
Келмесе іздеу керек, қарап жатпан.
Кезіксе мойнын шілше бұрар едім,
Күшім бар тұла бойда батпан-батпан».

Күбірлеп осыны айтып, сырт айналып,
Төсекке қайта жатты қатты ойланып.
Қауіп жоқ бүгін маған деген мерген,
Ұйқыға ол да кетті ыңғайланып.

Таң атты, жалғыз көзді ішті шарап,
270 Қалғаны түндегіні етті тамақ.
Астан соң жалғыз көзді тысқа шығып,
Үңгірге барды қойған қойды қамап.

Ашты да тас есікті куалайды,
Далаға шықпақ болып қой саулады.
Қой беттеп өрісіне кеткен кезде,
Тағы да тас қақпалы үйге барды.

Бұл үйі ет сақтайтын кең қоймадай,
Тастапты сөре-сөре етті қақтай.
Асулы дайын тұрған дайын еттен
280 Жалғыз көз құшырлана соқты бара-ай.

Бұл кезде мерген де ойын пайымдады,
Қауіптен таяп тұрған тайынбады.
Алмас жүз ақ балтасын ішке тығып,
Сайысқа болатұғын дайындалды.

— Бірінді бірің асып бересіңдер,
Не айтсам бұйрығыңа көнесіңдер.
Асықпай бабыменен әбден пысыр,
Өйтпесе көресіні көресіңдер.

Бұл жолы тез қимылдар Арық мерген,
290 Жазықсыз жаннан қорқып ұрып жерген.
Ұрған тас бейне садақ оғындай боп,
Күнәсіз әлгі байғұс бекер өлген.

Қазанға етті салып, отты жақты,
Өлтірді сыр білдірмей бір нақақты.
Бұрқылдап қазан қайнап қалғанында,
Жалғыз көз құс ұйқымен мызғып жатты.

Қазан да бұрқылдаған қызып алған,
Өркімді алдандырған пәни-жалған.
Істік те қып-қызыл боп дайын болды,
300 Ертерек айламенен отқа салған.

Сонда ер ақ балтасын қолына алды,
Істікті көзден дәлдеп періп қалды.
Доңызша өкіргенде әлгі тажал,
Мерген де қой ішіне кіріп алды.

Жалғыз көз іздесе де таба алмады,
Табам деп әрлі-берлі алаңдады.
Ұстайын дәл есіктен деген ойда,
Алдынан тас есіктің жаңылмады.

Таң атты, ашылды есік күндегідей,
310 Қой шығып шулап жатты кәдімгідей.
Өткізді екі бұттың арасынан,
Түстеп тұр қолмен сипап, көзі көрмей.

«Ақ серкем алты мүйіз бастай берсін,
Түймелі сұр, теңбіл шұнақ қостай берсін.
Қой шолпаны көк қошқар қожасы боп,
Соңынан барлық қойым ере берсін». —

Деп сипап мүйізінен, сауырынан,
Шұбырып шығып жатты қой шулаған.
Ұстап ап бір серкені мерген сойды,
320 Осылай қапелімде айла ойлаған.

Пәледен құтылады ақыл тапқан,
Теріні жамылды ол сойып болған.
«Шұбарым сербегейлі» дей бергенде,
Лып етіп шығып кетті борбайынан.

— Қап, бәлем, — соқыр қалды — айырылдым, — деп,
Қайғырып айырылғанға уайым жеп.
Жөніңді тым болмаса білдірмедің,
Кім едің, не себепті жүрген келіп?

— Ей, тажал, менің атым — Арық мерген,
330 Мақсатым — сені жою, соған келгем.
Деді де, дәл жүректен атып қалды,
Сұлатты халық жауын өзі өшіккен.

Осыдан аралады көрмек болып,
Жазасын, жау табылса, бермек болып.
Жарқылдап ақ балта мен ақ семсерді,
Келеді үңгір ішін түгел тінтіп.

Үңгірдің іші толы адам екен,
Бұларға жазы-қысы болған мекен.
Мергенді көре сала шошыды олар,
340 Сойылып су жүрек боп қалған екен.

— Қорықпандар, — деді мерген, — құтқармақпын,
Сеніндер, өздеріндей адамзатпын.
Сайысып сендер үшін осы арадан,
Екеуін мен өлтірдім жезтырнақтың.

Қуанды қамалғандар «ақсарбастап»,
— Жатқанда құтқардыңыз ажал ұстап.
Қашанда ұмытылмас бұл жақсылық,
Ел-жұртқа жеткізе гөр тура бастап.

— Бәрің де сыртқа шығып жазыңдар бой,
350 Жасайық дүрілдетіп біздер де той.
Ес жиып, әлге келіп сорпаланып,
Сойыңдар таңдап әкеп жеткенше қой.

Жатқанда бұлар мәз боп дуылдасып,
Баса алмай қуанышын шуылдасып.
«Кеп қалды бір топ адам» деген хабар,
Өкелді күзетшілер асып-сасып.

Мергеннің елі екен іздеп шыққан,
Ізінен «тірі екен» деп хабар ұққан.
Түнесе мерген қайда, сонда түнеп,
360 Мезгілі осы болды ақыр тапқан.

Қуанды барлықтары қосып басын,
Шатқалдың аралап жүр қожыр тасын.
Қой сойып, ет қайнатып қазан-қазан,
Дайындап қонақасы — ишарасын.

Дем алып құрғандары ойын-сауық,
Қызыққа барлығының көңілі ауып.
Жасады сыбызғыны сол арада
Сары ағаш, өгізқурай іздеп тауып.

Осылай сауық-сайран салған екен,
Тең бөліп барлық малды алған екен.
Қуантып елі-жұртын қайта оралып,
372 Өмірлік мұратына жеткен екен.

Әбу жылан

Жүйесі сұлу сөздің қорда, қалам,
Тайпалған төрт аяғың жорға, қалам.
Артыңа жазғаныңнан сөз қалдырсаң,
Жетесің арманыңа сонда, қалам.
Өткеннен бір әңгіме бастау үшін
Сөзіме қуат беріп, қолда, қалам.
Бәрін де бір-ақ күнде жазғандайсың,
Тек менің соған жетпес ақыл-санам.

Осыдан алты мың жыл өткен бұрын,
10 Жасапты түрлі халық неше ықылым.
Өткен сол ұлы түрік қауымында
Мен дағы сөз қыламын соның бірін.

Басталмақ не періден, яки жыннан,
Қорқамын өтпей қалса сөзім сыннан.
Алдында оқырманның жайраңдар ем,
Татымды болып шықса сөзім шыннан.

Дәуіттің сегізінші немересі,
Едіған падишаның шөбересі.
Ол оның оқымысты жалғыз ұлы,
20 Ешкімнің тең келмеген терезесі.

Әйгілі тапқыр, ойшыл, ғалым еді,
Жасынан оқу-ғылым дарып еді.
Адамның сыртын көрсе, ішін білген,
Ақылы туған айдай жарық еді.

«Артымда тәжі мен тақыт ұстайды», — деп,
Қарт патша қуанып-ақ қалып еді.
«Балама сүйген қызын әперсем», — деп,
Бір күні уәзірге ақыл салып еді.
Болмасын кімдер құда патшаға,
30 Қуанып қызы барлар қалып еді.
Кісі сап сөйлесетін екі араға,
Әдеті сол кездегі халық еді.

Аты екен баласының Шаһимұрат,
Баланың ішкі сыры атаға жат.
«Қыз таңдап менің балам, той жасатсын», —
Делініп әкесінен жазылды хат.

«Сен менің үміт күткен жалғызымсың,
Артымда өлсем қалар бақ ізімсің.
Бала — бақыт, бала — шах, бала — тақыт,
40 Көретін өмірімдегі қызығымсың.

Отыр ғой қуанғалы бүкіл елім,
Тек, балам, сен ғанасың асқар белім.
Артымда сен жоқ болып қаза тапсам,
Өркімге болар еді-ау халқым телім».

Түскендей қуанышты бүгін келін,
Әкетіп шатлық кернеп жүректерін.
«Той жасап, қайтсек, қызық көреміз», — деп,
Шал-кемпір қуанысты байлап сенім.

Сөз туар көк сиядан ағылған соң,
50 Хат кетті баласына жазылған соң.
Қуанды патша, ханым екеуі де,
Кесімді сөзге жұп табылған соң.

Кемпір-шал болып отыр қуанғандай,
Үміттің туғанынан бу алғандай.
Хатты оқып көргеннен соң Шаһимұрат,
Қайтармақ не деп жауап бұған қандай?

- Тапсырды хатты апарып уәзір Сағат,
(Сөзімді түзетіндер бар болса ағат).
Қолына ап уәзірдің берген хатын,
60 Байыптап оқып көрді бала Мұрат.
- Ибамен орынынан тұрады енді,
Мақсатын уәзірдің ұғады енді.
Асықпай жан-жағына хабар беріп,
Бірге өскен қырық жолдасын құрады енді.
- Қырығына күлімсіреп қарады енді,
Бір ақыл барлығына салады енді.
Бар еді бір жолдасы Жәни деген,
Айғайлап сырттан келіп араға енді.
- Ол айтты: — Қызды мырза тандап алсын,
70 Қолына дүние жиһаз қамдап алсын.
Падиша ерік берсін баласына,
Демеді қайда кетті, қайда барсын!
- Әкелсін қызы барлар хабар тауып,
Падиша мақұлдай ма көңілі ауып?
Құптайды барлығы да мұның сөзін,
Ер Жәни кеткеніне ақыл тауып.
Деген «Сөз тумақ, өлмек» нағыз шындық,
Қалады сұм қара жер бетін жауып.
- Бұл дүние күлгірсіген бір сұлу қыз,
80 Өмірдің ішкізетін сүтін сауып.
Болғанда жер — айдаһар, ажал — қылыш,
Желкені қиып түсер бір күн шауып.
- Баласы бір хат жазды әкесіне,
Өсірген деді рахмет мәпесіне.
Иіліп уәзір хатты табыс етті,
Қадірлі ханзаданың тәтесіне.
- Хатты алып уәзір Сағат қайтып келді,
Пиғылын баласының айтып келді.

90 «Бала көңілі далада» болғаннан соң,
Уәзір алған беттен тайқып келді.

Падиша отыр еді намазында,
Ол көрді бала жазған қағазын да.
Шайқайды Сағат басын таңдай қағып,
Сыр жатыр біз ұқпаған сабазында.

— Балаңыз қыз таңдаймын дегенді айтты,
Әуелі айтқан сөзден кейін қайтты.
Беремін алмасам да қалың малын,
Айтып бар деді сізге мына жайтты:

100 «Мен сөйтіп жер жаһанды аралаймын,
Қыз таңдап төрт тараптан саралаймын.
Көрсетсін өзі әкеліп әркім қызын,
Қыз іздеп үйіне оның бара алмаймын».

Әкесі мақұл болды баласына,
Көзінің жалғыз нұры — қарасына.
Онымен бірге өсірген қырық жастың
Бәрінің де қарап қабақ санасына.

110 Артқызды алтын, жақұт алпыс нарға,
Тоқшылық қандай оңай қолда барға.
Кигізіп ыңғай киім қырық жасқа,
Мінгізді пар-пар асыл, қостан жорға.
Жөнелді салтанатпен ханның ұлы,
Қалдырып ханзада атын сан шаһарға.
Алдынан қыз көрмекке ағылан шашып,
Күн бұрын хабарлайды халықтарға.
Әкелді талай сұлу естіген жұрт,
Бірі де ұнамады шалықтарға!

120 Бар екен «Үрім» атты үлкен қала,
Патша екен Сағит Қанат туған дана.
Патшаның Жәмиіл атты бір қызы бар,
Тумаған бұл пәниде ондай бала.

Бұл хабар естіліпті барған елден,
Жасы бар он алтыға жаңа келген.
Дидары толған айдай толықсыған,
Бір көрген мас болады шығып шерден.
Артында қалмаса екен деп тілейсің
Қызғанып басқан ізін қара жерден.
Қалады ес ақылың мүлде ауысып,
Алдыңнан бұлаң етіп басса кердең.
Дуласты естіген жұрт беріп баға,
130 Қайтсе де өтіп қалар сынақ белден.

Сылдырап келді сұлу шұбатылып,
Жүргенде толықсиды бұратылып.
Алдынан хан ұлының өткен кезде
Жас, кәрі қарап қапты қиратылып.

Ханзада оның барып қолын алды,
Көз жұмып бір азырақ ойға қалды.
«Тарыдай бір мінің бар тал бойында,
Болмаса жарар едің», — деп-ақ салды.

Қыз айтты: — Жан екенсің сөзге құмар,
140 Шындыққа көз сүрініп көңіл тынар.
Мінсіз жан табамын деп қаңғырыпсың,
Ондайды жаратқан жоқ Пәруардигар.

Болмайды жолың сенің қайда барсаң,
Қауіпті күпіршілік ойламасаң.
Асқақтап арманыңа жете алмайсың,
Белінді тәуекелге байламасаң.

Соны айтып, қыз аттанып қайтты еліне,
Келмеді істің сәті кемеліне.
Тон тозып, ат арықтап, ақша азайды,
150 Берген соң алмаса да беделіне.

Ханзада тағы тартты шетке сапар,
Қаймығып қыз сөзіне қылмай капар.

Бір иен жазираға беттеп еді,
Асқар тау тоса берді қатар-қатар.

Мінген ат қырқаны аспай болдырады,
Қарғысы қыздың қайтіп оңдырады.
Жетелеп бірде жаяу, бірде атты,
Қырқы да арып-шаршап қалжырады.

Бір сайға шаршаған соң қонды барып,
160 Бәрі де азып-тозып болды ғаріп.
Ешбір тіл қатыспады ауыз жарып,
Тасыған хан ұлынан көңілі қалып.
Оңаша бір ағаштың саясында
Ханзада жатыр еді демін алып.
Тамылжып бәйтеректің бұтағынан
Бір бұлбұл сайрап кетті әнге салып.

Хан ұлы назар салды бұл әуенге,
Жеткізбес арман шіркін «аһ» дегенге.
Ғажайып таң тамаша болды бәрі
170 Бозторғай дәл адамша сөйлегенде.

Жас бұлбұл әсем күйді бұрап жатыр,
Нақыштап адамша сөз құрап жатыр.
— Ей, жігіт, қайсы жақтан келесің? — деп,
Бір-бірлеп мәні-жайын да сұрап жатыр.

Ол айтты: — Падишаның баласы едім,
Көзінің жалғыз нұры — қарасы едім.
Алды-артым құйрық-жалсыз болып туған
Патшаның жалғыз ғана сарасы едім.

Жасымнан іздеп едім оқу-ғылым,
180 Келгенше он жетіге таппай тыным.
Көрімдік, көргеніме қалың беріп,
Талайдың ұнатпадым тауып мінін.

Тағы да жаһан кезіп кетіп барам,
Мінеки, айтып бердім сөздің шынын.

Сандалған ғарібіңе көмек көрсет,
Болайын қара лағың, жас бұлбұлым.

Мұны естіп әлгі бұлбұл кетті сайрап,
Ханзада тыңдап отыр көзі жайнап.
— Бір сұлу көріп едім өткен жылы,
190 Ақарал деген жерде жатқан жайлап.

Ол өзі Ақаралдың ар жағында,
Атақты Көкаралдың бер жағында.
Алмақшы қандай жігіт бағы ашылып,
Он алты, он жетінің дер шағында.

Дейтұғын Харұт патша пері қызы,
Белгісіз жатқан жері жапан түзі.
Құпия сақталып тұр осы арада,
Диюға байқалмайды басқан ізі.

Диюдың Хамұн атты бір ұлы бар,
200 Жасынан аруларға ғашық құмар.
Ол қызды көріп қалса тартып алмақ,
Перінің шарасы жоқ оған қылар.

Әкесі тілсәмат қып қойған тығып,
Қыз сорлы амалсыздан жатыр бұғып.
Жүре ғой маған еріп, қазір, достым,
Көріп қайт өз көзіңмен жөнін ұғып.

Ақсұлу — оның аты, күнмен тең,
Төгілген таққан алқа жаға мен жең.
Сен дағы бір білімді зат екенсің,
210 Бар дағы сынап көрші, қай жерің кем?

Сөзіне жас бұлбұлдың сенеді енді,
Ат мініп торғайға еріп жөнеді енді.
Бойына Ақаралдың таяғанда,
Тұрғанын алтын сарай көреді енді.

Сарайға бұл екеуі жақындайды,
Шын сеніп бұлбұл сөзін мақұлдайды.
Сарайдың алдындағы шарайнаға
Шағылысып қыз суреті жарқылдайды.

220 Суретін ғажап қалды қыздың көріп,
Тұр екен шашын тарап, қасын керіп.
Міні жоқ хас сұлу кезіккен соң,
Ханзада қорғасындай балқиды еріп.

Ол айтты: — Мен барайын, сен тұра тұр,
Мойныңды шындық сөзге сен бұра тұр.
Қақпаға бұлбұл ұшып кетті кіріп,
(Бұл өзі айта берсем бірталай жыр).

230 Барды да бұлбұл ұшып, қайта келді,
Мән-жайын Ақсұлудың айта келді.
— Тоқтай тұр тағат қылып түс ауғанша,
Көрсетем ертіп барып қима белді.

Көрінді жарты күні жарым жылдай,
Қалмады ақыл-есі бұрынғыдай.
Болар деп қашан жауап қима белден,
Көз салып, құлақ түріп тұрды тыңдай.

Бұл мырза осы арада тұра тұрсын,
Кеткен соң бастан еркі, күні құрсын.
Азырақ қыз жайынан сөз қозғалық,
Қандырып оқырманның құлақ құрышын.

240 Алтын шашын тарап қойған ұлпа бұрым,
Ауызбен айту қиын қыздың түрін.
Қиғаш қас, қима бел, қыран иық,
Арайлы, ақ сүмбідей қырлы мұрын.

Жұқа ерін далап жағып боялғандай,
Түсінде көрген мас боп оянғандай.
Қастарын бейне қолмен сызып қойған,
Ай сұлу, айбаршалы жазық маңдай.

Тізулі отыз тісі аппақ меруерт,
Алыстан жарқылдайды жаққан шамдай.
Тұп-тұнық қарағаны қандай тәтті,
250 Секілді көтеріліп атқан тандай.

Сүйріктей он саусақтың бар саласы,
Теңеуге табылмай тұр сөз сарасы.
Оғындай нажағайдың жарқылдаған,
Тартады тынықтырып көзқарасы.

Кигені кәмшат бөрік қырмызыдан,
Қалғандай естен танып көрген адам.
Жын-шайтан, адам, пері бәрі бекер,
Байқасаң бағана артық хор қызынан.

Осындай сұлу екен бұратылған,
260 Сүйген жар шыққандай-ақ мұратынан.
Айланып әлгі бұлбұл қайта келді,
Түгепті жарым күні тосып тұрған.

— Бейнесін көрдің қыздың айнадағы,
Шын ғашық сүйген болсаң ойла тағы.
Серт жасар алдыңызда бір белес бар,
Белінді жігіт болсаң байла тағы.

«Ол жігіт қазір қайтып кетсін, — деді,
Аман-сау жолдасына жетсін, — деді.
Қайтарып ел-жұртына адамдарын,
270 Тек өзі жалғыз қайтып келсін», — деді.

Сөзіне қыздың айтқан көне кетті,
Ат мініп жолдасына жөнелетті.
Адасып ханзададан отырғанда,
Аман-сау достарына келіп жетті.

Көрген соң барлығы да қуанысты,
Ұмытып әлгі тартқан жұбанышты.
«Алланың адам басы добы» деген,
Алдағы кім біледі ғайып істі.

Ол айтты нөкеріне: — Қайтыңдар, — деп,
280 Әкеме менен сәлем айтыңдар, — деп.
Айтпайтын сіздерге жан сырым бар,
Бұл жерде бірнеше күн боламын, — деп.

Ісімнің беталысын оңап алып,
Артынан бір күн жетіп барамын, — деп.
Тосыңдар Атбасқанның шаһарынан,
Бүрсігүн бет көрісіп қаламын, — деп.

Сандалып жолдастары қайтты еліне,
Босқа еріп жын соққанның беделіне.
Бәрінің хан ұлынан көңілі қалды,
290 Іс сәті келмеген соң кемеліне.

Әреңге Атбасқанға келіп жетті,
Бәрі де ғазап тартып тентірепті.
Хан ұлын тоса-тоса азып-тозып,
Кешірді бастарынан қасіретті.

Жоғалды ханның ұлы деген хабар,
Мағұрыптан машұрыққа келіп жетті.
Ішінде барлығынан артығырақ
Жәни жас тартты ғазап-қасіретті.
Кездесіп ер Жәниға бір ақсақал:
300 — Жылайсың осынша көп неге? — депті.
Өзіне жаны ашыған ақсақалға
Айта алмай сөздің жөнін еңірепті.

— Жылайтын, — Жәни айтты, — бар ғой жөнім,
Хан ұлы жалғыз Мұрат құрбым менің.
Қыз таңдап, әуел баста, алыңыз, — деп,
Аузымнан шыққан сөзім бар ғой менің.

Бұл сөзге хан да мақұл болып еді,
Қолында дүние, малы толық еді.
Қазынаның алтын, гауһар арасында
310 Арылтып жер жаһанды шолып еді.

Жақтырмай талай қызды сырлы бала,
Жасынан ғылым қуған өзі дана.
«Табам, — деп, — жер жүзінен бір сұлуды,
Ел-жұрттан сапар шегіп кетті дара.
Айрылдық жапан түзде ханзададан,
Құданың құдіретіне бар ма шара?
Падиша енді көрсе оңдыра ма?
Ақсақал, осы арасын ойлап қара.
Бастаған бұл қылмысты мен болдым ғой,
320 Ұққан соң айырасыз болса сана.

Шал тұрып: — Сөз мәнісін ұқтым, — деді,
Бұл сөзді бұрын айтпай тықтың, — деді.
Қарығың ашылмаған сорлы байғұс,
Мехнаттың Қап тауына шықтың, — деді.

Қаңғырмай, қарақтарым, қайт еліңе,
Кім төгіп ақша берер беделіңе.
Сен оны қайғырғанмен таба алмайсың,
Келмейді бұзылған іс кемеліне.
Жасырмай әкесіне барып ұқтыр,
330 Көне бер, қаһарланса, дегеніне.
Падиша бола алмайды ақылсыз жан,
Ісіңнің қарап көрер себебіне.
Ер Жәни мақұл алып қарттың сөзін,
Жиып ап ақыл қосты өмегіне.

Барлығы бұл ақылды қабылдады,
Ас ішіп, аз отырып, дамылдады.
Толықтап ат-көлік пен азық-түлік,
Сақадай сай жол қамын дайындады.

Келеді күндіз-түні тынбай жүріп,
340 Хабарлап жол бойына құлақ түріп.
Жапанға жалғыз кеткен жан туралы
Ешбіреу айта алмайды хабар біліп.
Еліне таяғанда барлығы да,
Біртұтас шошып кетті сағы сынып.
Шаһардың шетіне олар кірген кезде

- Бір жайсыз хабар жетті ханға естіліп.
Ішінде жалғыз ұлы жоқ дегенде
Анасы талып кетті шашын жұлып.
Төгіліп екі көзден қан менен жас,
350 Падиша сөзден тоқтап қалды тынып.
— Алдына келтірмей-ақ падишаның,
Қамалсын! — деп шығарды үкім қылып.
Байлап ап қол-аяғын зынданға атты,
Бас кесер алдарынан жаллад шығып.
Жабылып зынданының есіктері,
Салынды күмбір етіп үлкен құлып.
- Зынданда бұлар енді жата тұрсын,
Мехнат жандарына бата тұрсын.
Айталық ата-ананың қайғы-зарын,
360 Қандырып тыңдарманның құлақ құрышын.

Ата-анасының зары:

- Айналайын, жалғызым,
Қандай жерде қалды ізің?
Аралайын жер-көкті,
Бірден санап жұлдызын.
Ішімізде от жанады,
Жүрегіміз жаралы.
Қу түбірдей кемпір-шал,
Қалдық жұртта қаралы.
370 Үкілеген тұлпар ең,
Қасірет басты сананы.
Ғайып болған, қарағым,
Ашылмаған қабағым,
Жаңа пысқан алманың
Кім үзді екен сабағын?
Тақты талақ етейін,
Шақай тартып табақ ап,
Қаңғырып жаһан кетейін.
Аулақ менен дүние,
380 Мәжнүн болып өтейін.

- Патшалық санат құрмаймын,
Бір күн де тірі тұрмаймын.
Неменесін алып ем
Жаратқан жаппар Құдайдың.
Жалғызымнан айырылып,
Қанатымнан қайырылып.
Қатқан сабақ ырғаймын,
Борасын гүлін сындырған,
Балдырған емес қураймын.
- 390 Аллаға айтар зарым көп,
Құйрық, қанат, жалым жоқ.
Қарғам, бері келші, — деп,
Қолымды кімге бұлғаймын?!
- Топырағыңды көрмедім,
Қолымнан сусын бермедім.
Жалғызым сапар шеккенде,
Артынан неге ермедім.
Қаңырап қалды-ау ордамыз,
Ойылғандай ортамыз.
- 400 Өлмегенде не қалды,
Тоз-тоз болды торқамыз.
Иен қалды тақытым,
Қайтты ғой бастан бақытым.
Қайғы жұтып өлетін,
Осы болды-ау шақтым.
Ішіне барып кірейін,
Дайын тұрса табытым.
Дүние бізге не керек,
Өлімнің кисек қамытын.
- 410 Осылай ата-анасы қылады зар,
Кең дүние, қайғы қылса, болады тар.
Айрылса жалғзынан, өлер сорлы,
Жаратқан өзің қолда паруардигар.
- Ел-жұрты, уәзірлері жиналады,
Бұлар да уата алмай қиналады.
— Сабыр ет, әлде, бала тірі шығар,

- Бермесе Тәңірім бақыт кім алады?
Бүкіл ел қасіретке қалды батып,
Болмапты ақыл айтып тоқтатары.
420 Рақымы Құдіреттің өзіне тән,
Кімді алқап, кімді қарғап жоқ қылады.

Мұрат тұр көрген жайда аттан түсіп,
Қусырып жас келіндей қолын құшып.
Қараса маңайына көз жүгіртіп,
Бір тажал темір қанат келді ұшып.
Бұл тажал қасына оның түсті келіп,
Тал белін қаһарлана қысты келіп.
Шыңғыртып жас баладай жіберді оны,
Қалдырмай бойда қуат, басында ерік.

- 430 Тажалдың көзқарасы өте бұзық,
Ала көз, сойдақ тісті, түрі тозық.
Секілді мұрны пештей, аузы үңгірдей,
Қарайды қылқың қағып, мойнын созып.
Ақырып аждаһадай ар-гүр етіп,
Қаһары барған сайын кетті қозып.
Дүниеде ең атақты жыртқыштардың
Ешбірі шығар емес мұнан озып.

- Ойласаң істің шарты жалғыз Хақта,
Қылысып тәуба үйіріп тұрған шақта.
440 Бармақтай баққа туған бұлбұл торғай
Зулатып ұшып келед сарай жаққа.

Тағы ұшып осы араға келді бұлбұл,
Бау-бақта ол сайраса ашылар гүл.
Бұлбұлдың дауысына құлағын сап,
Тым-тырыс тоқтай қапты әлгі құрғыр.

Тажалға бұлбұл келіп: — Тоқта! — деді,
Жұмысың маған айтар жоқ па? — деді.
— Орында бұл жайдағы міндетінді,
Айланып бұл араны соқпа! — деді.

450 Жөнелді шұбатыла тажал ұшып,
Мұратты жіберіп ед қатты қысып.
Жүрегі шошығаннан тоқтамады,
Денесі кейде суып, кейде ысып.
Үмітін өз жанынан өзі үзіп,
Қысымнан қасы-көзі кетіпті ісіп.

Кеп қонды әлгі бұлбұл қасына оның,
Қанатын көлеңкелеп басына оның.
Тоқтатты ақыл айтып азаматты,
Сүрткізіп көзіндегі жасын оның.

460 Салынған алты қабат алтын сарай,
Қойылған қақпа алдына гауһар жанай.
Нақышын інжу-маржан, меруерттің
Ауызбен тауысқысыз айтып санай.

Байлаулы қос арыстан қақпа алдында,
Алланың өзі кепіл сақтарында.
Ұмтылды көргеннен соң адамзатты,
Ақсиып азу тісі жақтарында.

Осыдан Мұрат кетті қатты сасып,
Жалт берді арт жағына тұра қашып.
470 Темір тор арыстанды қоршап қалды,
Тетікті қалған екен бұлбұл басып.
Қорқыныш тіршіліктен қандай жаман,
Темірдей отқа түскен кетті жасып.
Қанатын бұлбұл тағы қағып еді,
Арыстан тұра қалды даландасып.
Қайрандап бұған жігіт тұрған шақта,
Қыз шықты ақ сарайдан есік ашып.
Ибасы сұлулардың тәтті-ау, шіркін,
Жаратқан рахымды етсе нәсіп.
480 Дауысы әрең шығып сыздықтаған,
Мұратпен қол алысты құшақтасып.
Шыбын жан шығып кетпей қайтіп тұрған,
Алдынан көлбеңдесе сүйіп ғашық.

Қиялы ұшқан құстай көтерілді,
Телегей теңіздей боп жатқан тасып.

Қасына Ақсұлудың барды жанап,
Әуелі аман жайлы болды жауап.
Байқаса бір міні жоқ тал бойында,
Тексеріп бас-аяғын тұрса қарап.

- 490 Әуелі жолғасқанда қол алысты,
Қос дидар қызғылт тартып ағарысты.
Ибалы қыздан жауап басталған соң,
Шатлықтың бозторғайы аспанға ұшты.

Сарайға кірді екеуі құшақтасып,
Дариядай жастық көңіл кетті тасып.
Дариға-ай, бүгін өлсе, арманы жоқ,
Отырса ақ сұлумен дидарласып.
Алдынан даяр екен түрлі тағам,
Жіберді о да бір ләбсін ашып.

- 500 Көңілінен қаяу кетіп жайланған соң,
Жігіт те қорқар емес асып-сасып.
Ел-жұрты, әке-шеше шықты есінен,
Мақсатқа жеткеннен соң Мұрат ғашық.
Қыз айтты Мұрат жасқа жауаптасып:
— Көңілің жан екенсің жүрген жасып.
Айтарлық саған менің бір сөзім бар,
Кең ойлан қабырғаңа ақылдасып.
Қоятын саған менің шарттарым бар,
Жар сүйер жан екенсің жаның құмар.
510 Серттесіп мені алуға шыдамасаң,
Онда еркін, бүгін қайтып жөніңе бар.

— Қорықпан, — жігіт айтты, — шартыңыздан,
Қылмаңыз қауіп-қатер артымыздан.
Не десең ғазиз басым сенің үшін,
Серт берем бас тартпауға салтыңыздан.

— Үш жыл тұр осы жерде елге бармай,
Асқар тау, ағынды су, белге бармай.

Еріксең, сарай ішін серуенде,
Қысқасы бақшадағы көлге бармай.

- 520 Тағамды күтушілер әкеледі,
Мені де туған әкем мәпеледі.
Ғашық боп мені аңдыған бір дию бар,
Сол ғана маған төнген қатер енді.

Менде жоқ одан басқа қайғы-уайым,
Сені әкеп маған қосқан бір Құдайым.
Шартым сол, асылзада, саған қояр,
Ұғынсаң ауыр емес сөз сыңайын.

- Барамыз ел-жұртыңа үш жыл өтіп,
Тарыққан соң қалмай ма дию кетіп.
530 Қоямыз қайтыс болсаң қолымыздан,
Бұл жерде өліп қалсаң қаза жетіп.

Мұрат айтты: — Мұныңа көндім, — деді,
Жолыңа жас жанымды бердім, — деді.
Айрылып жолдастардан жалғыз басым,
Сен үшін жан пида ғып келдім, — деді.

Қолдасып ақ төсекке жатты бұлар,
Қорылдап тәтті ұйқыға батты бұлар.
Сөйлейік жастық жайлы бір азырақ,
Үзіліп тыңдай қалсын жаны құмар.

- 540 Ақ білек талма белді алды қысып,
Иіскеп тамағынан, бетін құшып.
Тұла бойы қорғасындай балқиды енді,
Атылып ақпа жұлдыз жерге түсіп.

Шолп етіп тәтті еріндер кезек тиіп,
Шымырлап жан денеден шыққанда ұйып.
Қояр ма нысанаға дәл тигізбей,
Алдынан кезіккенде алтын киік.
Ақсұлу туған айдай шалқалайды,
Дәрменсіз қол-аяғын әрең жиып.

550 Қарасаң бірі — пері, бірі — адамзат,
Махаббат төсегінде жатыр сиып.
Рұқсат, дем алайық дегеніне,
Бір сәтке жібере ме жігіт қиып?!

Осындай қызық күндер өтіп жатыр,
Құла тон, кесе даяр баста шатыр.
Ләззаттың боз тұманы тұмшалаған,
Іс артын қайдан білсін Мұрат батыр.

Барады қызықты өмір шыр айналып,
Уақыт таяп қалды жыл айналып.
560 Байқаса, денесі әлсіз күннен-күнге,
Жүрегі дүпілдейді, басы айналып.

Төмендеп халі түсіп күннен-күнге,
Көз көрмей алыс жерді қалды мүлде.
Әуелгі ат бәйгесі жолда тоқтап,
Боп қалды ала алмайтын күнде жүлде.

Ол сезді бір науқастың жабысқанын,
Сүйіп тұр жүрегі әлі табысқанын.
Ентігіп қарыс жерге жүре алмайды,
Белінің жаңа білді қайысқанын.

570 Айтты ол сұлуына ауырғанын,
Ауру меңдетіпті тау қыранын.
Ар жағы әлі ешкімге түсініксіз,
Ел-жұртын, сағынды ма, бауырларын.

Тағы айтты: — Сахараға барайын мен,
Отардан бір мал тауып алайын мен.
Әкеліп қой сорпасын ішсем қайтер?
Сол үшін жаныма ақша салайын мен.

Қыз айтты: — Сертің қайда әуелде айтқан,
Ер жігіт не болады серттен қайтқан?
580 Егер сен сахараға жалғыз барсаң,
Ғазәзіл азғырмасын бір жын-шайтан...

Отырды қысылғаннан жігіт жылап,
Ағызып екі көздің жасын бұлап.
Болса да өзі басқа, жүрегі — ет қой,
Болад деп түсіп қалды қыз да құлап.

Қыз айтты: — Сахараға барыңыз, — деп,
Соманы жаныңызға салыңыз, — деп.
Сорпа ішіп көңілімізді көтерелік,
Кездесе, бір қой тауып алыңыз, — деп.

590 Қуанып ақбоз атқа мінді жігіт,
Беліне алмас қылыш ілді жігіт.
Кергітіп сахараға бет алады,
Баласы падишаның сәнді жігіт.

Отарға сол күн кепті дәрігер шал,
Жарандар, мына сөзге құлағың шал:
«Себеп бар шықпас жанға, — деген ғой Хақ»,
Дәрігер кез болыпты алдынан дәл.

Кезіккен Қыдыр болып осы шалы,
Белгілі оған науқас көрсе халі.
600 Дәрігер сәлемдесіп қарап тұрса,
Көрінді солып кеткен жүзі сары.

Айырды дерттің түрін көрмей тұрып,
Жай-күйін жігіт айтып бермей тұрып,
Аурудың пайда болу ахуалын,
Жасырды сорлы байғұс Құдай ұрып.

Шал айтпай қалай істі біледі екен,
Ғайыпты кітап ашып көреді екен.
Жатқанын Әбу жыланның Ақаралда,
Мөлшерлеп сыртынан шал жүреді екен.

610 Шал білді халі азайып қалғандығын,
Бір қырсық бейшараны шалғандығын.
Жайлаған Ақаралдың Әбу жыланын,
Сұлу деп жаза басып қалғандығын.

Икемді жазса қалам сөзді ыңғайлы,
Қисынды болып шықса, сөз шұрайлы.
Халайық, таң қаласың құбылысқа,
Азырақ тоқталайық Өбу жайлы.

Жылан­ның ата тегі өзі екен ғой,
Құбылғыш денесінде көзі екен ғой.
620 Жасы бар мыңнан асқан жыландарды,
Ежелгі ат — Өбу деген сөз екен ғой!

Жүз жасқа келсе, айдаһар болады екен,
Жуандап бәйтеректей толады екен.
Денесі мыңға келсе кішірейіп,
Құбылып әр түрлі боп тұрады екен.

Бір мезет торғай болып ұшып-қонып,
Айналып дүние жүзін шолады екен.
Әйел боп, жігіт тауып алдап сүйіп,
Бойынан қан қуатын сорады екен.
630 Айрылып ет пен қаннан сүйек қалып,
Құрт жеген ми­уа­дай солады екен.
Қызарып, бірде ағарып мың құбылып,
Алуан түрге кіре қалады екен.

Қу сезім төндіреді басыңа ажал,
Кезікті бұл сорлыға Өбу тажал.
Шал ойлап бас қатырып отырса да,
Өбуден құтқарарлық таппай амал.

Айтайын дәрігердің атын — Сәлім,
Жасынан даңқы әйгілі көпке мәлім.
640 Кітабын тәуіптердің көп оқыған,
Туа да өнер дарып алған тәлім.

Амалдап үлкен айла жасамасаң,
Бетпе-бет алдыртпайды ол бір залым.
Бір айла тез қарекет қылмағанда,
Аз күнде бітіреді жастың халін.

Қой сойып, сорпаға сап уды беру,
Осы бір сәтті орай деп тапты амалын.

Ол білді көргендей-ақ ауру халін,
Құтқарар тағы да айтты даруларын.
650 Бойына тарап кеткен Әбжыланның,
Бір-бірлеп түсіндірді заһарларын.
Жігіттер күмәндігер бола қалды,
Жүйелі түсінген соң істің мәнін.
— Бір ту қой жеті жылдық табыңдар, — деп,
Шақырып хабарлапты қойшыларын.
Кез келген өлмегенге өлі балық,
Ту қойды берді тауып малшыларың.
Қуанды сонда тұрып Шаһимұрат,
Көзінің енді жетіп ашыларын.
660 Ол қойға бір құты уды қоса беріп,
Дәрігер ұғындырды жоспарларын.

— Дұға оқып оның көзін байлаймын мен,
Залымды тылсыматпен жайлаймын мен.
Жіберем хабар беріп еліңе де,
Әр қилы әдіс-амал сайлаймын мен.
У салған сорпа беріп бір байқап көр,
Осыдан құтылмас деп ойлаймын мен.
Ешқандай секем беріп, сыр алдыртпа,
Қайткенде құтқарамын сөзіме сен.
670 Алдырам шақыртқызып осы араға,
Бар еді үлкен ғалым өзіме тең.
Сен барып сорпаға сап уды ішкіз,
Екі ойлы болма, жаным, сөзге келсең.
Қорылдап ұйықтаған боп жатып байқа,
Көрсетер бір «хикмет» неге десең.

Сарайға жігіт қайтты қойын алып,
Өлі де кете алған жоқ сөзге нанып.
Ас ішіп, жатар уақыт болғаннан соң,
Қисайды төсегіне Мұрат барып.

680 Көйлегін шешіп берді Ақсұлуға,
Оның да жоспары бар сырды ұғуға.
Қорылдап тәтті ұйқыға батқансиды,
Сығалап жатты қарап әлгі қуға.

Көйлектің битін әбден қарады енді,
Төрт бүктеп аспалыққа салады енді.
Мұраттың ұйықтағанын байқаған соң,
Көз тігіп жан-жағына қарады енді.
Қысылып қырық бұралып отырған қыз,
Жылан боп бір ысқырып қалады енді.
690 Болды да Әбу жылан бейне айдаһар,
Иіріліп сарай ішін шалады енді.
Жалаңдап айыр тілі заһар шашып,
Жақындап кіреуітке таяды енді.

Құбылып, бір ысқырып бұлбұл болды,
Шықпаған жаны жатыр Мұрат сорлы.
Әуелеп үй ішіне қанат қағып,
Аздан соң орнына кеп қайта қонды.

Қанатын бір қозғалтып қақты дағы,
Сұлу қыз бола қалды қалпындағы.
700 «Сезбейтін ешнәрсені маубасым» — деп,
Мұраттың қасына кеп жатты тағы.

Амалсыз шошығаннан Мұрат жатты,
Байқаса ажал оған жақындапты.
«Қарғам-ай, ғашық жарым, сүйгенім», — деп,
Көлгірсіп залым оны құшақтапты.

Тоқтар ма жүрегі оның дірілдеген,
Дүнияда қорқыныш жоқ мұнан қатты.
Шара жоқ құтыларға қайран боздақ,
Пәлені басына іздеп өзі тапты.

710 Андысып бірін-бірі таңды атырып,
Сол күні қыз бен жігіт ұйықтамапты.

Еске алып Жәмиіл қыздың айтқан сөзін,
Ағызып көзден жасын солқылдапты.

Ебі жоқ суық көңіл іске қиыс,
Махаббат бұрынғыдай қалды сүйіс.
Басында сорлы жігіт байқамапты,
Бар екен қыз сұлуда жылан иіс.

Барласа сырты сұлу, қыздай екен,
Ашыған сілекейі удай екен.

720 Жас жүрек алыпқашпа аңғармапты,
Ақ еті қатып қалған мұздай екен.
Жақтырмай Жәмиіл қызды асқанына,
Әдейі кезіктірген Құдай екен.
Оқушым, асқақтаған асылады,
Қарғысы қыздың қалай атқан екен?!

Таңертең тұра салып қойды сойды,
Қыз отыр шашын тарап, сылап бойды.
Салды да бір құты улы сары аяққа,
Үстіне ет пен сорпа шылап қойды.

730 Отырып кәселерін қолдарына ап,
Етті жеп, сорпаны ішіп әбден тойды.
Заһарға заһар қайтіп тасыр қылсын,
Ол улың ішкеннен соң күшін жойды.
«Әбжылан» етке тойып, бал-бұл жайнап,
Тастады іске асыртпай жоспарлы ойды.

Жаңылар адам азса тәубасынан,
Дәрігер дүрбі салды тау басынан.
«Қанып өлді ме», — деп ойлап еді,
Бұлқынсып көрінді қыз ауласынан.

740 Сәлімнің жолдасы екен ғалым Асқап,
Оқумен жын-періні жүрген жасқап.
Келіпті шақыртқан соң жолдасына,
Көрсетті болған жайды оған нұсқап.

Бұл жайлы екі ғалым ақылдасты,
Құтқармақ бұдан қайтіп Мұрат жасты.
«Баланың ел-жұртына әтей барып,
Бір хабар табамыз», — деп мақұлдасты.

Бет алып бұл екеуі жүріп кетті,
Жасамақ үлкен амал кереметті.
750 Күн-түні тынбай тартып екі ғалым,
Падишаның ордасына келіп жетті.

Ордаға келіп жетті кешке таяу,
Көзі жасты падишаның, көңілі қаяу.
Толассыз бал аштырып балгер жиса,
Хабар бар «тірі» дейтін ұйқылы-ояу.

Екі адам қақпаға кеп салтанатты,
Падишаға хабар берді шарапатты.
— Кезіксек сізге барып, — дейді олар,
Жіберді жалғастыр, — деп осы шартты.

760 Патша айтты: — Құдай айдап келген шығар,
Көңілін менің үшін бөлген шығар.
Ертіп кел көріселік оларменен,
Хабарын жалғызымның білген шығар.

Басында олар өзін таныстырды,
Істерді жақсы-жаман салыстырды.
Кезіккен баласының хал-жайынан,
Тастады бәрін де айтып, ашып сырды.

Айтты олар әтей іздеп келгендігін,
Жаны ашып жасқа көңіл бөлгендігін.
770 Қамалған Әбу жыланның қапасына,
Көзімен сөйлеп берді көргендігін.

Падиша естіген соң жаман састы,
Жиып ап білгіштерін ақылдасты.
Сандалыс аяқталып, шабыс шықты,
Қайткенде құтқармақшы Мұрат жасты.

Бас қатып, ақыл таппай айналған соң,
Шешілмес қырық шиіе байланған соң.
Алдына келді бұлар Сәлім, Гаппас,
Екеуі демін алып жайланған соң.

- 780 Бұл іске, — олар айтты, — Қысылмандар,
Көп шығар іштерінде ысылғандар.
Бір сарай жеті қабат салғызалық,
Үш күнде дайын болсын темір тамдар.

Жап-жалтыр іші-сырты болсын алтын,
Кем қылмай толтырыңдар істің шартын.
Астына орнатылсын құпия пеш,
Дүр етіп бір-ақ жерден от тартатын.

- Құлыбы мықты болсын есігінің,
Әйнегі болат болсын тесігінің.
790 Тас көмір от алғышпен толтырылып,
От бергіш даяр тұрсын пештігінің.

Ішінде дүние-жиһаз жайнап тұрсын,
Самаурын меш үстінде қайнап тұрсын.
Жиналып жастар тартып кернай, сырнай,
Ән айтып, сауық-сайран ойнап тұрсын.

Үш күнде бітірілсін сарай салып,
Ол бітсе тойға келмек барлық халық.
Патшаның құтты мешіт сарайына
Келуге келінді әтей шақырталық.

- 800 Осылай жоспарымның жөні келсе,
Сәт болар келін бұған келіп кірсе.
Құлыптап есіктерін палуандар,
Астынан үлкен пешке от берілсе.

Барлығы бұл планды мақұлдасты,
Падиша қазынасының аузын ашты.
Жиналып тамшы, ағашшы, өңшең ісмер,
Бұл іске сатұр-сұтыр араласты.

Отырмас бекер адам патшалықта,
Босатты зынданынан қырық жасты.
810 Қуанып құтылған соң пәлесінен,
Олар кеп ел-жұртымен амандасты.

Падиша кем көрмеуші ед баласынан,
Жәниді шақырып ап құшақтасты.
Төгілген көз жастары екеуінің
Жібітіп жібергендей қара тасты.

— Шақырып өзім барып әкелем, — деп,
Ер Жәни ел-жұртымен уағдаласты.
— Егерде Әбуді ертіп келе алмасам,
Бәй тіктім Мұрат үшін ғазиз басты.

820 Мұратпен бір жерде өлсем арманым жоқ,
Айрылып қайтем онан жасап жасты.
Өлденіп, аз уақыт демін алып,
Сіңіріп бойларына ішкен асты.

Жегілген пәуескеге қос арғымақ,
Тағылып шілия-тұрман алтыннан нақ.
Сырланған пәуескесі поталменен,
Ішіне орнатылған гауһардан тақ.

Бар еді бір сиқыршы бұл шаһарда,
Тоқшылық не қылғызбас қолда барда.
830 Шақыртты сиқыршыны патша ағзам,
Қақтырды болат таға жорғаларға.

Жөнелді Жәни батыр күймені айдап,
Үш сұлу бірге кетті күндей жайнап.
Қыз-жігіт әзіл айтқан сәні келіп,
Күймеге көрік берді күліп-ойнап.
Дем алмай күндіз-түні тартты бұлар,
Тас басып, таулар асып, дария бойлап.
Падиша тілек қылды Жаратқанға,
Дүбірлі қуанышты халық тойлап.

- 840 Егерде Мұрат аман келер болса,
Жолына ақсарбасын қойған байлап.

Жол тартты өңкей бағлан екпіндетіп,
Сарайға бет алған соң келді жетіп.
Сарнатып кернай, сырнай әуендерін,
Ән қосып қыз бен жігіт өлеңдетіп.

Алдына ақсарайдың келді бұлар,
Көркіне көрген жанды етіп құмар.
Ақсұлу сәскеде ұйықтап жатыр екен,
Төсектен атып тұрды ұмар-жұмар.

- 850 Жүгіріп сыртқа бұлар шыға келді,
Тұрғанын бір тамаша көзі көрді.
Ер Жәни құшақтасып Шаһимұратпен,
Тарқатты құшып, жылап ішкі шерді.

Үш қыздан құтылмапты сәулет, көрік,
Кигені дүрия, шағи, кәмшат бөрік.
Қақ тіліп қара жерді жұлқынады,
Мінгені астындағы өңшең елік.
Айланып іс сәтіне, бақ оңына,
Ақсұлу амандасты өзі келіп.

- 860 Екі дос құшақтасып тұр еді әлі,
Оларды айырыпты ақыл беріп.
Зәр жылан айласымен құбылады,
Мұратқа айрылмастай болып серік.

Жаңылды әлгі сұмырай бұл барыста,
Өзіне сор қайнамақ осы тұста.
Ақырып аждаһадай күркірейтін,
Жымиып жатып қапты жолбарыс та.

Ордаға кірді бұлар күліп-ойнап,
Қызыққа қызғанышсыз бәрі бойлап.

- 870 Сұлу қыз, ақын жігіт басты әуенге,
Бұлбұлдар мың құбылтып қайта сайрап.

Бас қосып тағамға әуел отырысты,
Көтеріп «кәусар» атты шарап ішті.
Соғылып зәр сұлуға рюмкалары,
Мастықтың тамшысы оған барып түсті.

Байқады қыздың қызып отырғанын,
Келтірді жайлап айтып сөздің мәнін.
Ата-ана қуанышпен бір көрмекке,
Арнаулы олар айтты шақырғанын.
880 Жаһандағы ісмерлердің бәрін жиып,
Арнайы алтын сарай салдыртқанын.
Топ жинап, жаһаз ашып думандатып,
Қуанып бір көрмекші келінжанын.
— Ел-жұрт пен ата-анаңның батасын ал,
Бұйымтай біздің осы, сұлу ханым.

Бұл сөзге Әбу сиқыр қалды түсіп,
Алған соң бойы қызып, шарап ішіп.
Күймеге апыл-ғұпыл отырғызды,
Қоймады, алды еркіне бәрі пысық.

890 Жіберді қос тұлпарды Жәни ұрып,
Соққан жел қала берді артта ысқырып.
Болғандай мүлде разы тілсіз орман,
Еңкейіп қала берді басы мүлгіп.

Тұлпарлар көбік шашып, иіп мойын,
Ерленді ер Жәни да жайып бойын.
Көтертіп әлсін-әлі құмыраны,
Басқаға бұрылтпады қыздың ойын.

Көрінді хан ордасы алтын сарай,
Көз тігіп әлгі сиқыр қалды қарай.
900 — Па, шіркін! Туған ай ма, шыққан күн бе?
Бұл не? — деп Жәни достан жатыр сұрай.

Ол деді: — Сіздің отау сарайыңыз,
Артылар оған кіріп талайыңыз.

Той қылып, ел жиылып, неке қиып,
Бөленер той-думанға маңайыңыз.

Сарайға бұлар енді келіп түсті,
Бұйрықтан құтылмайсың, құдірет күшті.
Ата-ана, елі-жұрты шашу шашып,
Көтеріп сыйлық тост шарап ішті.

- 910 Қуанды падиша мен барлық халық,
Бөрінің сырты шаттық, іші зарлық.
«Қырық күн той, отыз күн ойыны бар» — деп,
Падиша хабарлады шашып жарлық.

Келіннің басталды той бетін ашып,
Уәзір, ғұламалар ақылдасып.
Таратып міскіндерге қайыр-сақуат,
Алатын түрлері жоқ жаза басып.

- Көз салып барлық қимыл-әрекетке,
Сыр бермей Әбу де жүр араласып.
920 Екі елі ханзададан айрылмастан,
Сусындап ол да істеп жүр жанталасын.

Алдыртар бұ дағы оңай сайқал емес,
Бір парқы көзден таса сайтан емес.
Байқасаң талығу жоқ әлпетінде,
Әлі де аңдысудан қайтар емес.
Күзеткен жеті тәулік көз ілместен,
Ер екен қасарысқан Жәни егес.
Болмаған тарихта көз жіберсек,
Білдіртпей жан алатын мұндай кеңес.

- 930 Пендеге рақым қылар Тәңірім өзі,
Қолдаған ақиқатты әділ сөзі.
Ойламаған мақсаты іске асып,
Мұраттың бағы ашылар келді кезі.
Сайлауыт аңдып тұрған қыз бен жігіт,
Қырағы барлығының шалды көзі.
«Асқанға тосқан» деген заңды кезек,

- Дәл осы көк темір үй басар тезі.
Үйдегі қыз бен жігіт шықты бәрі,
Лезде есік жапты палуандары.
940 Піл құлып салынды да бекітілді,
Сақадай сай күзетіп тұрған бәрі.
- Білтелі май көмірге от қойылды,
Астына алып пештің шоқ қойылды.
Нажағай қабылдайтын ыстық шашып,
Айлана темір үйге от қойылды.
- Айғайлап Әбу жылан ысқырады,
Ақырып арыстанша ышқынады.
Жан бермек қарап тұрып қандай қиын,
Қиратып шығу үшін күш қылады.
950 Талқандап бес қабатын болған кезде
Әбудің терісінен ыс шығады.
Балқыған қызыл темір жіберсін бе?
Күйгізіп тиген жерін пысқырады.
Болса да қанша сойқан қызып отқа,
Әлсіреп, күйіп-пысып ысқырады.
Малынып, майша жанып балғын дене
Бір кезде көк түтіні бұрқырады.
- Осылай күйіп өлді Әбу жылан,
Қас сайлап, адамзатқа қаққан сылаң.
960 Болыпты бір хикая естен кетпес,
Сондағы Әбу жылан салған ылаң.
- Айтыпты сансыз алғыс патша, ханым,
Ісіне разы болып Асқап, Сәлім.
Аямай, қазына ашып, берді сыйлық,
Құрметтеп шағынаштың ғалымдарын.
Той қылып, тілеу тілеп, тәуба қылды,
Шақырып жеті ықылым халықтарын.
Қысқаша осы жерден тоқтатылық,
969 Оқырман, разы бол барлықтарың.

Телім — Тентек

Аты екен бұл қиссаның Телім — Тентек,
Бұрыннан ел аузында болған ертек.
Жауыздық жаны ашымай жас баланы,
Өлтірген қыздырып ап таспен өртеп.

Болыпты ағайынды үш азамат,
Ертеде көп іс өткен не ғаламат.
Айтайын әңгімесін осылардың,
Тыңдасаң құлақ салып, ей, жамағат.

10 Жігітке үлкен тұсау — кедейшілік,
Алшандап баса алмайды ойнап-күліп.
Жақсылап жан асырау оңай болмай,
Істейді әр немені үзіп-жұлып.

Олардың Телім — Тентек кішкенесі,
Аусарлау, ойы төмен жарым есі.
Болғанмен жасы кіші, бойы серен,
Батыр мен балуандай бар денесі.

20 Үлкені кәсіп қылған қақпан құрып,
Көздейді анда-санда ерте тұрып.
Бір күні ағасымен таласады,
Қақпанды келмек болып Тентек көріп.

Көп болған қақпанға түк ілінбеген,
Әуелі уақытымен көрілмеген.
Бүгін бір дәмелі күн сияқты еді,
— Қарағым, қойсаң қайтер, інім, — деген.

Көнбейтін мұндай жерде Тентек батыр,
Әр түрлі кеселдерді салып жатыр.
Ақылға айтқан сөзге, сірә, көнбей,
Сонымен Телім көздеп барады ақыр.

Ол барса жатыр екен қоян түсіп,
30 Аяғын жаралапты қақпан қысып.
Жаны ашып, бақырған соң жылады деп,
Босатып қоя берді аттан түсіп.

Қоянға: — Байғұс-ай, — деп, — ұзын құлақ,
Аяғың ауырған соң тұрсың жылап.
Бақырып мені көріп жылағаның,
Тұрсың ғой бір шыбынды менен сұрап. —

Деп оны қоя берді жаны ашып,
Серперді босатты да мықтап басып.
Темір бау аяғынан тайғаннан соң,
40 Жөнелді үш аяқпен аулақ қашып.

Қақпанды үйге сүйреп қайтып барды,
Мән-жайды ағаларға айтып барды.
Кәсібін ғайып берген қоя беріп,
Ауызға келген бақты тайқытқаны.

Ағасы айтты: — Тегі сен жындымысың,
Қашанда оңбай жүред қылған ісің.
Бұйырған несібені лақтырып,
Таластың жұмысыма немене үшін?

Бармайсың енді менің қақпаныма,
50 Қанша күн болса дағы жатқанына.
Бүлдіріп бір жағынан шашып жүрсең,
Қалай ортақ боларсың тапқаныма?

Жаны ашып жібермейді түскен аңды,
Көрмедім тірі күнде сендей жанды.
Тәңірдің бергеніне қарсы тұрсаң,
Қайтып, қане, бағасың екі ағанды?

Осымен бірнеше күн өтіп кетті,
Аз ғана тапқандарын кәсіп етті.
Тентекке Алла сабыр бере ме екен,
60 Қақпанды көздейтін күн тағы жетті.

Бұл күні үлкен аға өзі барған,
Інісін кетпек еді сөзбен алдап.
Мұндайда Тентек көніп қашан көрген,
Күш бермей кезекті алып тағы бармақ.

— Мен барам бүгін тағы қақпаныңа,
Қашанда ортақ болам тапқаныңа.
Сырттағы жұмысыңды бітірейін,
Ағатай, алаңсыз бол жатқаныңа.

Көрейін сол жеріңе тағы барып,
70 Қолыма бос мойынды шоқпарды алып.
Алдыңа түскенді енді тірі әкелмей,
Өлтіріп әкелермін бір-ақ салып.

Ағасы айтты: — Шырағым, осының жөн,
Сенің де емес екен ақылың кем.
Көк желкеңнен өзінді бауыздаймын,
Енді түскен нәрсені қоя берсең.

Әуелі шоқпарыңмен қатыр көсіп,
Аяқты темір қақпан тұрсын қысып.
Бұдан былай өлсең де жібермегін,
80 Жатса да әке-шешең бірі түсіп.

Тапсырып Тентегіне қатты айтыпты,
Көңілін әбден шындап қатайтыпты.
Енді түскен нәрсені қоя берсең,
Саусағыңмен шағамын бақайшақты.

Осымен кетті інісі жігерленіп,
Болады түскенді енді жібермелік.
Ағасының айтқанын мақұл алып,
Қақпан жаққа тезірек кетті желіп.

Аға сөзі жындыға болды серік,
90 Иенде ақымақтың өзінде ерік.
Барса түсіп қақпанда отыр екен,
Алдында кеткен кемпір тезек теріп.

Қуанып тұра шапты көре сала,
Ұрыпты шоқпарменен бара сала.
Есірік есі кеткен ұға ма оны,
Еш адам болмаған соң арашада.

Жан тәтті болғанымен жарлық қатты,
Шешесін шоқпарменен ұрды қатты.
Қақшандап отырмайтын қақбас кемпір,
100 Аяғы аң орнына қаза тапты.

Анаға жыламады, қуанып жүр,
Балақ түріп, білегін сыбанып жүр.
Баланың сонша мықты болғандығы,
Сөзінен ағасының бу алып жүр.

— Шіркін-ай, жақсы болды мынау маған,
Үйіме олжалы боп барамын-ау.
Көбірек ағаларым ұрсып еді,
Олардың енді алғысын аламын-ау.

Мақтанбақ ағасына енді барып,
110 Болғандай қуанышта аңға қарық.
Кемпірдің аяғына шылбыр байлап,
Жөнелді үйге таман сүйреп алып.

Асығыс келе жатыр қайта шауып,
Алғандай үлкен жақсы олжа тауып.
Алдына қарай берет көз бұлдырап,
Қара тер моншақтаған бетін жауып.

Кемпір де дал-дұл болды сүйреткен соң,
Шоқпарлап сүйектерін күйреткен соң.
Естігенін қояр ма екі есе етпей,
120 Ағасы бар ақылын үйреткен соң.

Апарып ағасына қанды қақпан,
Кемпірді көрсетіпті өліп жатқан.
— Не түссе де айырылма деген едің,
Аңыңызды алып келдім сіздің атқан.

Ағасы шошынады көргеннен соң,
Қапыда қайран ана өлгеннен соң.
Амалы таусылады тағы да ойлап,
Бұйрықты өзі мықтап бергеннен соң.

130 Амал жоқ, қайтеді енді кеселді ерін,
Ешкімге бермеуші-ақ ед еселерін.
Оқыстың бәріне де ортағы боп,
Амалсыз жерлеп қойды шешелерін.

Мұнан соң ай айналып жылға толды,
Істеді балалары ескі жолды.
«Қарызы апамыздың қалды» десіп,
Жылдығын шешесінің бермек болды.

140 Бар малы жетуші еді екі басқа,
Бұйым ба кедейшілік өңкей жасқа.
Мінетін Теңбілшолақ атыменен,
Бар еді құнан өгіз қызыл қасқа.

Жылдыққа атын әкеп сойды дағы,
Былқытып қазанға асып қойды дағы.
Екі ағасы екі жаққа жүгірмекші,
Ел жинап шақыруға маңайдағы.

Жібермейді екеуін де Тентек тағы,
— Халықты мен шақырам бұл маңдағы.
Жалғыз қалып бұл жерде отыра алман,
Жын-шайтан бәрі келет қай-қайдағы. —

150 Деген соң оны тағы қоя берді,
Шақырып келер дейді талай жерді.
Жындының жас баладай қылығы бар,
Кім тыңдар кісі екен деп Текең ерді.

Биіктеу шығып алды бір жотаға,
Қарайды қызығына бала-шаға.
Таңертең атын сойып, асып қойған,
— Ет же, — деп айғайлайды аузын қаға.

Бұл сөзді кім елейді естісе де,
Кейбіреу «не деп тұр» дейд жынды неме.
Жөн айтып жосынымен шақырмаса,
160 Сөзіне ақымақтың ел сене ме.

Адам жоқ, кеш батарда өзі кепті,
— Биіктен хабарладым бәрін, — депті.
Қылығын бауырының білгеннен соң,
Екі аға екі жаққа өзі кетті.

Тентекке: — Кетпе, — депті — осы арадан,
Басына жер ошақтың жолатпа жан.
Өгіз бен асып қойған етін бағып,
Келгенде тапсырасың есен-аман.

Байлады қазық қағып қасқа өгізді,
170 — Маңына келтірме, — деп, — басқа өгізді.
Аузыңа ет салмайсың бір жапырақ,
Келгенше қайта айналып тоспай бізді.

Айтқандай отырыпты қыбырламай,
«Ел келсе, ет жейміз» деп көңілі жай.
От жағып қазандарға қапалап жүр,
Басынан аққан тері болып сай-сай.

Жабығып отырғанда жайын ойнап,
Қарны ашып, еңсе түсіп, тамақ ойлап.
Өгізге қасындағы қарағанда,
180 Ол күйсеп жатыр екен жынын шайнап.

Өгізге: — Ей, ақымақ, маған, — депті,
Кім берді «жеме деген» андағы етті.
«Біз келмей желінбесін» деген еді,
Қарашы елден бұрын мынау жепті.

Сұрайды неше қайта берсеңші деп,
Хайуан қанша айтқанмен ұға ма гәп.
— Тапсырып екеумізге кетіп еді,
Ел келмей етті неге жатырсың жеп?

190 Асқан жынды көрмедім сен немеден,
Ел келіп ет жегенде мен де берем.
Кемісе екеумізден бірдей көрет,
Біз келмей бір жапырақ жеме деген.

Шыныңмен жегеніңнен бермеймісің,
Қасыңда мен отырсам көрмеймісің.
Жылқының семіз етін сонша жесең,
Ішіңнен май сорғалап өлмеймісің.

Хайуанға «ұқпадың» деп ызаланып,
Жүгірді қасындағы балтаны алып.
Ашумен қатуланып барды дағы,
200 Өгізді қақ маңдайдан қалды салып.

Өгіздің басын балта бөліп кетті,
Ұзамай жаны шығып өліп кетті.
Отырды Текең жалғыз өлеңдетіп,
Қан дүзіп қасындағы серік кетті.

— Қу қасқа ит, сұрап жатсам бермеп едің,
Елемей жей бердің ғой, бер, — деп едім.
Адамға қолынан дән татырмайтын,
Дәл сендей сараңды мен көрмеп едім.

Өлгенің жақсы болды тірі қалмай,
210 Мен емес, өзің өлдің тілімді алмай.
Келгенде ағалар да көреді ғой,
Тауыстың еттің көбін жалмай-жалмай.

Жануар жазығы жоқ қалды өліп,
Шақырған елдің дағы алды келіп.
Ашумен ағалары назаланды,
Өгізді өлі жатқан көзі көріп.

Сұрады: — Мына малға не болды? — деп,
Жүгіріп екі ағасы алдымен кеп.
Өгізді обалды етіп талқандапты,
220 Сен сонда қайда жүрдің, Телім — Тентек?

Текен айтты: — Оны әдей мен шапқамын,
Сұрасам бермеген соң жеп жатқанын.
Қазандағы етіңнің көбін жеді,
Өзі ақымақ екен ғой ант атқаның.

Ақымақ көрінеді бұл өгізің,
Итіңнен қайырымсыз күдер үздім.
Татырмай жегенінен қойғандықтан,
Балтамен бір-ақ шауып, шұр еткіздім.

Неге өзі жей береді маған бермей,
230 Тауыспақ еттің бәрін сендер келмей.
Сөздерің жеме деген естімесе,
Жарым есің ақылы жоқ қайтеді өлмей.

Не қылсын аға шіркін ақылсызға,
Құтырық ұстамалы миы қызба.
Қылатын ешбір шара болмаған соң,
Қойыпты тағы кешіп амалсыз да.

Өгізді сойып, етін тағы асады,
Ет таусылмай аяғы таң атады.
Тамақ жеп жұмыстарын бітірген соң,
240 Жайына жиналған жұрт тарасады.

Қайтарып асын беріп қонақтарын,
Тентектің айтып түгел қылықтарын.
— Басыңнан қылған ісің асып кетті,
Жоғалттың мал, адамның қырып бәрін.

Туғалы көре алмадық сенен пайда,
Ат, өгіз, әуелінде, апам қайда?
Түгемес осыншалық зиян салсаң,
Кетелік айырылысып осындайда.

Тентек емес, болдың сен зиянкесті,
250 Мұндайлық көрмеп едік жарым есті.
Көрген күн, өткен өмір осы болса,
Әр жайға бытырасып кетсек, — десті.

Бауырдан безді түгел ағалары,
Ана өліп, бастан кеткен паналары.
Ұрыс пен күнде жанжал көбейген соң,
Өзара кетісіпті бағалары.

Үлкендері отырысты ақыл ойлап,
Терең ой теңізіне батты бойлап.
Ақылы ойлап тапқан сол болыпты,
260 Тентекті тастап қашу мықтап байлап.

«Тіршілік не болмақшы бүйтіп жүрген,
Бауырдан жақсылық жоқ болды көрген.
Болған соң жаман туыс зияны көп,
Есікке сүйреледі басын төрден.

Іс бітпес күнде жанжал, төбелестен,
Не пайда өнері жоқ ерегестен.
Апамды еш кінәсіз өлтіруші,
Тіріде ұмытылып кетер ме естен.

Осыдан бір құтылсақ, — дейді, — ептеп,
270 Бір болсақ қорлықпенен өмір өтпек.
Бауыр боп мынау бізді оңдырмайды,
Шіріген бір жұмыртқа қайда кетпек».

Екеуі бекініпті осы сөзге,
Көп ойдың керегі жоқ жоқтан өзге.
Еш амал мұнан басқа таппаған соң,
Ойланып айналдырмақ істі тезге.

Текеңде болып жатыр ерекшелік,
Ешкімге көрген емес есе беріп.
Қолма-қол байлауына көнер ме елдің,
280 Қысымсыз, тосалғысыз тұрғанда ерік.

Бір жатса, ұйықтайды ол үш күн, үш түн,
Тырп етпей жатады екен қаққандай жын.
Тосады ағалары осы сәтті,
Болыпты жатпағалы бірнеше күн.

Келіпті ұйықтайтұғын осы күні,
Қоныпты шұғылменен кәрі жыны.
Кетудің дайындығын көріп болған,
Жөнелмек екі ағасы «Қош, — деп, — іні!».

290 Бос қалса, қуып жетер қайдан болса,
Жан қалмас жетіп алып майдан болса.
Жүгірер сапалақтап сағымдай-ақ,
Өлшемді ұйқысының уақыты толса.

Болмас-ты байламаса берік қылып,
Айрылмас ұйықтамаса көре тұрып.
Тез тұрып қуып жетіп қояр болса,
Жоғалтар екеумізді бір-ақ қырып.

300 Байлады диірменнің бір тасына,
Көтеріп апарды да тап қасына.
«Тәуекел не де болса қидық», — десіп,
Тапсырды аруаққа — апасына.

Екеуі бірікті де кетті қашып,
Талай жон-белестер мен жотаны асып.
Кез болып сергелдеңдік серуенге,
Келеді көңілдері қатты жасып.

Тоқтаусыз бұлар алға жүре берді,
Басады талай сөтке талай жерді.
Ұйқысы әбден қанып Тентек батыр,
Орнынан асып-сасып түрегелді.

310 Оянып «ағам-ау» деп айғайлапты,
Ойланып істің жайын таба алмапты.
Байланған беліндегі тасты көріп,
Апамның ұршығы екен деп ойлапты.

Екі ағам кеткен екен аңға шығып,
Қалғам-ау ілесе алмай ұйқы жығып.
Ұршықты тастап кетпей ала жүріп,
Іздейін ағалардың жөнін ұғып.

Тасты арқалап жүгіріп кетті шауып,
Сескеніп ешнәрседен етпес қауіп.
Иенде ебелектеп келе жатыр,
320 Алыпты жалғыз алма түскен тауып.

Жарымын тығып алды, жарымын жеп,
«Жеткенде ағаларға беремін, — деп.
Жеймін ғой тойғанымша мұнан былай,
Табылса түсіп жатқан тағы да көп».

Жөн сұрар кезікпеді тірі жанға,
Ағалап айғайлайды анда-санда.
Жеткені ақылының соншалықты,
Жүргендей ағалары осы маңда.

Кейде отырып аз ғана дем алғалы,
330 Көтерген ауыр таспен құрып халі.
Жегісі кеп қызығып айландырып,
Иіскеп жалап қояды жарты алманы.

Орнынан ұшып тұрып жүгіреді,
Қара тер өне бойдан төгіледі.
Бұйрықша кеткендерге кез болмаса,
Ақыл жоқ аңғал байғұс не біледі.

Екеуі кейде ойлайды: «Келе ме, — деп,
Кезіксе енді келіп бола ма елек.
Ойына тағы бір іс оралады,
340 Байлаулы көп жатқан соң өле ме», — деп.

Қиялдап арт жағына ой жіберді,
Көз шіркін шалып еді талай жерді.
Жанары қос қиықтың жалт еткенде,
Ұзақтан бір қарайған сезіледі.

Байқады тосқауылдап баяуласып,
Отырып ойланады демін басып.
Ағалап айғайлаған дауысы естіліп,
Бейнесі бауырының көрінді ашық.

Бір ойлап бастабында шошынады,
350 «Не пәле шығарар, — деп, — мынау тағы».
Ойында інісінің дәнеме жоқ,
Зарығып іздеп келіп қосылады.

Үшеуі жыласыпты сағынысып,
Құшақтап бірін-бірі қатты қысып.
Өркімі іштерінен қынжылады,
Өзінің қылықтары еске түсіп.

Тоқтапты жыласудан мауқын басып,
Өзара отырысты амандасып.
Туыстар аман-есен бас қосқан соң,
360 Сөйлесті көңілдері судай тасып.

Бұл жерде сусын да жоқ, тамақ та жоқ,
Тап дерге тақат қылмай талап та жоқ.
Тентектің ағаларға арнағаны,
Ұсынды жарым алма қожақ-қожақ.

Ағасы жарты алманы қолына алды,
Тентектің бұл ісіне қайран қалды.
Тастап кетсе тағы да ойлапты деп,
Аузына ұялғаннан әрең салды.

Ағалары алмасын ап жеді дағы,
370 «Бауыр ет деген осы» — деді дағы.
Бір туып, бірге өлуді серт қылысып,
Үшеуі қол ұстасып жүрді тағы.

Текене: — Ауыр тасты таста — деді,
Зіл салмақ езер бекер жас денені.
Туысқа ағалардың жандары ашып,
Аяқтап көңілдегі басқа кегі.

Тентек айтты: — Ұршықты тастамаймын,
Әдейі әкеп беріпті апатайым.
Анаға бала қайыр қылар болса,
380 Көрсеткен осы болсын күн мен айым.

Сендер кетіп қалғанда қақпан құрып,
Ұршықты тауып алдым ұйықтап тұрып.
Пайдасын мұнан былай көрмейміз бе,
Мұрасын апамыздың алып жүріп.

Үйіріп арқасына салып алды,
Кеудеге қоян қолтық таңып алды.
Ағаларының алдымен жүгіргенде,
Артынан шумақталып шаңы қалды.

Шөлдеді ұзақ жүріп, су таба алмай,
390 Шөл қанса болар еді көңіл де жай.
Кезіксе алдымыздан бір ішім су
Болар ед мініс ат, тағалы тай.

Ұзақтан көрінеді бір бәйтерек,
Ол дағы жолаушының соқпа жері ед.
Қуанып «су болар» деп таяғанда,
Шерікті қалың шоғыр көзі көрет.

Шошыды көре салып: «Өлеміз — деп,
Бұл жерге ажал айдап келеміз — деп.
Қарсылық көрсетерлік еш амал жоқ,
400 Біз — үшеу, ат-қарулы аналар — көп».

Тұрды да біраз ғана ақылдасты,
Қосылып бір түйінге мақұлдасты.
Жүгіріп бір жыраның ішіменен,
Терекке шеріктерден бұрын асты.

Басына бәйтеректің шығып алмақ,
Мән-жайын төбесінен ұғып алмақ.
Мәуенің далдасына жасырынып,
Ішіне жапырақтың бұғып алмақ.

Тентекке: — Аса қорқып саспа, — депті,
410 Көрініп беті ашыққа қашпа, — депті.
Биікке алып енді шыға алмайсың,
Тасыңды арқаңдағы таста, — депті.

Үш жаяу бәйтерекке барып шықты,
Көне ме айтқан сөзге Текең мықты.
— Апамның ұршығынан айрылман, — деп,
Тастамай ауыр тасты алып шықты.

Шеріктер ағаштағы суға келді,
Байлады саясына көліктерді.
Теректің басында отырғандар
420 Бұлардың бар қимылын әбден көрді.

Су алып, тамақ істеп, шай қайнатып,
Қайшылас біреу жүріп, біреу жатып.
Неше күн дән көрмеген Телім — Тентек
Ағаштан сығалайды көзін салып.

Тамақтың иісі аңқиды буы шығып,
Үн шығармай үшеуі отыр бұғып.
Пісіріп, алдына алып кейбіреулер
Уыстап көмейлетіп жатыр тығып.

Көргенде Тентек қайтіп шыдайды оны,
430 Бос болса көрер еді екі қолы.
Ұстаған ауыр таспен әрең отыр
Далдада бой тасалап қайнап соры.

Шыдамай: — Апырым-ай, аға, — деді,
Қысылдым, қуығыма сідік келді.
Күшпенен қиналсам да, шыдап едім,
Ақыры мына заһар мені жеңді.

Ағасы: — Өлсең де, ойбай, симе, — деді,
Пәлеге мына жатқан тиме, — деді.
Қолына қалың жаудың түсе қалсаң,
440 Құзғындай жемтік тапқан үймелейді.

Тентек қашан көнетін айтқан сөзге,
Бір дауыстап жіберді осы кезде.
— Екеуің жарты алмамды жегісіңдер,
Өзім алам, бері әкел тап ілезде.

Бұған қылар тағы да амалы жоқ,
Алма тұрмақ бір түйір анары жоқ.
Есе бермей еңкейіп шаптырғанда,
Жапыраққа жайылды, тамары жоқ.

Ештеңе өнбеген соң мұнысынан,
450 Бұзылып жан шошырлық өң-түсінен.
— Тышқым келді, аға, — деп бұлқыныпты,
Айғайлап жасырмай-ақ бар күшімен.

Өңгіме ағаш асты дуылдаған,
Самалмен жапырақ та суылдаған.
Дауысы көп адамның саң құлақтап,
Біреді айғай оншалық ұғылмаған.

Ағасы қысылады шошып енді,
— Қайтемін ақымақты осыны енді.
Кеселді кесегімен іздеп отыр,
460 Қой дегенде онан әрі екіленді.

— Сөзіңнің керегі жоқ, айтпа бекер,
Бізге орын болмайды екен мынадай жер.
Бір тышып алуыма қосылмасаң,
Қайдан тапсаң онан тап, алмамды бер!

Ағасы шара таппай қосылады,
Бауыры енді неге тосылады.
Атқытып биік жерден жібергенде,
Құмалақ төмен қарай жосылады.

Астына көз жіберді тышып қалып,
470 Құйрықты бір күшеніп қысып қалып.
Мұның да мәнері жоқ бір іс болды,
Дәреті ашық жерге түсіп қалып.

Ештеңе өнбей отыр қиқылдақтан,
Тамақтар неше түрлі жерде жатқан.
Тыншығып көрген сайын отыра алмай,
Бір амал Телім — Тентек тағы тапқан.

Кеселді не болса да бастағалы,
Істетпек тағы да бір жақсы амалды.
— Апам ұршығы арқама батты, — депті,
480 Биіктен күмбірлетіп тастағалы.

Ағасы түн тосады кетпек болып,
Олардан ептемекші нәрсе торып.
Тентек те көп ойлайды әр түрлі әдіс,
Ертерек пысқан асқа жетпек болып.

Ағалар онан әрі шошынады,
Тасты қоя беруге қосылмады.
Кеселді неше қилы бастап Тентек,
Жортақтап бір орынға отырмады.

— Онда сен менің жарым алмамды тап,
490 Таппасаң, тыныш отыр, аузыңды жап.
Өзі де шыбын жаным шыққалы отыр,
Әуелі жоғалтамын өзінді тап.

Жеп қойған табылады алма қайдан,
Кеселдің өнер жері осындайдан.
Шырағым, онда өзің біл демегенде,
Шықпақшы әйте біреу үлкен майдан.

Тағы да «мақұл» деді амалсыздан,
Әйтеуір не болса да шығатын жан.
— Андағы жерді барып бүлдіргенде,
500 Түседі басымызға атпайтын таң.

Дегенде қоя берді диірменді,
Тентектің қылығы бар артық-кемді.
Аспаннан қазандай тас былш еткенде,
Барлығы тәубә-зікір үйірді енді.

Ағаш асты болыпты астаң-кестең,
Біреулер талып қапты танып естен.
Үміт жоқ тіршіліктен өлімді ойлап,
Зікірін айтып бәрі жаннан кешкен.

510 Шуласып, Құдайға айтып тілектерін,
Бірінің бірі айтады жүректерін.
«Белгісі жанүзердің осы екен», — деп,
Кейбіреу баса алмай тұр сүмек терін.

Әл де жоқ, амал да жоқ адамдарда,
Аспаннан түскен пәле амал бар ма.
Ат-көлік, азық-түлік бәрі қалды,
Шеріктің амалы жоқ оны аларға.

520 Азырақ әлділері қашып кетті,
Анадай бір далаға барып жетті.
Ағаштан асып-сасып түсіп алып,
Қос қолдап Телім — Тентек тамақ жепті.

Кейбіреу көріп оны мылтық атты,
Дарымай оқ зымырап кетіп жатты.
Асықпай, тамақты жеп, кең тұрған соң,
Шеріктер «бұл не жан?» деп аң-таң қапты.

Еркін жеп тамағына әбден тойды,
Кеудесін көтерді де жазып бойды.
— Қатты шерткен құмалақ көзге тиет,
Ойнамай, ақымақтар, қой, — деп қойды.

530 Таңырқап айтқанына қорқып шерік,
— Мынаның не қылса да өзінде ерік.
Қорғасынды теңеп тұр құмалаққа,
Сыбағаны жүрмесін енді беріп.

Өлшеу жоқ мынау батыр адам екен,
Байқасаң ахуалы жаман екен.
Оқ атқанды «құмалақ шертпе» дейді,
Осыдан құтылайық аман-есен.

Шеріктер шошып бұған жоламайды,
Оларды Тентек жауға санамайды.
Жаннан жан шошытар тағы іс бар,
540 Жата қап оқтай зырлап домалайды.

— Домалақ пәле деген осы екен, — деп,
Болмаса перілердің досы екен, — деп.
Кетелік бойда жанның бар күнінде,
Бізге жоқ дәл мынадай пәле жеңбек.

Сонымен қарсыласпай кетті қашып,
Арттағы мүліктердің бәрін шашып.
Тамағын жеп үшеуі тойды дағы,
Олжа қып бәрін түгел қалды басып.

Нәрсені қалған түгел алды жиып,
550 Ат мініп, құрал асып, киім киіп.
Алғанынан артылған мүліктерді
Түбіне бәйтеректің кетіпті үйіп.

Аттанып бұл арадан кетіп қалды,
Бір үлкен бай манапқа жетіп барды.
Жарақты жасанғандар барғандықтан,
Мейман, дос, сыйлық жолмен күтіп алды.

Ертеңі жөн-жосықты сұрасыпты,
Екі жақ бірін-бірі сынасыпты.
Пейілі кең, дәулеті мол болғаннан соң,
560 Үшеуі ақтарылып сыр ашыпты.

Қоныпты бұл адамға бас пенен бақ,
Бір елде тұрған екен өзі ағалап.
Ен дәулет, шалқып жатқан мол ырысты
Үшеуі орын етіп жағаламақ.

Сондықтан ашып түгел кеңеседі,
Бай дағы мәнсаптан сау емес еді.
Жатпай-тұрмай жалғасып кеп тұратын,
Төңірек алыс-жуық ел өсегі.

Осы елдің патшасы екен Ғабділ Жүніс,
570 Соғыстан аз ғана күн алып тыныс.
Маңайын төңіректеп жеп тұратын,
Сол күні бір шаһарға қылған жүріс.

Жорыққа шерік кетіп, бастық қалған,
Қонақ қып бірін-бірі мас қып қалған.
Елеусіз суға барып түседі екен,
Болмаса қарауыл жоқ алдын шалған.

Көп шерік осы топты қашып кеткен,
Аспаннан пәле түсіп, шошып кеткен.
Қаңғырған иендегі үш жаяу жан
580 Қайтіп олжа алады қалың көптен.

Бұл жерде анықталып істің жайы,
Таразы теңгерілсе сөз шынбайы.
Үлкен жау ауыр шығып болмаған соң,
Патшаның қаһарланған жоқ шынайы.

Соғыспен қарсылық жоқ төбелесте,
Кісі өліп, қан төгіліп ерегесте.
Ат, көлік, құрал-сайман, адам да аман,
Айғағы істің факт сол емес пе.

Бұл патша ел болмаса шауып алар,
590 Күш қылып қарсыласқан жауын алар.
Көзі тар шағын көлемді адам емес,
Адамсып әлсіздерге әлек салар.

Мұның да тентек болған бір баласы,
Ұқсамайт патша ұлына ер қарасы.
Әр түрлі ақымақтық іс қылған соң,
Көп болған алыс кеткелі екі арасы.

Бір күні осы жынды елді үркітіп,
Жоғалған ел ішінен өзі жітіп.
Ақыры патша алдына тауып әкеп,
600 Айында әрең шыққан жұмыс бітіп.

Тапқан соң тура барып ел иесін,
Пәледен құтылады жиып есін.
Оқыстан өткен бір іс болғандықтан,
Падиша жиып алды дүниесін.

Қоспады жала менен өтірікті,
Қайтеді қаңғып жүрген есірікті.
Зияны, бүлінгені болмаған соң,
Басқадай қылмыс тақпай кешіреді.

610 Үшеуін тастап кетті жан бақсын деп,
Жалданып осы байға мал бақсын деп.
Патша пақырларға кеңшілік қып,
Жайына тастап кетті қайтармай кек.

Үшеуі қалды байға жалдануға,
Күш сатып еңбегімен жан бағуға.
Тұрақтап осы орынды мекен етпек,
Болмас деп енді бекер сандалуға.

Әуелі қожайынмен келіседі,
Ант пенен уағда сертін беріседі.
— Екеуміз малыңызды берсек бағып,
620 Ініміздің мінезі теріс еді.

— Оған кәсіп бермеңіз, — депті байға,
Бізге де, саған да тым бермес пайда.
Бұл қырсық оңған жұмыс істемейді,
Ашып айтып қоялық осындайда.

Бай ұқты осы сөздің мәні-жайын,
Кәсіп те тұрмаған-ды оған дайын.
Қосында ағасының Телім — Тентек
Өткізді санап бекер күн мен айын.

630 Бір күні Тентек іздеп байды тапты,
Әуре қып неше түрлі әлек сапты.
— Маған неге бір түлік мал бермейсің?
Бос жату жас жанымды жабырқатты.

Бағатын мал бермейсің неге маған?
Жылқы, сиыр бағып жүр, ана, екі ағам.
Меке қойын өзіме берсең, бай-ау,
Кең айдап, көсілдіріп мен де бағам.

Кәсіпсіз бекер қойдың еріктіріп,
Қолқандай азаматты көре тұрып.
Бағуымды бір сынап көрмеймісің,
640 Арнаулы бір малыңды бере тұрып. —

Деген соң бөліп берді бір жүз қойды,
Ескертіп көп нәрсені айтып қойды.
Тентектің құлағына сөз кіре ме,
Әйтеуір қой алған соң көңілі тойды.

— Маңайдың бәріне жай ерте бар да,
Артынан жайған малдың әсте қалма.
Әнебіреу көрінген көкшіл тауға,
Қашанда жаямын, — деп қойды апарма.

Ол бір тау қашандағы мал бақпайтын,
650 Шөбі жоқ, сайларынан су да ақпайтын.
Пәлесі тасынан да көп болады,
Әр түрлі кесел шығып құр жатпайды.

Қойды айдап Тентек кетті: — Болады, — деп,
Жөндеймін кешке жақын қораны кеп.
Байеке, малыңыздан қам қылмаңыз,
Тұнық су ішкіземін, соны шөп жеп.

Қой жайды сонылатып бірнеше күн,
Барады тағы кернеп бойдағы жын.
— Бұл байдың «ана тауға барма» деуі,
660 Кім білсін қалай екен жалған-шынын.

Айдайын осы қойды тауға таман,
Көрейін не де болса ақырзаман.
Апарып байдың қойын сонылатып,
Тойғызып алып келсем несі жаман?!

Қойды айдап «тәуекел» деп Текең кетті,
«Сол тауға не де болса жетем», — депті.
Барса таудың бер жағы мұз бенен су,
Өткізем деп қойменен тепеңдепті.

670 Қой судан өтпейді екен сабаса да,
Тентекке қарап жүру жараса ма.
Шарасын өткізудің ойланады,
Қараңыз тағы қызық тамашаға.

Иірді бір шұңқырға жинап бәрін,
Көсілтіп жатқызады сирақтарын.
«Кебісімді шеш деген екен ғой» деп,
Сыпырды бәрінің түгел тұяқтарын.

Қан жоса болды қойдың сирақтары,
Орнынан қалды тұрмай қирап бәрі.
— Кебісін шешсем дағы өтпей жатқан,
680 Осындай қырсық па еді байдың малы.

Себебін енді өтпеген тағы ойлайды,
Дауыстап жатқан қойды құрғұйлайды.
«Енді бұл тонымды шеш дегені», деп,
Тері сойып жайратты аппақ майды.

Май мен қанға бояды судың бойын,
Бір жынды кешке дейін салып ойын.
Аң, құстың жемі қылып тастап кетті,
Семіртіп жаятұғын байдың қойын.

Сауыс боп үсті-басы кешкейітті,
690 Бара сап қожайынға жөнін айтты.
Өз ойын, істегенін жасырмапты,
Бастан кешкен бүгінгі барлық жайтты.

Байекең естіген соң ақырыпты,
Келсін деп екі ағасын шақырыпты.
— Малымның басын толық төлеңдер, — деп,
Дауына қойды осылай тақырыпты.

Малына күйіп кетті байдың іші,
Ашумен басып сынды азу тісі.
Бір іске тақмақшы пақырларды,
700 Тасымай тоқтала ма дәулет күші.

Қысады «қайтесің» деп екі ағасын,
Жоғары бағалады малдың басын.
— Қолыма толық сома салмасандар,
Беремін бұзықтардың сыбағасын.

Осындай түсіп жарлық жерден ауыр,
Қапы қып жаннан кешті аға-бауыр.
Оңаша ақылдасып екі үлкені,
— Құтылсақ құрбандықпен болар тәуір.

Бай көнсе, ақымақтың берсек өзін,
710 Жоғалтса ебін тауып соның көзін. —
Деп екеуі мақұлға келісті де,
Дайындап алды байға айтар сөзін.

Қайтып кеп қожайынға бас ұрады,
Айтуға амалсыз сөз батынады.
— Кегінді қылмыстыдан өзің ал, — деп,
Жалынып-жалбарынып жатып алды.

Бай айтты: — Малы жоқтың жанын алам,
Жүректен кетпей отыр салған жараң.
Ақымаққа қайырым етемін, — деп,
720 Обалды болып кетті малым арам.

Ініңді өлтіремін малым үшін,
Әуелі үшеуіңе қаптал күшім.
Қайтарам мал ашуын осыменен,
Онан соң өздерің біл ендігісін.

Құп көріп ағалары «құлдық» деді,
— Осымен қайтарылсын малдың кегі.
Тентекті не қылсаң да бердік саған,
Қайтпаймыз уағдада тұрдық, — деді.

Бай сонда шығарады сұмдық істі,
730 Болған соң еркі өзінде ұқық күшті.
— Көрікпен қазандай тас қыздырсын, — деп,
Ұстаға ауылдағы бұйрық түсті.

Жиналып ұсталары түгел барып,
Көрікке қазандай тас қойды салып.
Сұмдығы байекеңнің қанқұйлы екен,
Тентекті өлтірмекші тасқа қарып.

Істейді опасыздық бейуаз жанға,
Пенде жоқ арашашы осы маңда.
Бай келіп көрді дағы дайындықты,
740 Тас әбден шоқтай болып қызарғанда.

Ақымақ, аңғал аусар мақұлықты
Қасына алдап оны шақырыпты.
Қиядан тасты төмен домалатып,
— Ағанды тас соқты, — деп бақырыпты.

Тас көзге көрінеді қызыл шоқтай,
Тентек те ұшады оған атқан оқтай.
Жібермей жол ортадан ұстап алып,
Ағасын арашалау тасқа соқпай.

Жетті де құшақтады қызыл тасты,
750 Жас жаны жанған отқа араласты.
Аға тас, бай қатыгез болғандықтан,
Аямай берді ажалға есіл жасты.

Құшақтап тасты астына басып алды,
Ұқпады ауырғанды, ашығанды.
Ойы адал, жүрегі хақ байғұс бала
Ағасы үшін құрбан еткен шыбын жанды.

Мәз-мәйрам қарап тұрды қатыгез бай,
Кек қайтып есе алдым деп көңілі жай.
Құшақтап қызыл тасты Тентек батыр,
760 Дауылдап жалын болып шыжыған май.

Қастықтан қаза тауып тасқа күйді.
Ағасын амандауға жанын қиды.
Жастықпен әрқилы іске душар болды,
Қайтеді жетілмеген жастық миды.

Кешірім жақсы болар кем білгенге,
Барлық жан қанық болмас сен білгенге.
Білгір болсаң білмеске кең болған жөн,
Тым әуес бола бермей өлтіргенге.

Ежелден Телім — Тентек ерегеспе,
770 Жынды деп болмайды оны елемеске.
Ақыры не болғанын көбің ойла,
Өңгіме болсын дедік бір күн кешке.

Болыпты көпке кеңес ерте күнде,
Өркімнің ауыз айтқан ертегінде.
Арыңды ақылменен жеңбегенде,
Тентектен күнің төмен ергенінде.

Аяғы созылмаған мұнан әрі,
Нұсқасы осыншалық қолда бары.
Ертек, жұмбақ, тақпақ пен өлең еді,
Ертеден халқымыздың мұралары.

Тентектің анығында аты — Телім,
Осы еді біраз ғана білгендерім.
Ғапу ет, оқырмандар, өздеріңіз,
784 Қиссаның артық-кемді болған жерін.

Екі ағайын

Қолыма қалам алып жазамын хат,
Қылыңыз бір Аллаға құлдық тағат.
Тәуба қып Жаратқанның бір өзіне,
Айтайын жарлықпенен бір мінәжат.

Жаратқан бір Аллаға сәт айтайын,
Салауат Пайғамбарға жете айтайын.
Достысы Мұхаммедтің төрт шаһариар,
Оларға разы Алла тағы айтайын.

Адамды топырақтан жаратқан Хақ,
10 Пайғамбар бір Құдайдың достысы нақ,
Рақмет имамларға деп сөйлейін,
Жаза гөр мүдіртпестен тіл менен жақ.

Пірі екен ер жігіттің Шаһимардан,
Алладан хат жазамын тілеп жәрдам.
Біз ғаріп ақ көңілмен тілегенде,
Келер ме медет-қуат осылардан?

Медет бер сиынғанда, Мәуһіләна,
Ғаріпке біз секілді болғыл пана.
Қолыма қалам ұстап хат жазғанда,
20 Мүдіртпей көкірекке салғыл сана.

Осындай өз ойымда кеңес құрдым,
Күреде жамбыл үйде бір ай тұрдым.
«Өлең қып бір хикая шығарсам», — деп,
Осыны ертелі-кеш ойлап жүрдім.

Алланы сыйынайын ауызға алып,
Ілеге қарап тұрған қызай халық.
Жазайын бір әңгіме жаранларға,
Сөйлетсе көкірекке кеңес салып.

30 Қобдалы баян қылып айтып кеткен,
Бәріне тірі адамның зауал жеткен.
Бұрынғы халифалар заманында
Пірістапар, Иман деген екеу өткен.

Қысқартып басқа сөзді мен тастайын,
Пірістапар, Иманнан сөз бастайын.
Жамағат, құлақ салып тыңдасаңыз,
Сөзінен шалым айтқан адаспайын.

40 Жоқ екен бұрынғыда өтірік-жалған,
Істерін қылады екен көңілге алған.
Қазақтың ескі заңы, үлгі сөзі,
Ертегі бұрынғылар айтып қалған.

Қолында қожа-молла Құран — Кәлам,
Тағы да бір әңгіме шықсын менен.
Қобдалы кәриядан естіген соң,
Қиссасын Пірістапар қылдым өлең.

Бұрынғы уақытта бір хан өткен,
Білмеймін ханның атын, мұным неткен?
Бұқара қол астында адамдарын
Асырап, жақсы бағып үкім еткен.

50 Хан еді мұсылманда дана кісі,
Болмайды мұныменен жұрттың ісі.
Өзінің патша болған заманында
Бітіпті әділдікпен әр жұмысы.

Патша жақсы кісі, ойы толық,
Тұрыпты жұртын сұрап, әділ болып.
Бала жоқ патшаның өз басында,
Жүреді сол себептен іші толық.

Падиша бала көрмей қайғыланды,
Шыдамай қайғысына күйіп-жанды.
«Әулиеге зиярат қылайын», — деп,
60 Ішінен осылайша ой ойланды.

Һәр малдан әулиеге нәзір берді,
Патша аралады талай жерді.
Қатыны сонан кейін буаз болып,
Тоғыз ай, тоғыз күнде бір қыз көрді.

Падиша балалы боп, қылды тойды,
Әкеліп төрт түліктен малды сойды.
Бұл тойға жұрт жиылып, қуаныш қып,
Бұл қыздың Істалипа деп атын қойды.

Падиша балалы боп қуанады,
70 Қайғыны көңілдегі шығарады.
«Көрсетпей еш адамға бақсам», — дейді,
Асырап мәпеледі бұл баланы.

Бағуға күндік жерден салды сарай,
Алтыннан кірпіштері болды талай.
Мұнара алтын, гауһар және орнатты,
Қысқарақ жазып тұрмын сөзге жарай.

Есігі бұл сарайдың алтын қақпа,
Ішінде сандал ағаш, сулар ақпа.
Бақ болды көрген адам таңлағандай,
80 Су ақты бұлбұл сайрап әр тарапта.

Бір сарай үш жыл жасап әрең бітті,
Ішінен шыққың келмес кірсең тіпті.
Ішіне сол сарайдың отыруға
Гауһардан нақыш салып тахыт қыпты.

Жатады Істалипа баққа барып,
Темірден сырт жағына қорған салып.
Қорғанға жалғыз ауыз есік қылды,
Жиылса бұзар емес қанша халық.

Болаттан іш жағына салды құлып,
90 Көрсеңіз таң-тамаша өзін тұрып.
Қорғаны, сарайы, бағы біткеннен соң,
Падиша ойлайды ақыл-кеңес құрып.

Ойлайды «қызымды адам көрмесін — деп,
Қызыма жаман үлгі бермесін», — деп,
Осындай айламенен берік қылды,
«Шетіне ешбір адам келмесін, — деп.

Көп болса қызметкері жаман, — дейді,
Ішінен бірі болар надан, — дейді.
Балама әрбіреуі жол көрсетер,
100 Азады қам сүт ішкен адам, — дейді.

Қасында қызметкері біреу болсын,
Балама жалғыз үйде сүйеу болсын.
Баламның өз қасында бағып тұру,
Асырап таза қылып кімнен болсын?

Діні абзал, бір де болса берік болсын,
Әр жолын мұсылмандық көріп болсын.
Бағуға және бір қыз мен табайын,
Қасына ханшаның серік болсын».

Падиша жаманнан һәм қылды қауіп,
110 Шақырды уәзірін ақылы ауып:
— Елімді билеп тұрған тегіс кезіп,
Молда қыз — бір баланы келтір тауып.

Бірталай мұныменен уақыт өтті,
Патшадан жарлық алып, уәзір кетті.
Оқыған молда қызды сұрай-сұрай,
Шеттегі бір шаһарға келіп жетті.

Қызы еді бір кедейдің, өзі молда,
Уәзір бес дүз ділда берді сонда.
Ділда беріп, бұл қызды сатып алды,
120 Сонан соң қуанышпен түсті жолға.

Уәзір мұндай қызды тауып алып,
Жолықты патшаға енді барып.
Қараса басқа қыздан сипаты артық,
Патша масайрады хұрсан болып.

Патша көп қуанды мұны көріп,
Сыйлады уәзірін инғам беріп.
Сарайда өзі ауаша жатқан қызға
Қыз келіп, қызмет істеп, болды серік.

Жатады Істәлипа күліп-ойнап,
130 Дүниенің қызығына бар ма тоймақ?!
Бірталай мұныменен уақыт өтті,
Көңіліне шек алмады бөтен ойлап.

Бір талай мұныменен заман өтті,
Он беске Істәлипа келіп жетті.
Күзді күн жеміс пысқан уақытында,
Екеуі бақты аралап тамаша етті.

Әр түрлі жеміс көрген бұлар бақтан,
Жемекке әрқайсысын бір-бір қаққан.
Бір жеміс жерге түсіп кетіп еді,
140 Хан қызы қолына алып дәмін татқан.

Жемекке бұл жемісті қызады ойы,
Болады хан қызының енді тойы.
Жемісті алып аузына салған шақта
Балқыды қорғасындай тұла бойы.

Жемістен қыз бір сұмдық көріп қалды,
Денесі қорғасындай еріп қалды.
Сенделіп басы айналып кете жаздап,
Сол жерде қайран болып тұрып қалды.

Хан қызы тоқтамастан кетті жүріп,
150 Сарайға өзі жатқан барды кіріп.
«Япырым-ау бұл не деген іс болды?» — деп,
Ішінен ой ойлайды сонда тұрып.

Хан қызы енді сонан буаз болды,
Ішіне уайым мен қайғы толды.
Іші өсті күннен-күнге көзге түсіп,
Сарғайып зағыпырандай жүзі солды.

Жылайды ханның қызы болып ғаріп,
Күлмейді бұрынғыдай ашық-жарық.
«Осыған қас қылмайын», — деп ойлайды,
160 Адамнан болмағаны өзіне анық.

Хан қызының көңіліне қайғы толды,
Бір күні іші ауырып, толғақ келді.
Құдыретіне Алланың шара бар ма,
Нақақтан байғұс ханша мұндай болды.

Қолына үш дүз ділдә алды санап,
Сөйледі қасындағы қызға қарап:
— Базарда бар, — дейді, — бір бақсы кемпір,
Шаһарды барсаң болар тез аралап.
Егер де үйден шығып жүрер болса,
170 Жетелеп тез келіңіз көзін байлап.

Сонымен кемпірді іздеп дая кетті,
Таба алмай бір азырақ жапа шекті.
Көрінгеннен кемпірдің сұрап үйін,
Күн батар уақытында әрең жетті.

Кемпірдің алып келді байлап көзін,
Қасында буаз қыздың көреді өзін.
Ақы беріп ол көзін байлатқан соң,
Айта алмады ішіндегі арман сөзін.

Бұл кемпір әрі-бері ем қып бақты,
180 Толғақтан қиналмасқа дәрі жақты.
Құдайдың құдыретіне қараңыздар,
Сол жерде Істәлипа екі ұл тапты.

Кемпірді дая әкетті көзін таңып,
Хан қызы бала тауып қалды жатып.

Осындай бір ғажайып іс болады,
Құдырет жасады екен мұны қайтып?!

Хан қызы үш күннен соң есін жиды,
Үстіне неше түрлі киім киді.
Бала деген адамға қандай ыстық,
190 Бетінен екеуінің екі сүйді.

Бірін өзі, біреуін дая бақты,
Өлтірмейік деген бір ақыл тапты.
«Таза қылып баланы асырайық,
Не деп қойсақ болады бұған атты?»

Қолына бес дүз ділдә санап берді,
Болжайды ақылменен талай жерді.
— Базарда сонау жерде бір қожа бар,
Ақы бер, көзін байлап ап кел, — деді.

Ақшамда қожаны іздеп дая кетті,
200 Құдайым осыларды ауыр етті.
Көрінгеннен қожаның сұрап үйін,
Ел жатар уақытта әрең жетті.

— Тақсыр, қожа, асығыс жұмысым бар,
Жолыңа жүрсеңіз, — деп боламын зар.
— Жеріңіз баратұғын қайда? — дейді,
Қожаңа берер болсаң пайда, — дейді.
Әуелі жанқалтама ақшаңды сал,
Онан соң екі көзді байла, — дейді.

Қолына бес дүз ділдә санап берді,
210 Қолға алып тақсыр қожа қарап көрді.
Екі көзді сол жерде байлатты да,
Жетелетіп даяның соңына ерді.

Сарайға алып келді көзін байлап,
Төрге әкеп отырғызды мұны жайлап.
— Екі ұлға ат қойсын, — деп шақырғамыз,
Қойып бер, ей, қожаеке, атын ойлап.

Дүнияда зейіні мол бұл бір молда,
— Қой, — дейді, — бірін оңға, бірін солға.
Баланы бұрын туған оң жаққа қой,
220 Соңғысын солға қойсаң болар сонда.

Қойылды бұрын туған оң жағына,
Қойылды соңғы туған сол жағына.
Қожекең балаларға ат қоймақ боп,
Азан-тәкбир қояды құлағына.

— Оң жақтағы баланы Иман, — дейді,
Нәпсіні жақсы болар тыйған, — дейді.
Отырған сол жағымда балаңызға,
Ат қойдым Пірістапар бұған, — дейді.

Қожаны қайта үйіне алып кетті,
230 Даямен көз байлаулы барып жетті.
Біле алмай сонда қожа бұл мәністі,
Ойлайды күн-күн сайын әрбір гәпті.

Екеуін бұл екі қыз асырады,
Көрсетпей тірі адамға жасырады.
Сипатын екеуінің көрген сайын,
Жаратқан бір Құдайға бас ұрады.

Балалары өсіпті жаннан артық,
Тұрады сарайында нұры балқып.
«Өскенде тірі болып жүрмейді-ау», — деп,
240 Жылайды Істәлипа ішін тартып.

Балалар енді анықтап білді тілді,
Екеуі төрт-бес жасқа келіп кірді.
Қолына садақ алып, торғай атып,
Осындай тамашамен ойын қуды.

Қорғанға тоқтамады екі бала,
Түседі хан қызына енді сана.
Атқан торғай далаға шығып кетсе,
— Шығар, қуып алам, — деп алды маза.

Екеуін тоқтата алмай қайғырады,
250 Көңілі қайғыменен қамығады.
Не қыларын біле алмай ақырында,
Бұларды өлтіруге қам қылады.

Дая қыз сонда айтты көңілі ауып
Баланы өлтіре алмай ебін тауып:
— Өздеріміз өлейік пышақ ұрып,
Балалар артымызда қалсын жарық.

Хан қызы айтты: — Мұндай іс жарамайды,
Бұл бақты біреу келіп аралайды.
Екі бірдей баланы тауып алса,
260 Біздің адал өлімге қарамайды.

Ал, сөйтіп, ұят ойлап өлеміз біз,
«Бір сұмдық тапқан» дейді бұл екі қыз.
Екеуі екі бала тапқаннан соң,
Баруға ахиретке қойыпты жүз.

Сөз қылар онан кейін тамам халық,
Балалар обалды боп, көрмес жарық.
«Арамнан пайда болған, мұны өлтір», — деп,
Екеуін хан өлтірер алып барып.

Онан да бұл екеуін өлтірейік,
270 Саудасын екеуінің бітірейік.
Ұятын бұл жалғанның көтергенше,
Біз қанын екеуінің көтерейік.

Біреуіне біреуі ақыл берді,
Даяшы да бұл сөзді мақұл көрді.
— Екеуін сен апарып өлтіргін, — деп,
Құшақтап жылап жатты қара жерді.

Даяшы бұл екеуін алып шықты,
Көрсетпей алып жүрді пышақ, жіпті.
Екеуін бір аулаққа алып барып,
280 Тас қылып қол-аяғын буды мықты.

Өлерін осы арада білгеннен соң,
Балалар кетті еңіреп зарлап тіпті.

Балалардың зары:

— Байладыңыз қолымды,
Даярладың жолымды.
Айтшы бізге, жан шеше,
Неге бұздың үйінді?
Өзіңнен туған ұл болсақ,
Неге салдың зұлымды?
Тірі адамға бермесін,
290 Сенің мұндай күніңді!
Біз екеуміз баламыз,
Отқа босқа жанамыз.
Шыныменен өлтірсең,
Ұжмақтан орын аламыз.
Өлімге қайтіп қияды,
Біздің тапқан анамыз?!
Іште кетіп барады
Ақыл менен санамыз.

Біз екеуміз жас едік,
300 Ойынменен мас едік.
Төртеу едік бір үйде,
Қандай іске қас едік?

Алып шықтың қаладан,
Құтылам деп жаладан.
Тауып алып бақтың ба,
Бізді шеше даладан?
Неғып мұнша шошыдың,
Біз секілді баладан?
Қайғылы болып өтіпті,
310 Біз сияқты сан адам.
Бұзылды қалай ниетің,
Шықты ма дұшпан арадан?

Даяшы қыздың айтқаны:

— Балаларым, ұғып ал,
Сенің атаң хан, — дейді.
Перзент деген жағынан
Жалғыз қызы бар, — дейді.
«Қызым жаман болар», — деп,
Ханның іші тар, — дейді.

- 320 Адам көрмес падиша
Қызын салды сарайға.
Айта берсем бұл сөзім
Кетеді ғой талайға.
Біз екеуміз жатып ек
Жан жуытпай маңайға.
Анық сөзім Құдайға
Жолықпадық адамға.
Бір жеміс жеп осында
Екі бала туғанда.
- 330 Таза қылып сіздерді,
Жұпарменен жуғанда.
Екі бірдей асыл зат
Нәсілің нұрдан жаралған.
Арғы затыңды айтайын
Хан затынан таралған.
Ұят ойлап біз тұрмыз,
Осы күнгі адамнан.
«Бала тапқан қыздар» деп,
Бір сөз шығар наданнан.
- 340 Хан естісе бұл сөзді,
Абырой кетер анаңнан.

Өлтіруге сендерді
Қия алмаймын, қарағым.
Көзімнен аққан жасымды
Тия алмаймын, қарағым.
Ханның қызы болмаса,
Бала таптым дегеннен
Ұялмаймын, қарағым.

Соны айтып даяшы да жылады,
350 — Қандай қылсам болад, — деп,
Балалардан сұрады.

Балалар айтты сонда: — Анам, — дейді,
Болады тірі десең жаман, — дейді.
Жейдемізді алып бар қанға малып,
Береді Құдай қуат маған, — дейді.

Жылайды бұл үшеуі болып ғаріп,
Жейдені екі-үш жерден қойды жарып.
Қоян атып қанына әбден былғап,
Анама көрсет, — деді, — алып барып.

360 Жейдені даяшы қыз алып барды,
Алдына алып барып, жайып салды.
Патша қызы жейдені қатты сүйді,
Елжіреп іші-бауыры оттай күйді.
— Солармен бірге өлсем болмас па еді,
Мен бағып не қыламын йен үйді?!

Екі қыз сол үйінде жата тұрсын,
Қайғы мен уайымға бата тұрсын.
Екі бала қаңғырып кеткен былай,
Осыған әңгімеміз мойын бұрсын.

370 Жүгірді бұл екеуі үш күн, үш түн,
Жамағат, жалған емес, бұл сөзім шын.
Бестен оқ, екеуінде екі садақ,
Жас бала қарны ашып жылайды тым.

Осындай екі бала жүрді қашып,
Жылады жапан түзде қарны ашып.
Сойылды құмға күйіп табан еті,
Дүниеде бұларда жоқ ешбір нәсіп.

Екеуі демі құрып жүре алмады,
Бұл қандай жол екенін біле алмады.
380 Демін алып азырақ отырды да,

Сол жерде екеуі де ұйықтап қалды.
«Екеуің екі шаһарға патша бол», — деп,
Түсінде Қызыр Ілияс назар салды.

Балалар түрегелсе тоқ болыпты,
Арыған-шаршағаны жоқ болыпты.
Екеуі және біраз жүріп еді,
Екі айыр екеуіне жол жолықты.

Екеуі сол арада көп ойлады,
Айтпаған іштерінде сөз қоймады.
390 — Екеуіміз кетейік екі жолға,
Бұл жолдар кетіп жатыр оң мен солға.
Біріміз өлсек, біріміз тірі болсақ,
Ата-ананы көргелі болар сонда.

Болалық не көрсек те жалғыз-жалғыз,
Құдай-ау, анамызға тірі барғыз.
Тең өлсек екеуіміз бірге жүріп,
Таусылмас сонда біздің арманымыз.

Екеуі қайғыменен ойлайды ойды,
Қайғыдан жапан түзде көңілі солды.
400 «Жасарып тірі болсақ тұрсыншы», — деп,
Екі айыр жол басына екі оқ көмді.

— Жаратқан адамзатты бар қып жоқтан,
Ажал келмей өлмейді аш пен тоқтан.
Дүниеде өлі-тірі, бар-жоғымызды,
Білеміз хабар алып көмген оқтан.

Уағда осы серттен бұзылмасын,
Өтті ғой қайғыменен мұңлы басым.
Оқ қуарса біздердің өлгеніміз,
Реңі тірі болсақ бұзылмасын.

410 Иманжан осылай деп бір дем салды,
Оқ бойы жап-жасыл боп жанып қалды.

Айырылуға қия алмай бірін-бірі,
Сол жерде жылауменен бір күнді алды.

Көрісті бұл екеуі құшақтасып,
Айырыла алмай барады іштері ашып.
Сандарын шапалақпен бір-бір салып,
Екеуі екі жолға етті нәсіп.

Оң жақтағы жолына Иман кетті,
Сөйлеуге шебер, бейім, аузы епті.
420 Үш күн, үш түн Иманжан жүріп еді,
Патшасы өлген бір шаһарға келіп жетті.

Қырық күн тұрады екен аза қылып,
Той қылар онан кейін ойнап-күліп.
Ұшырып патшасының тоты құсын,
Қонғанды алады екен патша қылып.

Дәл бүгін уағдалы қырық күн болды,
Жалаңаш әлгі бала шаһарға келді,
Жалаңаш, жаяу келген жас баланы,
Шаһар халқы тамашалап бәрі көрді.
Жеті жасар баладан, жетпісте шал,
430 Жиналып сауық кезде тоты ұшырды.

Қонады Иманжанға тоты барып,
Сенбеді, қайта ұшырды тотыны алып.
Ұшқан сайын қонады бұған тоты,
Тамам жұрт тамаша етті қайран қалып.

Барлық ел таңданады жас балаға,
Жалғыз бала елге кеп бас бола ма?!
Ұшқан сайын қонады бұған тоты,
Құдай берсе, адамзат қас бола ма?

Одан кейін Иманды алып барып,
440 Киіндірді қазынадан киім алып.
Құдай өзі жөндесе несі қиын,
Тағына Иман патша мінді барып.

Сол өлген патшаның бір қызы бар,
Өзі бек сұлу еді Саһипжамал.
«Падишаға лайық ханша», — деп,
Некесін молдалар кеп оқыдылар.

Иманжан патша болып жата тұрсын,
Қызыққа тамашамен бата тұрсын.
Пірістапар бір жолмен кетіп еді,
450 Осыған әңгімеміз мойын бүрсын.

Бір жолмен Пірістапар кеткен былай,
Салады қандай күйге мұны Құдай.
Келеді жапан түзде қарны ашып,
Құдайға мінәжат қып, жылай-жылай.

Алдында қасқыр отыр жүресінен,
Адасты мұны көріп бір есінен.
«Садақпен неде болса атайын», — деп,
Атқалы оғын сүйеп тізесімен.

Қасқырға тіл бітірді Хақ Тағала:
460 — Сен мені атпа, — деді, — жаным, бала.
Өзіңмен қияметтік дос болам, — деп,
Аяғына бас қойды келе сала.

Қараймын жолыңызға келе ме, — деп,
Құдайым тілегімді бере ме, — деп.
Жолдас боп мен өзіңе қосыламын,
Шапағат қияметте тие ме, — деп.

Сонымен қасқырды ертіп жүрді жаяу,
Сіркедей көңілінде жоқ-ты қаяу.
Бір аю қарсы алдында және жатыр,
470 Бөгелмей қасқырды ертіп келеді таяу.

Аюды көргеннен соң қорқып қалды,
Өлімнен аз сескеніп ойына алды.
«Садақпен не де болса атайын», — деп,
Қолына Пірістапар садақ алды.

Аюға тіл бітірді Жапар Кәрім:
— Ей, бала, сені тосып құрыды әлім.
Өзіңмен қияметтік дос болайын,
Титтей де саған тиер жоқ залалым.

Қараймын жолыңызға келеді, — деп,
480 Құдайым қашан қуат береді, — деп.
Пір бала, мен өзіңе жолдас болам,
Үміт қылам шапағат тиеді, — деп.

Дос болды Пірістапардың жолын тосып,
Қайраты молаяды көңілі өсіп.
Жасынан асырған күшігіндей,
Осындай хайуанатты Құдай қосып.

Істапар жүгіреді жолға түсіп,
Көңілі көтерілді алып ұшып.
Алдында бір жолбарыс жатыр еді,
490 Ойлады атайын деп зәресі ұшып.

Жолбарысқа тіл берді бір Құдайым:
— Ей, бала, менен сен де қылма уайым.
Өзіңмен ахиреттік дос боламын,
«Келмеді» деп болды ғой көңілім жарым.

Қараймын жолыңызға көзім талып,
Қаңғырған тілек тілеп біз бір ғаріп.
Шапағат бізге біраз қылмасаңыз,
Кетпеңіз ахиретте сөзден танып.

Жүрді олар жолға түсіп, аттай желіп,
500 Құдайдың не қылса да өзінде ерік.
Жасынан асыраған күшігіндей,
Келеді бұл үшеуі қасына еріп.

Істапар осы жолмен бір ай жүрді,
Қап-қара мұнар басқан шаһарға келді.
Шаһарға бұл бойынша кіре алмады,
Бұл қандай шаһар екенін біле алмады.

Қасына хайуандарын ертіп алып,
Бір тауға бет алдағы аяңдады.
Көрінген әлгі тауға жетіп келсе,
510 Бір шалға ешкі баққан жолығады.

Істапар әрең жүріп тауға жетті,
Құдайым осыларды әуре етті.
Қарны ашып келе жатқан бұл үшеуі
Ол шалдың аз ешкісін қуып жетті.

Шақырып хайуандарын шалға келді,
Ибамен қол қусырып, сәлем берді.
Бұл қандай оқиға деп аң-таң қалып,
Шалыңның тұла бойы тітіреді.

— Мен барда бүйтіп қорықпа, бабам, — дейді,
520 Ішпедім неше күндей тағам, — дейді.
Малың бағып барайын кешке таман,
Барып тағам әзірлет маған, — дейді.

Және үш хайуаныма бөлек ас қыл,
Сөзімді менің айтқан өзіңіз біл.
Құдай айдап кезіктім енді сізге,
Бала болып тұрамын бірнеше жыл.

Шал байғұс қорыққанынан үйге кетті,
Қасына кемпірінің барып жетті.
— Осындай бір ғажайып іс көрдім, — деп,
530 Таңырқап кемпіріне мағлұм етті.

Ет асты, алған екен бір қой сойып,
Хайуанға көже құйды теректі ойып.
Алдынан кешке шықты қарсы ала,
Дайындап мұның бәрін жасап қойып.

— Мен тойдым, астан әбден іштім, — дейді,
Әлхамдулилләһ, Құдайға шүкір, — дейді.
Хайуанға науаменен көже беріп,
Сен қораның шетінде отыр, — деді.

Береке осы шалда, тоқ болыпты,
540 Малы өсіп күннен-күнге көп болыпты.
Пірістапар мал бағып жүрген кезде
Малынан ешбір шығын жоқ болыпты.

Береке бала келіп, шалға кірді,
Жамағат, естідің бе мұндай сырды.
Төрт-бес жыл шалдың қойын бағып еді,
Бір мыңға қойдың саны барып тұрды.

Істапар қой бағады таяқ алып,
Шулаған шаһар халқы айғай салып.
Күнде көрсе, бұл шаһар жылап тұрған,
550 Шалдан бір сұрамаққа аң-таң қалып.

— Ей, ата, бұл шаһарда кім тұрады?
Бірі жылап, біреуі шақырады —
Жылайды неге күнде шаһар халқы?
Шал айтпай баласынан жасырады.

— Ей, балам, ол шаһарда ештеңе жоқ,
Қасымда жүрсең, балам, көңілім тоқ.
Шаһарды сен сұрама, мен айтпайын,
Сұрайтұғын онында дәнеңе жоқ.

— Ей, ата, айтып берші сөздің шынын,
560 Бала болып мен жүрдім мұнан бұрын.
Болайын мен разы, ата, сізге,
Мәнісін ұғындыршы осы сырдың.

— Ей, балам, оған көңіл бөлме, — дейді,
Тірі жүр, не қылсаң да өлме, — дейді.
Шаһарды сен сұрама, мен айтпайын,
Сен тегі ол шаһарды көрме, — дейді.

— Неше жыл сізден тағам іштім, — дейді,
Асырап мені жақсы күттің, — дейді.
Айтпасаң жегіземін жолбарысқа,
570 Қаныңнан жалғыз қасық жұтсын, — дейді.

Шал қорқып сонда тұрып жылайды енді,
— Сақтай гөр мен ғаріпті, Құдай, — дейді.
Мәнісін сен тыңдағын, мен айтайын,
Себебі жылайтұғын былай дейді:

— Ей, балам, бұл шаһарда бір патша бар,
Бойжеткен өңшең сұлу үш қызы бар.
Неше жылдай талас боп бір нәрсеге,
Соның үшін шулаған мұсылмандар.

Бір арал бар шаһардың ар жағында,
580 Үш дию бар аралдың бұлағында.
Шешесі үш диюдың жәдігөй кемпір,
Жатады бұл төртеуі шаһар бағында.

«Айтады еліңе ойран саламыз, — деп,
Патшаның тағын тартып аламыз, — деп.
Үш қызын падишаның берсе бізге,
Бейбіт боп сонда ғана қаламыз», — деп.

Осылай диюменен кеңес етті,
Аяғы бұл кеңестің егес етті.
Үш диюға үш қызын бермек болып,
590 Диюлар ақырында сертке жетті.

Қыздарын ертеңгі күн бермек болды,
Дию малғұн аралдан келмек болды,
Қызын берсе, ел-жұртын аман сақтап,
Алланың не салғанын көрмек болды.

Осыны айтып, жылады бейшара шал,
Жылай-жылай қалмады өзінде хал.
Бала айтты сонда былай әлгі шалға:
— Өзің ие бола тұр мына малға.
Маған қару тауып бер бәрін сай қып,
600 Көңіліңе ешқандай қаяу алма!

— Не беремін, менде жоқ найза, қылыш,
Қарағым, маған келіп болдың ырыс.

Өзіңнен қайраты мол ол бір дию,
Қыласың оныменен қайтып ұрыс?

— Олай деме, қайрат бар, ата, менде,
Бір адам тең келмейді осы елде.
Естідің бе, ей, шалым, шыныңды айт,
Қару-жарақ жоқ па екен ешбір жерде?

— Ей, балам, анау жерде төбе тас бар,
610 Пендені не қылса да Құдай бастар.
Астында сол төбенің жатыр, — дейді,
Тірі адам көтере алмас үлкен шоқпар.

Бұл сөзім рас, балам, жалған емес,
Қасына жаман адам барған емес.
Жиналып қанша халық аламыз, — деп,
Ешбіреу күші жетіп алған емес.

Опасыз мына жалған қалар деген,
Талайды алдап жолға салар деген.
— Ей, шалым, естідің бе? Сөйле, — дейді,
620 Ешбір жан ол шоқпарды алар, — дейді,

— Тыңдасаң осы сөзді ақыр, — дейді,
Өзіңді ойлағаның ақыл, — дейді.
Алар деп Пірістапар естігемін,
Төбеде соны тосып жатыр, — дейді.

— Ей, шалым, басқа сөзді таста, — дейді,
Жылама, ақылыңнан саспа, — дейді,
Аламын сол шоқпарды өзім барып.
Төбеге мені тура баста, — дейді.

Шал байғұс ол төбеге анық барды,
630 Көңілі бұл жалғаннан қалып барды.
Амалсыз, көнбеген соң қойшы бала,
Төбеге тура бастап алып барды.

Істапар шоқпар жайын алды біліп,
Төбеге жақындады тура жүріп.
Барды да пәрменімен күшін салып,
Шоқпарды төбе астынан алды жұлып.

Жамағат, естіп пе едің мұндай халді,
Шоқпарды төбе астынан жұлып алды.
Шоқпар үшін бір тауды қопарған соң,
640 Шал тұрып қайратына қайран қалды.

Қайраты шоқпарды алып толады енді,
Үйіне әкесінің қонады енді.
«Таң атса, сол диюмен ұрысам», — деп,
Көңілі мәз-мереке болады енді.

Жатады Пірістапар ұйқы көрмей,
Отырды шалдың айтқан тіліне ермей.
«Диюмен соғысам» деп қиялдайды,
Мінәжат қып Аллаға, көзін ілмей.

— Ей, ата, сіздің айтқан сөзге нанам,
650 Осындай қайрат берген Алла Тағалам.
Соғысам сол диюмен бүгін барып,
Майданды қыз беретін көрсет маған.

Шал бастап майданына алып барды,
Пірістапар айналаға көзін салды.
Диюддың алдын тосып, келе ме деп,
Мекен қылып отырды биік жарды.

Патшаның жанында уәзірі бар,
Ержеткен уәзірдің үш ұлы бар.
Үлкен ұлын падиша шақырып ап:
660 — Үлкен қызды апар, — деп салды хабар.

Үлкен ұлы бұл қызды алып барды,
Көңілі бұл жалғаннан қалып барды.
Қол-аяғын байлап ап әкелді де,
Майдан жерге апарып тастай салды.

Дию келді «бұл қызды алайын» деп,
«Басына ақыр заман салайын» деп.
Орнынан Пірістапар тұра келді,
Диюмен бір ұрысып қалайын деп.

Истапардың ызасы жаннан асты,
670 Дию да жұтамын деп қадам басты.
— Ол қызды мені өлтірмей алмайсың, — деп,
Алдынан Пірістапар қаһар шашты.

Балаға ол да ақырып қоя берді,
Екеуі тітіретті қара жерді.
— Алдыңғы ұру кезек сенікі, — деп,
Пірістапар диюға кезек берді.

Пірістапар диюға кезек берді,
Қаһармен дию оны келді де ұрды.
Сойылы диюдың да сондай күшті,
680 Истапар тізесінен жерге кірді.

Дию малғұн қорқады жаман сасып,
Жығылмады Истапар қайраты асып.
Кезек алып сонан соң бір-ақ ұрып,
Диюды талқан етті қанын шашып.

Үш хайуан етін жеді қарық болып,
Истапар күлімдеді мұны көріп.
Баяғы жасырынған уәзір ұлы
Қызды алып жөнеп берді көңілі толып.

Қызға айтты уәзір ұлы: — Білсең, — дейді,
690 Сөзіме менің айтқан жүрсең, — дейді.
Диюды өлтірдім, — деп мен барайын,
Лайық көрсең, маған тисең, — дейді.

Қыз дағы осы сөзді мақұл көрді,
Патшаға келді дағы сәлем берді.
— Сізге дұшпан диюдың көзін жойған
Мына жігіт, — деп оны нұсқады енді.

Өз баласы айтқан соң патша нанды,
Шақырып неке қиды молдаларды.
Ортаншы ұлын уәзірдің шақырды да,
700 Ортаншы қызын байлап және берді.

Патша оны тағы шақырады:
— Сендерден неге аяйын жиған малды.
Қол-аяғын қызымның байла дағы,
Диюға алып бар, — деп жарлық салды.

Диюға өңгеріп ап алып келді,
Бойы таудай диюды көзі көрді.
Істапар о да келіп отыр еді,
Көре сап қыз диюды, талып қалды.

Диюмен соғысуға бала келді,
710 Дию да ақыра кеп қоя берді.
— Мені өлтірмей ол қызды алмайсың, — деп,
Орнынан Пірістапар тұра келді.

Диюға сен ұрғын деп кезек берді,
Көрмеген бұл дию да мұндай ерді.
Шоқпарынан диюдың аман қалып,
Тізеден Пірістапар жерге кірді.

Диюдан Пірістапар кезек алды,
Шоқпармен дәлдеп тұрып басқа салды.
Үш хайуан етін жеді қарық болып,
720 Жамағат, естідің бе мұндай халді.

Уәзір ұлы тұр еді жасырынып,
Қыздың қолын шешеді ол асығып.
— Құдай қосса, екеуміз қосылсақ, — деп,
Қызға зарлап жалынды ол бас ұрып.

Қыз дағы оның сөзін мақұл көрді,
Азғырған сол жігіттің тіліне ерді.
Өз баласы айтқан соң падиша сенді,
«Мына жігіт өлтірді» деген еді.

Неке қиып ол қызын тағы берді,
730 Жігіттер жалған айтып, рахат көрді.
Екі қызын екеуі алғаннан соң,
Кіші қызын беретін кезек келді.

Кіші ұлын уәзірдің шақырып ап,
Падиша әмір берді оған қарап:
— Диюға осы қызды апар, — дейді,
Сен дағы қалғандайсың іске жарап.

Кіші қызын диюға алып жүрді,
Көңілі бұл жалғаннан қалып жүрді.
«Әкем мені шынымен берді ме?» — деп,
740 Іште мұңын айта алмай налып жүрді.

Дию да майдан жерге келіп еді,
Өзінің қайратына сеніп еді.
Екі ағасы жоғалып кеткеннен соң,
Ашу кернеп көңілі желігеді.

Бұл диюдың басқадан қайраты мол,
Алам деп аға кегін ойлаған ол.
Істапар да алдынан қарсы шығып,
Екеуі жекпе-жек кеп ұмтылды сол.

Бұл малғұнның басқадан күші мығым,
750 Істапар жолын тосып тұрған бұрын.
Кезек берді диюға сен ұрғын деп,
Дию да білмей қалды мұның сырын.

Бұл дию Істапарды келді де ұрды,
Істапар кезек беріп қарап тұрды.
Бәрінен бұл диюдың күші бөлек,
Істапар белуардан жерге кірді.

Істапар кезек алып ұрам депті,
Диюдың қорыққанынан есі кетті.
Бар күшін бойға жиып ұрғанында,
760 Диюдың зор денесін дал-дұл етті.

Хайуандар етін жесті қарық болып,
Шешеді уәзір ұлы қызды келіп.
— Құдай қосса, екеуміз қосылсақ, — деп,
Алдына ала жөнелді қызды өңгеріп.

Қыз сонда: — Сенің сөзің жалған, — дейді,
Бір жігіт мені айырып алған, — дейді.
Өтірік айтып жалғанда қиянат қып,
Тозақта ахиретте жанбаң, — дейді.

— Ей, жігіт, рас айтсақ сөздің шыны,
770 Басынан барша жанның өтер күні.
Біреудің абыройын сіз алмақ боп,
Сірә да, кім үйреткен сізге мұны?

Істапар сол арада көп ойлады,
Өзінің келешегін бек ойлады.
«Жар қылып осы қызды алсам егер,
Өзіме серік болар», — деп ойлады.

Уәзір ұлы бұл қызды алып кетті,
Үйіне падишаның келіп жетті.
Бұл қызды және аман келгеннен соң,
780 Падиша шүкірлік қып сабыр етті.

Падиша той жасады елін жиып,
Нашарды тамақ беріп, тойындырып.
Бірнеше күн тамаша біткеннен соң,
Халықты таратады жолын қылып.

Падиша кіші қызын қасына алды,
Өткеннен сұрағалы басындағы.
— Шырағым, қалай аман келдің? — дейді.
Дию малғұн не болды қасындағы?

Қыз айтты: — Өке бердің мені қиып,
790 Симадым сыртыңызға, ішке сиып.
Шынымен әкем мені қор етті-ау, — деп,
Уайым-қайғы жедім ішім күйіп.

Амалсыздан диюға бардым, — дейді,
Бір жігіт мені айырып алды, — дейді.
Қасында ертіп жүрген үш хайуан бар,
Соғысты диюменен салды, — дейді.

Қолында бір күмбездей шоқпары бар,
Болды ғой мен ғаріпке Құдайым жар.
Қарамай байлаудағы маған дию,
800 Жігітке тұра ұмтылды пейілі тар.

Дию ұрды баладан кезек алып,
Аман қалды шоқпардан ол бір ғаріп.
Кезек алып ол бала ұрып еді,
Диюды талқан етті басын жарып.

Патша айтты: — Бұл сөзге сенсем, — дейді,
Баланы танимысың көрсең? — дейді.
Егер тағы сол бала кез боп қалса,
Берейін, балам, сені көнсең, — дейді.

— Ей, ата, осы сөздің ақыл, — дейді,
810 Көрейін бұл сөзінді мақұл, — дейді.
Танимын ол баланы көрсем менде,
Елінді бірін қоймай шақыр, — дейді.

Бұл қыз да шығып тұрды сахнаға,
Ел-жұртын жиды патша осы араға.
Үш күндей қалың елі өтіп еді,
Жоқ болып шықты ақыры батыр бала.

— Ей, ата, мен қарадым алға, — дейді,
Жиылған көз жібердім жанға, — дейді.
Ол жігіт бұл халықтың ішінде жоқ,
820 Келмеген енді кісі бар ма? — дейді

Біреу айтты: — Бір кемпір, бір шал қалды,
Бағады тау ішінде аздап малды.
Олардың асыраған бір ұлы бар,
Біз барып шақырмадық осыларды.

Патша: — Оған біреу барсын, — деді,
Олар да тамаша қып алсын, — деді.
Кімде болса тез әкел үшеуін де,
Қызыма бір көрініп қалсын, — деді.

830 Жасауыл жалпаң қағып шауып кетті,
Алдына кемпір-шалдың барып жетті.
Жүріңдер ордаға, тез киініңдер,
Падиша «алып кел» деп жарлық етті.

Шақырған сол патшаға бала келді,
Шоқпарын қолына ұстап ала келді.
Үш хайуанын қасына ертіп алып,
Тұп-тура падишаға барады енді.

Ел-жұрты мұны көріп, қашты дейді,
Топырлап бірін-бірі басты дейді.
Падиша тұра келді қорыққанынан,
840 Балаға орын нұсқап састы дейді.

Падиша айтты: — Сіз бұрын келмедіңіз,
Еш хабар болған істен бермедіңіз.
Үйінде бір көрінің жатып алып,
Мені, сіз, кісі орнында көрмедіңіз.

— Болмаймын, тақсыр патша, сізден ұлық,
Мен кеттім, өлтірдім де диюды ұрып.
Қайырымды сел қылды екі қызың,
Осыны жата бердім қайғы қылып.

Падиша айтты: — Қайғырма, жаным, балам,
850 Артықша қуат берген Алла Тағалам.
Маған дұшпан диюды өлтіріпсің,
Қызымды мен берейін енді саған.

Падиша неке қиып қызын берді,
Шығарып қазынадан малын бөлді.
Қақ жарған қара қылды әділ бөліп,
Биледі Пірістапар қалың елді.

Істапар патша болып бір жыл тұрды,
Еліне әділдікпен үкім қылды.
«Тамашалап бір күні келейін», — деп,
860 Иттерін ертіп алып аңға жүрді.

Шығыпты тамашаға сейіл құрып,
Көңілді көтеруге мойын бұрып.
Үш иті бір араға кетті кіріп,
Тамаша бірін-бірі ойнап қуып.

Бір кемпір шыға келді жалаң қағып,
Баламен амандасты қолын алып.
— Көрсем, — деп мен де сені зар болып ем,
Айрылған баласынан мен бір ғаріп.

Ойлайды: «Мен үйіне барайын, — деп,
870 Үйлерін тамашалап қарайын — деп.
Артық па баласынан мұның жаны,
Қас қылса, басын кесіп алайын», — деп.

— Ей, ана, сіз жүріңіз алдымызға,
Арманда балаңыздан қалдыңыз ба?
Әуелде бізді аңдыған дұшпан едің,
Дос көңіл енді бізге салдыңыз ба?

— Ей, балам, өзің жүргін ілгеріңе,
Ақылды таң қаламын білгеніңе,
Қарағым, көз қуатым, жүрші ілгері,
880 Мен қарап көрейінші жүргеніңе.

Істапар алдыға аяқ салды дейді,
Кемпір сиқыр дұғасын алды дейді.
Бір дем салып, сол жерде үшкіргенде,
Істапар тас боп қатып қалды дейді.

Істапар қара тас боп қатып қалды,
Иттері кешке таман үйге барды.
— Хайуаны келді, өзі жоғалды, — деп,
Патша қызы еліне хабар салды.

Онан соң патша шықты: — Қарайық, — деп,
890 Артынан иттерінің барайық, — деп.
Баланың қайда екенін иті білер,
Іздеп барып қайтсек те табайық, — деп.

Падиша мұңға батты, ойлап ойды,
Ел-жұрты таба алмастан сарсаң болды.
Қараса адам бойы бір қара тас
Барғандардың анықтап көзі көрді.

Иманжан патша болған кейін қалып,
Оғынан тұрушы еді хабар алып.
Бір күні барып көрсе сол оғына,
900 Қалыпты оғы қурап қазан болып.

Иманжан тағат қылмай жолға түсті,
«Ініміз көрді» екен, — деп, — қандай істі.
Түнде де, күндіз түгіл дамыл алмай,
Келгенше шаһарына құстай ұшты.

Ағасы шаһарға осы жетіп келді,
Қамыққан, қайғыланған елді көрді.
— Шаһарда патша болып кім тұрад, — деп,
Ең алғаш кезіккеннен ұқты жөнді.

Бір бала сұраушы еді әділ болып,
910 Халық та жақсы көрген көңілі толып.
— Үш күн болды сол бала жоғалғалы,
Көпшілік қайғы жұтты көңілі солып.

Иман айтты: — Ордасы қайда патшаның?
Көрсетші оның үйін, қалқа, жаным.
Алдымен ордасына ат байлайық,
Ұғармыз онан кейін істің мәнін.

Үйіне падишаның қадам басты,
Келіні, патша қызы есік ашты.
Ұқсайтын күйеуіне бұл қонаққа,
920 Ибамен құрмет етіп амандасты.

Қонаққа келтірілді алуан тамақ,
Қонақ та ауыз тиді бірден санап.
Ұққан соң жай-жапсарды тым асығыс,
Кетуге дұға қылып етті талап.

Хайуандары шықты да қорасынан,
Жөнелді иесіне жаны ашыған.
Иманжан оларменен еріп келді,
Қу кемпір шықты алдынан аласұрған.

Кемпір келіп балаға сәлем берді:
930 — Жүрмісің есен-аман, балам, — деді.
Бір көрсем деп сені де зар болып ем,
Кезіктірді Құдайым маған, — деді.

Кемпір тұрып: — Сен жүргін үйге, — дейді,
Ініңіз шәһит болған күй ме? — дейді.
Құдай артық жаратқан сені дағы,
Тұрайық жолдас болып бірге, — дейді.

Иман бала ойлады: «Бас бұзар, — деп,
Сұмпайы сайқал кемпір қас қылар, — деп.
Сиқыршы дені бұзық болса керек,
940 Мені де інім сынды тас қылар», — деп.

Осындай ойлап тұрсаң дүние бұзық,
Талайды жолға салған алдап жүріп.
Сиқыршы түрі жаман бір сұм екен,
Осы екен бұл інімді қойған буып».

— Сен жүрші ілгеріге, қалқа, балам,
Ақылды білгеніңе мен таңғалам.
Қарағым, көз қуатым, жүрші ілгері,
Артыңнан қарап жүрсін ғаріп анаң.

— Алдымен үлкендік қып анам жүрсін,
950 Артынан кішілікпен балаң жүрсін.
Ана жолы бек ұлық дүниеде,
Артыңнан ғаріп балаң қарап жүрсін.

Ақыры кемпір алда жолға тартты,
Қысылды Иман бала жаман қатты.
«Үйге барсам маған да қас қылар, — деп,
Дайындап маған тағам тіпті тәтті».

Артынан ерді жігіт әрең зорға,
Қарады: «медет бер», — деп оң мен солға.
«Алла» деп қылышпенен шауып еді,
960 Кемпірдің басы ұшып түсті жолға.

Иманжан тас қасына қайтып келді,
Құдайға мінәжатын айтып келді.
Қасында інісінің зар жылайды,
— Ей, Алла, қабыл қыл, — деп, — ақ тілеуді.

— Ей, Алла, дүниені сен жараттың,
Әлемді он сегіз мың кең жараттың.
Ұшқан құс, жүгірген аң, қарайған жан
Бәріне ризық беріп, жем жараттың.
Жан беріп сол қатарда бізге дағы,
970 Солармен бізді дағы тең жараттың.
Туған жанның барлығы ұқсас емес,
Әр түрлі кеудесіне шер жараттың.
Не қылсаң да құдыретің жетеді ғой,
Жан беріп бұл інімді бері қаратқын.

— Адам ата құдыреті,
Бұл ініме жан берсең.
Ғаріп болған күнімде
Көз жасымды бір көрсең.
Қара тас болған ініме
980 Сөйлесуге тіл берсең.
Болар едім армансыз,
Көріп тұрып жан берсем.
Медет бер, Хауа анамыз,
Қайғыменен жанамыз.
Бұл сияқты асылды
Қайдан іздеп табамыз?
Дүние толған топаннан

- Аман қалған Нұх Нәби
Болғын біздің панамыз.
- 990 Әулиелер құрметі,
Бұл інімнің жанын сал.
Мұның үшін құрбандық,
Мен ғаріптің жанын ал!
Інім еді данышпан —
Кіп-кішкентай күнінде-ақ
Аюменен алысқан.
Ер жігіттің пірлері,
Медет қыл, Ғали Арыслан.
Қызыр бабам, медет қыл,
- 1000 Бес жасымда табысқан.
Дана туған шырағым,
Болжайтын істі алыстан.
Қара тас болып қатыпсың,
Семіп мұнда жатыпсың.
Кемпір-шалға бала боп,
Дәм-тұзын оның татыпсың.
Жәді кемпір қас қылып,
Түн-түнекке батыпсың.
- Осыны айтып зарланып,
- 1010 Еңіреді бұл ғаріп:
— Ісімді алға бастыр, — деп,
Бір Алла, өзің оңғарып.
Медет бер, — деп тіледі,
Әрі-бері толғанып.
- «Тұр» деп еді тұрмады,
Жалғанға мойын бұрмады.
Бейшара болған ағасы,
Тағы жылады зарлады:
- Бауырым, рас кеттің бе,
- 1020 Ол дүниеге жеттің бе?
Мен бейшара ағанды
Мәңгі шерлі еттің бе?

Иманжан осылайша зарланады,
Алладан тілек тілеп қарманады.
Күндіз-түні көз ілмей, демі құрып,
Азырақ көзі ілініп ұйықтап қалды.

Түсінде Қызыр бабам айтты датын,
Аллаға жетті дейді мінәжатың.
Ініңіз аман-есен тіріледі,
1030 Оқысаң дәрет алып мұғажатын.

Алланың құдыреті кең деседі,
Тілекті шын тілесе, жөн деседі.
Оқысаң ықыласпен мұғажатын,
Сиқырды дүниедегі сол шешеді.

Иманжан түрегеліп дем салады,
Дұғамен қара тасты қақ жарады.
Тілсіматпен байланып қалған екен,
Інісін аман-есен шығарады.

Екеуі құшақтасып көріседі,
1040 Беттерден жылай тұрып өбіседі.
Байланып тілсіматпен қалған екен,
Құдайдың шын жаратқан серісі еді.

Үйіне Пірістапар алып жүрді,
Естіген бұл хабарды жұрт жиылды.
Алдынан алған жары қарсы шығып,
Қосылып, шұрқырасып шақты мұңды.

Жиналып бүкіл халық келді қаулап,
Істапар көрген ісін айтты баурап:
— Тастады мені байлап жәді кемпір,
1050 Ағамды алып келді Құдай айдап.
Кемпірді өлтірді де мені жазды,
Өйтпесе, өліп едім сорым қайнап.

Істапар той жасады жұртын жиып,
Кедейге тамақ берді тойындырып.

Орнына патша сайлап шаһарына,
Еліне жүрді ағаның мойын бұрып.

Қасына бес жүз әскер алды жолдас,
Жетілген осылардай адам болмас.
Шаһарына ағасының келді олар,
1060 Дүниеде қарғыс алған адам оңбас.

Ағасы той тамаша жасап жатыр,
Қызметкер жігіттері өңшең батыр.
Он екі ай той жасады ұлан-асыр,
Тіктірді бес жүз ерге бес жүз шатыр.

Ағасы бір уәзірін патша сайлап,
Ол алды бес жүз әскер енді жайлап.
Екеуі мың әскермен жүрмек болды,
Іздеуге шешелерін белді байлап.

Осындай тамашамен жолға шықты,
1070 Кезінде екі патша болған мықты.
Атасының шаһарына бұлар келіп,
Хал-күйін өз елінің әбден ұқты.

Патша болған атасы жасы жетіп,
Кәртайған өне бойдан халі кетіп.
Екеуі кісі салды қарт патшаға,
Ұрпағы едік десті қалған кетіп.

Падиша сөз ыңғайын аңғарады,
Қызым қашан тапқан деп таң қалады.
Істәлипа отырған ерге тимей,
1080 Балаларын көруге зар болады.

Шешесін жібереді қызына енді,
— Білейін дейді мұның шынын енді.
Өтірік айтпай, қорықпай бәрін айтсын,
Екі қыз болған істің сырын, — дейді.

Қарасам екі жігіт екі патша,
Тегінде балаларды рас тапса.
Кәр төгіп не қыламын қарт басыммен,
Керегі болды маған шынын айтса.

Істәлипа баяндады ахуалын:
1090 — Тірі екен-ау дүниеде қалқа, жаным, —
Деді дағы егіліп кетті жылап.
Баяндап балалардың бар мән-жайын.
Ханым ұғып барлығын қайтып келді,
Расын осы істің айтып келді.
— Баласыз қу бас едік, — деді патша,
Ендеше, бұл ұрпақты Құдай берді.

Патша халқын жиып айтты сырын,
Бұл істі естімеген бұдан бұрын.
Көпшілік мұны естіген аң-таң қалды,
1100 Сауықтың содан кейін тікті туын.

Екі бала падишамен амандасты,
Бұлардың шарапаты жаннан асты.
Шешелерін көруге тым асығып,
Екеуі бақша жаққа қадам басты.

Келеді шешесінің бақшасына,
Ойнаған бала күнгі қақпасына.
Көрісіп бір-бірімен құшақтасып,
Шешесі сонда былай қақсасында:

Айналайын, қарағым,
1110 Қолға ұстаған жарағым.
Айырылып сенен қалғанда,
Ашылмады-ау қабағым.
Өлтірдім сені дегенде,
Орныға мың қарадым.
Туылғанда екеуің,
Жүз кісіге баладым.

Асыл туған, шырағым,
Артымдағы лағым.

Туып едің асылдан,
1120 Көңілім менің жасыған.
Екеуіңнен айырылып,
Құсым ұшты басымнан.

Тірі деген ойда жоқ,
Қасиетім бойда жоқ.
Өлтірді деп жүріппін,
Ішім жалын, сыртым шоқ.

Айналайын, құлыным,
Айырылып сенен құрыдым.
Естігенде хабарың,
1130 Бекіді менің буыным.

Бес жасқа жаңа жеткенде,
Даяшы алып кеткенде
Тірі қалып өлмедім,
Өлтіремін деп ерткенде...

Осындай еңіреді ханша жылап,
Зарына тұра алмады адам шыдап.
Көрісіп бір-бірімен аман-есен,
Сергіді мұң-қайғыдан аунап-қунап.

Істәлипа отырған ерге тимей,
1140 Баланың қайғысымен ойнап-күлмей.
Даяшы, міне, осындай айла қылған,
Жүретін талай жылдан оны білмей.

Мұратқа ақырында бұлар жетті,
Екеуі патша боп дүрілдетті.
Әділ боп заманында бұл екеуі,
Осылай дүниеден өтіп кетті.

Біреуі сол шаһарға патша болған,
Жүргізіп әділгін оң мен солдан.
Бақшасын шешесінің орда қылып,
Істапар сол арада тұрып қалған.

Иманжан патша болған екі шаһарға,
Құдайдан не тілейді одан өзге.
Жастары жүзге жетіп өмір сүрген,
1154 Пендесі бола бермес сол бір кезде.

Мұрат Сәлих пен Мағрипа

Қолыма қалам алып жаздым нұсқа,
Болады тіршілікте дүние жиса.
Тәңірім тілеуінді бермей қоймас,
Жолына адал ниет жанын қиса.
Пенденің көнбейтұғын амалы жоқ,
Жақсылық-жамандықты Тәңір қылса.
Болыпты бір саудагер Түркістанда
Есеп жоқ дүние-мүлік, малын жиса.
Пақыр, міскін, ғаріпке қайыр қылған,
10 Болмапты ондай көпес елге сыйса.

Аты еді саудагердің Мұрат Сәлих,
Алыпты Мағрипаны тұрмыстанып.
Бет біткен адамзаттың сұлуы екен,
Келбетін берген Тәңірім осыншалық.

Оқыған Нәфусарып, Мұқтасарды*,
Аралап көп таныған талай шәрді.
Әдепті, мағыналы айтқан сөзі,
Діндар адам сол кезде ең жоғары.

Мағрипа болған екен сондай діндар,
20 Талма бел, талшыбықтай бойы сындар.
Аққұба, алма мойын, асқан көркем,
Сыртынан құмарланар көрген жандар.

* Нахусарып, Мұқтасар — діни кітап аты.

Мұрат Сәлих асқан бай болған екен,
Есепті мал ынсапқа толған екен.
Нысапқа малы толса қажы бауыр,
Діндік жақта заң болып қалған екен.

Сәлих айтты бір күні: — Қажы барсам,
Құдайға тәуба қылып мойынсұнсам.
Нәсіп болса, қайтармыз тауын көріп,
30 Бәйтоллаға бас иіп, тәуап қылсам.
... .. *

Жол бойы жарлыларға қайыр берсем.
Мағрипаға ақыл салды осылайша,
— Қажы барып Харапада** құрбан шалсаң.
Ниетің дұрыс екен мақұл көрдім,
Әмин, болсын ісің бара қалсаң.

Екеуі осылайша ақылдасты,
Біреуі айтып, біреуі мақұлдасты.
— Сен келгенше жалғыз қайтіп отырам, — деп,
40 Көзіне Мағрипа алды ыстық жасты.

Сәлихтің Ясын атты інісі бар,
Шақырып алып деді: — Бір ісім бар.
Мен келгенше жеңгеге қарасып тұр,
«Інісі бардың деген ғой тынысы бар».

Қажыға жүрмекшімін етсе нәсіп,
Қаражат қалдырамын жетер асып.
Отын-су бір нәрсеге мұқтаж қылма,
Жеңгеге тұрарсың сен қарайласып.

— Құп болады, — деп інісі мақұл көрді,
50 Сендіріп ағасына уәде берді.
Туысы бір інісі болғандықтан,
Мұрат Сәлих қуанып оған сенді.

* Бір жол түсіп қалған.

** Харапа — қажыға барған адам құрбандық шалатын орны.

Қош айтып, жолға шықты Мұрат Сәлих,
Қиыспай аттандырды сонша халық.
Мағрипа жылай-жылай үйде қалды,
Кеткен соң сүйген жары, қайғыланып.

Тамақты қайнысы әкеп береді екен,
Жеңгесі оған қатты сенеді екен.
Өтіпті осылайша талай күндер,
60 Апыр-ай, түбі қалай болар екен?

Бір күні тағы тамақ берген екен,
Шаш тарап отырғанда келген екен.
Толқыған он төртінде толған айдай,
Дидарын жеңгесінің көрген екен.

Көрген соң нәпсі қозып қайнысының,
Біле алмай не қыларын жүрген екен.
Дертіне ешбір айла таба алмастан,
Бір түнде жеңгесіне келген екен.

— Көңіліңе жаман ниет кірген шығар,
70 Ойыңды шайтан бұрып жүрген шығар.
Құдайдан қорық, ұял адамзаттан,
Көрсетпей тез қараңды, үйден жоғал.

Қажыға кеткен ағаң іздеп сауап,
Меккеге барған шығар етіп тәуап.
Қайт, қайным, тәуба қылып ниетіңнен,
Махшар күні беремін не деп жауап.
Нысапсыз қорықпайсың ба ақиреттен, —
Деп қайнысын шығарды үйден айдап.
Көзіне жас аралас жас та келді,
80 Қиянат іс қылмады түбін ойлап.

Қайнысы жеңгесіне ашуланды,
Бір қастық жасайын деп қатуланды.
«Дүниеде менен сорлы жан өтпес», — деп,
Азуын-азуына басып алды.

Қайнысы айтты:

— Кең дүниенді тар қыламын,
Алдың биік, артыңды жар қыламын.
Айтқаныма көнбесең тұра тұр сен,
Осы көрген күніңді зар қыламын.

90 Берді ол төрт жігітке алтын-күміс,
Ойына кірді дағы бұзықтық іс.
«Жеңгем зина қылды, — деп мен айтамын,
Беріңдер қазы алдында куәлік іс».

Көңілінен тәуба қашып, шайтан кірді,
Қазыға айтпақшы боп бұлар жүрді.
Қазыға арыздама жазып беріп,
Қақпаға төрт жігітті алып кірді.

Арыздама осылай жазған мұңы:
«Жеңгем зина қылды, — деп, — күндіз-түні.
Көзбен көрген төрт жігіт куәшім бар,
100 Айт ақыл, алып келдім сізге бұны.

Ей, тақсыр, арыз қылдым сізге келіп,
Айтпасам күнә болар көзбен көріп».
Төрт жігіттің куәлік сөзін естіп,
Қазы да ашуланды түсі оңып.

Әйелді ұрып-соғып алып келді,
Төрт жігіт қасындағы куәлік берді.
Шариғат үкіміменен жаза беріп:
— Таспен ұрып өлтір, — деп әмір берді.

Мағрипа айтты: — Нақақпын, Құдайға шын,
110 Төрт адам жалған айтты куәлігін.
Қайным қастық істеп жүр көнбедің, — деп,
Оған мақұл демедім мен де бүгін.

Еш адам қатын сөзін тыңдамайды,
Жендеттер жан-жағынан жұлмалайды.

Шаһардан аулақ алып барды дағы,
Тірідей көметұғын ор қазады.

Әйелді белуардан көмеді енді,
Жиналған көп жамағат көреді енді.
Әмірмен келгендердің есебі жоқ,
120 Оларға бірден тасты береді енді.
«Шариғат үкімі» деп тас жаудырып,
Қалың жұрт жабыла кеп ұрады енді.

Әйелге ұрған тасы төбе болды,
Бейкүнә бейшараға обал болды.
Тәңірім өзі сақтап кеш кіргенде,
Есі ауған бейшара әйел маңын көрді.

— Ей, Алла, бастан күнәм асқан шығар,
Күнәдан ғаріп көңілім қашқан шығар.
О, Тәңір, барлық ісім өзіңе аян,
130 Ісімді періштелер жазған шығар.

Жаққыздың перғауынға ақирет отын,
Сақтаған Пайғамбардан тірі жетім.
Көк қошқар Сымағұлға құрбан еттің,
Құдай-ау, менің сенен көп үмітім.
Жүністі дарияда балық жұтқан,
Құтқарған оны дағы құдіретің.
Лайлайынды* қырық жыл құр жесе де,
Теспеген денесінің бұлшық етін.
Жер-көкке патша қылдың Сүлейменді,
140 Тартқызып құдіретіңмен мың бір дертін.

Атам жоқ қаһарланып айғай салар,
Анам жоқ жалғыздықтан қасына алар.
Біз түгіл Пайғамбарды әлек қылды,
Ажал жетсе, кім қашып әлек қылар.

* Лайлайын — адам аты.

Құдай-ау, аман көрсет алғанымды,
Артында арман қылып қалғанымды.
Тәңірім өзі медет берер ме екен,
Айтпадым адалдықпен жалғанымды.

Осылай деп бұл әйел зарлап жатыр,
150 Қайғылы тас астында болып пақыр.
«Аллаға не күнәлі іс қылдым», — деп,
Өзінің өткендерін ойлап жатыр.

Сол шақта бір Ағыраби келе жатты,
Ыңырсыған бір дауыс естіп қапты.
Сайтан ба, әлде жын ба деп тоқтай қап,
Дыбысқа ыңыранған құлақ сапты.

Ол адам келіп тұрды тас жанына,
Зарлаған құлақ салды дыбысына.
Тәңірдің бұл ісіне құлақ салды,
160 Жылаған тас балқиды көз жасына.

Түйеден түсіп жігіт жақын барды,
Үйілген үстіндегі тасты алды.
Қараса жатқан жан бір әйел екен,
Құтқарып үйген тастан ашып алды.

Керуенші айтты әйелге: — Неткен жансың,
Жасырмай айт шыныңды не қылғансың?
— Сырымды мен айтайын бастан-аяқ, —
Деді әйел, — Зәлімдерден жедім таяқ.
Сөйлейді бастан кешкен істің бәрін,
170 Қайынының зұлымдығын жасырмай-ақ.

Жігіт әйел сөзіне нанды дағы,
Есіркеп көзіне жас алды дағы.
Басы, көзі жаралы бұл әйелдің,
Түріне қайран болып қалды дағы.

Көрді таңғаларлық нұрлы жүзін,
Әйелге жігіт айтты арыз сөзін.

Неке қиып алайын әйелдікке,
Егерде шын риза болсаң өзің.

180 Ғашық болдым мен сіздің өзіңізге,
Толған айдай нұр тамған жүзіңізге.
Ерге тию міндетті іс ұрғашыға,
Разы бол көңіл-күй сөзімізге.

Жігітке сонда әйел былай деген:
— Құдайға мұңымды айтып жылай берем.
Сақтай біл шариғаттың дұрыс жолын,
Менің ерім Меккеде тірі екен.

Ол Меккеде қажының бірі еді,
Жолына шариғаттың мойын бұрды.
Күтемін мен, тек соның жұбайымын,
190 Жігіт те әйел сөзін дұрыс көрді.
— Ендеше қияметтік қарындас бол, —
Деп жігіт әйел сөзіне мақұл болды.

Құлақ асам бұл айтқан талабыңа,
Тандандым мағыналы жауабыңа.
Аман келсе, еріңе мен тапсырып,
Бейшара қалайын бір сауабыңа. —

Деп түйеге мінгізіп алып жүрді,
Түнімен басты олар талай жолды.
— Бір мүсәпір әйелді әкелдім, — деп,
200 Үйіне Мағрипаны алып кірді.

Тапсырды әйеліне Мағрипаны,
Сөздері айта берсе оның мұңлы.
Киер киім, ішерге тамақ беріп,
Сыйлады «сауап болар» десіп оны.

Үйге әкеп дауалады Мағрипаны,
Сақайып бейшара әйел мағдырланды.
Маңайдан сұрап келген көп жандарға
Сөйлеп берді өткен сол оқиғаны.

Оңаша Мағрипаға бір үй берді,
210 Құрметтеп Ағыраби күтіп жүрді.
Бірі аға, біреуі қарындас боп,
Сол үйде талай уақыт тұра берді.

Бар еді Ағырабидің бір інісі,
Болса да ата-анасы жақсы кісі.
Бір күндер Мағрипаға ғашық болды ол,
Пенденің не қылса да Тәңір ісі.

Ғашықтық дертіне айла таба алмады,
Әр сағат көргісі кеп алаңдады.
Ақыры Мағрипаға мағлұм етіп,
220 Ақтарды жүрек сырын, жаба алмады.

— Саған ғашық болыппын мен бейшара,
Жүрегім болды сен деп пара-пара.
Сенен себеп болмаса кетті мазам,
Бұл дертіме дәрмен боп мені ая.

Ішім оттай лаулайды, сыртым түтін,
Еместей боп қалды ғой ақылым бүтін.
Перімісің сиқырлы, көктен түскен,
Толқиды толған айдай нұрлы жүзің.

Сені деп қарыс жерге жүре алмаймын,
230 Әлім жоқ сенсіз жерде тұра алмаймын.
Мағрипажан, қайтсең де жауап берші,
Бұл дертке сенсіз дауа таба алмаймын.

Мағрипа жігіт сөзін ұғып алды,
Бір қайғы көкірегіне сұғып алды.
Бір пәледен құтылдым деп жүргенде,
Бейшара бір пәлеге тағы қалды.

— Ей, жігіт, сөзің қабыл болмас, — дейді,
Мағрипа бұл сөзінді алмас, — дейді.
Тәуба қыл, шайтандыққа мойын бұрма,
240 Дертіңе менен дауа болмас, — дейді.

Мен жүрген шер көкірек бір адаммын,
Баспанасыз қорланған бейуаз жанмын.
Зорлық пенен зомбылық бәрін көріп,
Айырылған ел-жұрттан бейшарамын.

Жігітке айтты осыны әйел ғаріп,
Тәуба қыл жақсы ниет көңіліңе алып.
Мен басымды Тәңірге тапсырамын,
Пәниде зия қылман білсең анық.

Жігіт әйел сөзіне сенбей қалды,
250 — Сүйесің қайтсеңде де мендей жанды.
Өйтпесең сені жұртқа масқара етем, —
Деп әйелге әр түрлі үрей салды.

Сөйте отырып екеуі ерегесті,
Біреуі бол, біреуі болман десті.
«Көнбесең тартқызам, — деп, — сазайыңды»,
Жігіттің барған сайын кеудесі өсті.

Қашанда бисмиллаһи ғой сөздің басы,
Балаға қорған болар ата-анасы.
Мағрипаны асыраған Ағырабидің
260 Бар еді жар дегенде бір баласы.

Сол ғана Ағырабидің жалғыз ұлы,
Шыққан бір басындағы бақ жұлдызы.
Мағрипаның үйіне апарды да,
Баланы бауыздайды сол күн түні.

Мағрипа түк білген жоқ, ұйықтап жатыр,
Осылай қастық қылды әлгі қатыл.
Қып-қызыл үйдің ішін қан-жоса қып,
Көрпе-кешек, төсекке жағып жатыр.

Ол жігіт те ойлап жүр талай ойды,
270 «Таңертең көремін, — деп — қалған тойды».
Пышақты от жағына тықты дағы,
Қанды әкеп қолына да жағып қойды.

Сөйтті де жігіт шығып кетіп қалды,
Өз үйіне сездірмей жетіп алды.
Осындай қара ниет қастық жасап,
Үйіне барды дағы жатып қалды.

Мағрипа таң атқан соң ояныпты,
Үй іші қызыл қанға боялыпты.
Бауыздаулы бала жатыр төр алдында,
280 Әйел шошып өлуге айналыпты.

Баланы Ағыраби іздеп келді жетіп,
— Қарындас, не қылғаның мұндай етіп?
Мен сені туысымдай көріп жүрсем,
Ақыры құртқаның ба түпке жетіп?

— Ағатай, бала өлтірген мен емеспін,
Мен сізге бар адамның теңі емеспін.
Мені өлімнен құтқарған сіз едіңіз,
Құдай бар, мұндай істі істемеспін.

Нансаңыз баланы мен өлтіргем жоқ,
290 Құдай бар, иншалла, көңілім тоқ.
Сіз аға, мен қарындас болған жанбыз,
Сізге қастық істейтін жөнім де жоқ.

Наныпты Ағыраби зарланған соң,
Жас ағып екі көзден парланған соң.
«Біреудің қастандығы болу мүмкін», —
Деп түйді барлық істі аңғарған соң.

Ағыраби айтты: — Қарындас, құлақ салшы,
Бір мың алтын берейін тығып алшы.
Әйелім енді өшігіп қастық істер,
300 Сондықтан бұл арадан кетіп қалшы.

Жылай-жылай Мағрипа алды алтынды,
Ақиретке ақ едім ғой деп зарланды.
Ертіп шығып Ағыраби жол көрсетті,
Мағрипа амалсыздан кетіп қалды.

Мехнат, машақаттың бәрін көрген,
Мағрипа кетті ұзап осы жерден.
Құдай басқа салған соң амал бар ма,
Басы ауған жаққа кете берген.

310 Мағрипа алыстан бір шаһар көрді,
Жүре-жүре аяндап соған келді.
Аралап шаһар ішін келе жатып,
Жиналған топ-топ болып адам көрді.

Таяулап Мағрипа да келіп қалды,
Жиналған қалың жұртқа таңырқады.
Қалың жұрттың ішіне араласып,
Біреуден «не жиын?» деп сұрай қалды.

Ол айтты: — Бұл жігіттің қарызы мол,
Қайтармаған бейшара қарызын ол.
Алғаны бір мың алтын болған екен,
320 Дарға аспақ боп жігітті жатқаны сол.

Ол дарға тартылмайды алтын берсе,
Өлмек егер қарыздан түк бермесе.
Патшаның қолданған шарасы осы,
Бітті өмірі, қарызын төлемесе.

Мағрипа айтты: — Алтынды мен берейін,
Құтқарып оны өлімнен жіберейін.
Бір жас екен дүниеден қызық көрсін,
Өлтірмендер, қарызын мен төлейін.

330 Алтынды алып, жігітті қоя берді,
Әйелдің бұл ерлігін халық көрді.
Өлімнен азат қылып Намұрұтты,
Мың алтынды қолма-қол санап берді.

Намұрұт тағзым қылды Мағрипаға:
— Тірі жүрсем болайын саған аға.
Алла разы бұныға болсын, — деді,
Бір ақтармын бұныңды келсе шама.

Мағрипаны үйіне ол ертіп барды,
Алдына жайды әкеліп дастарқанды.
Құтқарып жанын алып қалғаннан соң,
340 Жалынып Мағрипаға жалбандады.

Жігіт ойлады: «Бұл мені сүйе ме екен,
Ғашықтықтың отына күйе ме екен.
Алтын беріп жанымды алып қалды,
Сол үшін енді маған тие ме екен».

Мағрипаға жігіт айтты: — Маған тисең,
Алып берсем базардан киім кисең.
Көп ақшанды мен үшін сарп қылдың,
Қатын қылып алайын мені сүйсең.

Мағрипа айтты: — Ақымақ, олай деме,
350 Тентіреп жүрем неге, тисем ерге.
Бар жазығым ажалдан құтқарғаным,
Аулақ жүр маңайымнан жынды неме. —

Деп екеуі сол жерде жанжалдасты,
Қалмады қыр соңынан әлгі албасты.
«Тағы да не пәлеге жолықтым», — деп,
Намұрұттан сорлы әйел және қашты.

Қашып жүріп дарияға келген екен,
Кемеші көп саудагер көрген екен.
Сүмең қағып Намұрұт та Мағрипаның
360 Соңынан иттен жаман ерген екен.

Кемешілер кемеге жүгін салды,
Бұларға Намұрұт та жетіп барды.
— Мынау менің жариям* қашып жүрген,
Осыны сатамын, — деп айғай салды.

Қарады бір саудагер жарияға,
Жол басып жүргелі тұр дарияға.

* Жария — сатып алған құл.

Ақыры бірнешеуі айтты оған:
— Мың ділдә берейік, — деп — жарияңа.

— Болады, — деп ол мыңды алып алды,
370 Қалтаға көп ақшаны салып алды.
— Мен бұның жариясы емеспін, — деп,
Мағрипа да жас төгіп көп зарланды.

Абыр-сабыр кеме де жүріп кетті,
Қуанғаннан Намұрұт күліп кетті.
Қалың ердің ішінде жалғыз әйел,
Бұл әйелден бар еркек үміт етті.

Біреуі көзін қысты, бірі шымшып,
Қояды ондайларға әйел ұрсып.
«Мен алам» деп шуласты кемешілер,
380 Шырмады Мағрипаны тағы қырсық.

Кейбіреуі мойнынан құшақтайды,
Кейбірі мазақтайды, сықақтайды.
Мағрипа ақылынан адасады,
Түн болса бейшараны ұйықтатпайды.

Келеді тынбай жүріп кеме суда,
Кез болды Мағрипа да өңкей дауға.
Қалың ердің ортасында жалғыз әйел,
Деген ғой «бұқа буға, азбан дуға».

— Таңда, — деп қамалайды бірімізді,
390 Бес күн болды байқадың түрімізді.
Осы жерде дарияға лақтырамыз,
Алмасаң егер біздің тілімізді.

Таусылды сонда ақылы Мағрипаның,
Қоярға жер таппады енді жанын.
«Аяғымды қия бассам пәле болды-ау,
Бұлардан енді қалай жол табамын».

— Айт, айт, — деп тағы дағы қамалады,
Қалай деп айтарға сөз таба алмады.
Терең ой түкпірінен амал тауып,
400 Мынаны айтуға ол ойланады.

«Қарасам бәрің жақсы, тәуір жігіт,
Түгелдей мені алуға қылдың үміт.
Күресіп көріңіздер түгел шығып,
Кім күшті болса, алсын әйел қылып».

Барлығы қызып алған арақ ішіп,
Бірі лоқсып, біреуі жатыр құсып.
Көп адамның ішінде нелер бар ғой,
Біреу момын, біреу қу, біреу пысық.

Алысты кеме үстінде барлық адам,
410 Күш сынасып алмақшы ағалаған.
Біреуді біреу суға ылақтырып,
Қырғынға ұшырады қатты жаман.

Жел соғып, таудай-таудай толқын атты,
Қараса кемеде бір жан қалмапты.
Бар адам қалқақ қағып су бетінде,
Шошыған Мағрипадан әл қалмапты.

Кемені толқын айдап дөңгелетіп,
Мағрипа келе жатыр есі кетіп.
Үш күн жүріп дарияның ортасында,
420 Бір мезгілде шетіне келді жетіп.

Шықты дағы кемені байлай салды,
Ес-ақылын аз тұрып жинап алды.
«Әйел боп жүрсем тағы пәле болар», —
Деді де еркек киім киіп алды.

Бұрымын төбесіне түйіп алды,
Бір қалпақты кемеден киіп алды.
Дарияның жағасынан шаһар көріп,
Жігіт болып жасанып соған барды.

Патшаның сұрап кірді ордасына,
430 Құдай оңға бастаса болмасын ба.
— Патшаға жолығатын бір ісім бар,
Рұқсат бер? — деп айтты қорғаушыға.

Біреу кірді патшадан рұқсат сұрап,
— Келіп тұр бір саудагер жолы ұзақ.
Құзырыңа, патша ағзам, кірсем — дейді,
Келуіне, патшам, қылсаң рұқсат.

Патша айтты: — Рұқсат кірсін, — дейді,
Бар ма екен маған айтар бір сыр, — дейді.
Патша айтты Мағрипаға кіргеннен соң:
440 — Қане айт, қайдан келдің, кімсің? — дейді.

Затым — әйел, Мағрипа — атым менің,
Түркістан деген шаһар туған жерім.
Басыма бір қиындық іс түскен соң,
Пана іздеп тақсыр патша сізге келдім.

Айтты ерінің қажыға кеткендігін,
Қайнының зор қастандық еткендігін.
Ағырабидің інісі мен Намұрұттың,
Қастығынан мехнат шеккендігін.

Сонан соң кемешіден көрген ісін,
450 Дарияда көп адамның өлген ісін.
Қанша дүние кемеде асыл бұйым
Сумен ағып бұл жерге келген ісін.

Патша айтты: — Ал, маған не қыл дейсің?
Көп азап көргеніңе уайым жейсің.
Ойыңдағы барыңды түгел айтшы,
Тілегіңді тілеген Тәңірім берсін.

— Тілегім сол, кемедегі затымды алсаң,
Патшалық қазынаңа әкеп салсаң.
Барлық дүние-мүлкімді түгел алып,
460 Пақыр, міскін, ғаріпке садақа қылсаң.

Арнаулы мен кіретін бір үй салсаң,
Пәледен аман болсам демімді алсам.
Егерде Мұрат Сәлих келе алмаса,
Таратып хабарымды іздеу салсам.

Бар еді бір өнерім ауру көрсем,
Шипалық дәрі беріп ем істетсем.
Сіз аға, мен қарындас болып өтсем,
Риза боп осыларға рұқсат етсең.

Патша барлық сөзін қабыл алды,
470 Бар мүлкін қазынаға әкеп салды.
Өзіне арнайы бір үй салдырып,
Мағрипаны құрметтеп күтімге алды.

Дүниеден көрген бір кез қиянатты,
Мағрипа тапты енді рақатты.
Әр іске дұға оқыса, қабыл болып,
Әйелге Құдай берді кереметті.

Ақсақ келіп бата алса, аяқ бітті,
Саңырау келіп бата алса, құлақ бітті.
Жарлы келіп бата алса, малды болды,
480 Әйелдің талай жерге даңқы кетті.

Тілсіз келіп бата алса, сөзді болды,
Соқыр келіп бата алса, көзді болды.
«Әмин» деген батасы қабыл болып,
Әйелдің іші кірсіз ізгі болды.

Мағрипаның емшілік өнері асқан,
Ол жазды талай науқас кәрі-жастан.
Бұл бір сөз тұра тұрсын осы арада,
Сөйлейін қайта айналып әуел бастан.

Аман-есен Сәлих қажы үйге келді,
490 Қарсы алып шаһар халқы сәлем берді.
Ел-жұрты, туыстары түгел келіп,
Қажыны сағынған жұрт аман көрді.

Келген жұрт түгел тарап кетті енді,
Сәлих та шүкіршілік етті дейді.
Ел кетіп үй оңаша болған кезде,
Ясажға: — Жеңгең қайда кетті? — дейді.

Ясаж айтты: — Ол бада бақыт зия қылды,
Оның бұзық екенін халық білді.
Шаһарда қазы, патша, әкімдер боп,
500 Шариғат жолымен үкім қылды.

Ағасы Ясажы айтқан сөзге сенді,
«Ол қатында обал жоқ екен», — деді.
Қажылығын еске алып, сабырлық қып,
— Қайырын Құдай өзі берсін, — деді.

Ағасы аралады көп ауылды,
Сәлемге туыстар да көп ағылды.
Осындай қуаныштың дәл үстінде,
Көп кешікпей Ясажының көзі ауырды.

Ясажының екі көзі көрмес болды,
510 Қажыға шәй қайнатып бермес болды.
Іні соқыр, қатын жоқ қажекеңе
Қу тұрмыс бір тыныштық бермес болды.

Айтты сонда біреулер: — Бір қатын бар,
Дем салып ауруға дұға қылар.
Алдына қандай ауру барар болса,
Науқасынан аз күнде сақайта алар.

Бұл сөзді елден естіп Сәлих ұқты,
Ойлады оған бармай болмас тіпті.
«Ясажыны сол емшіге көрсетем», — деп,
520 Інісін алып, жабдынып жолға шықты.

Үйден шығып не қилы басты жолды,
Жол жүргелі, мінеки, бес күн болды.
Дәм тартып, риздық айдап осы күні
Үйіне Ағырабидің келіп қонды.

Ағыраби қонақтарын қарсы алды,
Өңгіме сөйленеді әрбір жайлы.
Тамақ ішіп жайланып отырған соң,
Жұмысын қонақтардың сұрасады.

530 Сәлих айтты: — Бұл інім болды соқыр,
Қандай ем істетсем де болмай отыр.
Бір шаһарда емші әйел бар деген соң,
Қонағың соны іздеп барғалы отыр.

Ауру айығады екен дем салғанда,
Бұндай емші табылмас бұл жалғанда.
Құдайдан шипа тілеп іздеп барам,
Қайтамыз осы інім жазылғанда.

540 Ағыраби айтты: — Інім топ боп жатыр,
Оған да ешбір дауа жоқ боп жатыр.
Сізге мен де қосылсам қалай дейсіз?
Ертіп барар еш адам жоқ боп жатыр.

— Болады, — деп бұларды ертіп алды,
Жолдас болып төртеуі кете барды.
Жолшыбай Намұрұтқа кез боп қалып,
Жөн сұрасып бесеуі тұра қалды.

Сәлих айтты мән-жайын қиындықтың,
Намұрұт ұқты шын сырын бұл бір істің.
Жабысты: — Бүгін маған қонақ бол, — деп,
Сіз білетін емшіні мен де ұғыстым.

550 Деді ол да: — Сіздерменен бірге кетем,
Бір жүріп ол араға бірге жетем.
Мақаупес дейтұғын науқас болдым,
Мен де барып соған бір ем істетсем.

Бесеуі ертесінде жүріп кетті,
Мағрипа тұрған шәрге барып жетті.
Емшіге қаралатын адам көп боп,
Бірнеше күн дегенде кезек кепті.

Мағрипа тани кетіп, перде киді,
Сөйлейді сыр білдірмей аса сыйлы.
— Үш ауру әкеп ем құзырыңа, —
560 Деп Сәлих дәруішке басын иді.

Мағрипа бұл үшеуін тексереді,
Ішінен үшеуіне кектенеді.
— Сендерді ертең түсте дауалайын,
Мінеки, болды енді кеш те, — деді.

Мағрипа патшаға жетіп барды,
Ол оны «өрге шық» деп қабылдады.
Өзіне қастық қылған үшеуінің
Келгенін патшаға хабарлады.

— Тақсырым, бұл сөзімді қабыл көрсең,
570 Шаһар халқын ертең түс жиып берсең.
Үшеуін дауалайын жұрт алдында,
Залымдар кім, бейуаз кім, халық көрсін.

Бұл сөзді патша ағзам қабыл көрді,
Уағында шаһар халқын жиып берді.
Халқы түгел алаңға жиналған соң,
Төртеуінің біреуін ертіп келді.

Сәлихты патша алды өз қасына,
Ол бастады былай деп сөзді асыға.
— Алдымен үшеуің де қалдырмай айт,
580 Не зұлымдық боп өтті өз басыңда.

Айтпасаң жазылмайсың қылмысыңды,
Жасырғанмен болмайды бұл ісінді.
Егерде әр қисының нақ айтпасаң,
Зынданда бітіремін жұмысыңды.

Қылмысын ең алдымен соқыр айтсын,
Сонан соң топ ауру айтпай қайтсін.
Үшінші мақаупес те шынын айтып,
Жазылып дәруіштен үйге қайтсын.

Қыстайды «шыныңды айт», — деп соқырды енді,
590 Айтпасқа шара болмай отырды енді.
Ойлайды ол, «айтпағанмен жазылмаймын», —
Деп басын көтере алмай тұқырды енді.

Соқыр айтты: — Ей, жаным, жазған жанмын,
Ақиқат жолдан тайып азған жанмын.
Ұят пен ар пердесін жыртып тастап,
Өзгеден өзіме көр қазған жанмын.

Шайтан уасұл* жүрегіме салды менің,
Ақылымды аздырып алды менің.
Мазұлымға қастық істеп бейуаз жүрген,
600 Екі көзім соқыр боп қалды менің.

Сондықтан қаһар төкті Хақ тағалам,
Соқыр боп екі көзім бітті тамам.
Айтайын шындық істі ең басынан,
Ана отырған Мұрат Сәлих менің ағам.

Мағрипа осы ағамның әйелі еді,
Өз теңі, таңдап-тауып, сүйіп алған.
Аға кетті қажыға бармақ болып,
Бір парызын ада етіп алмақ болып.
Кетерінде тапсырды бар шаруасын,
610 Мен қалдым өзім ие болмақ болып.

Аз күннен соң жеңгеме ғашық болдым,
Ардан безіп адамдық, пасық болдым.
Ғашық отқа күйдім деп жеңешеме,
Сөзіме көндіруге асық болдым.

Бұны естіп жеңгем менің ашуланды,
«Оңбаған жексұрын», — деп қатуланды.
«Ардан безген абыройсыз ақымақ», — деп,
Жарылып кетуге де жақын қалды.

* Уасұл — арамдық.

Мен ойлаймын тіліме жеңгем көнсе,
620 Білдірмесем қажыдан ағам келсе.
«Інің маған осындай істеді», — деп,
Енді қайтем ағама айтып берсе.

Онан да бұл жеңгемді өлтірейін,
Басына пәле-жала келтірейін.
Өлтіре алмай қалсам да ебін тауып,
Жоғалтайын, бұл жерден кетірейін. —

Деп ойлап содан шығып базар бардым,
Сыбайлас төрт адамды тауып алдым.
— Жеңгем зина істеді, куә боп бер, —
630 Деп осы қастандықты ыңғайладым.

Оларға айттым қазыға барайын, — деп,
Бұл істі шариғатқа салайын, — деп.
Төртеуіне төрт алтын ақша бердім,
Маған сендер көмектес, ағайын, — деп.

Төртеуі бұл сөзіме мақұл болды,
Ойлады деп осыным ақыл болды.
Қазыға бардым дағы арыз қылдым,
«Менің жеңгем бұзақы қатын болды.

Ылажсыз бұрын да жүрген екен,
640 Арам ойға қу жеңгем кірген екен.
Түн болса бойдақ жігіт сонда болды,
Менен басқа төрт адам көрген екен».

Төртеуі айтты: «Мына сөз тіпті шындық,
Жалған сөз сөйлемеймін, тақсыр, құлдық.
Түн болса жігіт біткен сонда боп жүр,
Көзімізбен осыны көріп жүрдік».

Куәлік бұл төртеуі беріп кетті,
Қазы да бұл сөздерге сеніп кетті.
Таспен ұрып өлтіруге зинақорды,
650 Шариғаттың жолы деп үкім етті.

Мағрипа зар иледі: «Құдайым, — деп,
Бұл пәлеге не ылажы қылайын, — деп.
Аллаға бетім жарық, ісім нақақ,
Тәуекел, не де болса шыдайын», — деп.

Жеңгемді шәр шетіне алып жүрдік,
Шариғат үкіміне бағындырдық.
Жиналған жұрт ортаға алып Мағрипаны,
Тас жаудырып сол жерде жанын үздік.

Осындай зұлымдығым болды менің,
660 Қан қарызы менде боп сол жеңгемнің.
Біреуге қазған көрге өзім түсіп,
Себебі осы болды бұл көзімнің.

Сөйлейді сонда тұрып тонан аяқ,
— Мендей зұлым болған некен-саяқ.
Таңда махшар күніне жүз қарамны,
Бір мархабат қылмаса Тәңірім аяп.

Тегінде Ағырабидің інісі едім,
Бір әйелге сондағы ғашық болдым.
Сөз айтып ем, ол әйел ұнамады,
670 «Көнбедің» деп ақыры қастық қылдым.

Қастық соған істедім көнбеген соң,
Тілеген тілегімді бермеген соң.
Өз ағамның баласын бауыздадым,
Қаскүнемдік қайтерсің дендеген соң.

Пышақты от жағына тығып кеттім,
Қатынның қолына қан жағып кеттім.
Баланы өлтірген қып пәле жауып,
Ақырын үйден ептеп шығып кеттім.

Жоқ болды әлгі қатын содан кейін,
680 Көрмедім дәл бүгінгі күнге шейін.
Қатынды Ағыраби жоғалтты әйтеу,
Не болғанын білмеймін одан кейін.

Жоқ шығар менен, сірә, жауыз адам,
Ағасының жалғызын бауыздаған.
Сол қарғыспен тартылып қол-аяғым,
Бейшара бір жан болдым домалаған.

Сонда Намұрұт: — Мен залым қатыл, — дейді,
Осы ісім соққы болды ақыры, — дейді.
Мың алтынмен бір әйел босандырды,
690 Патша дарға асқалы жатыр еді.

Сөз салдым сол қатынға маған ти, — деп,
Сені мен сүйіп тұрмын, сен де сүй, — деп.
Бұл сөзім құлағына тигеннен соң,
Қатын лағнет оқыды түйдек-түйдек.

Қашты ол, соңынан мен де ердім,
Кемеші саудагерге бірге келдім.
Ол қатын маған ақыр көнбеген соң,
Саудагерге мың алтынға сатып бердім.

Қатынның асыл еді ой-санасы,
700 Әйелдердің еді ол бір ең данасы.
Мақаупес ауруына тап болғаным,
Сол әйелдің тиді ме екен шын қарғысы.

Патша енді сөйлейді дәруішке:
— Тап осындай болуы шындық іс пе?
Қалған жері, қате айтқан сөзі бар ма?
Толық бір талдау жасалық бұл бір іске.

Дәруіш деді: — Үшеуі дұрыс айтты,
Демеймін мына жерін бұрыс айтты.
Хан да отыр, халық та отыр, қара да отыр,
710 Алдыңызда бітірер жұмыс айтты.

Хан айтты: — Сендер неткен залым едің,
Залымдықпен обалға қалып едің.
Үшеуіңе сол қатынды алып келсек,
Жұрт алдында жаңылмай таныр ма едің?

Үшеуі бұған бөгеліп аз отырды,
«Айт» деп ақырып патша, тақты ұрды.
Төмен қарап тұқыра басын иіп,
— Таныр едік, тақсыр, — деп жауап берді.

720 Ясажы айтты: — Менің көзім көрмейді ғой,
Көрер көз маған Құдай бермейді ғой.
Көзім болса, әттең-ай таныр едім,
Көз алдыма ол әйел келмейді ғой.

Патша дәруішке: — Емде, — деді,
Наба суы бар ма еді сенде?, — деді.
Дәруіш наба суын бір тамызып,
Көзіңді жұма отырып терле, — деді.

Патша айтты Сәлихқа: — Ей, бұрадар,
Отырған бұл арада қанша жандар.
Халық көрсін, үш залым және көрсін,
730 Мағрипа, бетіндегі перденді ал.

Бұл сөзге Сәлих аң-таң қалып отыр,
Құлағын нақ естуге салып отыр.
Жалған деуге болмайды жанды дәлел,
Болған істің бәрі ойға қонып отыр.

Патша айтты: — Ал, Ясаж, көзіңді аш,
Ағаң менен жеңгеңе қылыпсың қас.
Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам,
Арамдық істеген жан әзелде оңбас.

Мағрипа да пердесін жұлып алды,
740 Таңырқатты отырған тірі жанды.
Үшеуі қастық қылған Мағрипаның,
Емдеуімен жазылып аман қалды.

Көрісті ол Сәлихпенен, құшақтасты,
Жылады екеуіне, жұрт шуласты.
Шаһар халқы құрметпен қошаметтеп,
Неше күн сауық құрды көп дуласты.

Қашанда қара ниет қастық оңбас,
Әділеттіктік аты арып, тоны тозбас.
Бір мезгіл жанталасқан жалақорға,
750 Бір айналып кезегі келмей қоймас.

Көкек пен Зейнеп

Өте әрі шақ — ертеде,
Мінетін кез керкіге*.
Құстар тілін білетін
Жандар бопты Меккеде.
Сол жандардың талайы
Құспен бір боп мекенде
Құс өмірін ұғыпты,
Білсін десіп бұл пенде.

10 Тартса да олар бейнетті,
Құс қасынан келмепті.
Сонда олар көріпті
Көкек пенен Зейнепті.

Ғашық екен екі құс,
Өздері тым келбетті.
Қосылып ұя сала алмай
Кезіпті кеп жер-көкті.
Құстың зарын естіген
Адам жанын тербепті.
Сонда адамның жаны ашып,
20 Көзінен жас селдепті.
Ғашық құсқа жыр арнап,
Жаратқанға еңірепті:

«Аспанменен зымынды
Жаратыпсың Жасаған.

* Керкі - керік

- Айды күннің нұрына
Қаратыпсың Жасаған.
Ұжымақ пен тозақты
Жұп жараттың Жасаған.
Өрқайсысына лайықты
30 Жұрт қараттың Жасаған.
Қасиетіңнен Жүсіпті
Ғашық етіп Жасаған.
Зылиханы сен оған
Мәшүк еттің Жасаған.
Асан менен Үсенді
Тең жараттың Жасаған.
Даңқын оның әлемге
Кең тараттың Жасаған.
Ғаріп пенен сәнәмді
40 Айырылмас еттің Жасаған.
Қызыл гүлден тікенді
Арылмас еттің Жасаған.
Шырын үшін Фархатқа
Тау шапқыздың Жасаған.
Махаббаттың көк гүлін
Аунатқыздың Жасаған.
- Бір жұп құсты телмірттің
Бір-біріне Жасаған.
Махаббатқа жеңдірттің
50 Өз еркінен Жасаған.
Көкекті әкеп Зейнепке
Ғашық еттің Жасаған.
Кіріптар қып бейнетке
Қасіретті еттің Жасаған.
- Жеткізіп енді арманға,
Қоссаңшы басын, Жасаған.
Ғашықтар, сірә, қанған ба,
Тоқтатшы жасын, Жасаған!»
- Етсе де адам тілектер,
60 Еш өнімі болмапты.

Көкек пенен Зейнептер
Іздесуін қоймапты.
Ұя салар жер іздеп,
Аш қап, қарны тоймапты.
Жем жеп қуат тапқан соң,
Тағы ұшуды ойлапты.
Сөйтіп, орман ішінен
Дән теріп жеп жүріпті.
Тұмсығының ұшымен
70 Бірін-бірі сүйіпті.
Маңайында жүрген құс
Келіп бәрі көріпті.
«Неткен ғашық бұлар!» — деп
Қарқылдасып күліпті.

Бір жақ шеті орманның
Теңіз екен шегі жоқ.
Мекендеуге ар жағын
Ұйғарыпты екі дос.
Сондықтан да дән терген,
80 Мақсатына жетпек боп.
Қанша құстар теңізден
Өлген екен өтпек боп.
Өл болмаса денеде
Түскен суға топ-топ боп.
Бұл сабақты ұққан соң,
Алмақ болған топ-тоқ боп.

Дән теріп жеп екеуі
Көп жолдарды кешіпті.
Жеген дәні таңдайға
90 Тым-ақ татып кетіпті.
Көні кепкен байғұстар
Бас көтермей жесіпті.
Жүре-жүре екеуі
Мүлде адасып кетіпті.
Уәде еткен ұшар шақ
Өлдеқашан өтіпті.
Бірін-бірі таба алмай

Көп жапалар шегіпті.
«Қайда кеттің әкау?» — деп
100 Мұң-мінәжат етіпті.

Мәшүғы болған Зейнепке
Жолығып бір мақұлық,
Сұқтап тұрып қос көзін
Ишарат қыпты шақырып.
Шақырғаны сол екен
Қорқылдапты бақырып.
Ала-жасыл түкті екен,
Қалыпты Зейнеп жақтырып.
110 Айнып досы Көкектен
Қозыпты нәпсі шатылып.
Көзі оның тартқан соң,
Барыпты жақын атылып.
Әлгі мақұлық дәл сонда
Келіпті шөпті жапырып.
Құйрығымен бір соқса
Қалыпты Зейнеп бақырып.
Кетіп те қапты есінен,
Көзінен оты шашылып.
Мақұлық сазға жөнепті,
120 Өз бейнесін жасырып...

Бұл жайттан хабарсыз
Көкек кеткен бір бөлек.
Қалып жалғыз амалсыз,
Алаңдады ол өте ерек.
Көп тосса да келмеді,
Сау болса егер жетер ед.
Келмеген соң Зейнепті,
Көп іздеді не керек.
Ешбір жерден таппады,
130 Көзден жасы себелеп.
Қайтып келді жағаға,
Ұшуға енді ентелеп.
Уағында ұшып өтпесе,
Дауыл тұрмақ бір мезет.

Өткенінше ол дауыл,
Күтпек керек көпкешек.
Сондықтан тез қамданып,
Қақты қанат шетке кеп.

140 Ұшты Көкек заулатып,
Қатты сермеп қанатын.
Қанаты жел аңыратып,
Екпіндетіп қағатын.
Қос жанары қызарып,
Бейне шоқтай жанатын.
Беталысты түзеген,
Межелі жерге баратын.
Асты теңіз, үсті аспан
Қара жер жоқ қонатын.
150 Кезігіп кейде шағала,
Қиқылдасып қалатын.
Сөйтіп, Көкек ұшқанда,
Зейнепті ойға алатын:

«Қош, қош енді, Зейнебім,
Еш болмасын еңбегің.
Жем қуалап кетіп ең,
Өз уағында келмедің.
Көп іздеумен өзінді
Арып-шаршап терледім.
Қайда кеттің, не болдың,
160 Хабарыңды бермедің?!
Сонан тағат қыла алмай,
Сапарға қанат сермедім.

Құрсағыңды тойғызсаң,
Артымнан заулап келерсің.
Шырғалаңға жолықсаң,
Ақылменен жеңерсің.
Өз нәпсіңе берілсең,
Мені неге теңерсің?
Онда жойып сенімді,
170 Артымнан қуа келмейсің.

Олай болсаң, әрине,
Уағдамызға не дейсің?
Тек қиямет болғанда,
Бет-жүзімді көргейсің.
Еске алсаң сен дағы
Дәл осылай дегейсің!..

Айтарым сол, Зейнебім,
Теңіз үсті еңіредім.
Қарасам да артыма
180 Зарықтырдың, келмедің.
Қайтуға енді шамам жоқ,
Айдынның көбін ендедім.
Жете қонам өлмесем,
Көріп жердің сербегін.
Келсең мені іздерсің,
Қыдырып орман белдерін.
Тірі болсам сенің де
Білінер маған келгенің.
Сонда басты қосармыз,
190 Тыярмыз жасын еңіреудің...»

Махаббатты, тілекті,
Ғашық отты жүректі
Әл-дәрмен қып өзіне
Ұшуын Көкек үдетті.
Күндер өтсе нұр сеуіп,
Қоп-қоңыр боп түн де өтті.
Осыменен неше күн
Өтсе дағы білмепті.
Ақыры бір кешқұрым
200 Көрді адырлы бір бетті.
Жетіп соған қонды да,
Сапарын сәтті түгетті.

Дән теріп жеп азырақ,
Кетті тәтті ұйқыға.
Таң атқанда жадырап
Қапты бойы, тұрқы да.

Су бойынан су ішіп,
Қарап еді сұрқына.
Тәп-тәуір-ақ жүдепті
210 Топшысы келмей ырқына.
Мұнда аз күн дем алды,
Келгенінше сиқына.
Ыстық аптап, мол дәндер
Келтірді тез шырқына.
Сонан Зейнеп! Зейнеп! — деп,
Мұң-зар етіп бұлқына,
Кезді өңірін бұл жердің,
Танысып ел-жұртына.

Мақұлықты көрген соң,
220 Зейнеп айнып Көкектен,
Қорқылдаған даусынан
Нәпсі қозып, ес кеткен.
Білмеді қанша жатқанын,
Зіл болып бойы меңдеткен.
Есі кіріп көптен соң,
Іздеді оны төңіректен.

Көрінбеді көзіне
Жасыл ала мақұлық.
Қыжалат боп өзі де
230 Қиял сүрді отырып.
Ойланды ол өз жайын,
Көзін жасқа толтырып.
Қиялында ол көрді
Батыр Көкек тұлғасын.
Пұшайман қып сенделді,
Ап қашқандай бір басын.
Тағы да кетті есінен,
Көңілінде көріп қимасын.

Сонда әлгі мақұлық
240 Жатыпты аңдып Зейнепті.
Өзінше көп ой сапырып,
Былайша қиял тербепті:

«Мынау байқұс талма ма?,
Әлі есіне келмепті.
Миы ауысып қалған ба?
Көзінен жас селдепті.
Көрсеқұмар жан екен,
Іздеген ылғи ермекті.
Маған да сүзіп жанарын,
250 Көңіл күйін тербетті.
Көрмесе тағы безеген
Көрінеді әйтеу жер бетті.
Опалы емес түбінде
Болса да өзі келбетті.
Әлсін-әлі ессіз боп,
Сол ғұрлы бұған не жетті?!
Тек сәп салғам қиылып,
Оған менің нем кетті!» —
Деп құрқылдап тағы да
260 Шөпке сіңіп ол кетті...

Көптен кейін Зейнеп те
Келді есіне қайтадан.
Көзін тастап төңірекке,
Құбылып бір айтады ән:
— Мен не болдым, апырым-ау,
Көзіме немене көрінді?
Қайда кеттің асыл-ау,
Көрсетші бір көзіңді?
Көріндің де жоқ болдың,
270 Не қылдым мен сол ғұрлы?
Жасыл ала келбетің
Көріндің сонша порымды.
Соңыма, сірә, түспесең,
Тосып ең неғып жолымды?»

Деді дағы «үһ-үһ!» деп,
Олай-бұлай толғанды.
Тамақтары бүлкілдеп,
Тағы бір ой ойланды.

280 «Сұлу сұлу емес-ті,
Сүйген сұлу, түбінде.
Жоғалтыппын мен есті,
Нәпсіні қиған күйімде.
Опасыздық болар бұл,
Көкегім қайда бұл күнде?
Оны іздеп табайын
Есім қайта кіргенде.
Ар жаққа ұшып кетпекші ек,
Жүр екен ол не күйде?» —

290 Деді де ол қомданып,
Қанат қақты аспанға.
Ұша жүріп ойланып,
Көп жер кезді сасқанда.

Кезді шөлді, даланы,
Орман, тауды, адырды.
Талмай қанат қағады,
Өтіп Көкек қадірі.

300 «Көкек! Көкек!» десе де
Айналып кең жер-көкті.
Қаншалық жер кезсе де
Таба алмады-ау Көкекті.
Көрінбеді көзіне
Шын ғашығы — Көкегі.
Әлсіреді өзі де,
Кетіп мұңмен кетеуі.
Зарын тыңдап көргендер,
Іш ауыртып кетеді.
Тілеу тілеп тағдырға,
Шын мінажат етеді:

— «Көкек пенен Зейнепті
310 Жұпты етіп ең Жасаған.
Көп көрсеттің бейнетті
Жеке еттің де Жасаған.
Көрсеқұмар болам, — деп,

- Жалғыз қалды бұл Зейнеп.
Тауып алды басына,
Мәңгі арылмас мол бейнет.
Өзгеге ой бөлдің, — деп,
Жалғыз қойдың Жасаған.
Ала ниет болдың, — деп,
320 Айырдың жұбын Жасаған.
Досыңды таба қылдың, — деп,
Назаландың Жасаған.
Опаға жапа қылдың, — деп,
Жазаладың Жасаған.
Өзгеден үміт күттің, — деп,
Айыптадың Зейнепті.
Қорылдай болсын жұптың, — деп
Тартқыздың оған бейнетті.
Ала көңіл болғанды
330 Аямадың Жасаған.
Соңынан қылған ойлауға
Қарамадың Жасаған.
Көкек кетті Зейнебім,
Келеді деп Жасаған.
Оған мұрсат бермедің
Сенеді деп Жасаған.
Осыменен айырылды-ау,
Көкек, Зейнеп Жасаған.
Қанаттары қайрылды-ау,
340 Тартып бейнет Жасаған!»

- Жер-әлемді айналып,
Келді Зейнеп жеріне.
Мақұлықты ойға алып,
Басты аяғын еріне.
Көрмеген соң ештеме,
Қарқылдады керіле.
«Тағы кеппін адаспай,
Көңіл қосқан жеріме.
Көрінбейді сұлу жан,
350 Кеткен бе екен еліне?» —
Деп тұр еді күлімдеп,

Қоғалы саз бойында.
Үн қатты оған мақұлық,
Тұрып жардың қомында.

Мақұлық:

— Өзі сұлу, ділі нас,
Дән тересің қалып аш.
Қараң бопты-ау күндерің,
Дертінді төк қарындас?

Зейнеп:

— Сұлу да сұлу перімін,
360 Қам-қайғыдан жеримін.
Сұлу жанды көргенде,
Қаштың қайда серігім?

Мақұлық:

— Көре салып қызықтым,
Отына түсіп үміттің.
Сонда арсалды болып ең,
Қалайынша ұмыттың?

Зейнеп:

— Құс сұлуы нәзік ем,
Көріп естен танып ем.
Өртеніп ем дертіңнен,
370 Сенбейтұғын нағып ем?

Мақұлық:

— Айтқаны ылғи жалған-ды,
Сүйген жардан танған-ды.
Көрсем аулақ безінем,
Қиянат жолға барғанды.
Жан екенсің осындай,

Көріп көзім қанған-ды. —
Деді де ол құрқылдап,
Кетті ұшып пырылдап.
Қалды Зейнеп сол жерде,
380 Тырнап бетін жырымдап.

Өтті уақыт, кеш болды,
Ұшты Зейнеп далаға.
Еңбегі оның еш болды,
Жүрегі толып жараға.

Өкінді қылған ісіне,
Көкек кіріп түсіне.
Келді ұшып теңізге,
Сиынып бойда күшіне.
Ұшты олай, бұлай да,
390 Атын атап Көкектің.
Өтуге жүрек шыдай ма
Көрместен теңіз о шетін.

Ұшты үміті торығып,
Қорқып шексіз айдыннан.
Қалды өзі де зорығып,
Әлсіреген қайғыдан.
Жүрді жерді шұқынып,
Олай-бұлай жорғалап.
Келді сонда шұқшиып,
400 Қорылдай да шырғалап.
Зейнеп дереу оңшалып,
Сылаң қақты жасанып.
Отырмады томсарып,
Күлімдеді қарсы алып.
Мың бұралды назданып,
Басы төмен еңкейіп,
Екпеттеуге аз қалып,
Көрсетті артын теңкейіп.
Шық-шық етіп қорылдай,
410 Жүрді айналып қасында.
Тұмсығымен жақындай,

Түртіп қалад басына.
Сөйткен сайын еңкендеп,
Зейнеп мойнын иеді.
Тұмсығымен өңмендеп,
Қорылдайды сүйеді.

Сөйтіп, Зейнеп ұнатқан,
Қорылдайға жұпты боп.
Жұмыртқа да ол тапқан,
420 Қорылдайдан жүкті боп.
Өтті күні осылай,
Қайғы-дерті ішінде.
Көкекпенен қосылмай,
Кезіккен тек түсінде.
Өңкі-тәңкі боп басы,
Ұшып жүрер «Көкек!» деп.
Қорылдайдай жолдасы,
Жүреді арттан секектеп.
Жұмыртқасын баса алмай,
430 Тастап кетіп қалады.
Басып оны қорыдай,
Аздап ұрпақ алады.

Осыменен өсе алмай,
Келген Зейнеп ұрпағы.
Екеуі сыр шеше алмай,
Бір-бірінен бұлтарды.
Қорылдай кетсе алысқа,
Яки қалса ол ұйықтап.
«Көкек!» деп Зейнеп шақырса,
440 Қалады екен тыныстап.
Бұны біліп қорылдай,
Жүреді екен шеткері.
Сонда Зейнеп сорлыдай,
Тырнайды екен к...н.
Кейде танып есінен,
Төгеді екен дерттерін.
Құстың тілін білетін
Жандар көріп бұларды,

- Қылығына күлетін.
450 Айтып талай сырларды:
«Көкекке ғашық боп Зейнеп,
Тау мен таста сайрайсың.
Тартсаң дағы зор бейнет,
Неге атынан танбайсың?
Опа қылмай уәдеге,
Неге оны алдайсың?
Мақұлыққа көз тастап,
Неге жолдан азғансың?
Көрсеқұмар, арты бос,
460 Өзің де сорлы жазғансың.
Сол үшін де Көкектің
Қарғысына қалғансың.
Көкек! Көкек! Көкек!... деп,
Қанша айғай салсаң да,
Көре алмайсың Көкекті,
Ақыретке барсаң да.
Саламын деп ұяңды,
Қыдырдың-ау көп шетті.
Қылма қысыр қиялды,
470 Таба алмайсың Көкекті.
Көкек десең ішіңнен,
Сасық бір леп тарайды.
Қорылдайың шиқылдап,
Талып саған қарайды.
Енді Зейнеп сен үшін
Қажеті тек қиямет.
Көкек саған қарамас,
Сен жасадың қиянат.
Ғашық-мәшүк болғанды
480 Айыра алмас машақат.
Көңілі жақын достарды
Бөле алмайды кесапат.
Опасыздық, батпақты
Сен кешіпсің белшеңнен.
Мәңгі жапа тартпақты
Көтеріпсің желкеңмен.
Махаббат бір шам болса,

- Опа оның майы ғой.
Опасыздық нәм болса,
490 Ол өлімнен ары ғой.
Опасыздық, адамдық
Армен мүлде шығыспас.
Адамға керек адамдық,
Қиындардан ығыспас...»
- Осыны айтып құсшыл жұрт,
Сықақ етіп Зейнепті.
Айтқан талай насихат,
Ұрпақтарға өнекті.
Сонда олар Көкекті,
500 Мүсіркеген еске алып.
Жырлар айтқан не текті,
Ғашықтарды бетке алып.
«Көктемеде бау-бақта
Көкек тынбай сайрайсың.
Көңілің ауып жар жаққа
Қанат — шалғың қайрайсың.
Зейнептің күйік отымен
Күндіз-түні аңырайсың.
Ләйлі менен Мәжнүндей
510 Көрісsem деп зарлайсың.
Зейнеп тектес құс көрсең,
Сол ма екен деп қалмайсың.
Бүйтіп зарлап жүргенше,
Қасына неге бармайсың?
Қанатыңды қомдап ап,
Өт теңізден екпіндеп.
Көзіңнен жас сорғалат,
Ғашық үшін селкілдеп.
Кейде тіпті кетіп жүр
520 Желке шашың желкілдеп.
Сөз қатасың құстарға
Зейнепті айтып елпілдеп.
Онымен не таппақсың?
Қаласың босқа кеңкілдеп.
Опасыз болса ол Зейнеп,

Несіне оны ойлайсың?!
Зейнеп! Зейнеп! Зейнеп! — деп
Шақырғанды қоймайсың?
Оны ойдан шығарып,
530 Басқамен неге болмайсың?
Естісек Зейнеп о жақтан
Жар тауыпты өзіне.
Қорылдай ма торылғы?
Кіріпті оның сөзіне.
Соныменен жұптасып,
Ұя сапты бұтаға.
Тілімен су ұрттасып,
Тұрады екен жұтарға.
Сол себепті еске алып,
540 Көңіл артпа қитарға.

Көкек, сенің қылығың
Әсер етер адамға.
Ғашық-мәшүк болғандар,
Сені өзіне балауда.
Естіп көрсең жырларын
Сан жетпейді оларға:
«Зейнеп! — десең, о, Көкек,
Қарс айрылар жүрегің.
Өзіңді етіп мен өрнек,
550 Ғашықтық жолда жүремін.
Сенің халің мүшкіл-ақ,
Жүрегім шын жыртылар.
Естілгенде үнің нақ,
Сай сүйегім сырқырар.
Сен секілді менің де
Адасқан бір жарым бар.
Ғашық оты кеудемде
Жанар тауша жарылар.
Зейнеп десең көп сайрап,
560 Келер менің құмарым.
Жүрем сенше мен зарлап,
Табылмаса жұбайым.
Сен секілді, о, шіркін,

- Болса ұшар қанатым.
Болмас едім мен міскін,
Едім ғой жарды табатын.
Дертін жаман болса да,
Дертіме менің жетпейді.
Жарды деп жүзін болса да,
570 Солғаның менен өтпейді.
Ғашықтың жолында
Жаным құрбан болсын, — деп.
Шыға қалың сорым да,
Жүрер жолым оңсын, — деп.
Махаббат бір пәле екен,
Кетпес бастан айналып.
Ғашығы жоқ білмес-ті,
Тұрады тек таңғалып.
Қанатыңды серіпсең,
580 Отың қозып желпінер.
Мен отымды желпісем,
Лаулап жалын өлтірер.
Сен ағашта сайрайсың,
Ғашығыңды ойға алып.
Мен жырласам қанбайсың,
Әуенімен толғанып.
Самғап көкпен барғайсың,
Кім жолыңа қас қылар.
Сәлемімді алғайсың,
590 Ғашығыма тапсырар.
Мен де жолдан адастым,
Мен секілді жар іздеп.
Өзен кешіп, тау астым,
Айтқаннан соң парыз, — деп.
Көкегісің сен құстың,
Мен көкегі адамның.
Сеніменен тең түсіпті,
Сенімен бір қадамым.
Зейнеп деп сен зарласаң,
600 Мен жарым деп жылаймын.
Сен іздеуге бармасаң,
Мен іздеймін, сұраймын.

Құдай бізді демесін,
Демесін де жебесін.
Қиямет күні болғанда,
Көрсетер бір төбесін.
Сонда жетіп арманға,
Сүйген жарды көрерміз.
Қош айтып бұл жалғанға,
Зарлай-зарлай өлерміз.
Ғашық жолы — отты жол,
Жалынына жандырар.
Арманына жетсе қол,
Өлсе де жанын қандырар...»

Осыменен бұл қисса,
Тамам болды қараңыз.
Құстар ісі болса да,
618 Жан ісіне балаңыз.

Қойшы батыр

Бір байға Қойшы батыр жалшы болған,
Қапамен жүрегі оның шерге толған.
Ойы оның батырлықпен ел қорғамақ,
Жігіттің кезі еді әбден толған.

Жас Қойшы осы істі армандайды,
Көңілі қой бағуды ар ойлайды.
«Арыстанмен айқасып, жолбарыспен
Шайқасып, күш сынасам», — деп ойлайды.

10 Далада қорықтық қып сүтін ішті,
Қиялдап ойына алды әрбір істі.
Шетіне саптыаяқтың қаптап келіп,
Күн ыстық, қара шыбын қона түсті.

Сабымен пышағының қалды ұрып,
Шыбынды үймелеген салды қырып.
Санаса, қанша екенін білмек болып,
Өлгені дәл бір жолғы болды қырық.

Ойлады: «Бір жолда өлді қырық қатып,
Батырлар мақтанады бекер шатып.
Қолыма қылыш алып шапсам жауға,
20 Қалмай ма қызыл қанға бір-ақ батып.

Сонымен жайылмай ма батыр атым,
Жаралған қасиетті адамзатпын.
Халықтың жауын жеңсем ұрыс салып,
Алғысын алмаймын ба жамиғаттың».

Бай білді бұл қойшының тұрмастығын,
Сөзінің бұрынғыдан қиғаштығын.
Қақысына жиырма қой, бір ат беріп:
— Ақың жоқ, — деді, — енді соқыр тиын.

Ат мініп тумысында ол көрмеген,
30 Ат жетектеп, қой айдап жүре берген.
Белгісіз қаншалықты жол жүргені,
Салынған бек тамаша шаһар көрген.

Шаһарға тура келді қойын айдап,
Көңілінде әрбір істі келеді ойлап.
«Соқтыртып ұстаға алмас қылыш,
Берейін осы қойды соған айдап.»

Бар екен бір бұрышта қалың ұста,
Қолөнері артылған осы тұста.
— Қақысына жиырма қой мен беремін,
40 Бір қылыш соғып бер, — деп айтты қысқа.

Тиеді жиырма қойға неше қылыш,
Ұстаға қиын емес мұндай жұмыс.
«Мақұл» деп сөз қайырмай соқпақ болды,
Ұсталық кәсіп еткен пайда қуғыш.

— Қынабы жақсы болсын өрнек салған,
Жан жолдасым етпекпін қолыма алған.
Жазу жаз қынабына әдемілеп:
«Бір жолда қырық адамның басын алам».

Қойшы батыр соны айтып, кетіп қалды,
50 Уағдалы күні де жетіп қалды.
Айтқандай даярлап қойған екен,
Қойшы алуға қылышын жетіп барды.

Қылышын алды дағы қойшы кетті,
Бір иен қалың орман сайға жетті.
Ат мініп өмірінде көрмеген жан,
Жетелеп атын жаяу тентірепті.

Арқандап атын Қойшы қалды жатып,
Ұйқыға шаршаған соң кетті батып.
Оянса, қасында жүр бір-екі адам,
60 Түн түріліп, таң дағы қалған атып.

Өзара бұл екі адам кеңеседі,
— Бұл жатқан бекер адам емес, — деді.
Бір шауып қырық адамның басын алса,
Мұнымен қандай адам теңеседі.

Бұлардың сөзін естіп «батыр» жатты,
Екі адам мұны көріп басы қатты.
— Оятып сөйлессек, — деп біреуі айтса,
Біреуі айтты: — Ашуы болар қатты.

Екеуі кетпек болды енді қашып,
70 Атына мінбек болды асып-сасып.
Қапыда сасқалақтап бірі барып,
Батырдың бір аяғын қалды басып.

Қылышын қойшы батыр қолына алды,
Тұра ұмтылып, аянбай сілтеп қалды.
Шайқасы тұңғыш рет сәтті болып,
Бірінің қойшы батыр басын алды.

Жөнелді енді бірі жан сауғалап,
Артынан Қойшы батыр тұрды қарап.
Қуғанмен жаяу оған жете алмас-ты,
80 Өзірше атқа міну ауыр талап.

Күн шыға ат жетелеп тағы жүрді,
Тау көркін тамашалап бәрін көрді.
Батырды алып ұшқан асқақ арман,
Сондықтан қанша жүрсе ерінбеді.

Күн батқан соң бір иен жерге келді,
Болуға «тау қыраны» буған белді.
Ер жастап, жұлдыз санап жатыр еді,
Алыстан жарқыраған бір от көрді.

Ойлады: «Ел болса егер барайын, — деп,
90 Бір хабар не де болса алайын, — деп.
Егерде жасанған ел жауым болса,
Жайратып бәрін қырып салайын, — деп».

Қараса әлгі жарық қозғалады,
«От алып кім кезеді бұл даланы?
Анықтап не екендігін айырып ап,
Артынан іс қылайын», — деп ойлады.

Әлгі от бірте-бірте келді жақын,
Анықтап батыр отыр байқап артын.
Қараса шам ұстаған жалғыз адам,
100 Қасына келіп түсті байлап атын.

Шамды қойып күрекпен қазады жер,
Топырақ үйіп жатыр шығарып тер.
Баспалап Қойшы батыр көріп отыр,
Сабырлы баспайтұғын ол дағы ер.

Әлгі адам жер үңгірдің бетін ашты,
Қойшы көрді бір сұлу қалам қасты.
— Сүйесің бе мені? — деп зекіреді,
Билік жоқ қыз байғұста, төкті жасты.

Қызды ол шапалақпен бетке тартты,
110 Қойшы батыр баспалап қарап жатты.
Бір шыны су, бір тілім нан берді де,
Үңгір ауызын қызды сап, қайта жапты.

Жапты да қайта кетті келген ізбен,
Ғажайып іс кезікті жапан түзден.
Жетелеп қойшы атын, жүрді артынан,
Соңында не боларын көрмек көзбен.

Осылай екеуі де кетті жүріп,
Аңғармады қойшыны ол да біліп.
Алдыңғы адам бұрындау келді дағы,
120 Бір үлкен қақпаға кеп кетті кіріп.

Қақпаның ол есігін алды жауып,
Қойшекең кіре алмады ебін тауып.
Дем алды атын ұстап сол арада,
Кезі екен түн ортасы қалған ауып.

Күн шықан соң төңірекке көзін салды,
Жиналған анық көрді барша жанды.
Алып қамал ішінде бір шаһар тұр,
Салынған ғимараттар түгел сәнді.

130 Бұл шаһар да бір ханның қаласы екен,
Хан қызы көп адамның таласы екен.
Із-тозсыз ханның қызы жоғалыпты,
Қойшы көрген қыз ханның баласы екен.

Ел-жұрт боп бұл қызды көп іздепті,
Қойшы көрген хабаршы ханға жетті.
Хан дағы намыспенен қаһарланып,
Тәуекел батырларға үкім етті.

Іздеген бағанағы екі батыр,
Біріне түспеп пе еді «заман ақыр».
Қашқаны ханға келіп хабар берді:
140 — Орманда жан көрмеген бір дәу жатыр.

Жолдасымның бір шауып басын алды,
Қашып зорға құтылып жаным қалды.
Деп жазған жазуы бар қылышында:
«Бір шауып қырық адамның басын алды».

Қызынды табар болса осы табар,
Көпті көріп, көп жортқан адам болар.
Сол адамды бір тауып сөйлесуге
Ханға кеп жеткізеді анық хабар.

150 Мұны естіп хан жұртына етті бұйрық,
Келтірді уәзірлерін жұртты жиып.
«Қызымды кім тапса егер, сол адамға,
Беремін разылықпен неке қиып».

Тағы да бір батыр бар жапан түзде,
Алыс емес шаһарға осы кезде.
Көрген адам хабарын маған айтса,
Беретін сыйлығым көп тағы сізге.

Шаһарға хан салғанда солай сүрен,
Ат жетелеп бұл топта батыр жүрген.
— Бұл не қылған көп адам, не қылған іс? —
160 Деп сұрайды көрінген әрбіреуден.

Біреу айтты: — Хан қызы жоғалғанын,
Оны іздеп жұрттың бәрі сандалғанын.
Кім тапса, қызын соған бермек болды,
Білмеді жұрт ол қызды кім алғанын.

«Дәл екен одан түнде көрген қызым,
Мен барып ханның енді көрсем жүзін.
Табам деп ханға барып уағда беріп,
Бұйырса, мен аламын осы қызын». —

Деді де ханның тартты ордасына.
170 Қалың ел қаумалаған ортасында.
Ұстауға ешбір адам бата алмайды,
Көрген жан сүйінеді тұлғасына.

— Хан ордасы қай жерде? Ханға барам,
Болмаңдар маған, жұртым, ешбір алаң!
Жетелеген екі аттың біреуін танып,
Жүгірді жолдасы өліп, қашқан адам.

Құрақ ұшып қойшыға сәлем берді,
— Көретін күн болды-ау, — деп, — сіздей ерді.
Бері қарай жүріңіз, — деді дағы,
180 Сүйінші сұрап батыр ханға келді.

Хан дағы қарсы алды оны өзі шығып,
Үй берді жатуына ол тынығып.
Алдына неше алуан қойды тағам,
Күтушілер иіліп қол қусырып.

Хан келді қасына оның жөнін сұрап,
Батыр да хан бетіне қойды қарап.
— Жөнімді әзір менің сұрамаңыз,
Айтыңыз, қоятұғын болса талап.

190 Хан айтты: — Көпті көрген сіз бір дана,
Бірі істен менің көңілім болды ала.
Бар еді жалғыз қызым әлпештеген,
Жоғалып табылмады бар ма шара?

Жұрт жиылып қызымды көп іздеді,
Ат жетер аралады жапан түзді.
Бір тапса, көпті көрген сіз табар, — деп,
Осы үшін шақыртып ем әтей сізді.

200 Халыққа бұл жұмысты жария еттім,
Айырылып жалғыз қыздан запар шектім.
Қызымды кім тапса, егер, бермек болып,
Осылай бұл жұмысқа уағда еттім.

Сөйледі сонда тұрып қойшы батыр:
— Мен табам уағдаңда тұрсаң ақыр.
Қасыма сайманымен дайын болсын,
Жүретін бірге ілесіп қырық батыр.
Табамын бүгін түнде қызды барып,
Келемін ордаңызға ертең алып.
Уағында осы болсын сізге айтар,
Жүрмеңіз іс біткен соң серттен тайып.

210 — Хан басым қағыс кетсе болар қара,
Бұл іске алаң болма, батыр бала.
Қызымды тірі тауып келсең болды,
Қосамын шын ниетпен саған ғана.

Жол тартты қойшы батыр тура бастап,
Көрген жер көкірегінде түнді жастап.
Қасына дәл құдықтың барғаннан соң,
Қоршау қып сабаздарды қойды тастап.

Сайлауыт қырық батыр дайын тұрды,
Қойшы батыр бағып тұр келер жолды.
Мезгілі таянғанда келетұғын,
220 Алыстан кәдімгідей шам көрінді.

Келді де ор басына жеделдетіп,
Ол қазды қара жерді екпіндетіп,
Тереңдеп есігіне таяғанда,
Тұс-тұстан қырық батыр келді жетіп.

Ұстады қалың адам мұны әрең,
Ол дағы батыр екен асқан ерен.
Сондықтан ханның қызын алып қашып,
Өзінің алмағына әбден сенген.

Алысып жан үздірді бір қаншасын,
230 Ол жалғыз, қарсы жақ көп не қыла алсын.
Ақыры қойшы батыр жеңіп шығып,
Жалғыздың сол арада алды басын.

Шығарып құдықтағы қызды алды,
Мақсаты ойындағы орындалды.
Бөлентіп қуанышқа патшаны,
Табыспен қойшы батыр қайтып барды.

Патша орындамақ айтқан сөзін,
Батырға тойын жасап бермек қызын.
— Өзірше той жасауға асықпа, — деп,
240 Батыр да сабыр сақтап ұстады өзін.

Бұл ханның көптен асып даңқы артқан,
Теңескен бір патша бар жақын тартқан.
Кезінде осы қызға құда түсіп,
Алуға елші салып сол сұратқан.

Елшіге патша жауап бере алмаған,
Өйткені қыз жоғалып болған алаң.
Жағдайды содан бергі баян қылып,
Сөйлейін екі сөзді екі ханнан.

Көрші хан сөз сөйлеген ашуменен,
250 — Іс екен жаралғаннан мен көрмеген.
Кемітіп патша атымды керек етпей,
Атақсыз бір қорашқа қызын берген.

Осыны айтып, шақыртты уәзірлерін,
Түсірмек едім ханнан жақсы келін.
Барындар ханға тағы елші болып,
Қыз бермесе, соғысар айтсын жерін.

Соғысқа қапы қалмай дайындалсын,
Әйтпесе қызын беріп «қалың» алсын.
Біліңдер қайсысына мақұл екен,
260 Екінің бірін таңдап өзі ойлансын.

Кідірмей бұл хабар да ханға жетті,
Естіген ел-жұртынан зәре кетті.
Хан жинап уәзір мен манаптарын,
— Амалын табындар, — деп жарлық етті.

Уәзірлер айтты: — Мұны күйеу білсін,
Ортаға шақырыңыз ол да келсін.
Ақылмен амал тауып шешу керек,
Өкінер іс болмасын қара дүрсін.

Ақылын, ханеке, оның алғаның жөн,
270 Еш адам ол кісіге келе алмас тең.
Соғыстан қорқып қызды бергеніменен,
Іс тауып алмайық біз онан үлкен.

Шақырып батырдан хан ақыл алды,
Өзің шеш деп ауыр жүк салмақ салды.
— Соғысса, соғысайық, қорқамыз ба, —
Деп батыр қыз беруге намыстанды.

Ол сонда патшаға қойды талап,
— Соғыста мен мінетін атты жарат.
Темір ер-тұрмандары берік болсын,
280 Қауіпсіз мінетұғын тепкішек сап.

Атыңыз жүйрік болсын қуса жетер,
Еріңіз бос болмасын ұрса кетер.
Жиыңыз әскерлерді сайлауыттан,
Жатпайық енді қарап біз де бекер.

Патша әмір қылып, әскер жиды,
Батырды қалың қолға басшы қойды.
«Жүрмесін, — деп, — қапыда жазым қылып»,
Сақтанып неше жерден күзет қойды.

Соғысқа екі жақ та дайындалды,
290 Хан үшін қан төгуге ел сандалды.
Хан кәперсіз сарайда жатыр шалқып,
«Табар, — деп, — күйеу балам бір амалын».

Жүйрік ат, ер, тепкішек дайын болды,
Падиша бастап келді қалың қолды.
Батырға кәукелектеп құрақ ұшып,
Әскерлер сапырылып оң мен солды.

Ылажсыз батыр сонда шықты жауға,
Өз ойы кету еді қашып тауға.
Күзеті ханның қойған күшті болып,
300 Бұл ойын болмады әсте орындауға.

Жетелеп жаяу жүрді бозжүйрікті,
Майданға екі жақ та жиылыпты.
Жасанып келген жаулар қарап тұрмас,
Батырлар бастап кетті жекпе-жекте.

Айқасып қарсыласты нелер мықты,
Бірі шауып, біреуі найза тықты.
Ерегескен екі ердің біреуі өліп,
Хан үшін талай адам қанын төкті.

Күйеуге кезек келді енді ақыр,
310 Таусылып өз жағынан жеке батыр.
Мінгізді тұлпарына тілек тілеп,
Аяқ сап тепкішекке мінді батыр.

Жөнелді алып қашып әлгі жүйрік,
Тұлпар ед жарап тұрған күйі келіп.
Қуанды қарсы жағы «қашты анау» деп,
Қайын жақ «қырар, — дейді, — қайта келіп».

Ат кетті сайға таман құйын болып,
Қалың жұрт таңырқап тұр мұны көріп.
Иілген түбі шірік бір қарағай
320 Көлденең ер алдына қалды ілініп.

Қопарды қарағайды аттың күші,
Темір ер ашамайлы берік ісі.
Айналып ат қайтадан топқа шапты,
Белгілі болды осылай «батыр күші».

Екпіндеп келед шауып қарсы жаққа,
Қайын жақ айтып жатты «құдай сақта!».
Өңгерілген қарағай көрген кезде
Ығысты зәресі ұшып қарсы жақ та.

Сөйткенше қалың жауға кетті кіріп,
330 Ұғар емес біреуді-біреу біліп.
Есі кетіп, соғылып қарағайға
Адамының бір қаншасы жатыр өліп.

Өңгерген теңселеді ен қарағай,
Үйіріп жүргендей-ақ батыр солай.
Екпінмен ағаш соққан кездерінде
Бірге ұшты атыменен адам талай.

Қарсы жақ жапырылып тұра қашты,
Күйеу жақ ұран салып қуа шапты.
Тұлпар да ауыр жүкпен көп шапқан соң,
340 Болдырып осы кезде тұрып қапты.

Қойшы батыр тізгінді алды қолға,
Басын бұрып жүйрікті салды жолға.
Батырдың алдындағы қарағайды
Әскерлер алды жерге әрең, зорға.

Жүйріктің батыр сонда басын тартып,
Қуанды жеңісіне тасып-шалқып.
Қайын атасы батырға жіберді адам,
— Қумасын қашқан жауды, келсін қайтып.

Жіберген адам жетті құрақ ұшып,
350 Батырға тағзым етті аттан түсіп.
Оралып батыр қайта келген кезде,
Ел жетті таңғалып, таңырқасып.

Батырға барлық елдің көңілі толды,
Шайқасы сәтті болды неше жолғы.
Хан дағы күйеуіне дән риза,
— Жеңімпаз батыр екен, — деп, — ақ жолды.

Ойлады осы кезде қойшы батыр:
«Дүние бастан талай өтіп жатыр.
Ат мініп, қарағайды мен өңгердім,
360 Қырық емес, сан қырықтың басы жатыр.

Әуелі бір батырдың басын алдым,
Қыз ұрлаған дәуге де әлек салдым.
Жайын елге жазықсыз соғыс салған
Қатыгез ханнан жұрттың кегін алдым».

Ерлікке көзі жеткен ел иланад,
Ер деп сені таныса ел, кіреді ажал.
Қисынын әр нәрсенің келтіріп тұр,
Жаратқан барша жанды жалғыз Жаппар.

Тынымсыз дүние өтер күреспенен,
370 Жан жасамақ өзіндік үлеспенен.
Сол елден алман алып тұратұғын
Бар екен бір айдаһар құр өтпеген.
Тірі жан болмапты оған қарсы келген,
Он қой мен бір қыз ала жылына елден.
Тізімдеп ел ішінен жас қыздарды,
Келгендер өз кезегі соған берген.

Кезі еді айдаһардың тағы келген,
Шуласып қалмады үрей қалың елден.
Кезегі қыз беретін патша да боп,
380 Сондықтан ел шуласып зар еңіреген.

Падиша ылажсыздан болды мақұл,
Таппаса күйеу бала енді ақыл.
Айдаһарды құртпаса, жұртты қырып
Түседі ел басына заман ақыр.

Хан келіп күйеуінен сұрады ақыл,
— Шарасы табылар ма, ойлан, батыр.
Ар көріп тайсақтаудан батыр сонда:
— Амал бар, қорықпаңыз! — деді ақыр.

«Қайыспай қандай іске мақұл, — дейді,
390 Кім көрген жүрек жұтқан мұндай ерді.
Айдаһар келсе енді алаңсызбын,
Бағыма бұл батырды құдай берді».

Тек, хан емес айдаһар елдің жауы,
Масыл боп ел басына түскен тауы.
«Амал бар» — деп батырдың айтқандығы —
Халық қамы, айдаһар ата жауы.

Отырып қойшы батыр ойға батты:
«Ұрысым бұдан бұрын болды сәтті.
Ат міндім, қылыш шаптым, қызды таптым,
400 Айдаһармен айқасу жанға батты».

Көп ойлап жете алмады ой түбіне,
Кез болды бір қиын іс тағы, міне.
Киініп жеңіл киім, іс тағы, міне,
Түн жастанып келіпті бір иенге.

Тақыр жер, айналасы адыр дала,
Кез болды бір бәйтерек жалғыз ғана.
Таң атып, күн түріліп қалған екен,
Терекке батыр шығып қылды пана.

«Күн ыстық терек басын паналасам,
410 Аялдап осы арада демімді алсам.
Бет түзеп, күн батқан соң тағы жүріп,
Табылар бір бекініс араласам».

Батырға терек басы орын болды,
Екі көзге тығылып, ұйқы толды.
Азырақ көзі ілініп кеткен екен,
Шуылдап бір төбеге адам келді.

Бұл келген патша бастап шаһар елі,
Айдаһар елден алман алар жері.
Күйеуді іздеп бәр жерден таппаған соң,
420 Бергелі қой мен қызды алып келді.

Шаһардан жұрт батырды көп іздеген,
Кетті ме, бірақ, қашып әлде бізден.
Немесе айдаһармен айқаспақ боп,
Жүр ме екен жолын тосып жапан түзден.

Амал жоқ шыныменен кетсе қашып,
Енді айналсақ, уақыт кетеді асып.
Бірер жәрдем батырдан болмаса егер,
Қой мен қыз айдаһарға болар нәсіп.

Патшаның келген осы «жем» бергелі,
430 Жыласып, шуылдасып қалың елі.
Айдаһар дәл теректің түбінде екен,
Үстінде батыр қалғып тұрған еді.

Шулаған ел дауысы кетті үдеп,
«Келеді анау, енді қозғалды», — деп.
Оянып ел дауысынан батыр сонда,
Көз салды айналаға «не болды» деп.

Ысқырысып айдаһар да заһар шашты,
Мұны көріп батырың қатты састы.
Тасаланып бұтаққа қалмақ болды,
440 Өзін жөткеп, қарманып жанталасты.

Ұстаған бұтақ сынып, батыр ұшып,
Үстіне айдаһардың міне түсті.
Көрмеген мұндай істі жаралғаннан,
Адамнан айдаһардың зәресі ұшты.

Ысқырды құйрығымен жер сабалап,
Қалың ел шуласуда «я, Құдайлап!»
«Не деген жүрек жұтқан батыр» еді,
Түннен келген екен ғой осыны ойлап».

Зәрленеді айдаһар тіпті үдеп,
450 Үстінен қойшы батыр емес түспек.
Тақымын барған сайын қатты қысты,
Түсе қалса егер де, өзі өлмек.

Көңілі енді орнықты жүрек тоқтап,
Айдарынан ұстады бірақ шоқтап.
Айдаһар біраз сонда бәсеңдеді,
Құйрығы жер сабаудан қалды тоқтап.

Бар күші айдаһардың айдарда екен,
Қойшы батыр ұстады оны бекем.
Қылыш-қамшы, айдарды тізгін қылып,
460 Мініп ап айдаһарды топқа келген.

Таң қалды көп жамағат мұны көрген,
— Ойпырмай, батыр еді неткен ерен!
Айдаһар астындағы жуасыпты,
Болып ед жаңа ғана құны перен.

— Шапсаңшы енді батыр қылышпенен,
— Алсаңшы басын кесіп енді тезден.
— Мінгенде айдаһарды өзі білді,
Сұрамас шапса ақыл енді сенен.

Мініп ап айдаһарды топ жиынға,
470 Қылышты басып отыр құйрығына.
Сұрады батыр сонда патшадан:
— Айдаһар қыз жұтатын шын осы ма?

Патша басын иіп тағзым етті,
Батырлық таң қалдырды қалың көпті.
Құтқарған көр аузынан ханша да
Батырға өз жаулығын тарту етті.

Арманын ақыр батыр орындады,
Ел қорғау еді баста ойындағы.
Сол жерде айдаһардың басын алды,
480 Айдарды жіберместен қолындағы.

Елінің алды батыр ықыласын,
Халықтың ыразы етіп кәрі-жасын.
Қызын беріп, некелеп падиша да,
Көтерді әскер басқа дәрежесін.

Қойшы еді қорлық көрген бай қолында,
Жүретін қысы-жазы мал соңында.
Қамшылап айдаһарды ат қып мінді,
Талапты ер талаптанған өз жолында.

Бай түгіл, падиша да басын иді,
490 Қызын беріп, көрсетті артық сыйды.
Ер жігіт елдің қамын ойлау керек,
Не қылмақ елден аяп баста миды.

Қорқа жүріп соңында болды батыр,
Егескенге түсірді заманақыр.
Мақсаты қойшы болмай, ел қорғау ед,
Талпынып арманына жетті ақыр...

«Нұр жауар талаптыға» деген рас,
Адамға талаптанбай бақыт қонбас.
Ел үшін жас шағында еңбек сіңір,
500 Кәртегейгенде қайратың бойда тұрмас.

Саналы Сара

- Жұбайы Ибраһимның екен Сара,
Ақыл мен сұлулықта шыққан дара.
Құрбы боп олармен бір өткен екен,
Кеселді, кербез Намұрт падиша да.
Ғашық боп сәлем жазған Намұрт оған,
Қағазын жыртқан екен пара-пара.
Өш еді еріменен басқа жөннен,
Патшаға мына іс тағы салған жара.
Көп уақыт Ибраһимға қорлық қылған,
10 Патшаның үкіміне бар ма шара.
Отқа май құйғандай ғып жіберіпті,
Сараның хатты жыртқан ісін қара.
Аяғы қайтер екен кім біледі,
Сараға қолданбақ ол қандай шара?
Елшілер жағымды сөз көп айтса да,
Көзіне ілмей қойды бара-бара.
Біреулер ардақтайд дер патша десе,
Біреулер өлтіред дер қаны қара.
Жүре ме ұрып-соғып кім біледі,
20 Түсіріп сау етіңе бітпес жара.
Қорқытса кейбіреулер осылай деп,
Оған да қыңқ етпеді жанын сала.

Біреулер пайда жоқ дейт егесінде,
Падишамен айтысасың сен несіне?
«Айтқанын орындасаң тиемін, — деп,
Падиша көтерер ед төбесіне.
Боласың сонда оның ақылшысы,
Орданың бірге болып кеңесінде.

Билеген дүниені Намұрт қандай,
30 Жүресің қай-қашанда ел есінде».
Қорқыту, жарылқауға көнбей қойды,
Сирек қой мұндай әйел жер үстінде.

— Сөзіңді ұқтым, — деді, — көп абысын,
Патшаның қандыра алман мен нәпсісін.
Бақ, мәнсап, байлығының керегі жоқ,
Өлтірсе тағы мейлі өзі-ақ білсін!

Бұл сөзді падиша естіп, ойға кетті:
«Араға бекер саппын сонша көпті.
Адамға білдірмейтін құпияны,
40 Бәлкім, ол білдіреді», — деп өкпе етті.

Осылай ойға кетіп патша бек те,
«Ол бәлкім көніп қалар жекпе-жекте.
Ол кезде жөн болады Сараныкі,
Халыққа білдірдің деп мені сөксе.
Желігі патшалықтың екен мұным,
Ашуға кетпейін мен тектен-текке.
Ордама шақыртып ап сөйлесейін,
Әзірше етпейінше Сараға өкпе.
Орда айдынды, әскер сұрлы, патша зәрлі,
50 Келгенде не дегізбес бетпе-бетке.

Ғашықты ашулы деп кімдер қият,
Шақырсам ордаға оны болар ұят.
Жекелей шақыртуға бар ғой уақыт,
Әуелі мейман етіп көрейін сыйлап». —

Деді ол, бұйрық етті күтушіге:
— Қырық түрлі тамақ жаса бөліп төрге.
Бәрі де дәмді болсын, мін шықпасын,
Келеді қымбат мейман бүгін үйге.

Күтініп осылайша тұрған кезде,
60 Шақырған мейманы да келді ілезде.

Намұрт мұндай қуанып көрген емес,
Жүрегі соқты оның тезден-тезге.

Боп кетті мейманхана шам жаққандай,
Шіркін-ай, мейман болған ғашық қандай!
Өкшесі кө...ке тиіп аспаздардың,
Әрі-бері зыр жүгіріп асыққаны-ай!

Кәдімгі мыңдап мейман күткізгендей,
Дастарқан болды бейне бұлт тізгендей.
Біреуі қалжың бастап деген болды:
70 «Болдық қой ішпей тұрып ішкізгендей».

Тағы бір аспаз тұрып деді былай:
— Келемін бір нәрсені мен ұғынбай.
Болды әуре бір қатынға сонша неге?
Мейманды күтіп ек қой бұрын талай.
Ол кезде күтушіден кемдік өтсе,
Қоятын сол күйінше құз астырмай.
Ал бүгін инедейін ақау шықса,
«Патша қойман деді жазаламай».
Бәрі де рас екен ойлап тұрсам,
80 Аузымды жабайын тез назаланбай.

Аспаздар жүгірісті қыпыжықтай,
Ішінде патша сөзін жүрді ұмытпай.
Тамақты арт-артынан әкеп жатыр,
Қол-аяқ қимылына мін жуытпай.

Отырған дастарқанға жұрт жағалай,
Сараны отыр патша қаумажалай.
Сара да қырық табақтан ауыз тиіп,
Шекерлі шайын ұрттап отырды жай.

— Алыңыз, мұныңыз не, тұр ма жақпай? —
90 Десті кеп әрқайсысы тыным таппай.
Падиша да қарап отыр: — Бұл несі? — деп,
Тамақты өзі татып, еш мін таппай.

Қарқылдап күлді Сара қарап тұрмай:
— Бәріңнің тілінді алсам жарасқандай.
Бір басқа дүз кісілік тамақ жесем,
Өлер ем іш жарылып қонақ болмай. —
Деп еді көп ауыздар жабылды да,
Барлығы қалды тынып, тақақтамай.

100 Сараға қарап қалды көптің көзі,
Патшаға тигендей боп әлгі сөзі.
Дастарқан жиналған соң кетпек болып,
Тарқайтын алды-алдына жетті кезі.

— Рахмет, меймандыққа шақырыпсыз,
Көп жедік асқа қолды матырып біз.
Қайтуға енді бізге рұқсат ет,
Қалдық қой көп жосынға жатылып біз.

Дегенде Намұрт тұрды жөнді білген,
— Рұқсат көпшілікке, — деді, — бізден.
Саражан, сен орданы айналып қайт,
110 Бар еді сөйлесер сөз өзіңізбен.

Ордаға кірді Сара шат-шадыман,
Сұлу жүз нұрдай шалқып жарқыраған.
Намұрт тесірейіп қалды қарап,
Төңкерген қара көзін бақылаған.
Бастауға сөзді қалай ойланып тұр,
Құрылып қарашығы жалтылдаған.
Отырып талайдан соң сөз бастады,
Қарап ап дүзігіне алтындаған:

— Тек сізге ғашық болды менің жаным,
120 Әйелсіз түсінетін ердің жанын.
Болса да мыңдап сұлу қол астымда
Бәрінен сізге құмар болам дәйім.

Дегенде Сара отырып деді былай:
— Мұныңыз сұмдық екен таң қалғандай.
Жар сүю болса егер көңіліңізде,

Қыздар көп күндей сұлу таңдағандай.
Ері бар маған ғана телміргенше,
Сондайдың нағып жүрсіз бірін алмай?
Жар сүйіп, ой ұстаған мен бір жанмын,
130 Емеспін маған патша ұйығандай.
Қайтыңыз ондай ойдан бір-ақ жола,
Қойды деп өкпелеме тілімді алмай.

Отыр ед бас салуға батылданбай,
Намұрт тұра алмады ашуланбай:
— Сен маған қыз көрсетпей, өзінді біл,
Ойланып жауабыңды айт, қатуланбай.
Патша сөйлеп болсын дегендей қып,
Сара да тыныш отырды басын бұрмай.

Жас падиша тым тәкәппар, ашуы көп,
140 Шекесін ашуымен қасыды кеп.
«Сөзімді алмағаны неткен қорлық» —
Деді де сөйлеп кетті басын изеп:

— Ойларсың патша маған қапты күйіп,
Ол мені өлтірмейд деп көзі қиып.
Қорлықты көрсете алам жан көрмеген,
Қылмаймын енді сені көзге күйік.

Әскерім қыл мойныңнан арқан тағар,
Сөйлесең, қыбыр етсең, қамшы салар.
Қолыңды арт жағыңа байлап тастап,
150 Ауаша бір тоғайға алып барар.
Төрт жаққа керіп тастап борбайыңды,
Етіңе жүздеп-мыңдап дүре салар.

Сен тұрсың осындай күн көрейін, — деп,
Қорлықпен бостан-босқа өлейін, — деп.
Денеңді бақа, тышқан оя еткенде,
Зарларсың «тақсыр, саған ерейін!» деп.
Көзіңе елестеттім көрерінді,
Бүрсігүн жауабыңды айт «келейін» деп.

Осылай айтылды сөз түйдек-түйдек,
160 Сара оған жауап қатты мынадай деп:
— Қашанда саған айтар жауабым бір,
Қолыңнан келгеніңді қыла бер, — деп.

Кесірмен Намұрт сонда деді бүйдеп:
— Тұр екен қаның тасып, ажал билеп.
Сыртыңнан бақылаушым айтқан маған,
Жүректі көрінгенсіп қинайды, деп.
Тастаймын топырақ қып енді сені,
Тұрған соң дүниені өзім билеп.
Еліріп жан айтпаған сөзді айттың,
170 Қолыңнан келгеніңді қыла бер, — деп.

Білмейсің сен ақымақ ердің нарқын,
Қарамен айырмайсың ханның парқын.
Сенімен мылжындасып отырмаймын,
Ордамнан тез шығып кет жәһил қатын!

Патшадан сөз қалған жоқ ашу батып,
Айтпады жүрегінің мұңын сарқып.
Жалыну, жарылқауға басқан да жоқ,
Тек қана зорлық күштің уын айтып.
«Есікті қайта кірер қатты серіппе»,
180 Көріп пе ең мұндай сөздің дәмін татып?
Өмірді, я өлімді таңдағайсың,
Саған мен сөз айтпаймын енді қайтып.

Ордадан кет деген соң, кетті Сара,
Патшаның үкіміне бар ма шара?!
Өшіккен соң падиша өлтіреді,
Сараның көңіліне түсті жара.

«Келіп ал әбден ойлап ақылыма,
Елдегі қош айтайын жақыныма». —
Деп күнде күтіп жатты көп мейманын,
190 Шақырып туыс, жолдас, жақынын да.
Намұртпен арадағы болған істі
Айтқан жоқ, қойып әтей жасырынға.

«Өлгенде бір-ақ білсін елі-жұртым», —
Деп ойлап келіп алған ақылына.
— Биылғы көрген түсім қауіпті, — деп,
Тек қана осыны айтқан ақырында.

Уайымдап айтқан емес ол мұны да,
Жайраңдап күлкі үйірілген шырайында.
Мейманын аттандырып болғаннан соң,
200 Отырды шақыртар деп сарайында.

«Ажал менен азаптан кім құтылған,
Өлмеймін қашып, сірә, ел-жұртымнан.
Иемнің жазған ісін кім бұзады,
Шыға алман Тәңірімнің мен ырқынан».

Өмірде бар ежелден екеу қатар,
Болғанда бірі — ауру, бірі — ажал.
Арудың ісі азырақ рақымы бар,
Тек қана рақымы жоқ ажал қатал.
Сараны шақыртамын деген күні
210 Кенеттен Намұрт патша болыпты сал.
Ауру мен ажал, сірә, бет қарамас,
Демейді анау мықты, мынау осал.
Бәрін де адамзаттың жерге тығар,
Егерде ауру жетсе болып тажал.

Билеген дүниені ердің ері,
Сал болып жатып қалды Намұрт сері.
Жанынан шошынды ол уайым жеп,
Қам жеді қасындағы уәзірлері.
Тілі сау, денесі сал жатқанында,
220 Жиылған былай десті кеменгері:
— Ауруға ем жасайтын еліңіздің
Жиналсын емкүстері — дәрігері.

Намұрт: — Таптың, — деді, — жолдастарым,
Өмірде тату өскен сырластарым.
Қимайтын тырнағымды қара жерге
Едіңдер жанашырым, қимастарым.

Ежелден батыл болған бір мінезім,
Шошындым осы аурудан менің өзім.
Жасымнан тату өскен достар едің,
230 Ақтайтын сол достықты келді кезің.

Жас пенен тілегім сол кәрілерден
Қалмасын ешбіреуі дәрігерден.
Ғұлама, оқымысты бәрі келсін,
Жатырмын күдер үзіп бұл өмірден.
Жол тауып алып қалсын қайран елім,
Қойнына бермей мені, қара жерден.

Бар еді дүниеде екі пәле,
Бірі — ауру, біреуі — ажал және.
Ауру келіп нығарлап басып отыр,
240 Аяғы мұның соғар әлденеге?
Тұрғанда ажал келмей, қамданыңдар,
Шабыңдар, оқтырыңдар бәрің молда!
«Патшадан не сұрасаң аласың», — деп
Айтыңдар барлық елші, әлімдерге.
Тапсырмасын беріп боп, алды демін,
Шабармандар жөнелді шәрілерге.

Тезінен тарап хабар барлық жерге,
Кеп жатыр шақыртқандар айтқан жерге.
Жиналып талай емсек келгеннен соң,
250 Бір уәзір сөз сөйледі келгендерге:

— Құрметті сөз сөйлеймін көптеріңе,
Сүйікті ел қорғайтын бектеріме.
Дібірсіз тыңдауынды өтінемін,
Жазып ал, молдаларың, дәптеріңе.

Науқас боп падишамыз Намұрт жатыр,
Жасынан ел қорғаған ол — бір батыр.
Денесін қозғалтуға дәрмені жоқ,
Түсіп тұр басымызға заманақыр.

260 Қазірше түсіп отыр сендерге ісі,
Патшаның күнде түспес елге ісі.
Жазсандар, бұдан өтер абырой жоқ,
Болады ондай жан шын ел үлгісі.

Өздерің миға салып ойлап көрші,
Айтыңдар келмей қалған болса емші.
Жасандар білген емді сал жазатын,
Әуелі өздеріңе өзің сенші.

Ел деген патшалар болмаған жар,
Елімен шешіледі мұң менен зар.
270 Ем болмайтын дәріні істетем, — деп,
Жазамен аспақталып көрмендер дар.
Ал енді науқас жанды тез көруге,
Барлығың, бұл арадан тарқалыңдар.

Сөз бітті, емшілер кеп жатыр көріп,
Пәлен деп айта алмайды көңіл бөліп.
Ажалдан басқаға ем жасайтындар.
Есінен танды қорқып, кетті өңіп.
Өйткені аурудың түрі жаман,
Қалады, сақайтпаса, өзі өліп.
280 Біреуі оны десе, бірі бұл деп,
Айтады өз қарасын тамыр көріп.

Жатқанда әбігер боп өстіп бұлар,
Біреуден Сараға да тиді хабар.
Ауруды табалайтын Сара емес қой,
Демесең көңілінде аз ренжу бар.

Себебі ақылды жан, санасы өр,
Орынсыз басқаға өлім, тілемейд зар.
«Таба жолы тар болар» деп ойлайды,
Араз болса ашумен болған шығар.
290 «Жаман достан білімді дұшпан артық»
Дейтұғын ескіде де мақалдар бар.
«Егер де қазам сонан жетіп тұрса,
Қайтемін, онда оған не лаж бар? —

- Деп ойлап, Сара бір сәт отырды жай,
Дұшпаны ауырса да хошал болмай.
«Ер ерлігін білместік ақымақ қой,
Қиын ғой табылмағы патша мұндай.
Болғанмен маған дұшпан, елге қамқор,
Халқына әділетті болды сондай».
- 300 Осыны іштей ойлап жүре берді,
Жазылып қалса екен деп япырым-ай.
- Намұртты барлық емші жатты бағып,
Әр адам білгенінше дәрі жағып.
Қонбады қылған емі ешкімнің де,
Патша жатты ойбайлап жыбыр қағып.
- Кетті есі емшілер мен уәзірлердің,
Бірі де шипа қылмай дәрілердің.
Намұрт кетті шошып зәре қалмай,
«Астында қалам ба деп қара жердің».
- 310 Жатқанда үркіп-қорқып бәрі әбіржіп,
Біреуі былай деді емшілердің:
— Төрт-бес салды жазғанын көзім көрген,
Үйі бар тар көшеде бір әйелдің.
Қарасам осы адам жоқ ішімізде,
О дағы бірі еді шипагердің.
— Танысаң өзің барып ертіп кел, — деп,
Біреуі бұйрық етті уәзірлердің.
- Шақырып келді біреуі зыр жүгіре,
Отырған дайын болып Сара үйінде.
- 320 Бұл емші бастан-аяқ баяндады,
Намұрттың жатқандығын сал күйінде.
- Ешбір ем қонбаған соң көптен бері,
Арнайы іздеп кеп ем сіздің үйге.
Жазғаның төрт-бес салды көзім көрген,
Жүріңіз Намұртты енді дәрілеуге».

— Бармаймын, — деді Сара сізбен бірге,
Жетпейді менің шамам дәрілеуге.
Менікі ұшық болса, соны ұшықтау,
Қоспаңыз мені үлкен дәрігерге.

330 Тағы да бармауымда бір себеп бар,
Әйелдің ерден алар рұқсаты бар.
Сұрап ап рұқсатты жұбайымнан,
Онан соң барсам маған дұрыс болар.

Сонымен түсті емші демін алып,
Отырды төңірегіне көзін салып.
Келген соң еріне айтты тұрып Сара,
Келгенін ол емсектің бұйрық алып.

— Жатыпты Намұрт патша науқас болып,
Кетіпті дәрігерге орда толып.
340 Айтыпты «мені емші» деп мына кісі,
Шақырып сол себептен отыр келіп.

Сол сәтте Ибраһим айтты ұғып:
— Азды-көп жүруші ең ғой ем-дом қылып.
Бұл кісі соны көрген болса керек,
Айтқан ғой көрген ісін іші жылып.
Бару-бармау емшінің өз ісі ғой,
Араға түспекшімін мен не қылып.

Сарадан ренжіген соң Намұрт хан,
Алдырып Ибраһимді сотқа тартқан.
350 Қылмыс жоқ артатұғын пәлендей бір,
Патшаға наразы деп жаланы артқан.

Осыдан аз күн бұрын сес білдіріп,
Шығартқан «өлтірем» деп үкім қылып.
Мұны да кек көрместен Ибраһим,
Әйелге рұқсат еткен іштен жылып.
Зорлығын Намұрттың Сара айтқан жоқ,
Еріме не қылам деп жаныстырып.

Бар дейтіні емеуірін көрсеткен соң,
Барайын деді Сара біраз тұрып.

- 360 Сара да сөйлеп қалды үйде отырып:
— Намұрт кетіп еді аласұрып.
Көңіліне жақпағанды жаншу үшін
Тастамақ болды тіпті тұтас қырып.
Ал бүгін өз жанымен әуреленді,
Жағадан сал атты бір ауру бұрып.
Бет алды жындыланған басшы адамды
Тастайды кей шақтарда Тәңірі жығып.
Мен айтсам елге әйгілі ісін айтам,
Бостан-бос отырған жоқ құр жазғырып.
- 370 Тегінде өте әділ падиша еді,
Жыл толды құтырғалы Құдай ұрып.
Жамандығын көргенде, жақсылығын
Көрмей қалсақ, қалармыз соқыр болып.

Даңқы бар дүниеге Намұрт еді,
Қалың ел өте жақсы көруші еді.
«Егіндікті көркейт» деп бұйрық беріп,
Көрмеген ашаршылық бүкіл елі.

- Ғаріп, міскін, жетімге көмек беріп,
Тойғызып қазынадан келіп еді.
- 380 Уатып кім жыласа, сүйемелдеп,
Ақсақ-шолақ, соқырға жағып еді.

Ауруларды қаратып емшілерге,
Ажалдан арашалап қалып еді.
Оқытып ұрпақтарды бүкіл елде,
Жетілген талай жастар ғалым еді.

Елден қайғы жоғалып, қуаныш кернеп,
Ел ақын — жыршысына жарып еді.
Салғызып көп қаланы қалың елге,
Біреуін үйсіз қылмай бағып еді.

390 Кеңейтіп, төрт түлікті көп өстіріп,
Ет — май — сүт өзен болып ағып еді.
Жазираға бұрғызып өзендерді,
Жасылға жамылдырған барлық жерді.

Қайыршыны жоғалтып ел ішінен,
Тыйып еді ұры-қар зәлімдерді.
Бүкіл жасты үйретіп әскерлікке,
Қорған қып тыныштықты алып еді.

Айта берсем сан жетпес еңбегі бар,
Кетпей ме ел ұмытса лағып енді.
400 Өкпелеп ол өктемге бармай қойсам,
Қыжыл болар адамдық арым енді.

Бәріміз де барамыз жер қойнына,
Өмірде кім тартпайды зар-мұң енді.
Қазірше ол ауру, ол мүсәпір,
Селбесу емші үшін қарыз еді —

Дей жүріп, күйеуіне тамақ беріп,
Кеткендей өз сөзіне өзі еріп.
Біткен соң үйдегі ісі киінді де,
Жөнелді шақырушыға болып серік.

410 Шақырған адамға еріп барды Сара,
Жазылып қалса екен дейт бұл бейшара.
Келгендер көңіл сұрап жол бермейді,
Жасақтар кіргізді әрең етіп шара.

Біткендей бұл орданың тамашасы,
Тек қана ыбыр-жыбыр адам басы.
Зарланып отыр екен келіншегі,
Бет-аузын кеткен жауып қара шашы.
— Менен бөлек әйелге қарамаушы ең,
Басталды осылайша сөздің басы.
420 — Намұртты жаза гөр, елі-жұртым,
Осындайда, — дейді, — оны жарылқашы.

Кетті жырлап, сұңқылдап бұл әйелі,
Су құйғандай сорғалап көзден жасы.

Намұрт байқап елдің көңіл-күйін,
Зекіді: — Мазамды алып зарланбашы!
Барлығы қошаметтеп падиша сөзін,
Әйелге «қой!» деп жатты кәрі-жасы.

Қорсылдап сорлы әйел қалды тоқтап,
Бола ма қайғылыға ашу-оспақ.
430 Кей жанның өкпесінен күлкі қысып,
Неше рет кете жазды сықылықтап.
Ең алғаш Сара үйге енген кезде
Падиша жатқан еді ықылықтап.
Оқыса ғұламалар дұғаларын,
Көп емші тұрған қамап, тамыр ұстап.

Есіктен кіріп Сара тұрған кезде
Өшірет келмеді оған ә дегенде.
Адам көп, біреу кіріп, біреу шыққан,
Бір уәзір көрді де айтты: — Келдіңіз бе?

440 Намұрт жатыр екен өңі қашып,
Өлімнен қауыптеніп қатты сасып.
Қасына көңілін сұрап Сара барды,
Өр дауыс, жылы жүзбен амандасып:

— Ағакем, тәуірсіз бе, қандай тұрсыз?
Сақайып қаласыз, — дейді көңілін ашып.
— Уайым етпеген жөн ауруды,
Ойланса, таудай жүк боп алар басып.
Кәдімгі қарындасындай жарық-жұрқ етеді,
Сараның шын пейілімен жаны ашып.

450 Намұрт жатыр еді түрлі ойда,
Сараны көріп, батты терең ойға:
«Шыны ма, сиқыры ма, әлде қалай?
Апыр-ай, келді ол нағып осындайда?

Бұл Сара неге келді осы жерге?
Қолынан келсе дайын өлтірерге.
«Мені емші деп мәлімдеп айтып қой» деп,
Бұрыннан айтты ма бір дәрігерге?»

Бір уәзірін шақырып сұрап еді,
— Бұл емші келді, — деді — дәрілеуге.
460 Екі көз бір-бірімен сайысқанда,
Намұрттың қалды жүзі дірілдеуде.

Намұрт: — Тәуірмін ғой, — деді, — қарақ,
Деп айттың жазыласың келе сала-ақ.
Жазылам қанша күнде, қандай еммен,
Қанеки, айтшы, — деді, — Сара шырақ?

— Дәрі жоқ ауру жұлар әзір менде,
Өйтсе де бермейміз ғой сізді өлімге.
Дәрігер, ғұламалар мыңдай бопты,
Мен дағы ем жасаймын көппен бірге. —

470 Деді де тамыр ұстап кесіп айтты:
— Сақайып қаласыз, — деп, — он бес күнде.
Халқыңа сіңірген еңбегің көп,
Еш адам ұмытпайды оны мүлде.

Ішінен құрып жатыр патша кеңес,
Өткізген Сараменен талай егес.
«Егер де ішетұғын дәрі берсе,
Онысын Намұрт мүлде ішпек емес».
— Дедіңіз, Сара қалқаш, жазыласың,
Беретін дәріңді айт, беріп кеңес.

480 — Емім сол, бұрын елге істеп келгем,
Суменен ұшықтаймын, дәрі емес.
Дегенде Намұрт та жалт қарады,
Көңілінде шешілмеген бардай елес.

— Қанеки, оны қалай істетесіз?
Өйтеуір, дәріні іштен ішпе дерсіз.

Жазылсам еміңізден, жаным Сара,
Алуға немді болсын күш етерсіз.

— Отырам, — деді Сара — мен тұрмаймын,
Сіздерге тура келсе, ел жұмсаймын.
490 Таңдатып ең сенімді адамыңнан,
Екеуін осы араға еткін дайын.

Патша екі адамын дайын қылды,
Сара да ісін оған байым қылды.
Айтар деп қандай дәрі таңырқасып,
Көп емші, қалың молда пәһім қылды.

Сара айтты: — Сен екеуің дүкенге бар,
Жап-жаңа, ұсталмаған бір шелек ал.
Кесеге бір шымшым тұз қосып ал да,
Тап-таза бастау судан толтырып ал.
500 Ағаштың көмірінен асықтай қос,
Үстіне жеті қасық сүт құйып ал.
Барлығын қосқан сумен шомылдырсам,
Сол кезде жазылады ауру сал.

Бар саны ыдыспен болды жетеу,
Сараның үстінде енді айтқанды өтеу.
Ішетін дәрі берсе, ішпес еді,
Енді бұған көнбеске амал нешеу.

Барлығын осылардың суға салып,
Шелектен жалғыз кесе суды алып.
510 Бетіне Намұрттың бүрікті-ай келіп,
Кесеге анда-санда аузын малып.

Таңырқап тұрды қарап қалың халық,
Бірі де шыға алмады сөзбен жарып.
Тағы ұзын мата, орамал алдырып кеп,
Сабады оныменен суға салып.

Осылай керіп қойып ұрды Сара,
Селкілдеп, қалшылдады Намұрт қара.

Сүйсініп ұрған сайын «болады» деп,
Сара емші озды өстіп жеке дара.

- 520 — Басқа ем жасалмасын, — деді, — бұған,
Сақайып қалады енді бара-бара.
Келесің он бес күнде қалыбыңа,
Ойыңнан кетсін аулақ ақау, жара.

Сенімді үш-ақ адам бақсын, — деді,
Өзгесі үйлеріне қайтсын, — деді.
Келемін он бес күнде жазылған соң,
Тастаңдар көрпеге орап, жатсын — деді.

- Айтқандай он бес күнде келді Сара,
Айығып кеткен екен Намұрт дана.
530 Дұшпаннан дос шығад деп ойламаған.
Мәнсаппен кесірленген қаны қара.

Ем қылған үйден Сара ішпейтін ас,
Ешкімге ойламайды ол титтей де қас.
Бүгінгі кейбіреудің ұшықтауы,
Әне, сол Сара анадан қалған мирас.

Намұрт шықты алдынан жайраң қағып,
Иіліп бүгіледі жалпаң қағып.
Сараның емдеуімен жазылған соң,
Жүгіріп қысты қолын жарбаң қағып.

- 540 — Үйге жүр, мейман бол, — деп құлдық ұрды,
Сара да өшсіз, кексіз жандай күлді.
— Әдетім, дәм татуға болмайды, — деп,
Қайтуға көп өтініп бетін бұрды.

Жасынан мықты болған Намұрт сері,
Билеген дүниені төрттің бірі.
Сараға қандай құрмет етер екен,
Болар ед боп жүрмесе достың кері.
Еңбегін ақтар ма екен, ұмытар ма екен,
Ең биік мәнсапты ғой ердің ері.

550 Егерде Сара мұны құтқармаса,
Топырақ болар еді жатқан жері.

Болмаса ел билемей ме ойы терең,
Болса оңай бағына ма дүние-әлем.
«Жазды дер ауруымды қорыққанынан»,
Егер де болса оның ойы төмен.

Сара еңбек алмаса да көп жалынып,
Деп айтты: — Не сұрасаң соны берем.
Бірақ та Сара ешнәрсе алмай қойды,
Деп: — Ауруды сақайту борышым, — дегем.

560 Сарадан жан болған ба адал жүрек,
Жеткізер адамдарды таза тілек.
Беріктіктен ақыры бақыт тапты,
Адамға бақтың бірі — батыр жүрек.

Намұрт бұйымтайын сұраған кеп,
Сара айтқан «еңбек ақы мен алман» деп.
Ажалдан қарсы жауын алып қалған,
Тарихта сирек-ақ қой ондай еңбек.
Кейбіреу аздап еңбек көрсетсе егер,
Дәметіп дүние қуып, қылар дүрмек.

570 Өлшесе-ау әркім өзін осыларға,
Болар ед бұл дүние шын көркеймек.
Сараны нәрсе алуға көндіре алмай,
Ақыры қойды Намұрт мұндай тілек:

— Бірінші, еріңізге бердім ерік,
Ол сіздің адал жарың мәңгі серік.
Үкім өткендегі есеп емес,
Сыйлаймын мұнан былай оған сеніп.
Екінші, тандап жүріп жерін алсын,
Аралап мен басқарған жерді көріп.

580 Көптеген қауымы бар кәсіп еткен,
Берейін бір шаһарды өте берік.
Бар жалғыз қарындасым Ажар атты,
Беремін жақтырсаңыз етіп серік.

Осыны күйеуіңмен ақылдас та,
Қабыл ал лебізімді, кетпей жеріп.

Келгенде Намұрт сөзі осы араға,
— Тоқтаңыз, болды, — деген бұл Сара да.
Күйеуі Ибраһиммен ақылдасып,
Барыпты таңдап көшіп Африкаға.

590 Көшерде кеткен мұнан Ажарды алып,
Жайласқан Мәдинеге шаһар салып.
Таралып екі әйелден көптеп ұрпақ,
Сол жайда өсіп-өнген өркен жайып.
Ибраһим ұлты боп сол ұрпақтар,
Әлемге танылыпты қызыр дарып.
Еңбекшіл, күресшен боп соңғы ұрпағы,
Қолына алған дейді Кәләм шәріп.

Сараның көрдік бұл бір даналығын,
Ағартқан жау жүректің қаралығын.
Жамандыққа жақсылық істеп ақыр,
Сақтаған махаббаттың тазалығын.
Осындай өнегелі жандар өткен,
Әйгілеп дүниеге адалдығын.
Қиссасы Сара ананың бітті осылай,
605 Көрсетіп арлы жанның адамдығын.

Сәукеле

Алтай, Ертіс ежелден егіз есім,
Жасыл орман жайнатқан құбылысын.
Жазы жәннат дегенмен, қысы қырау,
Ғасырлардың қарсы алған дүлей қысын.

Шоқыларын сұлатып тұман шалған,
Талай жанның тасында ізі қалған.
Сол бір заман өксітіп аруларын,
Арыла алмай өтіпті мұң мен зардан.

10 Соның бірі Сәукеле елге таныс,
Басып өткен іздері қалса да алыс.
Ұлты басқа болса да, діні басқа,
Тарих үшін жырладым болсын қалыс.

Шежірелер тарихтың соңындағы,
Деректерге қарасаң қолыңдағы.
Алтайды әуел кезек қоныс еткен
Көшпелі моңғұл, қазақ бұрындағы.

20 Барсаң да қайда самғап тарих керек,
Салғаның жөні саралап, алтын елек.
Талайдың аңсары ауған Алтай тауға,
Қоңтажы келе қапты тым ертерек.

Ол заман бу көретін хан нәсілі,
Тарих өткерсе де сан ғасырды.
Дүние күңгірт тартып бара жатыр,
Сездірмей тылсым өмір жанға сырды.

Қоңтажы кетуі рас кезінде ауып,
Жалған сөз «ауды деген қазақ шауып».
Шындығын сол тарихтың жазбақшымын,
Шежіре бабалардан алдық тауып.

30 Қоңтажы төрт ғасырдан бұрын өткен,
Отыз ру соянға үкім еткен.
«Ақсүйек хан нәсілі, төремін» деп,
Қан тамып қылышынан дүрілдеткен.

Жетпістің екеуінде хандық құрған,
Тұлғасын қара күштің сай қып құрған.
Уәзір жасағымен сақадай сай,
Аумағын алып күштер аңдып тұрған.

Елінен отыз сұмын жасақ салып,
Қорғайды бақ-дәулетін насаттанып.
Не білгір, не шешендер алдында жүр,
40 Бәрі де жалғыз жанға жақсы атанып.

Мен оның бақ-дәулетін жоқтамаймын,
Әулеті, сәулеті деп тоқтамаймын.
Қисынсыз жалған жала, күйе жағып,
Біреудің естіп едім оттағанын.

Ол өзі қатыгез жан елден асқан,
Көз жасты мөлтілдетіп жерге басқан.
Алтайды алақанмен басып тұрып,
Аранын аш бөрідей Сауырға ашқан.

Дәрбілжін, Қобық — Сауыр уандарын,
50 Қорқытып алған талай жуандарын.
Тап берсе, қалағанын тартып алып,
Қарсы келсе қандасып қуар дәйім.

Еңіреді қара жұрт езілгеннен,
Ол мақұрым әділ жол сезінгеннен.
Ананың жалғыз қызын тартып алып,
Үнін қосып зарлатты бозінгенмен.

Кіндіксіз атамұра секілденген,
Тағдыры иімеді өкінгенмен.
Шыдамай жолсыз қылған озбырлыққа,
60 Сауыр да Гүң уаңнан өкіл келген.

Таралға тарту жолы көрінді олақ,
Бір қамшы, бір пышақ бар өзі шолақ.
Ат, түйе, алтын-күміс келмеген соң,
Қоңтажы Гүң уаңға қойды сұрақ.

Шеше алмады бұл істің мәнін біліп,
Ар көрді сұрауға елін жиып.
«Келеке қып жіберген тартуы» деп,
Бет қаратпай елшісін салды қуып.

Елшісі Гүң уаңның қайта келді,
70 Шешуін жұмбағының айта келді.
Өзінен білімді, артық көрінген соң,
Күн санап күндестігі артады енді.

Жіберген шолақ пышақ, шолақ қамшы,
Жұмбақ тілмен оятқан еді жаршы.
Шолақ тілді, шолақ қол халық саған
Шығады дегені еді ертең қарсы.

Қоңтажы заманында шалқып тұрған,
Бір сұлу қызы бопты онан туған.
Көрген жан келбетіне ғашық болып,
80 Жолына құрбан етіп жанын қиған.

Сәукеле көрікті еді сұлу біткен,
Жасанып хан сарайда жанын күткен.
Тотыдай түрленеді бақшадағы,
Алқызыл нұры тамып алма беттен.

Жасы оның он жетінің шамасында,
Орыны қыз біткеннің жағасында.
Жастардың Сәукелесі ед тамсанарлық,
Еліне артық еді бағасы да.

Тал бойы ұзын да емес, қысқа да емес,
90 Аузынан шыққан лебіз нұсқа-кеңес.
Сөзіне үлкен-кіші балдай ұйып,
Айтқанын, әсте, жерге тастар емес.

Толғанып өсе берді толған айдай,
Ұнасып қос жанарға ақша маңдай.
Елінде ерке сұлу көз салады,
Болашақ болар шіркін әлдеқандай.

Жасағын қара соян басқаратын,
Дұшпаны айбарынан жасқанатын.
Себілдір деген батыр шығып еді,
100 Сайысса, қас батырдай қасқаятын.

Басы оның тай қазанның шарасындай,
Жауырыны кең жайлаудың саласындай.
Тепсінген тегеурінді сойдай адам,
Бір тауды иыққа сап алатындай.

Айдары аш беліне түсетұғын,
Арақты шөлмегімен ішетұғын.
Жаралған сом денесі сұлу екен,
Келіспес бір жері жоқ мүшесінің.

Садағын тоғыз батыр ие алмаған,
110 Сауытын қырық батыр кие алмаған.
Моңғұлдың мың жылғы өткен тарихында,
Ондай боп ешбір ұлан жаралмаған.

Бойы оның зәулім шынар, алып терек,
Хан дағы көреді екен елден ерек.
Жүрегін жастық жалын шалып кетіп,
Көз қырын Сәукелеге салса керек.

Жастықтың шалқымалы дәуірі ғой,
Себілдір замандастың тәуірі ғой.
Көңілге ғашық дерті ұяласа,
120 Жас жанға соқпа дерттің ауыры ғой.

Сытылып сабырлы ойдың тежемінен,
Жасырып өсек тілдің кезебінен.
Тіл қатты Сәукелеге, сырын шертті,
Орын ап ғашық жалын өзегінен.

Ұсынды жол бойынша күрең құты,
— Қабыл көр, — деді, — бикеш сұлу, тоты.
Мен қар — есіктегі күзетшіңмін,
Сен — ару ханышасың ханның ұрқы.

130 Сен күнсің көкте бейне күлімдеген,
Түсте көрсем өңімде көрінбеген.
Сен мені құтқара көр, Сәукележан,
Қоштасып кеткелі тұр өмір менен.

Сен менің жұлдызымсың жанып тұрған,
Бекзатсың хан сарайда жалғыз туған.
Армансыз бұл жалғанда болар едім,
Жолында, Сәукележан, болсам құрбан.

140 Мен қара, сен ханыша, хан еркесі,
Не болар өмірімнің күні ертесі.
Ішімде ғашық оты лауылдайды,
Жандырып жүрегімді қыз білтесі.

Кім білсін сен тобылғы, мен тораңғы,
Күзетіп қаламын ба жат қораңды.
Өртеніп ғашық отқа, жанып барам,
Есті едің есіркей көр, тос боранды. —

Деп жігіт жүрек сырды білдіреді,
Күн санап ғашық жалын күйдіреді.
Тәкаппар, асқақ өскен ханның қызы,
Қарай ма қараларға кім біледі?!

150 Арпалыс ғашық дерттің тепкісінде
Ұйқысыз нелер қиын атты түн де.
Азапты ауру адам секілденіп,
Әйтеуір Себілдірде қапты сүлде.

Қыз сүйсе қырсығы жоқ, жігіт бақты,
Ғашық дерті қызға дағы отын жақты.
Әр күні жая тастың төбесінде
Жас жандар ғашық дерттің емін тапты.

Осындай күндер өтті, күлім қақты,
Шәрбаты махаббаттың болып тәтті.
Сайрандап үш шоқыны мекен етіп,
160 Жастарда қызық думан қызып жатты.

Көңілі Себілдірдің жүрді шалқып,
Махаббат қызығына бойы балқып.
Махаббат тұнығына лай құйып,
Кетпесе болғаны ғой қызы тайқып.

Дүрбіттен осы кезде біреу шықты,
Өзі мерген деседі, өзі мықты.
Тіресіп оған ешкім беттемейді,
Хан-төре, балуанын түгел жықты.

Даңсалы бұл жігіттің аты — Сұңғат,
170 Бар біткен өнеріне сұлу сымбат.
Шақырып хан қасынан орын берді,
Ерекше жас батырмен құрды сұхбат.

Қара деп санамады жұрт қорашы,
Болған соң хан сарайдың бір жорасы.
Кең маңдай, жайсаң сары дегендей-ақ,
Арда емген көк дөнендей ер тұлғасы.

Қараға хандық затын бұлдамаған,
Көңіліне тәкаппарлық орнамаған.
Ойнады Сәукеле қыз, жатсынбады,
180 Тұрған соң бақыт құшып қолда заман.

Қоздырды сұлу пері делебесін,
Құртты да ғашық жалын кенересін.
Қараның қалбағайлы батырына
Теңер ме хан аруы терезесін.

Күн өтіп, айлар жылжып келе берді,
Жайрандап жастар да ойнап күле берді.
Сұңғаттың салмақты әзіл-қалжыңынан
Қыз дағы тылсым сырды біле берді.

190 Асау ой, албырт көңіл толқымалы,
Тентек қыз теңін іздеп жұлқынады.
Бір сүю бір жүрекке ұнасар ед,
Өсекке қалмаса игі қыз тұрағы.

Қызықшыл әйел құрғыр кім біледі,
Дүние сонша қызық, күлгірме еді.
Сұңғатқа қыз ниеті ауып кетті,
Айтуға бөтен жауап үлгермеді.

200 Қонған бақ Қоңтажыға таудан биік,
Жылан да жер бетіне жүр ғой сиып.
Осқырып жат ауылға тұрыпты Алтай,
Гүлдерін көркейте алмай алтын ұйық.

Таласып жауқазынмен ерте көктеп,
Хандығын Қоңтажы да тұрды өбектеп.
Дүние бір алдамшы құс екен ғой,
Бірге қонып, біреуі шолып өтпек.

Хандықтың ұсталды да тасы күрең,
Бақ-байлық ақ соянға қонды кілең.
Моңғұлдық ата салтын ескерместен,
Сәукеле еркелікке басты білем.

210 Жел соқса гүл еріксіз ырғалады,
Хан қызы ғашық дертке шырмалады.
Бір өзі екі жанға ғашық болып,
Сәукеле салды өзіне шырғалаңды.

Қызғаныш Себілдірдің еркін алып,
Ішінен қапаланды күйіп-жанып.
Сұңғаттың көзін мәңгі жоғалтпаса,
Жас жүрек тынышталсын енді нағып.

Себілдір ердің ері елден асқан,
Сүйгені Сәукеле қыз әуел бастан.
Айрылып жол ортада қалып қойса,
220 Емес пе анық намыс қара басқа.

Сұңғат та өркөкірек ісік кеуде,
Алыпсоқ дайын еді тартып жеуге.
Сом біткен мойыл дене, қызба жігіт,
Ежелден жаны құмар батыр деуге.

Суық сөз елден-елге тарай берді,
Елеңдеп сұмдықшыл көз қарай берді.
Шырмалған ғашық дертке екі жасты
Сыртынан руластар аяйды енді.

Борандай қыздың шашын ұйпалаған,
230 Қырғидай торғай іліп боршалаған.
Тынымсыз өсек гулеп кетіп жатты,
Қылығын қос батырдың қор санаған.

Асаудай албырт жүрек ала қашқан,
Аюдай ақырысып жемтік басқан.
Жоғалтып бірін-бірі жіберуге,
Сайысып талай рет күш сынасқан.

Пар келіп екеуінің қара күші,
Бұзылып сұстанады өңі-түсі.
Істесіп сан қияпат қылықтарын,
240 Қалмапты бір-біріне істер ісі.

Сәукеле екеуін де тең көреді,
Өзінше осы жолын жөн көреді.
Күн санап күндестіктер қоза беріп,
Шашылып құпия сыр, ел біледі.

Ханның да құлағына шалынады,
Шамданып, шамырқанып тарылады.
— Қараға хан басымды қорламан, — деп,
Ақырып, айбар шегіп қағынады.

Қызына байланған соң жаман атақ,
250 Кәрі хан ашуланды қаһар жасап.
Қарманып қанды шеңгел салмақ болды,
Сақадай сайланып тұр қанды жасақ.

Хан жиды әрбір ару тайпаларды,
Шойындай шой қара бас шайқалады.
«Қорланды хан нәсілім қараға», — деп,
Оңайға тоқтамасы байқалады.

«Құлдарым есіктегі құтырмасын,
Білсін ол менен қашып құтылмасын».
Айбар сөз қызына да айтып салды,
260 — Мәлім ет, — деп, — басынан құш ұшырмадым.

Екі ерді таспен атып, көмем, — деді,
Не келеді қолынан көрем, — деді.
Құтырды құл жабылып қорашыдан,
Қызға да ауыр жаза берем, — деді.

Аққандай Ертіс тулап сабасында,
Көпірді хан қасарып жағасында.
Еліне зілді жауап салып отыр,
Қалдым деп дұшпандардың табасына.

Өрлесен Ертіс басы жалғыз ағаш,
270 Ол күнде бақ күндестер жерге талас.
Қырқысып бірін-бірі тынши алмай,
Бездірген өз туысын етіп алаш.

Ақ тышқан, шегір тайдың дарасынан,
Бір батыр шықты соян баласынан.
Аты оның — Әмірсана қара соян,
Дәл осы қанды қуған жаясынан.

Ер екен жауын көрсе кектенерлік,
Дұшпаны атын естіп сескенерлік.
Ағалап хандық елді алға шыққан,
280 Бар екен бір басында біткен ерлік.

Аюды лақтай ғып бұраушы еді,
Ат көтеріп өз күшін сынаушы еді.
Дау-шарда, талас-тартыс әділ сөйлеп,
Еліне Өмірсана ұнаушы еді.

Елі күлсе бірлікте күлуші еді,
Ел қайғысы мендік деп білуші еді.
Ержүрек парасаты елден асып,
Алға ұстап қара соян сенуші еді.

290 Ханға қарсы шаба алған тұңғыш рет,
Садақ атса, құс түсті көкке шіреп.
«Атылмасын екі жас бейуаза», — деп,
Ханына елші салып, қойды тілек.

Ел тілегі қосылып бұл тілекке,
Ел ниеті ауыпты бір ниетке.
Кәрі жанға қасқайып жауаптасып,
Моңғұлды бөлді ақыры екі үйекке.

Қоңтажы екеуінің көзін жоймақ,
«Кәртейгенде тағымды жүр, — деп — қорлап.
Өмірсана араға түсіп отыр,
300 Екі жасты өлтірмеу қамын ойлап.

— Отқа түссе, кім төзер жақын-туыс,
Екі жасты өлтірмеу — деді — дұрыс.
Қауым жұрттың арызын айтса дағы,
Иланбады Қоңтажы кәрі қырыс.

Себілдір, Сұңғатқа да беріп ақыл,
Сан сұңғыла сөздерден салып нақыл.
Көбелектей шырмалып, шоққа айналып,
Ерлік істе біреуің болып мақұл.

Біреуіңе бер дағы, бірің шегін,
310 Қуыспаңдар бұл істің артық-кемін.
Өмірсана толғана түптен сөйлеп,
Бұл істің болжап отыр арғы тегін.

— Шырағым, есің бар ма, Себілдір, — деп,
Ақылмен болды мұны шегіндірмек.
Бір қыз үшін екі ердің басы кетсе,
Ойлаушы сұмдық істің тегін біл, — деп.

— Отырмыз қалың ел боп отыз сұмын,
Бұл жұрттың мен білемін жайы-күйін.
Таңдап көр бір сұлуды өзің сүйіп,
320 Халқыңның көрсетейін сізге сыйын.

Қой дағы Қонтажының Сәукелесін,
Көрейік дүрбіттердің әуселесін.
Жалынып Әмірсана зарлап отыр,
Өсіріп Себілдірдің мәртебесін.

Себілдір бордай болып егіледі,
Көз жасы көлдей болып төгіледі.
— Айрылып Сәукеледен жүргенімше,
Ажалға дайынмын, — деп жүгінеді.

Онан соң: — Бауыр Сұңғат, келші, — деді,
330 Жолыңды Себілдірге берші, — деді.
Екеуің бір әйелге таласқанша,
Ата заң, ел салтына ерсі, — деді.

Шамданып, бұған Сұңғат ашуланып,
Іс қылып азаматқа ашынарлық.
— Сүйікті Сәукеле қыз, ғашық жарым,
Қанша күшің бар еді басынарлық.

Қара соян күшінді көремін — деп,
Мен қалай Сәукелемді беремін, — деп.
Әзірлеп бес қаруын сақадай сай,
340 Жолында Сәукеленің өлемін, — деп.

Өзіне Себілдірді жақын көріп,
Әмірсана жалынады ақыл беріп.
Сөйлесті Сәукелеге кісі салып,
Тұрғанда ханшаның басында ерік.

Наз етті Сәукелеге кінә тағып,
Екі ерге жалғыз басын жүрген таңып.
Көрсеқызар жастықпен әдеп бұзып,
Ер басына тудырды қатер-қауіп.

Ел басына түсірді ауыр салмақ,
350 Ел салтында жоқ еді екі ер алмақ.
Халық болып қорғайық бостандығын,
Ерікті сүйсін өзі бірін таңдап.

Ел бүлінер ер өліп, туып шатақ,
Қыз соңына ереді жаман атақ.
Бірін таңдап Сәукеле сүйем десе,
Мен қорғайын жолына қасам жасап.

Қыз айтты: — Екеуін де сүйемін, — деп,
Ортақ боп екеуіне жүремін, — деп.
Күнім кетсе басымнан бағым тайып,
360 Жолында екеуінің өлемін, — деп.

Малы емеспін, әкемнің жалғызымын,
Өзге емеспін, өзіндей хан қызымын.
Бостандыққа, еркіме қол сұға ма?
Ондай болса құрысын хандық түзім.

Ғашық жалын жүрегін шалып кеткен,
Бойын билеп, ақылын алып кеткен.
Құмартты да соңында қу арманның,
Қайта алмады үшеуі тайып серттен.

Тау тағысы секілді бедірейіп,
370 Бұқадай сүзісетін күжірейіп.
Тар қыспақ қия жолдан тоса қалды,
Атқалы бақталасын ежірейіп.

Оның да істегені машық еді,
Өнері тұстасынан асып еді.
Жебені дарытпады, қағып алды,
Келтіре қос өкпеден басып еді.

Үйіріп бос мойынды талай рет,
Қаршылдап көк сүңгілер тұрды шіреп.
Дал болып екі батыр ажырасты,
380 Шақырып ой теңізі қара шүңет.

Ағады әсем бұлақ сылдыр қағып,
Бәрі де бәсекемен барады ағып.
Ақ қайың ырғалады сұлық сері,
Шолпысы шұғынықтан үкі тағып.

Ершідей шотын алған тоқылдауық,
Жоқтап жүр көкек кімді сұңқылдауық.
Үш шоқы мелшірейіп тұр қалпында,
Нажағай қорқыта алмас жарқылдауық.

Секілді сорлы көкек сынық қанат,
390 Себілдір қалды өмірге селқос қарап.
Дертіне махаббаттың шалықты да,
Тартады қапалықпен асау арақ.

Жыныс орман, тауда өзен гүрілдейді,
Өсек өріп тынымсыз сөз гулейді.
Май болып махаббатқа еріп кеткен,
Сұңғат түкті сезбейді, күйінбейді.

Елден оқшау қалған соң дараланып,
Өсек сөзбен жүректері жараланып.
Екі батыр қонаққа шақырылды,
400 Кенет бір күн хан жақтан аяланып.

Батыр аңғал, рас сөз ежелдегі,
Сезілмеді қатерлі оқ кезелгені.
Сол қонақты шынжырлап алған екен,
Аюдай күші басым көзелдері.

Баяғы шой қара тас қалпын сақтап,
Қойғандай көк құрышпен сыртын қаптап.
Мәңгіге мұз жүрегі жылынбастай,
Қойсаң да миллион ғасыр күнге қақтап.

Секілді қаңтардағы қарлы боран,
410 Ашудан қайтар емес кәрі ноян.
Екі жікке бөлінеді ерегеспе,
Ханға төтеп бере ме қара соян.

Он екі бек жиылып осы кезде,
Хан тентегін халқымен салды тезге.
Хан халыққа бергенсіп жатып алды,
Сайқалдығы болса да көрер көзге.

Кітап ашып лама үкім кеспек,
Әдепсізді өлтіріп, істі шешпек.
Дау-жанжал ұзақ талқы болып кетті,
420 Біреу баяу сөйлесе, біреу күштеп.

— Дарға асып өлтірсек болар, — дейді,
— Ғибрат алып ел іші оңар, — дейді.
— Қызды тірі тастасақ ерге қоспай,
У жайлап қызыл гүлі солар, — дейді.

Уәзір жасағымен сайланып тұр,
Істің арты жаманға айналып тұр.
Бүк түсіп Сәукеле қыз жатып қалды,
Сүйікті екі досы байланып тұр.

Мұңлы орман мүләйіп иіп басын,
430 Сәукеленің қоршады жая тасын.
Аласұрып аптығып жасауылдар,
Күзетті тас бекітіп хан ордасын.

Екі ерді таспен атып көмбек болды,
Жазаның ең ауырын бермек болды.
Үш ғашықтың кеңесі ұлан жаздай,
Отыз сұмын моңғұлға ермек болды.

Қарағайдың етегі текше жұртта,
Ор қазылды көрсетіп қауым жұртқа.
Орға тірі тасталып екі жігіт,
440 Тартылыпты осылай заңсыз сотқа.

Қайда дерсіз аруы махаббаттың,
Болып кетіп жүр ме екен арға сатқын.
Махаббаттың жолында жанын қиып,
Теуіп кетті шәрбатын алтын тақтың.

Тоғыз қада түбіне әрі барып,
Ақтық рет қоштасты қадақ тағып.
Құстай ұшып келді де Сәукеле қыз,
Жаза орынға атылды топты жарып.

Біршып келіп түсті де жаза орынға,
450 Қос білегін ұсынып қос мойынға.
Арманына жеткендей екі досы
Ізетпен қойды басын жас қойынға.

Бір жасақ бестен жебе жаудырады,
Керең боп қалды білем тау бұлағы.
Атылған сонша қалың жебелердің
Оларға бірде-бірі дарымады.

Әлемде жоқ ғажайып қылық болды,
Атылған тас шұңқырға лық толды.
Бұрқ етіп терісінен дауыл шығып,
460 Кезіне ақырзаман жуық болды.

Азадан асау өзен асты тулап,
Киелі жыныс орман кетті шулап.
Сұрапыл долы дауыл көкті үйіріп,
Жер әлем түтін бопты будақ-будақ.

Бет қарап жан иесі тұра алмаған,
Бір жерге адам басы құралмаған.
Тозғындап жан-жануар бет-бетімен,
Біреудің-біреу жөнін біле алмаған.

Айықты жеті сөтке шамасында,
470 Адамдар сыңсып орман арасында.
Қараса Сәукеле тұр алып пері,
Қорғаған екі батыр бар қасында.

Жақтырмай хан қылығын кәрі Бұрқан,
Шығыпты осындайлық ауыр шұрқан.
Бүкіл ел есеңгіреп алапаттан,
Табиғат дүниесі неткен тарпаң.

Халайық қалған кезде есеңгіреп,
Көңілі ханның дағы бәсеңірек.
Ол бұрын көрмеген соң үш шоқыны,
480 Бір сезім туылды да әсерлірек.

Қараса үшеуі де адам мүсін,
Мықтыдай мекен еткен орман ішін.
Бір қызды екі батыр ортаға алған,
Кәрі хан айырмады өңі-түсін.

Бұйралап қара шашын тарап тұрған,
Әлемге салқын жүзбен қарап тұрған.
Емес пе Сәукелесі алдындағы,
Көңілін асқар шыңға балап тұрған.

Амал не болғаннан соң наным солай,
490 Іс мәні болды дағы соған орай.
Үш мүсін үш ғашыққа арнай сапты,
Бәрі де Көк Тәңірге емес пе оңай.

Ақ бұрқақ соқтырғанда Тәңір көктен,
Жандары жасыл құс боп ұшып кеткен.
Сәукеле махаббаттың пірі болып,
Мүсіні әлі күнге тұрады өктем.

Кеңесі болса дағы мылжың-қыртың,
Сенімі солай екен көне жұрттың.
Бұл сөздің мәні-жайын сұрастырып,
500 Алтайда Норызын деген шалдан ұқтым.

Аңыз бар аңыздарда ұғысарлық,
Ел тарихын білмеу де тоғышарлық.
Ханы әділ, халқына жайлы болса,
Қара жұрттың несі бар жұлысарлық.

Әмірсана Қонтажы басындағы,
Аты қалған Ертістің тасындағы.
Екі мүсін сол екі батыр десек,
Сәукеле ме шынында қасындағы.

Махаббаттың пірі деп аңыз еткен,
510 Мөлшері бір мың жылдан бұрын өткен.
Үңілдім ішкі сырын ұғайын деп,
Пердесін діншіл тобыр жұлып беттен.

Ден қойып ділмар шалдың кеңесіне,
Нәз қойып Сәукеленің темесіне.
Екі ұлттың тарихынан дерек таптым,
Еліктеп сол ертектің елесіне.

Еңіреп етегіне қойып басын,
Жылады Сәукеленің сүйіп тасын.
Шындыққа өткен тарих көзді жібер,
520 Салиқа-Сәмен дағы айтты расын.

Тарихты талдай білу оңай емес,
Бастады тағы бір шал былай кеңес:
— Сәукеле жермен құрдас дегеніңіз,
Бәлки, бұл көне таным, бұлдыр елес.

Үш шоқы болуы анық адам мүсін,
Кім білер табиғаттың дүлей күшін.
Дүние өлі зат қой жер менен көк
Өзгертер қайсы тауды адам үшін.

Біреуін үш шоқының Жая дейміз,
530 Орманы басындағы сая дейміз.
Құлынның жаясындай жая тасқа,
Ат қойған бабаларды дана дейміз.

Сәукеле сол Жаяны мекен еткен,
Басына көлеңке қып орман еккен.
Жете алмай арманына ару бикеш,
Арманда асау марал бауырында өткен.

Шоқыда сол себепті аты қалған,
Қос жанар сөнерінде жасы тамған.
Батырып қызығына қызықты өмір,
540 Өтіпті жалт еткізіп соқпа жалған.

Басында екі шоқы — екі батыр,
Андысып садақ тартқан ізі жатыр.
Сондықтан Әмірсана, Қоңтажы боп,
Атанып ғасыр бойы келе жатыр.

Кірбеңшіл әдетіңнен қытымырлап,
Сен дағы мазаларсың құр сыбырлап.
Өткен соң өкінерсің санаулы өмір,
Бере алман сонда жауап мен қыбырлап.

Кер заман сүрдеуі бір алыс соқпақ,
550 Кім жетер бұлтаңына оны жоқтап.
Десе де делебеме тылсым болып,
Қалып ем Сәукелеге біраз тоқтап.

Қарарсың Сәукелеге сен де үңіліп,
Бәлки, бұл болмаса да гүл шұғынық.
Діні қырсау, хан қарақшы заманына
Тарихтың заң-зәкүнін алшы ұғынып.

Жете алмай арманына ерте кетіп,
Қалатын кейінгілер ертек етіп.
Теңіздей тереңіне батар едің,
560 Біреуін сол тарихтың берсе шертіп.

Тарихқа айғақ болып атамекен,
Ұрпақтан-ұрпақ жалғап қалған екен.
Үш жастың қан қарызын қайтаруға
Қара жұрт ханмен соғыс салған екен.

Өлтіріп алғаннан соң ханның қызын,
Екі жақ бекініс қып таудың құзын.
Қарадан Әмірсана ханға шауып,
Тарихқа тайталаста тастады ізін.

Жайлаудан ел көшетін кезі болды,
570 Алтайдың қоңырсалқын күзі болды.
Тұқымын қара соян құрту үшін
Қолбасшы Қонтажының өзі болды.

Соғысты бүкіл елге жайды дағы,
Сұстанып қас жауына алды дағы.
Жіберді мың жасақты сақадай-сай,
Хабарсыз жатқанында қарсы жағы.

Бастығы жалғыз жиен Батуба еді,
Екі ауыл ілік-шатыс тату еді.
Беделін нағашының қорғау үшін
580 Батуба айбарланған қатулы еді.

Шұлғытып ханның семіз құр аттарын,
Жапырып көк жайлаудың құрақтарын.
Ауылын Әмірсана қоршап алды,
Кесті де бекініс жол қыраттарын.

Хабарсыз жатқан ауыл суық тілден,
Жойқын жау тілсімденіп түнде тиген.
Үйіріп қанды қылыш, жарлық шашты,
Батуба шымдай темір сауыт киген.

Таң ата қанды қырғын басталады,
590 Қиратып жай түскендей баспананы.
Ешкім жоқ ұғатындай ақ-қараны,
Найзаға іліп тастап жас баланы.

Қан болып аққан дейді Доржы бұлақ,
Түскендей жалпақ елге зеңгір құлап.
Масайрап жатқан ауыл сар жайлауда,
Қараулап қызыл күні батты бірақ.

Жатаған малдай болып қалды өлік,
Батуба да қандай зұлым қанға жерік.
Ойнатып қылыш-найза алма-кезек,
600 Қылп еткен адамзатты қалса көріп.

Ауылды тайпасымен қырып салып,
Айдады төрт түлігін олжаға алып.
Жойқын мал жолға сыймай ылықсиды,
Батуба да құшырланды мейірі қанып.

Ауыл шауып, мал қуып батыр үстем,
Жеңгендей желігеді жойқын күшпен.
Күдір жол, қалың орман, аптық кеуде,
Кеш бата ұлы Ертіске әрең түскен.

Алдынан жапырылды жауы қашып,
610 Сойыпты тоқсан өгіз етін асып.
Тастады, тарылмады тасқа басып,
Барады бет қарамай белден асып.

Отындар мая-мая үйіліпті,
Майлы етке маңғаз көздер сүрініпті.
Орынын қу шақайдың тартып алып,
Шыбындай қызыл көрген жиылыпты.

Сорлаған қара соян тартып азап,
Десіп жүр барлығы да етіп мазақ.
«Көкесін» даяр етпен қамдайды деп,
620 Керулі төстіктерден жатты қажап.

Етке бөгіп жатам да бүгін тыныш,
Таң ата саламын деп үлкен ұрыс.
Батуба масайрады маңыздалып,
Тапқан соң мол қазына ырғын ырыс.

От маздап, қу қарағай шатырлады,
Қарсы алып жатқандай-ақ батырлары.
Ылықсып олжа малға өзен толып,
Осындай мәртебесін асырған-ды.

Жадағай жатқан елге салып ойран,
630 Алысқан олжа бөліп ылғи молдан.
Соныны дүзе шалып аттар кетті,
Батырлар аунайды енді етке тойған.

Масайрап барлығы да болып қарық,
От маздап бір өзенді етті жарық.
Қасқырдың жемтік басқан нағыз өзі,
Сұмдарға еш жері жоқ таңырқарлық.

Зулаған бір мезетте дыбыс шықты,
Жүндей түтіп маздаған қызыл шоқты.
Белгісіз адам ба, әлде албасты ма?
640 Алдымен Батубанның өзін жықты.

Ат дүбір айғай-сүрен білінбейді,
Қылп еткен адам көзге көрінбейді.
Зулап кеп шыныдай тас басты жарып,
Шүмектеп аққан қандай дірілдейді.

Қашқынды қараңғыда сілейтеді,
Ағашқа аса қойып терейтеді.
Қасқырдай шаба бұғып, жатыр сұғып,
Білмейді-ау, жекпе-жекті кедей тегі.

Қызған кез Бату батыр ошақтары,
650 Таяған Әмірсана жасақтары.
Сыбанып, селебесін сайлап алған
Секілді аспазының қасаптары.

Жамылып жасыл қайың жапырағын,
Қоршап ап Батубанның атырабын.
Шуылдап етке түсіп жатқан кезде,
Үйірген қарсы беттен зақпыларын.

Жайратты қалың жауды жасыл түспей,
Қырыпты Әмірсана кіріп іштей.
Хан естіп ертесінде суық хабар,
660 Қалыпты долданғаннан асын ішпей.

Қашқандар жаяу-жалпы келіп жатыр,
Сұп-суық мұздай хабар беріп жатыр.
Өзгенің керегі жоқ, қара жұрт қой,
Жалғыз-ақ ауыр тиді Бату батыр.

Қызыл тон Қоңтажының қарындасы,
Жақыны, жанашырлы — ақылдасы.
Оның да ен дәулетке мұрагері,
Жалғызы — бүгінгі өлген Бату басы.

Отызға ілінбеген оның жасы,
670 Хан болып отыр тақта Қоң нағашы.
Шыр еткен үш әйелден көргені жоқ,
Дұшпаны күлмесе игі боп табасы.

Кәрі хан қайта шапты қатуланып,
Іс қылды өз жұртына ашынарлық.
Ежелгі бағынышты қарашалар,
Қанша күшің бар еді басынарлық.

Екі жақ бекіністі шығып тауға,
Айланды кешегі дос бүгін жауға.
Тартысып садақтарын қылп еткенге,
680 Әкетті бірін-бірі етіп сауға.

Жыртылып бет-перденің шырындары,
Жауығып ел арасы қиындады.
Іздесе табылмайды қу шақайлар,
Қисапсыз хан жасағы шығындалды.

Ашылып шақайының арандары,
Қорымға жатып алып адамдары.
Қамады Қоңтажыны бір шоқыға,
Қылыштар түссе төмен жалаңдады.

Зар етіп тамшы суға ұлықтарды,
690 Өзенге тірі пенде жуытпады.
Биіктен көбі тастап тартып еді,
Арқанын қыл садақпен қиып салды.

Осылай кәрі ханды торықтырды,
Соғыспен сан саңлақты зорықтырды.
Бөлініп Әмірсана өз ішінен,
Ел ауған алапатқа жолықтырды.

Не боранға дүзгендей бақал емен,
Қоңтажы қу түлкінің миын жеген.
Сенімді серіктерін жанына алып,
700 Із тастап ұлы өзенді көшті төмен.

Жасағын қолындағы жиып ұстап,
Жау күшін жағаласпен болды тоспақ.
«Тырнадан таз ашуын алғанындай»,
Халқына ол дағы ауыр салды қыспақ.

Қайдағы құрап, жамап өтірікті,
Адамды шетке шыққан өлтіріпті.
Шарпыды соғыс оты ой мен қырды,
Қалдырды ауыл-аймақ тіршілікті.

Қамыққан ел ісіне ханы да жоқ,
710 Хан қайғырды түскеннен соң тағына шоқ.
Қараны дос, хан жауым дегенімен,
Ол сөзде Әмірсана тағы да жоқ.

Жамандыққа ол кетті ниеті ауып,
Тамақ етті маңайын қырқай шауып.
Бір күні хан ордаға кіру үшін
Жайлады ол дағы бір хайла тауып.

Иіріп қалың жылқы әкелді де,
Байлады елеген мен кәтелді де.
Қалдырмай қатқан тұяқ ел маңына,
720 Үркітті кермедегі сетерді де.

Жіберді тулақ тағып шу асауға,
Ауылына Қоңтажының қоя салды.
Жылқымен жаяу жасақ араласып,
Тайсалмай хан ордаға тура салды.

Жылқысы бір өзеннің құрап қуған,
Неткен үрей десеңші кенет туған.
Әп-сәтте жауланып хан ордасы,
Көк тымақ қолға түсті жылап тұрған.

Қоңтажы ауып кетті осы жылы,
730 Тарихтың бізге таныс ішкі сыры.
Айланбай сол бетімен алыс кеткен,
Осы еді тоқсан жастан алған сыйы.

Алтайдан Қоңтажы хан кеткенде ауып,
Жей алмай Әмірсана тамақ тауып.
Қуғыншы, қу шақай деп аты шықты,
Алтайдың жайын жатқан елін шауып.

Еліне тоғыз құлтай жаулық жасап,
Әйгілі болып шықты қанды қасап.
Көнігіп ұрлық, қулық, зұлымдыққа,
740 Кешегі селге кетті абырой-атақ.

Ұрлықпен елі тойып жарымады,
Ашығып тайпалы ауыл тарығады.
Қырғындап жайын жатқан қалың елін
Қыс-жазы жортуылмен сабылады.

Өрі асып адырлы алқап қолы барды,
Шайқады не керемет толыларды.
Жазықсыз қылыштады, қырып кетті,
Бейуаз жатқанында сорлыларды.

Рулы ел, тайпалы ауыл түгескенін,
750 Елінің естіген соң кеңестерін.
Түкібай қатуланып атқа мініп,
Жерлеген батыр еді егескенін.

Соғыс боп өр Алтайда қанды қырғын,
Қан сасып жоғарыда қалды бұлғын.
Шыдамай жекпе-жекке Әмірсана,
Майданнан осы жолы болды қуғын.

Түкібай батыр екен елден асқан,
Аптығын жауларының жалғыз басқан.
Теңесіп Түкібаймен соғыса алмай,
Шаңғымен Әмірсана Қобдаға асқан.

Тазартып жерін жаудан ер Түкібай,
Келіпті жазғасалым жыл құсындай.
Рухы өсіп рулы жұрт болып кетті,
764 Құрметте, есте сақта ерді осындай.

Бөкен жарғақ

Шертуші еді бабамыз
Бебеулетіп бір күйді.
Күйден көп сыр табасыз,
Білсең өмір-айдынды.

Бебеулейтін атқақтап,
Сыңғырлайтын аспандап.
Мың құбылған шертпе күй
Ерітетін ойды асқақтап.

10 Қатпары көп өмірге,
Сүңгіп ұшқыр көңілге.
Ирек жолды тарихтың
Бұлт шұбыртып көгінде.

Ағып келіп қиырдан,
Айдын көлге құйылған
Көп өзендей өмірдің
Сыры күйге жиылған.

20 Сыбызғыдан сырғанап,
Төгілсе күй бір ғажап.
Бойды билеп, ойды алар
Күй толқыны тулап-ақ.

Арманның ақ сұңқары
Болып шарлап жырларды,
Жігіт мұңын, қыз зарын
Бүгінгіге жалғайды.

Қыздың мұңы зарланған,
Көзден жасы парланған.
Бебеулейді, өксиді,
Шыңырауға айналған.

30 Қобыз үні жарасқан,
Қуысталған ағаштан.
Ондағы жүрек қылынан
Ұшқан күй мен қанатты ән.

Төрт тесікпен оюлап,
Жіппен орап, қиюлап,
Өңішімен бөкеннің
Қапталғаны порымды-ақ.

Сыбызғының бұл сыны
Қуантады күйшіні.
Онда «Бөкен жарғақтың»^{*}
40 Сылдыр қағып тұр тілі.

Сылдыр қағып тұр тілі,
Жігіт тілі, қыз тілі.
Тұманды шақ, қапы өлім,
Шыңырау — құй сыр түбі.

Таңдай қағып таңданып,
Кейде өкініп, шамданып.
Естіген жұрт күй сырын
Отырады аңғарып.

...Бөкен, бөкен, ақ бөкен,
50 Әсем бөкен, сақ бөкен,
Жұлдызша ағып зымырап,
Оқтан ұзап шап бөкен.

Бұрғы мүйіз бұрама,
Бұрма-бұрма, қынама.

* «Бөкен жарғақ» күй аты.

Текесінің мүйізі-ай
Неткен әсем, сірә да!

Арқан бойы секіріп,
Тау таласа текіріп,
Көрмеген-ау тұяғы
60 Тасқа тисе кетіліп.

Сол бөкеннің жарғағын
Киген шағы шаруаның.
«Бөкен жарғақ» күйінің
Ашсақ терең қайнарын.

Жұтаң өмір, жұт заман,
Қайда онда құт заман.
Тарпаңдықпен табиғат
Қаншалап көп жұтты адам!

Міне, осы шақтардан,
70 Қалың-қалың қатпардан.
Терең ашып күй сырын,
Ата-бабам ақтарған.

Аумақты тау, айдала,
Шатқалы мол сай-сала.
Ақ теріскей төсінде
Боздайды қыз зар қаға.

Бойжеткен қыз егілед,
Көзден жасы төгілед.
Қайғы жарып жүрегін,
80 Қабырғасы сөгілед.

Қыз мұңына тегінде
Ашынған көп елі де.
Көп жүректер езіліп,
Көп тулаған сезім де.

Шолпанындай аспанның
Қырмызысы асқардың.
Осы қыздың мұң-зары
Ашынтқан көңілін жастардың.

90 Кілті емес пе күй жанның?
Араласқан сырға мұң.
Қыз ағасы Әлбатыр
Қыршын жанын қиған кім?

Қай ғасырда, қай шақта,
Сонау ерте-алшақта.
Тұрлауы жоқ бұлт заман
Шараны тым тар шақта.

Жұтаң, жұқа халі бар,
Жетім-жесір зары бар.
Тауда отырып бір түтін,
100 Тартқан бейнет қамы бар.

Иен тауда жалғыз үй,
Талшыққа тар, зарлы күй.
Тартыпты өмір оларға
Шері қалың қайғы сый.

Ауа қонған сай аттап,
Кеткен елден саяқтап.
Осы жесір-жетімнің
Айтам жәйін ардақтап.

Патша болған залымнан,
110 Бай малымен қағынған.
Күңіренген қалың ел
Бас көтермей алымнан.

Мал мен жаны қорғалмай,
Тозған халық торғайдай.
Жаратқанын жазғырған,
Болғаннан соң сормаңдай.

Иесі боп мәнсаптың,
Тұтқасы боп бай таптың.
Қожасы еді Жанқылыш
120 Жырғалаңдай алқаптың.

Жылқысы оның мол еді,
Қымызы жаз көлі еді.
Бақпаса оны жылқышы,
Мұндайлық бақ жоқ еді.

Жылқышы еді Байбосын,
Отарлатқан бай қосын.
Атамұра — тал құрық
Арқалаған бай көшін.

Көп бейнетті көрсе де,
130 Елден саяқ жүрсе де,
Бишән сынды жарымен
Бас құраған күркеде.

Айы туған оңынан,
Ақ Шолпаны солынан.
Әлбатыр мен Күләндей
Ұрпақ ерткен соңынан.

Күндер өтті, ай өтті,
Мұң басып жыл жәй өтті.
Жылай-жылай талпынып,
140 Ұл ержетті, қыз өсті.

Телім-телім ұл жүрді,
Өрім-өрім қыз жүрді.
Ұл мен қыздың күнінен
Жүрек үсіп, мұз кірді.

Кие жүріп жарғақты,
Отын алды, мал бақты.
Ар-намысты ата-ана
Қорланумен зар қақты.

Сол жылдардың бірінде,
150 Тышқан жылы кіруде,
Қағыршылық болды жаз,
Басып шаңдақ күнінде.

Жаңбыр жаумай, кербакты,
Желтоқсанда жел қатты.
Қақап кетті қаңтар да,
Шегедей боп жер қатты.

Нысаны деп бұл жұттың,
Үрей ұшып жүр жұрттың.
Жұтқа қарсы шама жоқ,
160 Жүдеу шағы ел-жұрттың.

Малын ойлап Жанқылыш,
Байламмен салды күш.
Жер шалдырып ұзақтан,
Бастады бір жарлық іс.

«Жұттан қашсақ, есебі,
Жылқы отарға көшеді.
Көктемде бір-ақ оралсын!»,
Бай жарлығы осы еді.

Бес қос жылқы көшті ұзақ,
170 Елден шалғай кетті ұзап.
Байбосындар не білсін,
Құрылғанын көп тұзақ.

...Қырау кірпік қыс келді,
Аспан сұрғылт түске енді.
Жұт нысаны ушығып,
Қыс та ерте түскен-ді.

Қарға малтып қарағай,
Шоқы шөкті баладай.
Төңкерілді сұрлы аспан
180 Жерді басып қалардай.

Соқыр, дүлей тұнжырап,
Басын тауға ұрғылап,
Қатпар-қатпар қара бұлт
Тау үстіне тұр құлап.

Көзін сүзіп аспанға,
Өлсіз қадам басқанға.
Аң біткеннің ажалы
Жетті қардан, тастан да.

190 Аязда үсіп құстар да,
Хал таппады ұшқанға.
Қарс айрылды дәу жартас
Айбарлы аяз қысқанда...

Міне, осындай жұт шақта
Бишәнді алып қыстаққа,
Кісі салды Жанқылыш,
Күлән қызды құшпаққа.

200 «Тоқалдыққа Күләнды
Берсе болар ұнамды.
Жылы суға қол малып,
Көред қайыр-дұғамды». —

Депті ұялмай Жанқылыш,
Айбарланып, сап ұрыс.
Жаушылар да жалақтап,
Сөздер айтты нәдұрыс.

Естіп, ана егілді,
Көзден жасы төгілді.
Балапанын бауырына ап,
Қабырғасы сөгілді.

210 — Жеткіз мұнан хабар, — деп,
Әкеңе азық апар, — деп,
Әлбатырды жүргізген
Әкесі ақыл табар, — деп.

Кімге шағад зар-мұңын,
Кең дүние тар күнін.
Езілді іші Күләннің,
Естіп ана зарлы үнін.

Басынды бай қузап көп,
Ана ашынды тулап кеп.
Қанжардай боп қадалды,
220 Қыз жүрегін турап кек.

Бай сақалы сапсиган,
Майлы көзі шақшиған.
Қабандайын көрбиіп,
Қасқа тісі ақсиган.

Қыз түсіне бай кіріп,
Басты шошып қайғы бұлт.
Байдың үрей, зытынан
Ас ішпеді қайғырып.

Қайғы қайрат емес-ті,
230 Ана-бала кеңесті.
Бай қолында өлуге
Белді байлап егесті.

Деп атына ер салды,
Маңайына зер салды.
Бес аспабын дайындап,
Жүрер жолға көз салды.

Ана оралды шаужайға:
— Бақсақ керек аужайға.
Қорыталық ақылды,
240 Ойлап тәуір бір жайла.

Қарындасы да қайырылып,
Қайғы жұта майырылып,
Ағасын құшып, өтінді:
— Ойласайық, жай біліп...

Тыңдап сөзді тоқталды,
Келді ақылға ұстамды.
Ақылдасты бас қосып,
Жасап соңғы жоспарды.

250 Көрсө ұғып әркімнен,
Жолаушылап бай кеткен.
— Осындайда қамданып,
Құтылайық бұл дерттен.

Жазмыш салды, көнейік,
Байдан ірге бөлейік.
Тау үңгірін мекендеп,
Жазға дейін көрейік.

260 Өлсек өлдік сол тауда,
Жан бермейік дұшпанға.
Нағашы жұрт төркінге
Кетейік өтсек қыстан да. —

Десіп олар тоқтаған,
Аязға етін қақтаған.
Қарлы тауға сүңгіді
Жанқылыштан тайсап жан.

Иен тауда жалғыз үй,
Талшыққа тар, зарлы күй.
Міне, осылай бет алған
Жаралы жан, жарлы күй.

270 Жалғыз сиыр — бар малы,
Бір «саққұлақ» арланы.
Таудан тапты тас үңгір,
Бүрген — алды, қар — маңы.

Байдан қорлық көп көріп,
Көкірегін кек керіп,
Атамекен жерінен
Босқындады жөткеліп.

Бұлар тауда күн көрсін,
(Көз жастарын кім көрсін?)
Бағы тайған жандарға
280 Қоймақ еді кімдер сын?

Шолғындап мал отарын,
Қағылдап қарын жотаның,
Байбосынды іздейік
Бишәннің жан қосағын.

Тауды тұман бұлт басқан,
Жапан түзден құт қашқан.
Босқын-босқын аңдар жүр,
Ұша алмаған құс қатқан.

Қаптай басқан қарларды,
290 Көрсен басқан талдарды.
Шаңқан аппақ биелер
Жұлысқан жеп жалдарды.

Жылқы бетті оймыштап,
Қардың астын ойғыштап,
Тіске сыздық іздеген,
Тамыр қазып сорғыштап.

Қар да, аяз да тең тиген,
Бірінен бірі зор тиген.
Тоқпақ жалды айғырлар
300 Аштан өліп теңкиген.

Жылқышылар айқасты,
Қар-боранмен шайқасты.
Орман кесіп, талшық қып,
Долы қыспен байқасты.

Болды күні осылай
Жылқышы басы қосылмай.
Қар астына көмілген
Қостары жатыр қоңырқай.

Бай жылайды мал үшін,
310 Малшы жылайд жан үшін.
Жылқышылар апатта
Қайрай түсті намысын.

Түнек болып бұлтты аспан,
Жердің жүзін жұт басқан.
Ақ мылтықтар атылып,
Сай-саладан құт қашқан.

Көрмегелі аспанды
Бір айдан да асқан-ды.
Қосқа келіп бір сөтке,
320 Қосылмаған бастары.

Жылқыны айдап кесінге,
Қосқа жай жоқ кетуге.
Байбосын жүр көксайда,
Мұрша жоқ бел шешуге.

Келмеген соң қосқа әлі,
«Жүр ме күрек ашқалы?» —
Десті келген жылқышы,
Қосылмақ ед бастары.

Шықты оны іздеуге,
330 Жылқыны да көздеуге.
Қар қалың, адым аштырмайт,
Жүріс қиын өрлеуге.

Жұтта жатпас жылқышы,
Андыздап жүр жылқысы.
Қатқан бәрі қаншырдай,
Бұрауланған жылқы іші.

Бір биік бет көшіпті,
Қаптал қары жосыпты.
Тау, теңіз боп көшкіні
340 Аңғарға ағып түсіпті.

Қарағайлар қирапты,
Шатқалға қар симапты.
Таз басындай тақырлап,
Бүкіл бетті қырнапты.

Жылқышылар шошынды,
Қимай аға — есілді.
Жаяулап түгел із шалды,
Күдіктенді, күрсінді.

Айқайлайды дауыстап,
350 Кетті үндері алыстап.
«Байбосын-ау, Байбосын!» —
Десті бүкіл тау-қыстақ.

Көшкін қарға көміліп,
Тұтамдай боп көрініп,
Құрық ұшы тұр екен,
Кетті түгел егіліп.

Салып ойбай, аттанды,
Жаңғыртты кең шатқалды.
Жылқышылар оншақты
360 Көшкінді ашты қатпарлы.

Балталармен оймыштап,
Ағаштармен қойғыштап,
Ашты қарды бір сөтке
Құрық маңын көзде ұстап.

Өтті өкпеден үскірік,
Беттер кетті істігіп.
Еріндері айырылып,
Бой дірілдеп, іш суып.

Көздер кетті қанталап,
370 Жөтел, қырыл — бәр тамақ.
Алды отырды сенделіп,
Халі кетті, шалқалап.

Қайратты тек қанағат,
Күш шығарған қабағат.
Үңгіп кірген көшкінді
Айбалтасын сайлап ап.

Тағы бір таң атқан шақ,
Қас-көзге мұз қатқан шақ.
Есіл елдің тағдырын
380 Айтты жылап, аттан сап.

— Таптым! — деді Қанағат,
Түршікті жұрт қабағат.
— Есіл ерден айырылды! —
Деді естіртіп айқайлап.

Көрініпті аяғы,
Дал-дұл шалбар балағы.
Қарағай бойы қалың қар,
Алуға күш бар әлі.

Мөлдір жастар көзді алды,
390 Жігер қайта қозғалды.
Үнсіз қимыл жанба-жан
Жүректерден қозданды.

Жігер-қайрат есе артып,
Байбосынды алды босатып.
Жүрек қаны тоқтаған,
Бұл дүниеге қош айтып.

«Биік беттің көшкісі,
Жанқылыштың тепкісі,
Бауырын езіп өлтірген!» —
400 Деп қозғалды кек күші.

Шалса да үсік бет-жүзді,
Мәйітті қосқа жеткізді.
Дұға оқып, арулап
Жаназалық өткізді.

Қайрап бәрі қайратын,
Жасады кең жәннатын.
Жұма күні тигізді
Жерге марқұм жамбасын.

410 Кеуделерді кек керді,
Құзғын басты бөктерді.
Тазқаралар, құмайлар
Тартты жемтік-көкперді.

Көп жылқыны көшкін айдап,
Кеткен қырып қан сойдақ.
Қатты апатқа не амал бар,
Қалды бәрі көп сорлап.

«Өлмеген малын апарып,
Бай кек алар қасарып.
Берекемен бас қосып,
420 Баймен соғыс ашалық.

Туыс кегін алмасақ,
Жүрміз қайтіп жан құстап?!
Айдағанға көнетін
Кетпейік біз мал құсап!»

Қанағаттың бұл сөзін
Құптады сүртіп қос көзін.
Бар жылқышы кеуде ұрды,
Келтірмек боп бір кезін.

Тұрсын олар кектеніп,
430 Жылқы отардан жөткеліп.
Жанқылышпен сайысып,
Айқасқанша бет келіп.

Тауға барып келейін,
Жалғыз үй жайын білейін.
Бишән менен ұл-қыздың
Халін сөйлеп берейін.

Тас үңгірде жалғыз үй,
Тартты тауда зарлы күй.
Жалғыз сиыр медеуі,
440 Қар астында болды қи.

Қыстан әзер өткенде,
Келген кезде көктемге,
Ана, бала бозарып,
Құр сүлдері жеткенде.

Болды лайсаң жер беті,
Сай-саладан сел кетті.
Толды арналар аң-құсқа,
Айдын шалқар көл беті.

Тау көшіп, тас құлады,
450 Жыныс орман сұлады.
Үрейлі үндер тау іші,
Құқай құлақ тұнады.

Барлық жерді басты сел,
Төбелерден асты сел.
Тас үңгірін Бишәннің
Кенет келген жапты сел.

Бас көтермей жастықтан,
Дәрмені жоқ аштықтан.
Бишәнді кетті сел жұтып,
460 «Тамақ» құйып балшықтан.

Жан далбаса алысып,
Апатқа қарсы қарысып,
Әлбатыр мен Күлән жүр
Толқындармен қағысып.

Құлазып тау тынғанда,
Құзғын шулайт құз-жалда.
Қасқыр өліп қыратта,
Жаңғырыққан құздар да.

Екеуі де аш қалып,
470 Жеді құсты бассалып.
Әлбатыр мен Күлән жүр
Сел тұнбасын ақтарып.

Сарқып күшті бойдағы,
Ойылса да қолдары.
Тұнба жардың түбінен
Тапты ананы, қоймады.

Ардақты ана ақ маңдай,
Қолаң шашы мақпалдай.
Ұл-қызына (көзі ашық)
480 Мейір төніп жатқандай.

Солған жүзі ашаңдай,
Әжімсіз өң жасаңдай.
Соқса жүрек, ұл-қызын
Кеудесіне басардай.

Ана мейірі жанға азық,
Ақ сүтіне қанған лық.
Аймалап өскен ұл мен қыз
Жоқтады ұзақ зар қағып.

Тау жаңғырта зарлады,
490 Көзден жасы парлады.
Секілді еді аққан бұл
Денедегі қандары.

Талықсыды, келді еске,
Бола ма енді көнбеске.
Қырық бесте қиылып,
Кетті-ау ана келмеске.

Мейірінен ананың
Жоқ қой енді қанарың.
Тағы талай жол басып,
500 Ойды екеуі табанын.

Ананы олар арқалап,
Әлі құрып, шаршап-ақ,
Зиратқа әзер жеткізді.
Мұңға батты барша алап.

Жатыр зират жаурап бәр,
Өксігендей аруақтар.
Құшақ жайып жер ана,
Иілгендей тау-қатпар.

510 Қойылды ана арулап,
Зират дөңді бауырлап.
Көңіл суып, көз ісіп,
Қайтты екеуі ауырлап.

Маңдайдан сор арылмас,
Болды аға-қарындас.
Әлемдегі жарлылар
Осыларман тағдырлас.

520 Тау да селден тазарған,
Аман қалып ажалдан,
Бала жігіт Әлбатыр
Сүйегі сом жаралған.

Жиырмада жасы бар,
Қыр гүліндей ашылар.
Қарақат көз, қыр мұрын,
Қою қара қасы бар.

Бидай өнді түсі бар,
Жолбарыстай күші бар.
Аң ауласа, құс атса,
Таң қалдырар ісі бар.

530 Әлбатырмен тетелі,
Зерек туған жетелі.
Қарындасы Күләннің
Толған айдай бет-өңі.

Жасы биыл он жеті,
Хор қызындай келбеті.
Мінезі бар жібектей,
Бар ішінде көп дерті.

Ақылды, әрі ойлы еді,
Дәл орташа бойлы еді.
Сүйегіне сүзілген
540 Көрген жанның көздері.

Сағынды олар әкені,
(Ұқпаған әлі қатерді).
Көріп мауқын басуға
Таудай тірек — дәт еді.

(Қашан хабар жетеді),
Ақыл қосты екеуі.
Тайсап тұрып тау жаққа,
Болды жер үй мекені.

Әкесі аман оралса,
550 Бас бір жерде бола алса,
Ана сөзін ақтамақ,
Жанқылыштан кек алса.

Жасау үшін тіршілік
Еңбектенді құлшынып.
Беттен-тастан ойды үй,
Бір жаз бойы түртініп.

Мекен етіп тау жақты,
Шарлар кең аумақты.
Шатқалдардан аң аулап,
560 Садақ атып жан бақты.

Аң терісі жарғақты
Киім етіп тән жапты.
Күркесінде тынықты,
Кезіп келіп жан-жақты.

Көкшіл теңіз бетінде
Шықпай қалып шетіне.
Аққан ағаш секілді
Өмірлері өтуде.

Тұрлаусыз бұл сапарда
570 Өстіп жапа тартар ма?!
Қауіп-қатер көп әлі,
Барса елге қатарға.

Бұлар өстіп көрсін күн,
Айтар бәлкім серпінді үн.
Келді «Бөкен жарғақтың»
Күй арқауын келтіргім.

Сол жылғы жұт сор келіп,
Сел апаты мол келіп,
Төрт түлікті сыпырды.
580 Кетті адам да жерге еніп.

Мекен етіп бөктерді,
Жеркепе еткен беттерді.
Төрт-бес үйлі шаруа бар,
Баққан аңмен шиеттерді.

Осындағы аз жанды
Жақсы азықпен қамдауды,
Көңілге алып Ердостың,
Жігер оты қозданды.

Кезді тауда бөктерді,
590 Атты аңды, кептерді.
Талшық етіп бірнеше үй,
Ас-суына септеді.

Ыстығында июльдің,
Біріменен шиырдың
Тауға тартты аңшы Ердос,
Аңын алмақ қиырдың.

Қожыр тасты қоңыр тау,
Түксиеді, жатырқау.
Иен тауды кезді кеп,
600 Жалғыз Ердос жабырқау.

Түс қияр шақ, күн ашық,
Аяғын ол тез басып,
Аш кезеңге шықты өрлеп,
Аң табуға боп асық.

Аштықтан жүріп бұралып,
Көз қанталап, қызарып.
Көзге ілінсе қандай аң,
Атып алмақ қуанып.

Оқ жетер жер — жырада,
610 Бүргені мол құлама.
Көрінді аңның бөксесі,
Жаңсақ емес, сірә да.

Арасында бүргеннің
Қалқалана кіргенін,
Көрді ағарған таңынан
Жалақ іздеп жүргенін.

Болса керек ақбөкен,
(Желге қарсы жақта екен.)
Ағараңдап бөксесі,
620 Оққа ілінер шақта екен.

Ердос алып садағын,
Түйе қарап қабағын.
Тартып қалды тізерлеп,
Тартып ішке танауын.

Бір жығылып тұрды ол,
Артқа мойын бұрды ол.
«Аң емес, адам екен ғой,
Неткен жазым, ақау, бұл?» —

Деп түсіріп садағын,
630 Уқалады жанарын.
Таңдай қаға тамсанып,
Кермек шалды тамағын.

Тұрды әлгі адам, жығылды,
Сұмдық болды бұл ғұрлы.
Ет жүрегі Ердостың
Аузына кеп тығылды.

Алға қарай жүгірді,
Асығып та жығылды.
Қайта тұрып ұмтылды,
640 Термен беті жуылды.

Кетті аяғы сенделіп,
Сергелдендей меңденіп.
Өзін өзі ұмытты,
Өкініштен тербеліп.

Жырашыққа келгенде,
Атқан «аңын» көргенде,
Ұқсап қалды сілейіп,
Тірі тұрып өлгенге.

Тас мүсінге ұқсап қап,
650 Есін жиып үш аттап.
Талықсыған жігітті
Алды жерден құшақтап.

Еңіреді, боздады,
Көзі қарайып торланды.
Қанға батқан сорлы жан
Қас-кірпігін қозғады.

Көзі кекпен сұқтанбай,
Опық жанды ұққандай.
Танауынан болды әзер
660 Бір тыныс дем шыққандай.

Бірақ аузын ашқанда,
Танау қушық тартқанда,
Естен танды Ердос та,
Иегін ол қаққанда.

Қарайды Ердос абайлап,
Әрі жылап, әрі ойлап.
Бөкен келер жер екен,
Ашысы бар жар ойнақ.

Аңдығаны түз серісі,
670 Кигені бөкен терісі.
Жүнін сыртқа қаратып,
Екен киіп келісі.

Тері іштен түймелі,
Мылпадайын илеуі.
Арланды аңдып атуға,
Жасап жүрген күйбеңі.

«Жазым болды неткен бұл?
Қиылды-ау бір қызыл гүл.
Қанын қалай ішкіздің,
680 Қай мүсәпір екен бұл?

Жазықсыз бір жаранға
Тиді оғым, жар Алла.
Жазықсыз қан құтқармас,
Бет алдым ба зауалға?»

Ол осылай зар жылап,
Бойдан кетіп әл-қуат.
Тұрған шақта сезікпен,
Келді біреу аңдып нақ.

Сыбдыры бар аяқтың,
690 Қалған екен таяп тым.
Көрінбейді бүргеннен
Жырада оң қанаттың.

Ердос қарғып өкпені,
Ұзақ алып оқ бойы.
Қалың бүрген ішінен
Сығалады, кетпеді.

Мойнында бар садағы,
Басқан аңдып қадамды.
Бір бойжеткен жыраға
700 Жылжып баяу барады.

Ердос отыр таңырқап,
Жасын төгіп жабырқап.
Өлді өзіндей жас жігіт,
Неткен тағдыр жаңылшақ!

Қыз да жетіп жыраға,
Кезіккендей ұраға.
Тіксініп, шорт тоқтады,
Жатыр сұлап Әл-аға.

Қолына алып садағын,
710 Маңына бір қарады.
Өліп жатқан жігітті
Ырғап, құшып барады.

«Аға» деп тез өшті үні,
Танғандай естен кескіні.
Өксіп-өксіп тұрды да,
Зар-зар қағып кетті үні.

— Аға, аға, жан аға,
Денең қызыл қан, аға.
Келді Күлән қарындасың,
720 Құлағың сал, Әл-аға!

Аға, аға, жан аға,
Мұң-зарыма нан, аға.
Қандай сұмнан жан үздің,
Жаным сенен садаға?!

Киікше өстік тау бағып,
Анадан жетім біз қалдық.
Тұяқ едік екеуміз,
Неге ел іздеп аумадық?

Бірге соққан жанымыз,
730 Бірге аққан қанымыз.
Сен кетіп, мен қалдым ба,
Неғып бұйтті халіміз?

Атам жоқта атам ең,
Анам жоқта анам ең,
Асқар белім, айдыным,
Өмірдегі панам ең.

Саған жеткен қазаның
Тарттым ауыр азабын.
Қандай қаскөй өзіңе
740 Атты екен оғын ажалдың?

Ақылды едің азбайтын,
Жалынды едің маздайтын.
Қалай сені аңдып кеп,
Қаныңды ішті қандай сұм?

Қыз осылай жоқтады,
Садағын ап оқтады.
Бозінгенше боздап ол,
Қарлығып үні тоқтады.

Қыз қимылын көргенде,
750 Ердос болды шерменде.
Бейне дала тарылып,
Қысты қатты көрден де.

Қыз үніне қосылды ол,
Көзден жасы жосып мол.
Көкке қарап тіленіп,
Тау-шыңдарға созды қол.

- Күрсінгендей қапталдар,
Шашын жайып ақ талдар.
Шерлі шалдай үһілеп,
760 Түнереді қарт заңғар.
- Шыдамай Ердос мұң-зарға,
Ұшпақ болды құздан да.
Өзін қайта тоқтатып,
Ажал күтті қыздан да.
- Ол өзіне деп отыр:
«Қызда таудай кек отыр.
Кегін алсын жауынан,
Мені атпай қыз неге отыр?
- Мұңына мұң қосамын,
770 Оғына кеудем тосамын.
Жазықсыз жаңсақ қан төктім,
Қалайша енді қашамын?!»
- Осылайша ол толғанған,
Сыбызғысын қолға алған.
Бір зарлы күй бастады
Бебеу қаққан, долданған.
- Секектеген бөкендей,
Шоршып-шоршып кетердей
Ұшқан құстай зымырап,
780 Көз ұшынан өтердей.
- Сыдырып таудың қияғын,
Тасқа шекіп тұяғын,
Шыр айналған ақбөкен
Ащысын жалап жыраның.
- Таудың жұтып бұлағын,
Бүлкілдетіп құлағын.
Аш кезеңнен асқандай,
Ертіп егіз лағын...

Несібін теріп өмірден,
790 Бүргенді бетті тебінген.
Тері киген аңшы ол
Бөкен болып көрінген.

— Қалың бүрген ішімен,
Ақбөкеннің түсімен.
Қалай ғана, сорлым-ай,
Көзіме кеп түсіп ең?!

Жаңсақ оқ дос танымас,
Жау емес ем қаны қас.
Қалды егіліп артыңда
800 Қайғысы мол қарындас.

Қандай жанның ұлы едің,
Қай төбенің гүлі едің?
Қанды кегін алсын қыз,
Осы еді шын тілегім...

Күй осылай толқындап,
Мың құбылды солқылдап.
Күйдің сырын ұғынды,
Құлақ сап қыз мол тыңдап.

Тартылып жан шерлері,
810 Қыз жүрегін тербеді.
Көздің жасын тоқтатып,
Күймен ойы меңдеді.

Қара қурай қолға алды,
Сыбызғы етіп толғанды.
Ағасына жоқтау қып,
Тартты күйді толғамды.

Күй ботадай боздады,
Шерлі мұңы қоздады.
Күй тыңдаған Ердостың
820 Достық шері қозғалды.

Күйдің соңы шымырап,
Атқан оқтай зымырап
Оқыс атқан жігіттің
Жан жүрегін суырат.

Ана зарын, арманын
Тауда қалай қалғанын.
Сағынышын әкенің
Күй қып шертті зарлаулы үн.

830 Бастап күймен жарысты,
Қайғы-шерді жайысты.
Қатулы қыз үн қатты,
Қабырғасы қайысты.

— Қандай жау ең, ей, сұм-ау,
Неге атасың бейкүнә-ау?!
Садағымның оғына
Жекпе-жекке кел мынау!

840 Ағам еді ол асылым,
Алтын сақа асығым.
Қанға қанды қайтарам,
Аға өлімін, ашуын...

Күй де тынды сорғалап,
Мамырлап, әрі жорғалап.
Тына қалды бір сәтке
Ашу кегі, о, ғажап!

Ердос енді қозғалды,
Ұшар құстай қомданды.
Сыбызғысын қолына ап,
Қызға таяу ол барды.

850 — Ей, дұшпаным, сен бе едің?
Сені іздеген мен едім.
Кел нысанаға, жаныңды үз,
Неткен жауыз пенде едің? —

Деді қыз тоқтады,
Садағын ап оқтады.
Тосты жігіт кеудесін,
Ақ өлімнен қорықпады.

Ашу керген зарлы қыз
Нысанаға алды қыз.
Тарта-тарта адырна
860 Қос қарынан талды қыз.

Мұң мен ойы қосылып,
Көзден жасы жосылып.
Босап кетіп садағы,
Қалды атпай тосылып.

Ердос берді садағын,
Ашық ұстап қабағын.
— Осымен ат мені, — деп
Жарқ еткізді жанарын.

Қыз қиғаштап солына,
870 Садақты алды қолына.
Діріл тартып тұрғандай
Садақ тартқан қолы да.

Ашу жиып қабаққа,
Нысанаға алып қарап та.
Ата алмады, қолынан
Жерге түсті садақ та.

Жігіт тартқан сол күйді,
Оймен толған ол қилы.
Басын ұстап оң қолы,
880 Қолаң шашы толқиды.

Жүрегі ауыр жарақат,
Отты көзбен қарақат.
Жалт қарады жігітке
Тартқандай бір парасат.

Жігіт айдай жарқын жүз,
Жабырқаулы салқын жүз.
Өжеттігін байқады ол,
Риясыз парқын қыз.

890 Бойжеткенге көз тастап,
Жігіт тағы сөз бастап.
— Кегінді ал, қарындас! —
Деп алдында тұрды асқақ.

Күлән басын шайқады,
Істің мәнін байқады.
«Ашу — дұшпан, ақыл — дос»,
Бұлтша ыдырап тарқады.

— Ей, азамат, атар ем,
Қызыл қанға батар ең.
Қасым болсаң сен егер,
900 Опық күйін тартар ма ең?!

«Білмеген у ішеді»
Деген ойға түседі.
Халық айтқан асыл сөз
Маған ақыл-күш берді, —

Деп Күлән бас шайқады,
Садағы қолдан тайқады.
«Келсе алдыңа атаңның
Құнын кеш», — деп айтады.

Атқан болсам саған серт,
910 Ата алмасам маған серт.
Атылмаған садағым
Саған да, маған да болды серт, —

Дегенде Ердос егілді,
Көзден жасы төгілді.
Әлбатырды құшты о да,
Қабырғасы сөгілді.

Қайта тұрды, қозғалды,
Сыбызғысын қолға алды.
Тартты күйін Ғазиздің,
920 Жосылдыра толғанды.

Күлән оған қосыла,
Көзден жасы жосыла,
Толқындата тартты күй
Ардақты аға, досына...

Таудан асып, шың құшып,
Шыңдармен бір шұлғысып,
Зеңгір көкте зарлы күй
Бебеу қағып жүрді ұшып.

Қырандай қанат қақты күй,
930 Тау-тасқа мұң шақты күй.
Толқынымен өзеннің
Шымырлана ақты күй.

Ердос пенен Күләннің
Жоқтау айтқан жыраның —
Күйін «Бөкен жарғақ» деп,
Жұрт осылай шығарды.

Тартып олар мол мұңды,
Ұзақ-ұзақ жол жүрді.
Ардақты ана қасына
940 Әлбатырды қондырды.

Етіп мәңгі ұмытпас,
Қойды оларға құлпытас.
Жасырылған жан жүзі,
Қалай көңіл суытпас?!

Тастан ойып кең жазды,
Ата-жөнін тең жазды.
Жоқтау күйін атақтап,
«Бөкен жарғақ» деп жазды.

Ердос оқып құранын,
950 Тіледі оған иманын.
Мұңлы мола мүлгіді,
Төскейден ап тұрағын.

Қоштасарда сүйекпен
Қыз егілді тілекпен.
— Кегінді, аға, кешірдім,
Паң рухыңды тілеп мен.

Ағама басым бәй тіккем,
Қиям жаныңды қайтіп мен.
Опықты іске кек жүрмес,
960 Кесе алмадым артық мен.

Кешіре көр, ағатай,
Ақыл-кенім санаған.
Ерлігіне Ердостың
Қандай жауап таба алам?!

Қыздың тулап жүрегі,
Қызғылт тартып реңі.
Ұсынылды жігітке
Балдырғандай білегі.

Жігіт те ойын ұштады,
970 Қыз білегін ұстады.
— Үмітіңді ақтаймын
Жерден болсам тысқары.

Жігіт те терең толқыды,
Жүрегі тулап шоршыды.
Күләннің төселді
Басына кеуде, қолтығы...

Күншығыстан сол шақта,
Сонау адыр — қолқаттан
Құйын ба, ат тұяғы ма
980 Көзге түсті будақ шаң.

Аттылар жортып дөңдерден,
Кертіп өтті белдерден.
Зиратқа кеп кідірді,
Жас топырақпен көмкерген.

Екеуі өзен жағалап,
Келеді тау сағалап.
Секілді олар бір көштен
Сынып түскен сағанақ.

990 Секілді олар сағанақ,
Өзен бойын жағалап,
Тұнық суға жүз жуып,
Тыныс алған бағана-ақ.

Кең пейілді анадай,
Иә, кірсіз баладай.
Өзен бойы, орман, су,
Қасын күле қағады-ай.

1000 Таяп келді шапқан топ,
Топ жұлдыздай аққан топ.
Ердос пенен Күлән да
Далдаға өзін тартқан жоқ.

«Дұшпан болса шайқасып,
Қалайық бір байқасып.
Достар болса дөт көріп,
Жамырайық айқасып».

Осы олардың байламы,
Сайлап тұрған жайлары.
Жақын таяп келгеннің
Қанық болды жай-мәні.

1010 Достар болды анық бұл,
Ердос күйін тартып тұр.
Топ бастаған Қанағат,
Күлән оны танып тұр.

«Бауырымдап» жылаумен,
Көрісті олар Күләнмен.
Құшақтасты Ердоспен
Көп амандық сұраумен.

Кектің отын қоздатып,
Жылқышылар қозғалып,
Баймен сайыс жасапты.
1020 Екеуіне айтты сөзді анық.

Бай қашырып ұйқысын,
Кетіріп елдің сиқысын.
Төлетпекші болыпты
Жұтқа кеткен жылқысын.

Жылқышылар ел үшін
Қозғалыпты тегі шын.
Жанқылышты жерлепті
Байбосынның кегі үшін.

Атқа мініп баптаған,
1030 Сойыл алып қақтаған.
Жауын түгел ойрандап,
Ел үмітін ақтаған...

Естіп Күлән әкенің,
Басына жеткен қатерін.
Ойбай салды қан жылап,
Құшты талып ат ерін.

Ердос барып сүйеді,
(О да іштен күйеді).
Көңіл айтып әкеге,
1040 Қайғыра қабақ түйеді.

Оқылғанда құран да,
Жиды есін Күлән да.
Жұрт та айтты жұбату
Ақыл қосып Күләнға.

Деді Күлән қайғырып:
— Әкеден қаппын айырылып.
Мен не деген сорлы едім,
Жастай қалдым майрылып.

Шешем менен Әл-ағам
1050 Орын алды сағадан.
Әкем бар ғой деуші едім
Тіреу болып қараған.

Неткен ғажап тағдыр ең,
Неғып бізді аңдып ең?
Қақсататын сол ғұрлы
Мен құдайға нағып ем?

Біреу, екеу, үшті алдың,
Бізге ғана күш салдың.
Кетті өртеніп жүрегім,
1060 Мен де өлуге құштармын.

Артық едім мен кімнен,
Қорықпан мен де өлімнен.
Әке-шешем, ағамның
Орын алсам көрінен...

Қатты жылап сілесі,
Көптен кейін кірді есі.
Әрең зорға жұбатты
Туыстары, Ердосы.

Қайта ұғып мән-жайды,
1070 Істің бәрін аңғарды.
Жылқышылар жұбатты
Осы мұңлы жандарды.

Қосқа бәрі жиналды,
(Айтып сойған бір малды).
Неке қиды отаулап,
Ердос пенен Күләнды.

— Енді Құдай оңдасын,
Қызыр келіп қолдасын.
Отауыңа құт қонып,
1080 Бақыт келіп орнасын.

Тірлік қуған жолыңда
Еш жамандық болмасын.
Жамандық еткен жандарың
Өз көріне өзі оралсын... —

Деп Қанағат бата айтты,
Әрбір сөзін қатайтты.
«Жақсы ниет жанға азық»,
Жаралы көңілін сақайтты.

Байбосынның түтіні
Ұшты түзу — оңлы.
Кейде осылай болады
Тағдырдың зор үкімі.

Күләнға Ердос ұнасты,
Ата өмірі ұласты.
«Бөкен жарғақ» — мұң күйі
1096 Мұра боп елмен сырласты.

Бұлғын — Сусар

I

Жұрт шерткен «Бұлғын — Сусар» күйдің аты,
Осы күй қандай істен шықты заты.
Бұлғын — қыз, Сусар — жігіт баяндалып,
Кешір, дос, болса жері шала-шарпы.

Міне, оған неше ғасыр болса дағы,
Біз үшін күйдің сыры сонша мәнді.
Өнердің өз иесін жаздым былай,
Талпынған талаптының сол сабағы.

10 Бірбай қарт Алтайды мекендеген,
Арманға албырт жаны жетем деген.
Қызы екен Бұлғын атты айдай сұлу,
Маралдай қыр басында секеңдеген.

Шыққанда он алтыдан он жетіге,
Жібермей қатал әке енді еркіне.
Ұлына Суырбайдың құда түсіп,
Мал алып жария етті жер бетіне.

Суырбай ел жуаны, бай болатын,
Құда боп, құда үйіне байлады атын.
Кәсібі баяғыдан ұрлық-зорлық,
20 Жан еді жаны құмар пайдаға тым.

Ал енді мына абырой тағы келді,
Қасқырдай ашты аранын қауып елді.

Ұлы оның Бектас деген бір алкеуде,
Үйленер кезі болып қалып еді.

Бұлғынды аламын деп масаттанды,
Жанында атқосшысы, жасақтары.
Ішіп-жеп «ұрын бару» тойын жасап,
Қаһарын жай халыққа шаша берді.

30 Былшиған әкесіндей бұл да быртық,
Сықсиып қарайтұғын көзі жыртық.
Құрт түсіп таңырайған шолақ танау,
Тұратын өз орнынан аулаққа үркіп.

Қап-қара, дәл бүйідей бет-бейнесі,
Тұрғанда ыржалақтап бейнесі осы.
Шошитын бұрын оны көрмеген жан,
Бойында «а» дегенде қалмай есі.

Шүйдесі жағалықты келген басып,
Жылылық сол сұрықсыз беттен қашып.
Жасы жас болса дағы мосқал дене,
40 Ел оны деп айтатын «Бектас пасық».

«Бай-байға» дегендейін енді, міне,
Қайынның қажы әулеті келеді үйіне.
Бұлғын қыз пысқырып та қарамады,
Тарылды ойда жоқта кең дүние.

Жеңгесі, жеңешесі келді сөгіп,
Құтырған адам, — дейді, — нербісі өсіп.
Ертесі Бектас отыр оңаша үйде,
Жығылған қарақұстай жерді соғып.

Сұрқия Суырбайдың батырына
50 Ақылшы жолдастары, жақыны да.
— Сабыр ет, сабыр қыл, — деп жұбатты кеп,
Бұлғынжан түсер әлі ақылына.

Әрі көп ештеңеден хабары жоқ,
Ойлама мұны жолдың жаманы деп.
Бұлғынды сенен басқа кім алады?
Болмаса атастырған адамы жоқ.

Қамшысын білеп, Бектас ақырады:
— Ол маған болар ертең қатын әлі.
Көремін көнбегенін ол малғұнның,
60 Жыртық көз жын толғандай шатынады.

Өкіріп өз бетімен ол кетті де,
Күрсінді Бұлғын қайғы тербеп мүлде.
Аң екен, адам емес күйеу деген,
Жиренер қылығынан жер-көк мүлде.

Ұқса да қыз көңілін ата-анасы,
«Біржола боп кетті, — деп, — бата басы».
Жорыды еркелікке барлығын да,
Жақын деп кейін екі жасы арасы.

Болған соң болдық деді ахиреттік,
70 Бұған қыз жауап берді жатып өксіп.
Тұйыққа қамалғандай сорлы аққуды
Алмақшы пұшық Бектас қатын етіп.

II

Қызды мұң буды дағы алып ұрды,
Кешегі еркіндігі сағынулы.
«Бектасқа барсам, егер, шыныменен
Дүние қидым, — деді, — жарлығыңды».

«Осы ма менің теңім?» деп өкінді,
Ол бәрі ойдағыдай көретін-ді.
Мінеки, жүз байталға басын сатып,
80 Әкесі «ақылға кел» деп өтінді.

Жастықты жуды жасы төгіліп пар,
Қай жанға дейді барып, мұны құтқар.

Ауа жоқ тыныстайтын, азаптанды ол,
Басына сұр шоқпары соғылып бір.

Жеңгеге ыржың қаққан тіл қатпады,
Кеш батты, жапты ауылды түн мақпалы.
Алмады ол көз шырымын, көрер таңнан,
Егілген жүрегінің тулап қаны.

Бергенде алакеуім таң да жарық,
90 «Асылып өлейін — деп, — талға барып» .
Ұрланып шықты ауылдан мұңлы сұлу,
Ойда жоқ батылдықпен таңғажайып.

«Әділет-әділет, — деп ыңырсыды,
Бал-шарап көріппін-ау бұрын суды.
Адалдық, өзің ғана жан жолдасым,
Мойныма түсті өлімнің шығыршығы» .

Аралап көк тоғайды жүре берді,
Орындар өз үкімін жүрек еді.
Қайғы менен қасірет өртеп ішін,
100 Қабағы қара бұлттай түнереді.

«Сезімнің бар, — деп, — алда ең ыстығы»,
Жел өксіп, көк күрсініп, жел ышқынды.
«Жеп ал» деп барымыздан біраз ғана,
Жаудырап жан-жағында жеміс тұрды.

Десекші қабырғаға қандай батты,
Жас Бұлғын алған беттен таймай бақты.
Көлденең бұтағына бір еменнің
Ақ торғын орамалын байлап жатты.

Боз бурыл жартастарға шөгіп бұлт,
110 Күн шықты көл ғашығын көріп тұрып.
Кенеттен Бұлғын селк ете қалды,
Бір адам келеді екен елік қуып.

III

Қалуға жасырынып үлгермеді,
Таң атпай елік қуған бұл кім еді.
Түйткілсіп әлгі адам да тұра қалды,
Елігі таудан асып, тындым болды.

Ұялып қыз желегін тістей берді,
Жігіт те түсінгендей іштей мұны.
Қасына жетіп келіп амандасып,
120 Барлығын жай-жадағай істей көрді.

Байлаған бұтаққа аппақ орамалды
Бұлғынға шешіп берді одан әрі.
Қыршын қыз тіршіліктен неге безсін,
Бар ойы жас аңшының соған ауды.

Қараса, аңшы жігіт қыр маралы,
Ай нұрындай қабақты, күн жанарлы.
Кірпігі құралайдың кірпігіндей,
Көзі оның мөлдір жасқа шыланады.

Қынай бел, тал шыбықтай бұраң бойлы,
130 Еткендей құндыз шашы құмар бойды.
Жас Сусар сұлу қызға: — Атың кім? — деп,
Ақырын әдеппенен сұрау қойды.

Көңілсіз «Бұлғын» — деді қыз мұңайып,
Тоқтатқан жолыңыздан біздің айып.
Сақылдап күліп кетті Сусар сонда,
— Елікпен кетер дейсің кімді байып.

Қараса Бұлғын, сұлу мына жігіт,
Аспаннан түскен бейне қыран жігіт.
Тұлғасы тұтас болат секілді екен,
140 Бірақ та үндеген жоқ сыр алдырып.

Өрт жүзді, өткір көзді, биік қабақ,
Қойғандай қою қасын керіп қадап.

Екі кез, екі иығы — екі жақта,
Ұшардай осы бүркіт шүйіп қанат.

Сөйлесіп тұр жасқанбай шын ашылып,
Қиуада қыз сырына құлаш ұрып.
Бірғайдай аша басты сирағы бар,
Мылтығы иығында тұр асылып.

Шығады адамшылық қылығынан,
150 Көз алмай тұрды Бұлғын қыбырынан.
Жасынан құрбы-құрдас секілденді,
Қолына тарағын ап бұрығынан.

— Атыңыз өзіңіздің кім болады? —
Деді қыз қаны беттің тулап әрі.
Бөгелмей айтты жігіт: — атым — Сусар,
Мен керей руының керме адамы.

Келдіңіз осы жерге неге налып?
Білдім мен орамалды көре қалып.
Өмірдің саған мәні болмады ма,
160 Келді ме әлде сайтан жебеп алып?

Төгілді Бұлғын жасы қайта бастан,
— Өмірмен мен ерке едім тайталасқан.
Басымды сол бай әкем малға сатты,
Аранын қанағатсыз шайтан ашқан.

Пенде боп Суырбайдың сыртығына,
Құрбыңның басына сұм күн туды да.
Шыдамай бұл қорлыққа өлмек едім,
Сіз жаңа кезіктіңіз қырсығыма.

Сіз шығып қалдыңыз кеп қапелімде,
170 Бұл менің бақытым ба, қатерім бе?
Бай қызы, қажы әулеті боп жүргенмен,
Жан екем пайдасы жоқ жат еліме.

Ім, — деді Сусар ойға шомып терең,
Байға мал, ісі бар ма ерікпенен.
Жүрегін шайып оның бұл бір күйік,
Барлығын тыңдап тағы тұрды да үйіп.

Қынапта өткір шолақ кездігімен
Қурайды анадайдан алды қиып.
Сыңсыған шықты ғажап сыбызғы үні,
180 Ақтарды ақ сұлуға сырын күллі.

Жел желпіп, орман толқып екеуінің
Үкілі сияқтанды шымылдығы.
Қайыңдар келіншектей би биледі,
Махаббат әуені ынтық күйдің лебі.
Кеудеде тілсіз жүрек діріл қағып,
Біреуін біреуі алғаш «сүйдім» деді.

Көз қысып алтын кірпік күн де күлді,
Жер балқып, жер құшақтап, гүл де білді.
Қайран қап бейне өзіне еріктен тыс,
190 Бұлғынның қаны қашып тұрды ерні.

Бұлақтың шықты шат боп сарылды үні,
Саялы сайға түскен сағым күлді.
Тұрған жан көз алдында, ау, халайық,
Күткендей суға батып сағындырды.

Шыққандай бір тереңнен шолпылдатып,
Сұлуға бақ тыңдатып, сор тыңдатып.
Кез қылды кереметтей осы қазір,
Тұр осы жалпақ жерді солқылдатып.

— Мен қайтем, — деді Бұлғын жайдары аппақ,
200 Артымнан жүрмесін ел, бай далақтап.
Қолыңыз тисе, егер, осы кеште
Кетіңіз біздің үйге жай қонақтап.

Қуанып мұны Сусар көрді мақұл,
Сөйлесу шын ниетпен бұл да ақыл.

Бұлғынға берді уәде бармақ болып,
Жібермек емес осы жерді қапыл.

IV

Аң емес айдай сұлу ендігі үміт,
Алдында бар қатерге белді буып.
Ертерек екіндіде бай үйіне
210 Ел кезген сыбызғышы келді жігіт.

Сәлемін тоғышар бай алмаса да,
Ол оған қарап зейін салмаса да,
Жіберді әсем күйді тартып-тартып,
Әдейі тоқтай қалып анда-санда.

Аңқау бай аузы ұрадай аңырайып,
Таңқиып келте мұрны таңырайып.
Өнердің ұланына таңданады,
Жантайып жастығына қыңырайып.

Бай жақын қозғалғанда енді бері,
220 — Тартпаймын, осымен күй болды, — деді.
Бай сонда: — Мал сойыңдар бұл балаға,
Бір қонақ көңіл ашар келді, — деді.

Аздан соң білмегенсіп қыз да келді,
Жүрегі келмес пе деп мұздап еді.
Қайғының қалың тоңы балқып еріп,
Көңілден көшіп жатты ызғар енді.

Сыршыл жас Сусар көпті елеңдетті,
Боздатты «Бозінгенді» безілдетті.
Ақсаңдап «Ақсақ аю» зарын төгіп,
230 Біресе, «Жалғыз өскен Есен» кетті.

«Соқыр шал», «Соны жайлау», «Аққу биі»,
«Арманды ер», «Қос келіншек», «Ат күйігі»
Аштырып айналаның түгел аузын,
Сусардың судай ағып жатты күйі.

Бай бірақ бұл күйлерді жақтырмады,
Ішпегін бауырына ап тулайды.
— Сабыр қыл, байеке, — деп көп жамағат,
Қонақтың қайта бетін қақтырмады.

Ортасы осыменен түннің ауды,
240 Жұрт тарап, әсем күйдің тынды бәрі.
Қыз Бұлғын құрбы қызын түгел ертіп,
«Ақсүйек ойнайық», — деп тұрып алды.

Тәтті екен сыбызғы үні жанға жайлы,
Жүректің адал болса бар баяны.
Арманның айдын-көлін күймен тербеп,
Бір аққу кеп қонғандай алға аяулы.

Бай жатты бәйбішемен, малай жатты,
Төбедең толықсыған ай аунапты.
Сусарды шықты ойынға біреу ертіп,
250 Тілегін сұлу солай абайлатты.

Ақ торғын қыз көйлегі судыр қағып,
Елзегек ерке қимыл сыбдыр бағып.
Жақұты жарқылдаған кепешінің,
Үкісі бұлғақтайды бұлаң қағып.

Кеудеде шолақ камзол оқа басқан,
Тірсектеп қос бұрымы бой таласқан.
Қынай бел қандай нәзік қиылып тұр,
Көркіне пері қызы жетер ме асқан.

Жігітті жібергендей желпіп жібек,
260 Әзілмен әсем күлкі еркін жүрек.
Әдейі таласқанда «сүйекке» олар,
Жүгірсе басқалардан серпіндірек.

Сырласты бір оңаша көмбеде қап,
— Тілегім осы, — деді кезбе қонақ.
Серттесіп, сергектікпен қол алысты,
Ант үшін ақ жүзікті берді орап.

Ұнатты бірін-бірі сонша қатты,
Қыз-жігіт бұл екеуін қоршап алыпты.
Ұқса да, ұқпаса да түгелдей мәз,
270 Бақытты кім ұмытсын сол сағатты.

Ақ сәуле түсті жарып, таң ағарып,
«Ақ сүйек» ақырында тарады арып.
Жігіттей жолы болған осы түнде,
Бақытты қандай бір жан табады анық.

V

Мергендік болғаннан соң шын атады,
Сусарды бір саудагер ұнатады.
Бөкеннің жас мүйізін тарту етіп,
Осыдан асқан жүйрік бір ат алды.

Аталған арғымақ ат Қозыкүрең,
280 Көрінген шамдай жанып көзі бірден.
Кеудесі кең есіктей шалқақ жатқан,
Жетілген жас шамасы тез ілінген.

Есік пен төрдей бойы дөп-дөңгелек,
Құлағын қайшылайды тым елгезек.
Құлан жал, құлын мүсін, құндыз түкті,
Бұлшық ет қол мен санда бөлек-бөлек.

Жорғасы ер көзінен жас ағызған,
Ерні салбыранқы аса ауыздан.
Елпілдек екі танау едірейіп,
290 Кетуші ед жүрісінде аса қызған.

Бауыры жазықтанған желсе бір дем,
Сауыры ақ отаудай дөңгеленген.
Төрт аяғын келсаптай түйе түсіп,
Жерді ойып жібергендей өр тебінмен.

Құсты ілген құламадан құдиганда,
Құландай орғып жүрген құйындарда.
Жүреді әр жүріспен әсем басып,
Жұқтырмай түгіне шаң қиындарда.

300 Бәйгеден талай келген бұл күрең ат,
Талай жан сүйегінен білді қарап.
Жаратып баптап Сусар мініп жүрді,
Жанында сақтап мәлім сырды ғажап.

VI

Көк тәулік, көк өзеннің жағасында,
Ақ үйлер, жыртық қос бар арасында.
Адамға шыпылдаған тола түсті,
Байланды аты сайдың саласына.

Суырбай ұлы келіп құданың да,
Шай құйып, табақ тартып қол ағуда.
Ұзату байдың қызын жол бойынша,
310 Торқалы той боп жатты бұл ауылда.

Тай мен қой сойылуда қоралап кеп,
Ақ бата жасалған соң қораға ап кеп.
Келіпті жасау-жақпыт бай үйіне
Әр елден, әр рудан тоғанақ боп.

Бай отыр еш қабылдап бармай жанды,
«Тойыңыз құтты болсын!» қардай жауды.
Күтуші отырғызып әрбір үйге,
Сақалдың қысқа-ұзынын талдап әрі.

320 Осы ма байдың бізді қош алғаны,
Бір жуан кергиді әдей өш алғалы.
Қымызға қыңырайып кейбір жеке,
Кейбірі етке өкпелеп шошандайды.

Әрекет жасауға тез енді бекіп,
Жой-жоба ой толғамнан дерлік өтіп.

Жолшыбай бұрылғандай той үстіне,
Сусар да күрең атпен келді жетіп.

Оны ешкім атын ұстап сыйламады,
Ауылдың адамындай бір баяғы.
Еленбей ел ішіне кетті кіріп,
330 Бұлғынға көрінді әдей ең аяулы.

Шыланған мөлдір жаспен көз кірпігі,
Күткен жан көрінген жоқ күндіз-түні.
Аңырған ақ сұлуға Сусар ымдап,
Белгіні берді «шық» деп білдіреді.

Отаудың көп айланбай өтті алдынан,
Өзеннің өтті оңаша соқпағынан.
Атымен ақ қайыңның арасында
Бұлғынды тұрды тосып артқы ауылдан.

Шапанын бос жамылып үш қыз шықты,
340 Адамдар мұны сезбей тұрды сыртқы.
Айылын тартты Сусар күреңінің,
Тоғайдың төтесімен өстіп шықты.

Берді қол дереу-шапшаң Бұлғын жетіп,
Ана екеуі шорт тұрды шошып кетіп.
«Қош» деді қолын сермеп қыз оларға,
Барады ауылынан зулап өтіп.

Дауысын шығарды да, бір-ақ ашты,
Екі қыз енді артына тұра қашты.
Тал түсте Бұлғынды алып кеткен хабар
350 Сай-сала, тау менен тас, қырға ұласты.

«Аттан!» деп ақырды бай айналаға,
Бұл қорлық той үстінде жай ғана ма?
Дүние күл-көмірен болып кетті,
Қыз қайда, аттар қайда, қайда бала?

Біреуді біреу білмей у-шу болды,
Біреуге-біреу неғып тұрсың дейді.
Бай қолы атқа мініп, а дегенше,
Қара жер дүмпуімен дүрсілдеді.

360 Мінгескен қыз-жігітті кетті қуып,
Кей жанның жүр қолында етті жілік.
Жатқандай біреу күліп, біреу жылап,
Мынау іс десіп жатты кекті қылық.

Тас жолда ирек-ирек бастап өрге,
Күрең де жорға шабыс басты өнерге.
Шоқы орман қалып жатыр қас қағымда,
Келеді мол аралық тастап елге.

370 Келеді қуғыншылар жан-жақтағы,
Етектеп тауға өрмелеп жалдап бері.
Күреңнің қалды артында «тезек теріп»,
Әрі тоқ, тойдың шабан шардақтары.

Айналды болдыруға бар ат бітіп,
Кейбіреу байырқалап қарап күтіп.
Күн көзін қолдарымен көлеңкелеп,
Қарасаң күрең атқа қанат бітіп.

Барады құздан әрі оқша зулап,
Ұйлығып тұрып қалды топ сауылдап.
Жыртысын жыртқан Бектас албастының
Бірнешеу қумақ болды тосқауылдап.

380 Қалың ел қайта ауылға ошарылды,
Бай бетін тырнап өзі жоса қылды.
— Сусарды өлтіріндер, — деді молда,
Бұзықтық болғаны үшін осы айыбы.

Шыққанда тас қияға тез ұшыртып,
Күреңнің Сусар шытпен көзін сүртіп,
«Көтеріп алайық, — деп — белін аттың»,
Тоқтатты әрең ғана жасын іркіп.

Ақ көбік ат денесін сабын жапқан,
Қара су омыраудан сауылдатқан.
Ерін ап жас терекке қойды байлап,
390 Жаны ашып жануарын дамылдатқан.

Екеуі отыр енді сәл ғана жай,
Тұр екен бір топ өскен қара қурай.
Сыбызғы жасап алып Сусар содан,
Бір күйді тартты жаңа талабындай.

Ойда жоқ бұл ерекше жаңа іс еді,
Қол жетпес өмірінің табысы еді.
Құтқарған ғашықтарды күрең аттың
Жаңағы жорғасы еді, шабысы еді.

Нақыштап тартып отыр елең қылмай,
400 Шабытың осындай келеді ыңғай.
Түсіріп күйге осы оқиғаны,
Қайырып қайта-қайта шертеді ұдай.

Көңілі кеңі түсті ап тынысын,
Ішкендей бал шәрбатын шаттық үшін.
Желі қып тартты күйге сондай әсем,
Атақты астындағы ат жүрісін.

Арынды, құбылмалы, сырлы, мұңлы,
Үш буын үшеуі де болды ұғымды.
Қойды атын «Бұлғын — Сусар» осы күйдің.
410 Құтылған қашып атпен сол бір күні.

Қабаққа қараса қыз шығып енді,
Кеп қапты оншақты жау қуып оны.
— Кетейік, кеп қалды, — деп безек қақты,
Сусаржан, ертте атыңды, жүгір енді.

Жоқтай-ақ дүниеде өзге арманы,
Ал Сусар күйін тартып қозғалмады.
Шырылдап Бұлғын байғұс жылап кетті,
Айтарға енді әйтеуір сөз болмады.

— Түстің, — деп, — қолға тірі, — жұлқылады,
420 Ал Сусар тоқтамады шіркін әлі.
Деді ол: — Әбден жаттап алмасам, бұл
Ертең-ақ ойдан шығып ұмытылады.

Қатерді тас жаңғырып, тау да ұқтырды,
Орнынан Сусар сонда салғырт тұрды.
Қалыпты жүз метрдей қуғыншылар,
Ер салып күрең атқа қарғып мінді.

Жөнелді тағы екеуі құлаш жайып,
Көп-көрім қалған екен ат тыңайып.
Тағы да желдей есіп, құстай ұшты,
430 Бір демде көз ұшынан болды ғайып.

Шошынған қыз жүрегі түсті орнына,
Құтылып кетті қалай, құс болды ма?
Асады арасынан ақ білегін,
Орнына әлсіздіктің күш толды да.

Құшады қуанышпен бірін-бірі,
Ақ алма бал-бұл жанып сұлу нұры.
Сусардың күй шығарғыш осы өнері,
Ол алғаш таңғажайып сырын білді.

Екеуі екі күнде кетті алысқа,
Жолшыбай күй тартылды көп танысқа.
Осыдан «Бұлғын — Сусар» күйі тарап,
442 Біреуден-біреу алып кетті алысқа.

Үш жетім

Үлкен өзен Ертістің жағасында,
Қалың біткен қарағай ағашында.
Бар еді мекендеген қазақ елі,
Жан саны екі түмен шамасында.

Сол жерді бір бай адам мекендеген,
Байлықпен мұратына жетем деген.
Бұл кісінің Бегдана аты еді,
Ел оны құрмет етіп «Бекең» деген.

Бар еді Бегданада екі-үш бала,
10 Бір жас, үш жас, біреуі бесте ғана.
Сол кезде балалардың әкесі өліп,
Басқалқа болып қалды жалғыз ана.

Баланың үлкенінің аты — Ғалым,
Ортаншының аты ұйқас еді Сәлім.
Ат қойған кенжесіне Мырзабек деп,
Сонымен үшеу дейміз бала санын.

Өлген соң қаза жетіп қатын ері,
Алыпты ғұрып бойынша әмеңгері.
Ол ерде бұрыннан да бір әйел бар,
20 Өзіне жолдас болған көптен бері.

Ердің аты — Асылхан, қатыны — Айша,
Ауқатты адам еді жүрген байша.
Малы көп қырдың елі не іздемес,
Кісі еді тілеу тілеп жатқан жайша.

Бұл кісінің бар еді жалғыз ұлы,
Өсірген еркелетіп жастан мұны.
Шешесі оған ешкімді теңгермейтін,
Үш жасқа келген еді дәл сол жылы.

30 Баласының қойылған аты — Қасым,
Шешесі оған аударған ықыласын.
Ауқатты адам баласы ардақты ғой,
Кім көтерсе, сол ішеді байдың асын.

Әрине, екі қатын болмас тату,
Жанжал іс шыға келсе сөзі шату.
Бұл әйел екеуара өш болған соң,
Қиын ғой балаларға сиып, бату.

40 Аздан соң соңғы әйел және өлді,
Үш ұлы жетім қалып зар иледі.
Өгей әке-шешенің қолында қап,
Бұларға қиыншылықтың бәрі төнді.

Шешесінің аты еді Банужамал,
Тәрбиелі кісі еді толық кәмал.
Балалары жас қалып, қаза болды,
Алланың тағдырына жоқ қой амал.

Әрқашан жетімдерге Алла пана,
Сөйтсе де жас баланың ісі шала.
Қормалы, жан ашыры болмаған соң,
Бейшаралар пақыр болар елден ала.

50 Жас бала жылар жайы келмеген соң,
Ескеріп ешкім тамақ бермеген соң.
Жүгіріп ыңғайына әлпештейтін,
Еркелеп ана емшегін ембеген соң.

Балаларға еш адам қарамады,
Қол ұстасып танысын аралады.
Біреу жылап, кейбіреуі есіркеді,
Онан үлкен жәрдемге жарамады.

Өгей шеше кейде бұларды ұрады да,
Орнынан тез жүгіріп тұрады да.
Ұрсып, қарғап, аяусыз қақпай көріп,
60 Шешені ойлап балалары жылады да.

Тамақ, киім, жататын орны жайсыз,
Өгей шеше күтуі өте ыңғайсыз.
Дәмсіз тамақ, есікте жатар орын,
Қатықсыз қара көже ешбір майсыз.

Қара жер, төсеніш жоқ жатар орын,
Балалар жамылады жаман тонын.
Олары бойларына түгел жетпей,
Таң атқанша қайнатады суық сорын.

Құраулы киімдері өңшең жыртық,
70 Ойнайды бірін-бірі қолмен түртіп.
Мұңайып біреуі енді жылағанда,
Жылайды қалғандары көзін сүртіп.

Бірі ойнаса басқасы қуанады,
Ойын ғып жоқ нәрсені уанады.
Біреу келіп «байғұс» деп сипап кетсе,
Соған да арқаланып буланады.

Мұндайды Айша көрсе сұрланады,
Зілденіп, тәкаппарсып қырланады.
Біреулер бір нәрсені сұрай қалса,
80 Бермеспін дегендей-ақ бұлданады.

Жетімдерді өгей шеше құлданады,
Мейірімсіз ұрып-соғып сұмданады.
Әкеге жоқ жаламен шағыстырса,
Өгей әке онан жаман жынданады.

Қай-қашан қатын сөйтіп қуланады,
Өз қылмысы ерінен ұрланады.
Ертеден келе жатқан бұл бір әдет,
Қашан тозып салтынан бұл қалады.

Ойнаса жетімдермен өз баласы,
90 Айшаның соған түсер көзқарасы.
Жетімдер балалықпен қылдан тайса,
Қарғыстан құтыларға жоқ шарасы.

Арада бір жыл өтті осы ретпен,
Жетімдер азып кетті зарлы дертпен.
Өгей әке-шешеден еш қайыр жоқ,
Мейірі жұмсап қайтпайды басқы серттен.

Үлкені қорғаштайды інілерін,
Көтерді кейде ағызып маңдай терін.
Онан басқа жақсылық етер шамасы жоқ,
100 Шаршаған соң тоқтайды ұстап белін.

Сөйтеді де шешені ойлап, зарығады,
Кей уақытта ессіздікке шалығады.
«Мен өзім не болсам да оқасы жоқ,
Ана екеуі қайтеді?» — деп қамығады.

Бұл күйді ата-анаға айта алмайды,
Бұлар да өзі біліп байқамайды.
Шеше өлген соң баланың күні қараң,
Еш адам жылы жауап қайтармайды.

Байлығы Асылханның толып еді,
110 Дәм татып бір үйге кеп қонып еді.
Сол үйде ұйықтап жатып түс көреді,
Сол кезде таң мезгілі болып еді.

Түсінде Асылханға өлген қатын
Айтады балалар тартқан мехнатын.
Сол түсте айтқан сөзі төмендегі:
«Лаж тап жетімдерге сия алатын.

Қалайша өз балаңды аялайсың,
Менің үш балапанымды аямайсың.
Оларды есіркейтін еш адам жоқ,
120 Оларға сен жуықтап таямайсың.

Қатпаған қабырғасы жас меңіреулер,
Қайтейін, қайда барып саялайсың.
Ішер ас, киер киім болмады ғой,
Болмаса жылына бір қарамайсың.

Олар да өз балаңдай бала еді ғой,
Менің де сондық дәнім бар еді ғой.
Қара деп қатыныңа неге айтпайсың,
Белгілі, оның да іші тар еді ғой.

Өртейді жүрегімді, ішім күйіп,
130 Жыласа әсіресе біреу тиіп.
Алладан мың рақымет болсын соған,
Көтерсе мейірі түсіп біреу сүйіп.

Мал-мүлік дүниені алдың жиып,
Жүресің жан ашымай қайтып қиып.
Естияр біреуі жоқ үшеуінің,
Жүре алмас өздігінен киім киіп.

Кемдігін таусылмайды айтсам жиып,
Өлім жоқ тоқтатарға жылау тиып.
Бірінің күйін бірі біле алмайды,
140 Соны ойласам, таламын бойым ұйып.

Мен көштім тағдыр ажал оғы тиіп,
Жалғанда дүние жидым жаным қиып.
Бұйрықпен шарасыздан тастап кеттім
Қорлықтың үш жетімге бәрін үйіп.

Сәлем айт, менен қалған үш жетімге,
Тапсырам сен тұрғанда енді кімге?
Тапсырды бір Аллаға шешең дерсің,
Мезгілсіз ерте кірген қараңғы інге...»

Соны айтып Банужамал кетіп қалды,
150 Ұзамай Асылхан да тез оянды.
Жамалдың зарлығына іші елжіреп,
Әуелі бір азырақ жылап алды.

Ойлайды: «Жетімдерді түзейін, — деп,
Мехнаттың шынжырларын үзейін, — деп.
Жетімдер мен шешесін қуандырып,
Алғыстың мұхитына жүзейін», — деп.

Соны ойлап, ауылына қайта келді,
Айшаға көрген түсін айта келді.
Өлген әйел — Жамалдың зарлы мұңын,
160 Анықтап айтып берді Айшаға енді.

Айша айтты: — Бар тапқаның осы ма?! — деп,
Ашуланам көңіліңнің босына, — деп.
Мен ұрып Жамалыңды өлтіргем жоқ,
Алақтап жау қуғандай шошыма, — деп.

Өлген қатын сөзін мен неге аламын,
Не себепті қорықтым дей аламын.
Тірі күнде менімен қатты өш болған,
Мен енді баласынан кек аламын!

Соны айтып, Айша үйден кетті шығып,
170 Асылхан үндей алмай қалды бұғып.
Шайпау қатын ерді де қажытпай ма,
Ұрысудан ұялып қалды бұғып.

Бәдік қатын жоқ пенен барды білмес,
Кісі алдында ұят пен арды білмес.
Өз басыма келер деп ойламайды,
Күйсіздікпен жалынған зарды білмес.

Шайпауда махаббат пен мейір болмас,
Шаптығудан басқа еш пейіл болмас.
«Арсыз неме бар сырды елге ашар» деп,
180 Күйеуі де ондайға зейін қоймас.

Қу қатында көңіл ашар сейіл болмас,
Татулық әзілдікке мейлі болмас.
Қашан көрсең аумайды бір мінезден,
Мың бір әуре ондаймен болсаң жолдас.

Сонымен Айша сөзге көне алмады,
Ұруға Асылхан да төне алмады.
Ежелден көніп кеткен әдеті еді,
Асылханның түсімен сөне алмады.

Айша тағы өрледі одан әрі,
190 Жетімдерге сақтаулы іште зәрі.
Соққы, түрткі, қақпай, қарғыс үдеген соң,
Жетімдердің ақ жүзі болды сары.

Өз бетімен тамақ та сұрай алмай,
«Ұрсады» деп үн шығарып жылай алмай.
Жасты көзбен біріне-бірі қарап,
Ақырын қыңқылдайды шыдай алмай.

Амал не, қатын сөзге көнбеген соң,
Байының үгіті де өнбеген соң.
Осы жаймен арада бес жыл өтті,
200 Жетімдер өсіп қалады өлмеген соң.

Асылханның Өз деген жақынында,
Әйелінің ел мақтаушы ед ақылын да.
Ол қатынның аты еді — Маһисара,
Балаларды сол алды ақырында.

Үнемі дәулет қолда тұра алмайды,
Бір кетсе ол оңайлықпен құралмайды.
Егерде құралуға бейімделсе,
Ол малды қасқыр жеп, ұры алмайды.

Дәулетсіз адам көңілі тына алмайды,
210 Кембағал жары алмай жүре алмайды.
Қай-қашан нашарлардың сөзі пұлсыз,
Бөтен тұр ғой жақыны тіл алмайды.

Жұмсаса байдың тілін кім алмайды,
Пақыр адам ешқайда сіңе алмайды.
Үй ішінің кемтігін толтыра алмай,
Қайсы ісін басқарарын біле алмайды.

Азайды Асылханның дәулеті де,
Күн санап нашарлады сәулеті де.
Бақ кетсе, байлық оңай жоғалмайды ма?!
220 Сең келсе, кететұғын тау беті де.

Аздан соң дәулет кетіп, болды тақыр,
Асылхан қатынымен болды пақыр.
Киер киім, ішерге тамақ болмай,
Күйзелді Алла ісі ғой бұл да ақыр.

Тыныш жүрмес ағайын да, абысын да,
Көре алмас бір-бірінің табысын да.
Айтысар қатын ұрысса қарлықтарын,
Ойламас ерлерінің намысын да.

Бір күні Айша менен Маһисара
230 Бір жұмыс турасында екеу ара,
Азырақ шарқылдасып отырды да,
Айша жүгіріп Сараны жұлды бара.

Көргендер айырысты арашалап,
Жиылған ел көп болды тамашалап.
Асылхан мен Өз дағы сол жерде еді,
Олар да қарап тұрды жанасалап.

Ел кетті, біраздан соң тұрмай тарап,
Ондайға кім тұрады ұзақ қарап.
Қазысты кемдіктерін екі қатын,
240 Қайсы бірін айталық түгел санап.

Айшаның шайпаулығы Өзге батты,
Ағайын тату еді бұрын қатты.
Жазықсыз әйеліне соқтыққан соң,
Бұл жолы көңіл қалды өте қатты.

Ағайын, көңіл қалса, алыстайды,
Жақын деп бірін-бірі таныспайды.
Ашық-жарқын туыстық болмаған соң,
Болымсыз аз нәрсеге жанаспайды.

250 Сонымен Өз көшіп кетті ашуланып,
Өте ұзақ орналасты қоныс алып.
Екі ара екі айлықтай жол боп қалды,
Өтейілеп іздемесе, бармас талып.

Жетімдерді Маһисара асырады,
Қуанып, қайғы-зардан ашылады.
Мәпелеп балаларын әлпештейді,
Өзінен артығырақ асырады.

Жетімдерді Маһисара еркелетті,
Кісі еді мейірімді де, сөзге де епті.
Ғалым, Сәлім екеуі ересек қой,
260 Өсіресе ардақтады Мырзабекті.

Маһисара қақпай-түртпей асырады,
Жас бала жайнап гүлдей ашылады.
Кімде-кім жылы ұшырап әлпештесе,
Балалар соған барып асылады.

Күтілсе жетім жылдам өсіп жетер,
Ойдағы қайғы менен шері кетер.
Маһисара балаларды ардақтады,
Бола ма жамандауға құры бекер.

270 Ғалымның жасы келді дәл он беске,
Сол кезде-ақ толып еді ақыл-еске.
Біреуі он үш, біреуі он бір жаста,
Екі жасар аралары тете емес пе.

Аздан соң жиырмаға Ғалым келді,
Таныды араласып түгел елді.
Өз дағы мал мен мүлкін басқаруды
Ғалымға біржолата тапсырды енді.

Балам деп үш жетімді Өз еленді,
Олар не айтса, сөзіне қатты сенді.
Балалар мал-мүлікті өзі билеп,
280 Теңшеді енді Ғалым артық-кемді.

Бұлар сөйтіп балаларды күйлендірді,
Ғалымға қыз әперіп үйлендірді.
Бұл дағы салтанатты бір бай болды,
Таппайсыз Өз секілді мыңнан бірді.

Өз — әке, Маһисара болды — шеше,
Бейнетін балалардың тартты неше.
Жылап-еңіреп отырған ғаріптерді,
Қолына алмап па еді күні кеше.

290 Іс түгел бақ қонарда оңалады.
Дос көбейіп, дұшпаның жоғалады.
Дәулет қонып, қырсығы тарқаған соң,
Ғалымның тасы өрге домалады.

Мектепке екі інісін берді Ғалым,
Бұлар оқып бітірді мектеп пәнін.
Оқу-жазу, есепке толық болып,
Атағы төңірекке болды мәлім.

300 Бір күні Сара ұйықтап жатыр еді,
Бас қалқасы сол күнгі шатыр еді.
Түсінде «Банужамал» былай дейді,
Сол күні айдың біткен ақыры еді:

«Ей, Сара, Алла сізге разы болсын,
Рақмет, қуанышқа көңілің толсын.
Үш жетімді әлпештеп жеткіздің ғой,
Сен болмасаң бейбақтар қайтып оңсын.

Олардың сізден басқа құты бар ма,
Бейнеттен сізсіз олар құтылар ма?
Жылап-еңіреп, зарығып жүргендегі
Жәрдемің соларға еткен ұмытылар ма?

310 Мен бір аруақ, қолымнан келерім жоқ,
Бұл жерде сенен басқа сенерім жоқ.
Амалсыз балалардан ерте айрылдым,
Оларға басқа берер көмегім жоқ.

Көп бейнет көріп еді сағы сынып,
Қуанып, тыныш болдым, көңілім тынып.
Қайтпаса менен, бірақ Алладан қайтар,
Асырадың жаның ашып, мейірің түсіп...»

Соны айтып, Жамал кетті үйден таса,
Оянды Маһисара көзін аша.
Жамалдың алғысына разы боп,
320 Лепіріп сөйлеп кетті көңілі таса.

Бақ қонса, адам өршіп арындайды,
Ешкімге ісі түсіп, жалынбайды.
Өштік-қастық, өсек-аяң ағайынның
Ескеріп есепке де алынбайды.

Бір күні Ғалым сейілмен шықты жолға,
Көп ақша, жол қаражат алып қолға.
Өткен күн кембағалдық үміт болып,
Жетісті мұратына жоқтан барға.

Жас жігіт жиырмадай қасына ерген,
330 Өнші-өлеңші, бүркітші және мерген.
Керекті сауық үшін адамдар деп,
Тапқаны солар болды жиған-терген.

Тамама сән-салтанат, сейіл-серуен,
Сауығы толықтанған бейне керуен.
Бірнеше шатыр алып үй орнына,
Аралап жүре берді қалың елден.

Қайда келсе, сол жерде болды сауық,
Кемдігін толықтады ебін тауып.
Тұрғын елдің жастары араласып,
340 Кірісті қызықтарға көңілі ауып.

Күрес болды, жарысты бәйге ат шауып,
Болмады бұл сейілде ешбір қауіп.
Танысты талай елмен бұл сапарда,
Ат беріп, кейбіреуге шапан жауып.

Тағы жүріп кеп жетті бір қалаға,
Жол жүріп бірнеше күн екі араға.
Алғаш жолға шыққаны осы болып,
Көрінді өте қызық бұл балаға.

Қалада бір ауладан орын алды,
350 Серуендеп бірнеше күн тұрып қалды.
Бір күні көше аралап келе жатып,
Ғалымның бір кемпірді көзі шалды.

Бұл кемпір көшеде жүр қайыр сұрап,
Үстіне шоқпыт киім киген құрап.
Маңызды адамдарды көргеннен соң,
Былайша мұңын айтты зарлап-жылап:

— Ей, балам, көп екен ғой өзінде мал,
Шешеннің хал-жайына көзіңді сал.
Бұрлығып тамақсыздан әрең жүрмін,
360 Разы ғып пақырыңның батасын ал.

Бір кезде біз де шалқып болғамыз бай,
Қонаққа қозы соймай, сойғамыз тай.
Дәулет қолдың кірі екен, кетіп қалды,
Немене айтып-айтпай, ой, Құдай-ай!

Адам жоқ бай уақытта қараспаған,
Кембағал-нашарлар жоқ жанаспаған.
Мал мен тамақ ол уақытта керексіз ғой,
Мал үшін еш адаммен таласпағам.

Жалғыз-ақ бір ісім бар кетпейді ойдан,
370 Жас уақытта сіңген мінез шықпас бойдан.
Шапшаң ауыз, шалкестеу мінезім бар,
Басыма тиіп одан да талай тойғам.

Бір кезде үш жетім жас болды менде,
Балада қадыр қалмас шеше өлгенде.
Өгей бала күтуі өте қиын,
Бабымен ұстай алмас ешбір пенде.

Айтайын бастан өткен істің бәрін,
Үш бала — Мырзабек пен Ғалым, Сәлім.
Қолыма сол жетімдер қарағанда,
380 Еш рақым істемеген мен бір залым.

Балалар зарыққанда сынаушы еді,
Жатарда бет-бетімен құлаушы еді.
Туралап менен тамақ сұрамайтын,
Мен қудан үміт үзіп, жылаушы еді.

Тапсырған шешелері өлерінде,
Дүниеден біржолата жөнерінде.
Тағдырдан белгіленген мезгіл жетіп,
Балалар бағы өшіп сөнерінде.

Ойласам енді маған еш обал жоқ,
390 Жалынсын, атып таста жалғыз тал оқ.
Қолда барда жетімге соны істедім,
Өз обалым өзіме болсын шоқ-шоқ!

Мінеки, дәл алпысқа келді жасым,
Бар еді жалғыз балам, аты — Қасым.
Асылхан күйеуімнің аты еді,
Олар өліп, мен қалдым сорлы басым.

Көргенім бастан кешкен осылайша,
Қайыршы қу шешеннің аты — Айша.
Еш адамға қадірің болмайды екен,
400 Қолыңнан дәулет кетіп, бағың тайса...

Сөзінен кемпірді тұр Ғалым сезіп,
Күйі жоқ, жүр екен ғой елді кезіп.
Бұл бізді күн көрсетпей қуса дағы
Ойлайды «не қылам деп бұдан безіп».

Ғалым айтты: — Шеше, сіз, етпе уайым,
Сөзіңнен болды мәлім хал мен жайың.
Жүріңіз бізбен еріп үйімізге,
Барған соң киім-тамақ бәрі дайын.

Кемпір айтты: — Сендерге мен ере алмаймын,
410 Жемісін мақтан сөздің тере алмаймын.
«Жолаушы — жомарт» дейтін мақал да бар,
Құр сөзге батамды мен бере алмаймын.

Албаты бос сөзінді мен алмаймын,
Қуантқан қу сөзіңе сене алмаймын.
Қаңғыртып бір иенге тастап кетсең,
Айналып елді тауып келе алмаймын.

Сендіру бұл кемпірді болды қиын,
Әуелі тамақпенен берді киім.
Бәрін де керегінің алып беріп,
420 Көрсетті нандыруға Ғалым сиын.

Қаладан үш күннен соң бұлар көшті,
Кемпірдің сыйлаған соң үні де өшті.
Жол жүріп бірнеше күн келді ауылға,
Малды көріп кемпірдің көңілі өсті.

Айшаға үй бергізді оңашалап,
Күтуге Ғалым енді етті талап.
Не нәрсе керек болса тауып берді,
Түгендеп айту қиын бірден санап.

Айша ойлайды: «Апырау, осы қалай?!
430 Жақсыны көріп едім бұрын талай.
Неліктен бұлар мені күтіп жатыр,
Істедім не жақсылық бұған орай.

Бүйтіп тұрса, жүдеп те арымаймын,
Бұлардың ешбіреуін танымаймын.
Қалайша жандары ашып, күтіп жатыр,
Соның жөнін білмесем жарымаймын».

Әз, Сара, балалармен ақылдасып,
Көрісті Айшаменен амандасып.
Анықтап аты-жөнін айтып берді,
440 Өздерін таныстырды сөзін ашып.

Өз айтты: — Құдай ісі таңырқарлық,
Тұрақты іс емес қой қолда барлық.
Ғаріп болар деп сізді кім ойлаған,
Дүние ісі бірде кең, бірде тарлық.

Үш жетімнің үлкені Ғалым деген,
Сол мұнда кеше сізді алып келген.
Жүргенде жолаушылап кездесіпсіз,
Алғашқы сапары осы барып келген.

Мырзабек, Сәлім — мынау балаларың,
450 Білесіз екі жасар араларын.
«Келді, — деп, — өз шешеміз» — қуанысып,
Келіп тұр көреміз деп аналарын.

Балалар соны айтқанда тұра салып,
Айшаны құшақтады жылап барып.
— Қолыңда шеше өлген соң үйреніп ек,
Міне, біз сол уақыттағы үш жас ғаріп. —

Деп айтып біраз жылап уанысты,
Көрісіп бір-бірімен қуанысты.
Өткен-кеткен жай-күйді ұғынысып,
460 Сөйлесті келешекте болар істі.

Айша айтты: — Сағындыңдар көрмеген соң,
Келіп тапты шешелерің өлмеген соң.
Күтетін сендер мені орын жоқ ед,
Отырмын қазып жерге көмбеген соң.

Бұрын мен бәріңе де күн бермедім,
Мұны білсем сендерге үндер ме едім.
Обал жоқ күту түгіл өртесен де,
Бүйткенше, мен қу мыстан неге өлмедім.

Ешкімді жолатпадым маңайыма,
470 Қатты едім суық бауыр ағайынға.
Солардың енді ойласам жазығы жоқ,
Нақақтан өтірік мін тағайын ба?!

Жоқ еді балалардың жазығы да,
Болмаған жеткілікті азығы да.
Орынсыз қағып-түртіп жылатқан соң,
Бұлардың болмаушы еді разлығы да.

Сол қылмыспен айрылдым бай, баладан,
Қаңғырып тамақ іздеп айналадан.
Мінезім еш адамға жаққан емес,
480 Ол күнде сезер ақыл қайда маған?!

Кетірдім жетімдердің мазаларын,
Сонымның енді тарттым сазайларын.
«Не ексең соны орасың» деген сөз бар,
Мен қудың тартқызыңдар жазаларын!

Тоқтады Айша сөзі соныменен,
Кім оны жазалайды оныменен.
Өз қылмысын Айша өзі айтып берді,
Терісін өзі терген оңыменен.

Ғалым айтты: — Айша апа, олай деме,
490 Өткендегі қате үшін қайғы жеме.
Қуанып сізді көріп қош боп қалдық,
Өткен іске өкінеміз мұнша неге.

Келдіңіз Құдай айдап қолымызға,
Біз дағы қуанамыз соныңызға.
Өле-өлгенше сізді біз асыраймыз,
Бас тігіп бәйек болып жолыңызға!.

Әз, Сара, балалар боп қосып басты,
Айшаны күтпек болып ақылдасты.
Тегінде бір үйлі жан болған еді,
500 Тағы да сондай болып араласты.

Бәріне енді кемпір бата берді,
Қайғысыз, уайымсыз жата берді.
Жек көріп қуалаған жетімдердің
Ұялмай, міне, дәмін татады енді.

Теріс үгіт адамды аздырады,
Әңгіме мысал үшін жазылады.
Кітаптан мінін ұғып түзелсін деп,
Кемдігі көп адамның қазылады.

Білім, сезім жарыста оздырады,
510 Оятып делебені қоздырады.
Шадыр ер, шайпау қатын жолдас болса,
Үй ішін арекемен тоздырады.

Өзгеден жас жетімнің күйі ауыр,
Бұларға көп адамдар суық бауыр.
Жас уақытта қуалап, кейін тауып,
Айшаға ұқсап жүрме, пенде, әйтеуір.

Жазылды бұл әңгіме естіп, құрап,
Тексерер зиялылар көріп, сынап.
Кемдігін, қателерін түзетсін деп,
Тоқтаттым оқырманнан жәрдем сұрап.

Бұл емес қалжың-сықақ яки әзіл,
Бұндай іс ел ішінде бар ғой әзір.
Пайдасы аз да болса бола ма деп,
524 Жазушы әңгіме етті пақыр назыр.

Үш жетім қыз

Бисмилла, ал, қолыма тұттым қалам,
Жаратқан, рақым ет болып панам.
Қиссасын үш жетім қыз баян еттім,
Қыла гөр өзің жәрдем, Хақ Тағалам.

Әуелі қалам алып жаздым нұсқа,
Жария болмаған іс бөтен тұсқа.
Алла өзі құдыретімен берген нәсіп,
Жерде мақұлық, аспанда ұшқан құсқа.

Сөйлейін бір әңгіме бұрынғыдан,
10 Бұл істі естіген жан көңілі тынған.
Әйгілі әлемдегі адамзатқа
Сөз сөйлейік, тыңдаңдар, Бағдаттан.

Ертеде Бағдат шаһарында Шах Ғаббас деген падиша үкім жүргізіпті. Шах Ғаббас падиша әр аптаның жұма күні кешінде Бағдат шаһарының бас-аяғын аралап, тексеру жүргізіп тұрады екен. Падиша бір түні бас уәзірін ертіп, шаһардың сырт жағында келе жатса, бір жардың астынан жылт-жылт еткен оттың жарығы көрінеді. Патша мен уәзір ақырын келіп, жардан еңкейіп қараса, ең кіші қыз екі әпекесіне:

— Біреуің отыз, біреуің жиырма бесте,
Жастық та талай нәрсе түседі еске.
Мен, міне, он екіге келдім биыл,
Барады ішім пысып ерте-кеште.

Дүниеден дұрыс емес үміт үзбек,
Келіп жүр бір талпынғым талап іздеп.
Отырмай бекер қарап кеңес болсын,
20 Сіздерден отыр бір сөз сұрағым кеп.

Айрылып ата-анадан, жүрміз жүдеп,
Қатықсыз қара суды қылып қорек.
Бір Алла тілегінді берем десе,
Тілер ең, үлкен апай, қандай тілек?

— Мезгілім ойнап күлер өтіп кетті,
Жасымнан азапты күн маған жетті.
Өлгенде ұжмақтан орын бер, — деп,
Тілер ем мен осылай ахиретті.

Тілегін естіген соң үлкен қыздың,
30 — Тілекті беріп жатса енді біздің,
Кіші апай, айтыңызшы ойыңызды,
Тілейтін не тілек бар, — дейді, — сіздің?

Ортаншы қыз:

— Қаңғып жүріп қайтем, — дейді,
Тілекті берсе патша айтам, — дейді.
Ұлына уәзірдің тиер едім,
Үміт ұзу өмірден шайтан, — дейді.

Үлкен қыздың аты — Айым, ортаншы қыздың аты — Ғайша, кіші қыздың аты — Шәмсия екен. Айым мен Ғайша өз тілектерін айтып болған соң, Шәмсияға тілегінді айт дегенде, Шәмсия:

Ал енді Шәмсиядан тыңда сырды,
Патша мен уәзір тыңдап тұрды.
40 — Көңілім падиша, уәзірден биігірек,
Екі апай не қыласың сұрап мұны.

— Көңіл өссе, көркейіп ер жетеді,
Адамды талап қозғап тербетеді.

Сөйтсе де көңіліндегі арманыңды айт,
Аз ғана әңгіме айтсаң нең кетеді? —

Деп тақымдап болмаған соң, Шәмсия:
— Әуелі халқым білсе құрметімді,
Бай болсам асыраған көп жетімді.
Шах Ғаббас патша мен уәзіріне
50 Қылдырсам екен деймін қызметімді.

Патша мен уәзір жүрсе қызмет қылып,
Өзінен салауатымды артық біліп.
Осындай елден асқан ерге тимей,
Ел билеп неге керек таққа мініп.

Естіді патша, уәзір бәрін тамам,
Таң атып, таққа отырар болды заман.
Бұйырды «Алып кел!» деп жасауылға,
Үш қыз бар жар астында кейпі жаман.

Қыздардың айтып берді түрі-түсін,
60 Киімі пәлен түрлі, сондай пішін.
Тез барып жасауылдар алып келді,
Көріңдер, падишаның қылған ісін.

Шақырып Айымды ол қасына алды,
Падишаның бұл ісіне жұрт таңғалды.
Өлгенінше бағатын қазынадан
Сарайда софы болды асыранды.

Ғайшаға неке қиып жұрт алдында,
Уәзірдің алып берді баласына.
Тілегін екі қыздың бірдей беріп,
70 Шәмсия қалды ханның табасына.

Падиша жанарынан айбат шашып,
Деді ол Шәмсияға: — Надан, сасық!
Қаңғып жүріп падиша мен уәзірге,
Қызмет қылдырмақсың әмір шашып.

Тілегін екі қыздың бердім сынап,
Сен ете алмайсың мұнда тұрақ.
Қылдырар маған қызмет жеріңе бар, —
Деп оны Бағдаттан қуды бір-ақ.

80 Патшаға тіл тигізді елден азып,
Адамға бұдан үлкен бар ма жазық.
Қылдырмақ ханға қызмет оңай емес,
Ғаріп қыз елден шықты, тілден жазып.

Не шара падишаның жарлығына,
Көнді ол ауырлықтың барлығына.
Қаңғырып жапан түзді кезіп кетті,
Дүниенің енді түсті тарлығына.

90 Ғаріптің жаның ашыр көрсең күнін,
Тамақ жоқ, үстіндегі жыртық киім.
Далада қаңғырып ол үш күн жүрді,
Басына іс оның ауыр түсті қиын.

Жол жүріп, дамыл алмай неше күнге,
Кетті оның арып-ашып кетеуі де.
Шөлдеп, шаршап, қалжырап хал кеткенде,
Бір таудың келіп жетті етегіне.

Су іздеп қарап жүред жан-жағына,
Бір тастың көзі түсті аймағына.
Көтеріп жатқан тасты алды жерден,
Қарамай шөлдегеннен салмағына.

100 Қараса бір кесегі мың ділдалық,
Таусылмас алса дағы қанша халық.
«Сап алтын, мұны қалай етемін», — деп,
Өзіне-өзі тұрды ақыл салып.

Бір Алла ғаріп қызға жәрдем қылған,
Жұлдызы Шәмсияның оңнан туған.
Қып-қызыл ылғи нағыз алтын екен,
Бір құдықтың іші мен сырты толған.

Алла тұр жақсылыққа бастайын деп,
Тілеуін байғұс қыздың қостайын деп.
Ойлады ол: «Бір-екеуін алайын да,
110 Өзгесін бетін жауып тастайын», — деп.

Қасында тас бастау бар мөлдіреген,
Қыз өзі ұмытпас қып белгілеген.
Қараса, патша сарай мұнаралы,
Көрінді көз ұшында елбіреген.

Өзенді ағып жатқан төмен құлап
Жағалап келе жатса қыз зар жылап,
Кезікті жар басында жалғыз лашық.
Қыз келіп сырт жағынан тұрды тыңдап.

Бар екен лашықта кемпір мен шал,
120 Көрінбейд маңайынан еш жанды мал.
Лашықта екеуі отыр басқа жан жоқ,
Балаға өмір бойы болыпты зар.

Сол күні ілініпті бірақ қайран,
Кемпір күліп, шал байғұс тіпті жайнаң.
Дарияның түспей жүрген мақұлығы,
Япырым-ай, ілінді екен бүгін қайдан?!

Есіктен қыз Шәмсия кіріп келді,
Иіліп ол балаша сәлем берді.
Жайнаған шам-шырақтай жас баланы
130 Отырған кемпір-шалдың көзі көрді.

— Ей, балам, келдің екен қандай жайдан,
Біз көрген жан емессің бұл маңайдан.
Жапанда елсіз, жансыз кезіп жүрген,
Балақай, жолың болсын, жүрсің қайдан?

— Жан ата, жүргемін жоқ кісі таңдап,
Айтпаймын өтірік сөз шынға жалғап.
Ықтияр болсаңыздар бала болсам,
Таппаспын сіздей кісі таңдап-талғап.

Шәмсия кемпір-шалға болды бала,
140 Кез қылды ғаріптерді Хақ Тағала.
Бағанағы екі алтынды шалға беріп,
Шиттай боп үйдің іші болды жаңа.

Шал өзен жағасына салды сарай,
Бір үлкен бақша орнатты соған жарай.
Қызығып отын, суға, жатар жайға,
Тартады керуеншілер соған қарай.

Дәулеті жылдан-жылға алға басып,
Барады күннен-күнге судай тасып.
Секілді гүл-бәйшешек бітіп шырай,
150 Жайнаған Шәмсия қыз көңілін ашып.

Барады он төрт жасқа аяқ басып,
Мінезі балдай тәтті, жайдары ашық.
Әділдігі қара қылды қақ жарғандай,
Шіркін-ай, қандай жанға болар нәсіп!

Көрініп көзге жақсы ісіменен,
Жеткізді Жаратушы шыныменен.
Азырақ басқа жақтан сөз қозғалық,
Шәмсия тұра тұрсын осыменен.

Бар екен Шам шаһарда бір асқан бай,
160 Қу емес патшалардай мәнсап қуған.
Өзінен озып бір ұл туған одан,
Толықсып аспандағы туған айдай.

Өзінің он сегізге жасы жеткен,
Үйреніп әр нәрсеге талап еткен.
Бұлжытпай атасының орнын басып,
Дүкен сап жеті жаққа қолы жеткен.

Түйелеп алтын-күміс жұртқа сатқан,
Күсет болып саудасы, пұлға батқан.
Бір Құдай көңіліне қозғау салған,
170 Ол байдың манабы еді тыныш жатқан.

Осылай бай баласы сапар қылды,
Қасына ертіп мыңдап нөкерлерді.
Баяғы кәрі шалдың сарайына
Түсуді мырзаларым мақұл көрді.

Атақты Шам шаһардың байбатшасы,
Дәл қазір он сегізде жас шамасы.
Әр күні бау-бақшалы кең сарайда
Боп жатты ойын, қызық тамашасы.

180 Мырзаның қызды көріп есі кетті,
«Алсам деп Шәмсияны» үміт етті.
Алдымен қызды сынап байқау үшін
Базардан ылғи жанат алып кепті.

Жанатты бір жолдасы берді қызға,
— Болмасын ұзын-қысқа, — дейді мырза.
Жарасымды бір ішік тігіп берсін,
Айтқанын бай ұлының айтты тура.

Қыз білді байбатшаның сынағанын,
Ақ көңілдің берер деп сұрағанын.
Сор мен бақ екеуінің бірі шығар,
190 «Жөн, — деді, — неде болса шыдағаным».

Әтейлеп берді ғой деп мені сынап,
Біреуден бой нұсқасын алды сұрап.
Қалыптан өз бойына таразылап,
Ішікті тігіп болды қыз да шыдап.

Ішікті тікті баппен екі күнде,
Шығарып ине жіптен болды мүлде.
Жігіт кеп киіп көрсе, қойғандай дәл,
Бұл өнер бола бермес әлдекімде.

Жігіт көріп, таң қалып, болды қайран,
200 Олпы-солпы таппайды ешбір жайдан.
Құдалық сөйлеспек боп осы жерде,
Аялдап бірнеше күн етті қайран.

— Бұл жерде бірнеше күн тұралық, — деп,
Уақыттың өткеніне шыдалық, — деп.
Жіберді құдалыққа екі жігіт, —
Ықыласын біздер шалдың сұралық, — деп.

Жаушылар келді шалға қыз қалаған,
Мап-майда жауаптары ызбалаған.
— Мырзаға, қызыңызға құда болсақ, —
210 Деп келдік, туғанбыз ғой біз анадан.

Балаңа баламыздың жасы теңдес,
Дүниеде мұндай орай келе бермес.
Қара емес, хан берер қыз мырзамызға,
Еңкейгенге шалқайса, орны келмес.

— Баламның сөйлесейін анасына,
Анасы ақылдассын баласына.
Сіздерге қыз бермейміз дей алмаймыз,
Жеткен соң қыз балиғат шамасына.

Ентігіп кемпіріне келді кәрі,
220 Тосып тұр жас мырзаның жаушылары.
— Балаңа барып сөйлес, байғұс кемпір,
Құда болсам деп кеп тұр алар жары.

Қалиға Бәтиманы қосқан жаста,
Әйелді жатқа жазған әуел баста.
Сөйлесін балаңменен кемпір өзі,
Жауабын алып кел сен ақылдас та.

Шешесі қызға келді қадам басып,
Ойының айтты бәрін ақылдасып.
Айтқанын анасының қабыл алып,
230 Сайрайды бұлбұлдайын аузын ашып:

— Алған соң сіздер мені панасына,
Мен жеттім балиғаттың шамасына.
Өздерің, ата-анам, біліңіздер,
Атам ерік салыпты баласына.

Парызым ата менен ана күту,
Дұрыс емес сіздерді ренжіту.
Алладан әмір болса несі қиын,
Жамандыққа жақсылық болар тыю.

Бар мен жоқтың олар да білер парқын,
240 Бұзбайды ата-баба ескі салтын.
— Берейін қалыңмалды өзім айтып,
Қырық түйе әкелсін артып алтын.

Жігітке айтты жаушылар қайта барып:
— Шал қызын бермек болды қалың алып.
Артатын қырық түйе құлы менен
Қырық түйе әкелсін алтын артып.

Қызға ол қалған екен шын құмартып,
Бұл сөзге күлді мырза езу тартып.
Қолма-қол алып жүрген саудасынан
250 Он құл мен жүз түйе алтын әкелді артып.

Жаушылар арадағы желдей есіп,
Әкелді қалыңмалды елдей көшіп.
Келесі сәрсенбі той қылмақ болып,
Құбылды Шәмсия қыз көңілі өсіп.

Бақ келіп қонады екен нақ осындай,
Жүрген қыз өмір бойы бағы ашылмай.
Жарқырап шыға келді жалғыз күнде,
Құбылып тоты құстың қанатындай.

Талапты Шәмсия қыз болып мұндай,
260 Мақтауы бұл өңірге кетті симай.
Шал-кемпір жасап тойын ұзатады,
Жалғызын жүретұғын жанға қимай.

Талдағы шырмауықтай шыр айналып,
Сүйісті екі ғашық құмарланып.
Шырылдап төбесінде қолдап-қорғап
Махаббат періштесі жүр айналып.

Сапырып той шарабын құйды қандай,
Тойына жиылды ел мың-мың сандай.
Қосылды екі бекзат құмарланып,
270 Баяғы Құсайын мен Шаһарбандай.

Атасы шүкір қылды қыз ұзатып,
Тойынан ел тарқады көп күн жатып.
Шәмсия: — Бағдатқа барамыз, — деп,
Алғызды Бағдаттан жүз піл сатып.

Жүз пілге алтын-күміс жүгін артып,
Жөнелді көшіп олар шеру тартып.
Мырза да шықпайды оның айтқанынан,
Ақылды жаралған соң жаннан артық.

Бір сөздің жаңа келдік қызығына,
280 Алланың тұрар пенде сызығында.
Мырзаны қатын бастап алып келді,
Баяғы алтын көрген құдығына.

Мырза тұр ғой қыз білмейтін құдық сырын,
Құдайым кезіктірген мұны бұрын.
Бұйрықша кезіктірген Шәмсияға,
Жыланның патшасының жиған пұлын.

Шәмсия құдықтың кеп аузын ашты,
Көрсетіп ақық-меруерт жатқан тасты.
Қып-қызыл ылғи нағыз алтын екен,
290 Байбатша мұны көріп, таң қалысты.

Шәмсия ұмытпастай белгілеген,
Қасында тас бастау бар мөлдіреген.
Бағдат шаһарының жуық жерден,
Көрінді мұнарасы елбіреген.

Мырзадан падишаға елші кетті,
Бағдатқа олар дағы келіп жетті.
Мырзаның өзі — дастан, жолы — бостан,
Елшісін патша қарсы алып, құрмет етті.

Елшіні қонақ етті қарсы алып,
300 Жер алып, алды зәулім сарай салып.
Алтын-күміс мырзаның мол байлығын,
Өңгіме етіседі жұрт таң қалып.

Мырзамен патша, уәзір болды жолдас,
Бірінің бірі сөзін, сірә, бұрмас.
Шәмсия мақсатына жету үшін
Патшаның қатынымен болды құрдас.

Ханымға жақындай кеп қылды зорлық,
«Патшаға мұнан өтер бар ма қорлық», —
Деп ханым патшаға күңкілдейді:
310 — Мырзаның қатынына қатын болдық.

Шәмсия мырзасына айтты бір күн:
— Бізде бар таусылмайтын дүние шіркін.
Бағдаттан бір жақсы жер сатып алып,
Көрейік мал қызығын емін-еркін.

Айтқанын Шәмсияның қабыл алды,
Не қылсын қисапсыз мол жатқан малды.
Бағдаттан бір жақсы жер сатып алып,
Алтын мен ылғи меруерт сарай салды.

Алдырып жеті ықылымның міністерін,
320 Аралап дүниенің барлық жерін.
Сарайдың іші-сырты сондай көркем,
Келтірді жасаушылар тым мәнерін.

Жасалған таза алтыннан бау шарбағы,
Қонатын үйлер салды адам дағы.
Ысқырған айдаһардың суретінен
Орнатқан ортасында алтын тағы.

Бақшада сыңғырлатып бұлбұл сайрап,
Тұрады төрт жағынан гауһар жайнап.
Жанатын түн болғанда берді жанар,
330 Бір шебер Шәмсиямен тапты ойлап.

Бұл шамның ол екеуі сырын ашып,
Айтпайды бұл шаһарда ешкімге ашық.
Патшаны келтірмекке қояды екен,
Қақпағын жұма күні түнде ашып.

Ашылып гауһар әйнек болды жарық,
Шаһарды нұрға бөлеп қылды қарық.
Падиша менен уәзір көріп оны,
Қарайды ол әйнекке қайран қалып,

Патша, уәзір әйнекті көреді бұл,
340 Күндіз жоқ, түнде жарық бұл қалай сыр?!
Елеусіз екі ғаріп адам болып,
Көрелік түнде келіп анықтап бір.

Айтайын уәзір мен падишадан,
Екеуі қайыр тілеген болып адам.
Уәзір мен патша деп жан ойламас,
Түрлері екеуінің тым-ақ жаман.

Аяндап жетіп келді патша, уәзір,
Бақшаға кіріп кетті, етпей құзыр.
Шәмсия күзетшіге деді: — Аулаға
350 Кім кірсе де алдыма келтір әзір!

Күзетші байқап тұрған бұрын сырттан,
Патша мен уәзірді мықтап тұтқан.
— Ұрысыңдар, рұқсатсыз баққа түскен, —
Деп ұрып, текпілеп көп киім жыртқан.

Шәмсия жетіп келді аяғансып,
Өңіне екеуінің қарағансып.
Ұрғызбай күзетшіден алды айырып,
Мырзаның әйелінше өте паңсып.

Қолында екеуінің екі таяқ,
360 Сарайға кіріп келді ұялмай-ақ.
— Қылыңдар маған қызмет екі сөтке,
Бақшаға кіріпсіңдер қарамай-ақ.

Құлдар жоқ бүгін біздің үйде қалған,
Сандықты моншаға апар киім салған.
Берейін екеуіңе екі ділдә,
Жақсы ғой еңбегімен ақтап алған.

Сандықты алып жүрді монша жаққа,
Тұрмайды басса аяқ тайғанаққа.
Жығылып кезек-кезек шатқайақтап,
370 Жарылып қабақтары қалды ұятқа.

Қысылған сайын олар ұяты кеп,
Әтейге жібермейді тұра тұр деп.
Шәмсия киімдерін киген шақта,
Сандықты әкелді әрең қайта сүйреп.

Сандықты алып келді өліп-талып,
Ішінен екеуі де жаман налып.
Екеуін сол араға тұрғызды да,
Үйіне кіріп кетті қайта барып.

Бейнемен есіркеген рақым салып,
380 Береді екі ділдә қолына салып.
— Еттіңіздер маған қызмет осында кеп,
Азсынбай алыңыздар, — деп, — екі ғаріп.

Десін де білдіртпедік олар барсын,
Барсын да сарайына демін алсын.
Айтқанын орындаған Шәмсия кеп,
Айтады мырзасына мына ісін.

— Мырзаға, беделінді асыр, — дейді,
Судай қып сары алтынды сапыр, — дейді.
Падиша мен уәзірді ханымымен,
390 Қонаққа бүгін кешке шақыр, — дейді.

Орындайды Шәмсия айтса не деп,
Оларды қонақ қылды тағам же деп.
Патша, уәзір отырды ханымменен,
Әр нені өздерінше әңгімелеп.

Падиша Шәмсияны мақтады кеп:
— Ата-анан сіздің неткен бапты еді, — деп,
Қара адамнан жан тумас сіздей асыл,
Өзіңді қандай бегзат тапты екен? — деп.

— Ей, падиша, білесің бе ағайынды,
400 Алдырған үш жетім қыз жабайынды.
Екеуін алып қалып мен сорлыны
Бастырмай қумап па едің маңайынды.

Қуған соң Бағдаттан мен де кеттім,
Сондағы айтқан сертке кеше жеттім.
Қылдырып түні бойы қызметімді,
Уәзірмен екеуіңді тентіреттім.

Падиша Шәмсияның ұғып сырын,
Түсінді ойнағанын отпен бұрын.
Шәмсия мырзасымен ойнап күліп,
410 Шаттанды тілегіне жетіп бүгін.

Падиша шықты үйден қатты жасып,
Өлімнен ұят күшті бетті басып.
Тәж бенен тағын тастап сол күні түн
Бетке алып Мысыр жақты кетті қашып.

Шағында кешегі күн алшаң басқан,
Ойламайтын «асқанға тосқан бар» деп.
Падиша рақымы жоқ кетті қаңғып,
Масқара боп еріксіз елден қашқан.

Хан падиша харамдықтың латына,
Өзінің шек келтіріп бір атына.
«Нұр жауар, — деген бар ғой, — талаптыға»,
Шәмсия жетті ойлаған мұратына.

Жасында мұңлық болған көңілі алаң,
Шәмсия бақытты болды адам.
«Үш қыздың» әңгімесі осылайша,
426 Ғапу ет, оқыған жан, болды тамам.

Кезбе шал

Қолыңа қаламыңды ал, Құрбанғали,
Отырсың бір қиялды толғанғалы.
Ақ қағаз, қара сия қалсын артта,
Бір күні аттандырар дүние пәни.
Ақынның өлсе артында сөзі қалар,
Ұрпақтар оқып көрген десін пәлі!
Бой созып, топтан озып шықпақ қиын,
Әркімнің өзіне хас бар ғой халі.

10 Қалам ап бір қиялмен салдым шимай,
Қолда деп атам «керей» аруағы-ай.
Жүз жастан асқан кім бар, ойла, жұртым,
Қалмай ма ажал жетсе бұл дүние-ай.

Отыздың сегізінен өттім тағы,
Ақынның өлең жазар осы шағы.
Кешегі Құрбанғали жазған-ау деп,
Өрендер аңыз қылсын артымдағы.

Өз атым Құрбанғали, елге таныс,
Құсайын — әкем аты, қалмас қағыс.
Рухани сана жақтан шабыт берем,
20 Ұрпаққа берерім жоқ заттық табыс.

Аз ғана мен сөйлейін әңгіме айтып,
Іс өтсе өкінішті келмес қайтып.
«Төрт мысал» оқырманға ұсынамын,
Беруге ой өрісін аз байытып.

Сөздерге құлақ салдым жақын-алыс,
Қалдырмай ертегіні есте қағыс.
Абайдан атақты ақын болмасам да,
Өлеңнен жорға салдым кейде шабыс.

30 Өткенге баға берсек жарыстырып,
Бай-жарлы, патша-биді салыстырып.
Залым да, ақымақ та, сұмдар да өткен,
Момын мен зұлымдарды алыстырып.

Ат қойдым бұл қиссаға «Кезбе шал» деп,
Айтарым бұл қиссадан тәлім ал деп.
Бастайын енді шалдың әңгімесін,
Өтінем, жамағаттан, құлақ сал деп.

40 Айтамын бұрынырақ болған шалды,
Болыпты баласы көп және жарлы.
Кәрілік денсаулығы тағы нашар,
Асырау оңай болмас үйлі жанды.

Сол үшін қатты күйіп, шаршап талған,
Айтпақшы тәңірін тауып арыз-арман.
«Тәңірдің өзін тауып айтайын», — деп,
Бет елді шал қаңғырып кетіп қалған.

Бір иен жүре-бара шетке келген,
Сенделген жол үстінде қасқыр көрген.
— Қай жаққа баратұғын адамсың? — деп,
Қасқыр да сөйлесуге тілге келген.

50 Шал айтты: — Кетіп барам Құдайды іздеп,
Құдайдан жөн емес қой үміт үзбек.
Бала жас, өзім кәрі болғаннан соң,
Бақ-дәулет сұрап барам әдейі іздеп.

Қасқыр айтты: — Япыр-ау, менде дерт көп,
Болып ем теріс азу талайды жеп.
Осы күн тышқан ұстап жей алмаймын,
Жіберді мені құртып бір ауру кеп.

Еш нәрсе құтылмаған істерімнен,
Арыстан қорқушы еді күштерімнен.
Қор болдым қарғыс атып осылайша,
60 Айырылып сол халге не себептен?

Жоқ еді теріс азу менен өткен,
Мен болдым ауру меңдеп, қор боп өткен.
Жақпайды жасағанға қай қылығым,
Кездестім осы халге не себептен?

Енді мен жазылатын ем бар ма екен,
Өлместік қорек қылар жем бар ма екен?
Сұрай кел, тура барсаң, бір Құдайдан
Өтетін осылайша жөн бар ма екен?!

«Болады» деп кезбе шал кетті жүріп,
70 Құдайды іздеп иенге құлақ түріп.
Қалың орман шетінен бір бәйтерек
Алдынан айғайлапты тау жаңғыртып.

Бәйтерек адамға ұқсап тілге келді,
Орман мен тау жаңғырып күңіреді.
Арсиып құрап қалған аруақтай,
Көрінді кезбе шалдың көзіне енді.

Сөйлейді терек сонда: — Ей, адамзат!
80 Барасыз қайда кетіп етіңіз дат?
Тоқталып жөніңді айтып кетіңізші,
Менің де емес еді көңілім шат.
Күннен-күнге бәйтерек құрап-семді,
Мінеки, миуам түсіп, көңілім сөнді.
Бір күнде бар ағаштың патшасы едім,
Не бұйрық айтсам олар соған көнді.
Кешегі алыбыңыз бүгін ғаріп,
Айтайын мұнан басқа енді немді.

Шал айтты: — Тәңірді іздеп кетіп барам,
90 Өзім кәрі, жас еді қатын-балам.
Кәртеіп денсаулығым азайған соң,

Оларды асырауға келмей шамам.
Айтпақпын осынау бір арманымды,
Алдымнан кез боп қалса Алла тағалам!

Жаратқанға айтпағым осы арыз,
Адамзатқа Алла айтса болар парыз.
Жоқ-жітікке қайырымды, әділ, — дейді,
Болмаса алам ба, — деп, — ақша қарыз.

100 Терек айтты: — Тағы да едім биік,
Тұрушы ем төбем шалқар көкке тиіп.
Сәулетпен бойды түзеп сымбаттанып,
Түбіме көмдіріп ем «алтын үйіп».

Тамырыма көмген алтын кесел болып,
Қуартып жапырағымды тұрмын солып.
Сұрай кел, барсаң тура, бір Тәңірден,
Тап болған арылар ма осы күйік?!

110 Тәкаппар терек болдым халыққа зор,
Халықтан қарғыс тиіп болғаным қор.
Жасарып жаңаланаар күн болар ма,
Сұрай кел, Құдай тапсаң арызым сол.

Мақұл айтып кезбе шал жүре берген,
Саз кешіп, аяқ шешіп асып белден.
Көк шалғын, көк орайлы, әсем гүлді,
Бір теңіз шалқып жатқан көлге келген.
Су жұтып, сарық басып отырғанда,
Бір балық жақындапты шоршып көлден.
Менің де халім қиын тыңдасаңыз,
Ей, адамзат, әуелі жөніңді айт сен.
Балықтың зарлап айтқан арман халін
120 Шал тыңдап ұғыныпты тілін білген.

Сөйлейді балық сонда: — Мен де арманда,
Бар ма екен менен сорлы бұл жалғанда!
Бір күнде су астының «патшасы» едім,
Мінеки, зар боп тұрмын бір жардамға.

- Көзіме сен көріндің өлер шақта,
Тәңірім кез келтірді адамзатқа.
Көрсетші құдай ақы көмегіңді,
Жардам ет құтылуға бұл апатқа.
Мен дағы дегенінді орындар ем,
130 Қайырылып қайта отырсам алтын таққа.
Қылқынып тамағымнан ас өтпейді,
Сорлы өмір қош айтып тұр мал мен баққа.
Сол кезде асқар таудай шыққан жотам,
Аш қалған айналыппын аруаққа.
Қызыл жан қысылғаннан орын таппай,
Бұрылтып қаратпай тұр екі жаққа.
Құтылар бұл аурудан күн бар ма екен,
Датымды айт, кезіксеңіз Жаппар хаққа!
- Шал айтты: — Қам жеменіз, патшам-ау, еш,
140 Сөзінді мынау айтқан қылармын ес.
Айтайын арманыңды Жаратқанға
Иншалла, кезігермін ертелі-кеш.
- Кезбе шал осыны айтып жүріп кеткен,
Бір заңғар — асқар тауға барып жеткен.
Алды тұйық, жан-жағы ұшпа жартас,
Қамалып әлгі шалың ойға кеткен.
Осылай арып-шаршап отырғанда,
Шалдығып сорлы байғұс ұйықтап кеткен.
- Шал жатыр түс көргендей өңі ме әлде,
150 Бір дауыс естіліпті аспан-көктен.
— Ойлаған арманыңды осы арада айт,
Ал кімді іздеп келдің, не себептен?
- Шал айтты: — Тәңірді іздеп шығып едім,
Тәңірде бақыт көп деп ұғып едім.
Бала жас, өзім кәрі болғандықтан,
Бақ-дәулет алайын деп шығып едім.
- Алыстан арып іздеп келдің маған,
Екенсің қырсық сорың арылмаған.

160 Бақ-дәулет өзіңе өлшеп бердім, міне,
Мақұлық, қайт үйіңе есен-аман!

Бақ қонды шал оңалып болып сәтті,
Жолдағы еске түсті аманаты.
Сол қасқыр, бәйтерек пен наһан балық
Тағдырдың ғаріп болған махлұқаты.
Шал сөйлеп бұл үшеуін мағұлым қылды,
Соқпақшы неге апарып істің арты.
Көп зарлап қалып еді «үш мүсәпір»,
«Тағдырдың болар ма деп рахыметі».

170 — Жолыққан әуел саған залым қасқыр,
Жетілген залымдыққа сонша мәштір.
Қылмысы зұлымдықтың бәрін тауып,
Бұл күнде қор болып жүр қара басқыр.

Ешкімге жүруші еді бермей есе,
Зарлатқан момындарды әлденеше.
Қасқырдың ауруы сол жазылатын —
Адамның ең ақымақ етін жесе.

180 Теректе залым еді асқан биік,
Бойы өрлеп, бұлттан озып, көкке тиіп.
«Сәулетті жапырағымды көркейтсем» деп,
Тамырына көмгізген ед алтын жиып.
Алтынның буы тиіп, тамыры шіріп,
Тартып тұр осы күнде ғазап-күйік.

Ғазаптан құтылуды арман қылса,
Тәуба қып өткеніне есін жиса.
Гүлденіп әуелгідей болар еді,
Алтынды тамырындағы қазып алса.

190 Балық та өз кезінде алып еді,
Атағы су астында қанық еді.
Патшалыққа лайық мәнсап алып,
Мойнына алтын алқа салып еді.

Өз халқын өзі жұтып сорып еді,
Семіріп іші майға толып еді.
Денесі өсіп алқаның бауы қысып,
Буынып содан ауру болып еді.

Дүниені біреу жөн бе жиып алса,
Махлұқат не көрмейді Тәңірі салса.
Балық та әуелгідей сауығар ед,
Алқаны мойнындағы үзіп алса.

Түзу қайт, енді үйге кетпе адасып,
200 Мойындап жоқшылыққа жүрме жасып.
Құдайдың саған жазған жазуы бар,
Істей бер ақ ниетпен адал кәсіп.

Шал оянса ешкім жоқ болды ғайып,
Іс болды нәтиже жоқ таңғажайып.
Ойланып «өңім бе бұл, түсім бе?» — деп,
Шал қайтты ізіменен беттен тайып.

Осылай кезбе шалың қайтады енді,
Ойына сақтап түгел естігенді.
Кетуге уағдасын ада қылып,
210 Айналып бағанағы көлге келді.

Кезбе шал көрді осылай көрмегенді,
Ізінше өзі көрген көлге келді.
Шөлдеген ерні кеуіп, халі кетіп,
Бас қойып, тұнық суын жұтты-ау енді.

Су жұтып отыр еді шөлі қанып,
Алдына тағы келді іздеп балық.
— Аллаға арызымды айттың ба? — деп,
Тіл қатты балық жылап, шалды танып.

Әйтеуір мен аспаннан алдым хабар,
220 Жақсылық-жамандықты пиғылың табар.
«Бақ-дәулет өзіңе өлшеп бердім», — деді,
Көріпті көз жасымды паруардигар.

Мен қайттым Тәңірім таппай орта жолдан,
Сен жемқор екенсің ғой елді сорған.
Халықтың қарғысына ұшырап көп,
Ақиқат құтылмайсың құрған тордан.

Болам деп «патша ағызам» сен жүріпсің,
Атырапқа айбар шегіп бұлқыныпсың.
Мойныға мәнсап үшін таққан алқан,
230 Мінеки, денең өсіп қылқыныпсың.

Сан бейуаз момындарды жұтып едің,
Көрдің бе Тәңірім салған бұл бір ісін?
Алқаны мойынындағы үзіп алса,
Кеңиді демалысың, бар жұмысың.
Жол басып кетуге шал әзірленді,
Тапсырған ада қылып бір жұмысты.

Балық айтты: — Алқаны ал, мұратқа жет!
Мені де ғаріп қылған осынау дерт.
Бағасы бұл алқаның жүз мың ділдә,
240 Бұл дағы саған Алла берген дәулет.
Құтылып бұл пәледен болсам азат,
Болмаспын мен де қайтып құдайға шет.
Алқаны сатып жетсең мұратыңа,
Болмайды жатып ішсең жаныңа сеп.
Ажалдан арашалап қалсаң егер,
Беретін саған сансыз дәулетім көп.

Жалынып балық айтты: — Алқамды ал!
Болады таусылмастай дәулет пен мал.
Жеменгер жауыздықтан тыйылайын,
250 Істесем қайта оны Құдайға сал.

Наһанға шалдың айтқан мынау сөзі,
Сөйлейтін ақымақтың келді кезі.
— Алқаңның маған, әуел, керегі жоқ,
Жарылқап тағдыр мені қойған өзі.
Ақылдан артта туған ақымаққа,
Не керек алтын, гауһар, мыс пен жезі.

Аяңдап ақымақ шал жолға түсті,
Балықтың қала берді жайнап көзі.

260 Шал байғұс жолға түсті тағы жаяу,
Көңіліне алмайды ол ешбір қаяу.
Ұқтырып аманатын кету үшін
Терекке әтей іздеп келді таяу.
Сықырлап ыңырсыған даусы шығып,
Терек те бас игендей ұйқылы-ояу.
— Секілді бақыт қонған адамдайсың,
Айттың ба арманымды? — деді баяу.
Шақшиып шал қарады келген жаяу,
Салмақ боп жүрегіне тағы қаяу.

270 Шал сонда: — Тыңда, — деді бәйтерекке,
Ағаштан сен шығыпсың жекпе-жекке.
Тәкаппар болыпсың сен бойың түзеп,
Түбің жерді ап, таяпты төбең көкке.
Не жеміс, көлеңкең жоқ көпке берген,
Қурапсың безенумен бекер текке.

Айттым мен Тәңіріңе арманыңды,
Тамырыңа алтын үйіп алғаныңды.
Шірітіп тамырыңды үйген алтын,
Буымен қурап семіп қалғаныңды.
Халықпен қарапайым бірге болмай,
280 Басыңа өшпес жара салғаныңды.

Жалынды естіген соң бұл қу терек,
— Жеткізген талабымды болдың зерек.
Алтынды дайын жатқан қазып алсаң,
Болмай ма таусылмас пұл саған керек.

Жазайын жастар үшін болсын ертек,
Ақымақ құрғақ сөзді бақыт көрмек.
— Ауыр ғой, алтынды алып жүре алмаймын,
Жаратқан мал мен бақты өзі бермек.

Алтынды керек қылмай түсті жолға,
290 «Жапанда тұрмаймын, — деп, — бекер шөлдеп».
Аспаннан нажағайлы жауып нөсер,
Құлатты қу теректі апат сел кеп.
Бай, патша асқандардың бәрің сол ғой,
Азырақ мысал үшін қалдым меңзеп.

Кезбе шал осыны айтып басты ілгері,
Артында аз болмады жүрген жері.
Алмады ол Алла берген тегін ақша,
Ала ма мұнан есеп біреу тегі.

Тоқтамай бара жатыр шал да кетіп,
300 Басына бақ қонғандай өлеңдетіп.
Бұралып өлуіне таяп жүрген
Қасқырға ақымақ шал келді жетіп.

Шал айтты: — Тіл алмайсың, жолға келсең,
Айтайын арманыңды сөзге сенсең.
Сен байғұс жазыласың әуелгідей,
Адамның ең ақымақ етін жесең.

Түгетіп аманатын жолға түсті,
Қашанда момындықтан зұлмат күшті.
«Бақытқа кенелдім» деп кетіп барад,
310 Шал байғұс қайдан білсін ақырғы істі.

Мұны естіп, қасқыр залым ойға кетті,
Сорлыны ажал айдап тентіретті.
«Алмаған қымбат алқа, қапты алтынды
Осыдан ең ақымақ өтпес», — депті.
«Шалды жесем дертіме шипа болар», —
Депті де қасқыр шалды бас сап жепті.

Сыр берме дұшпаныңа келсе қалың,
Жеп алды ақымақты қасқыр залым.
Ақ көңіл, адал болам деген жауға,
320 Жем болды сорлы-ақымақ кезбе шалым.

Қасқырды халық жыртқыш залым дейді,
Бай, кедей, жалғыз демей бәрін жейді.
Сұмпайы, залым, жыртқыш, қорқаулардан,
Сақтан деп халық үнемі зар илейді.

Қаңғырған Тәңір іздеп бұл кезбе шал,
Оқырман талдау жасап, ғибрат ал.
Дос пен қас, жалған-шынды айырмаған,
Тірлікте зиян тартар осындай дәл.

Тәкаппар, жемқор, ақымақ, залымдарға
330 Жақсылық, сірә, істейтін бір жан бар ма.
Осылар жер бетінің жексұрыны,
Алданғандар түседі мүшкіл халға.

Кім биік? Бұл дүниеде байлар биік,
Күшейтпек түп тамырын алтын үйіп.
Орнымен жиған малы ұсталмаса,
Кетпей ме сол тамырын бір күн қиып.

Төрт мысал жаздым осы естелікті,
Қас-досын білімді адам ескеріпті.
Қаскүнем, зиянкестер құлағанда,
340 Жиреніп жер мен су да сескеніпті.

Кей адам дүние үшін жолдан азып,
Арғы жағын айтпасақ артық қазып.
Адамға мәңгі қажет ар мен ождан,
Болатын екі өмірге бірдей азық.

Тіленбе жоқ нәрсеге қолды жайып,
Кетесің, еңбек етсең, шалқып-байып.
Тәкаппар, жемқор, ақымақ, залым болма,
Бұл мысал келер осы сөзге лайық.

Осымен сөз аяғы болсын тамам,
Жазуға бұдан артық болмай шамам.
Бір мұра арт жағымда қалу үшін
352 Қиссаны жазды осылай Құрбан ағаң.

Хан хукімі

Қадиман патша болған елден асқан,
Өзінің төртібінше хукім шашқан.
Қызырды көрсететін жан бар ма? — деп
Өзінің уәзірімен ақылдасқан.

— Қызырды, әгар тапса, көрер едім,
Қандай іс хукім қылса көнер едім.
Ішінде он екі айдың көрсеткенге,
Мың ділдә санап соған берер едім.

Бір адам табатұғын ділдәмді алса,
10 Белгілі мекені жоқ іздеп барса.
Тапқанға мың ділдәнің сұрауы жоқ,
Өлтірем, ділдәмді алып таба алмаса.

Осылай әр шаһарға хабар шашты,
Аз ғана ділдә беріп таба алмас-ты.
«Мың ділдә алдап алып қашайық», — деп,
Кей адам екі-екіден ақылдасты.

Еш адам бұл ақылмен бара алмады,
Алам деп көзін малға сала алмады.
Екі емес хан жарлығы, бір деген-дүр,
20 Ділдәні жанынан қорқып ала алмады.

Сол шақта жасы жеткен бір кәрі шал,
Бойында жыртық дамбал, көйлегі бар.
«Қызырды мен табам» деп жетіп келді,
Кісідей таныс болған, көргені бар.

Елендеп шалдың көзі қарап қалды,
Келді де шал ділдәні санап алды.
Сорлыда салатұғын қалта да жоқ,
Шешті де көйлегіне орап алды.

Шал барды өз үйіне ділдәні алып,
30 Алады киім, тамақ базар барып.
Тұзаққа мойынынан ілінді де,
Ақыры қалай болар, шығар нағып?

Үй жылы, киім бүтін, тамақ тойған,
Сорлы шал ділдә алам деп басын жойған.
Қызықпен шал бейшара білмей қалды,
Қызырды көрсететін мезгіл толған.

Шалың жүр бір Құдайға нақ сиынып,
Шалдың халін сұрасын кім күйініп.
Қызырды көреміз деп шаһар халқы,
40 Үлкен бір базар болды жұрт жиылып.

Шал келді «өлемін» деп зәресі ұшып,
Кіржиіп желке тері, иіні түсіп.
Салбырап хан алдына тұрды барып,
Екі аяқ бір-біріне шалынысып.

Патша отыр уәзірімен ақыл құрып,
Сөйлейді ділдәні алған шалды көріп.
Ғұмырында аштықпен күн кешірген,
Қызыққан жәдігөй шал пұлды көріп.

— Қызырды табамын деп қу шал, арсыз,
50 Патшаның пұлын жедің ықтиярсыз.
Осындай өтірік айтқан нілсіз жәдігөйге,
Уәзірім қандай жаза бұйырарсыз?

Бас уәзір: — Шалым, мойның қиылады,
Өзіңнің өлеріңді ойла, — деді.
Бауызда тамағынан шалдың, — деді,
Мықты етіп қол-аяғын байла, — деді.

Селкілдер мұны естіп шал бейшара,
Ғажап па, сақтаса оны Хақ Тағала.
«Күлли шайин ражиғун әсилә», — деп,
60 Сөйлейді шал қасында бір жас бала.

Патша айтты: — Ал, екінші хан уәзірім,
Білесің бастан-аяқ шалдың сырын.
Мына шал мың ділдәні алып алды,
Екінші сіз айтыңыз мұның жөнін.

— Малы жоқ, алатұғын шалды соғып,
Бауызда жалғыз шалды жерге жығып.
Бітеу сой, шал терісі мықты болар,
Қоялық ағашқа іліп сабан тығып.

Бағана шал қасында тұрған бала,
70 Береді шалға мәдет Хақ Тағала.
«Күлли шайин унзила илә әсилә», — деп,
Бұл сөзге бала жауап берді және.

Патша айтты: — Ал, үшінші уәзірім,
Қалайда сіз біліңіз мұның жөнін.
Қызырды көрсетем деп ділдәні алған,
Болмайды бұдан былай шалға сенім.

Уәзірі сонда жауап берді ханға,
Хан қасында жиылған жақсыларға.
— Бейшара жан сақтауға алған шығар,
80 Не болар ғапу етсек сорлы шалға?

Ерегес не болады ақыл кемге,
Біздерге мақсат емес шалды жеңген.
Бір кеткен мың ділдәңіз қайтып келмес,
Бауыздап мүсәпірді өлтіргенмен.


Бағана шал қасында тұрған бала,
Беріп тұр шал жауабын екі арада.
«Күлли шайин илай әсилә», — деп,
Тағы да жауап берді бұған қара.

Патша айтты: — Бала, сізді тәуір көрдім,
90 Сөйлейтін шалдың сөзін жолдас па едің?
«Өр нәрсе нәсіліне тартады» деп,
Сен бала үшке дейін жауап бердің.

Бала айтты: — «Байла» деген бас уәзір,
Жолдас емес өзіңе, қас уәзір.
Атасы ұры болған кісі өлтіріп,
Өзінің көңіліндегіден хабар берер.


Екіншің: — «Шалды байлап сой», — деп айтты,
«Терісіне сабан тығып қой», — деп айтты.
Атасы қасап қылған, қасапшы еді,
Ол өзінің көңіліндегі хабарды айтты.

Үшінші, рақым айтқан уәзірің,
Баласы нәсілі жақсы падишаның.
Әуелгі екі уәзірің дұшпан болар,
Түбінде зиян салар қасы дайын.
Мұны айтып көз алдында ғайып болды,
116 «Мен — Қызыр, кешіріңіз, — деп,
— шалдың қанын».



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ҚҰЛАМЕРГЕН

Қазақ халқының ертеден бері айтып келе жатқан жырының бірі — «Құламерген, Жоямерген». Бұл жырдың сюжетін «Аламан мен Жоламан», «Құламерген» ертегілерінен алып, дастанға айналдырған ақындардың бірі — Омбы өңірінде туып-өскен Әбдірахман Бектасов.

Аталған жыр 1909, 1912, 1916 жылдары Қазанда¹, 1939 жылы VII-VIII кластарға арналған хрестоматияда² және 1964 жылы «Батырлар жыры» атты жинақта³ басылып шыққан. Қазір ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында жырдың бірнеше варианты сақтаулы⁴. Жыр нұсқалары арасында шамалы айырмашылықтар бар. Осы аталған нұсқалардың ішіндегі

¹ Қисса — Құламерген. - Қазан, Б.А.Домбровский баспаханасы, 1909, 1912, 1916.

² Құламерген (үзінділер), VII-VIII кластарға арналған хрестоматия. - Алматы, 1939.

³ Құламерген // Батырлар жыры. Алматы, 3-том. 1964.

⁴ Қисса Құламерген. Жинаушысы — Ғабиден Мұстафин. Жырды 1968 жылы Қарағанды облысынан жазып алған. Ш. 665 (ОҒК); Құламергеннің қиссасы. Жинаушысы — Сәкен Байырбекұлы. 1940 жылы Семей облысынан жазып алған. Ш. 665 (ОҒК); Қисса Құламерген. Жинаушысы — Әбдірахман Бектасов. 1941 жылы Ақтөбе облысынан жазып алған. Ш. 665 (ОҒК); Құламерген. Жинаушысы — Базарбай Сүлейменұлы. 1941 жылы Ақтөбе облысынан жазып алған; Құламерген. Жыршысы — Оразғали Жүсіпбекұлы, жинаушысы — Жұмабай Әлімбайұлы. 1920 жылы Сырдария облысында жазылған. Ш. 120 (ОҒК); Құламерген. Жинаушысы — Нартай Сыздықұлы. Қолжазба 1935 жылы Павлодар облысында жазылған. Ш. 6 (ОҒК); Құламерген. Жинаушысы — Сәрсенбек Түсіпұлы. 1967 жылы Алматы қаласында жазылып алынған.

ең көлемдісі және баспа арқылы ел арасына кең тарағаны да Ө.Бектасов нұсқасы болып саналады.

«Құламерген, Жоямерген» жыры жөнінде М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев сияқты ғалымдар өз пікірлерін білдіріп, эпостың үлгілері, ерекшеліктері, жырдың көнелігі, тарихы туралы өз ойларын білдірді⁵.

«Құламерген» ертегісі қарақалпақ халқында да сақталған⁶. Сол сияқты аталған жырдың варианттары Монғолия мен Қытайда тұратын қазақтар арасында да кең тараған. Монғолия қазақтарының нұсқасы 1991 жылы «Халық мұрасы» атты жинақта басылды⁷.

Қытай қазақтарының арасына таралған «Құламерген» жырын кімнің, қашан жырлағаны белгісіз. Фольклорлық үлгілерді жинап бастырушы О.Егеубаевтың берген мәліметіне қарағанда, жырды Қадыр Сұлтанұлының айтуынан жазып алып, «Шалғын» журналының 1980 жылғы 1-санында жариялаған «Шыңжаң халық баспасы» қазақ бөлімінің меңгерушісі, фольклоршы, жазушы Оразбек Қанапияұлы.

Қадыр Сұлтанұлының жырлауында «Құламерген, Жоямерген» жырының байырғы желісі барынша сақталған. Бас қаһармандардың есімдері, іс-әрекеті, шығармадағы мотивтер тізбегі, жер-су атаулары (Хазар теңізі, Орал тауы, Бұлғар шаһары) бірдей. Екі жырда да Құламергеннің аты — Құлагер, Жоямергеннің таңдап мінетін аты — Делдеш. Екі нұсқада да ертедегі аңшылық өмір неғұрлым кеңірек сақталған. Өз еңбегімен күн көріп жүрген Құламерген мен Жоямергеннің күтпеген жерден зұлым күштерге тап болып, айқасқа түсуі, көп қиыншылықты жеңіп, мұраттарына жетуі баяндалады.

Жыр батырлық пен ерлікті дәріптеп, қандай да дүлей күш болмасын соны жеңе алатын ер жүрек батырды аңсаған ел арманын көрсетеді.

⁵ Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы, 1991; Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. - Алматы, 1985; Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. - Алматы, 1972; Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. — Алматы, 1975; Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы 1982; Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка. - Алматы, 1972; Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы, 1993.

⁶ Құламерген // Қарақалпақ фольклоры. - Нүкіс, 1977. — 150-152-бб.

⁷ Құламерген, Жоямерген // Халық мұрасы. - Өлгий, 1991. — 179-210-бб.

«Құламерген» жырының сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі кездесетін көне дәуірдің кейбір елестері көрініс тапқан. Солардың бірі — матриархат дәуірінің белгісін елестететін мыстан кемпір бейнесі. Мыстан кемпір аталған шығармада оқиғаның шиелесуіне себепкер бейнесінде көрінеді. Оның азғыруымен Гүләйім теріс жолға түсіп, Бұлғар шаһарының патшасымен көңіл қосады. Сөйтіп, Құламергеннің отбасы бұзылады. Құламерген мен Жоямерген патшаның мыңдаған әскерімен соғысып жеңіске жетеді. Шығармада батырлардың айналасындағы адамдар әр қилы жағдайда көрінеді. Ал соның бәрінде үнемі араласып жүретін ортақ кейіпкерлер де бар. Соның бірі — батырға қысылған кезіндегі жәрдемшісі астындағы аты. Жырда батырларға керек жерінде көмек беретін ат жүйрік қана емес, керек кезінде тіл бітіп, сөйлейтін ақылшы серік болып көрінеді. Жүйрік аттың осындай сипатта көрінетін тұстарын «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты қаһармандық эпостардан және бурят халқының эпосы «Гэсэрден», тува халқының аңызы «Бокту — Кириш пен Бора Шээлиден», башқұрттың «Заятөлек пен Сусұлу» аңызынан, қалмақтың қаһармандық эпосы «Жәңгірден» т.б. кездестіруге болады. Сол сияқты аталған дастанның оқиға өрілімінде сиқырлы күштер туралы ұғымдар күрделі орын алады.

«Құламерген» жырының «Шалғын» нұсқасы мен Ә.Бектасов жырлаған нұсқасын (Алматы, 1964) салыстырып қарағанымызда Қадыр Сұлтанұлы жырлаған дастанында төмендегідей айырмашылығы бар екені анықталды: 1. «Шалғын» вариантында Құламергеннің әйелінің аты — Гүләйім болса, 1964 жылғы басылымда — Күнәйім. 2. «Шалғын» вариантында Құламергеннің ұлы Жоямергеннің жер асты, су патшалығы әлемінде болып, әр қилы ауыр сындардан өтіп, жер асты патшасы Жыланбектің қызы Күнсұлуға үйленетін эпизоды мен сол тұстағы Делдеш аттың иесіне көрсететін қызметі сияқты көріністер жоқ. 3. «Шалғын» нұсқасының мәтінінде жырдың кейбір тұстары қарасөзбен баяндалған.

Осы екі нұсқаны салыстыра зерттеу нәтижесінде аталған екі жырдың түбірі бір бастаудан таралғаны анықталды. Ал әр нұсқаның жыршысы белгілі сюжетті өзінше жырлаған.

Қадыр Сұлтанұлы жырлаған «Құламерген» дастанының көркемдігі жақсы, оқиғасы қызық. Мәтінде аздаған араб, парсы және жергілікті сөздер кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға енгізіліп отырған «Құламерген» жырының мәтіні 1980 жылы Қытайда шыққан «Шалғын» журналының бірінші санынан алынды.

Қ. Алпысбаева

АРЫҚ МЕРГЕН

Ел арасында ертеден келе жатқан жыр. Жырды кім жырлағаны белгісіз. Шығарманы ел аузынан жазып алып, баспаға ұсынған — Мақсұт Моғұтұлы.

Дастан алғаш рет «Қазақ қиссалары» атты жинақтың 5-томында жарияланған⁸. «Арық мерген» дастанының мазмұны қазақтың арасында ертеден келе жатқан, ертедегі аңшылық өмірдің суреттері неғұрлым кеңірек сақталған, өз еңбегімен күн көріп жүрген, аңшы мергендер туралы ертегілердің бірінен өрбіген.

Жырдың композициясы қаһарманды дәріптеу мақсатына сәйкес құрылған: Оқиға қаһарманның үйден шығумен басталады. Бұл бүкіл оқиғаның өзегі. Кейіпкер үйден шығысымен оқиға қоюлана түседі, яғни қаһарманды мадақтау үшін оның алдына қиын бөгеттер қояды. Ол асқар таудан, үлкен шөлден, өзеннен өтіп, жалғыз өзі сапар шегіп жүріп жезтырнаққа кез болады. Мұндай сюжет «Арғы мерген»⁹, «Жезтырнақ»¹⁰ т.б. ертегілерде кездеседі; одан соң жолбарыстар мекеніне тап болып, олармен бірнеше күн ұрыс салады; соңында жалғыз көз сияқты мақұлықпен қақтығысады.

Кейіпкердің алдынан осы секілді үш үлкен бөгет кездеседі. Өрбір жаңа бөгет бұрынғысынан да қиын, әрі күрделі болып келеді. Қаһарман осылардың бәрінен аман-есен өтіп отырады.

⁸ Арық мерген // Қазақ қиссалары. 5-том. — Бейжің: Ұлттар баспасы, 1986. — 649-868-бб.

⁹ Арғы мерген // Ертегілер. 3-том. — Алматы: Жазушы, 1988. — 214-217-бб.

¹⁰ Жезтырнақ // Қазақ ертегілері. 2-том. — Алматы, 2000. — 47-48-бб.

Мысалы, жалғыз көзді мақұлықтың күштілігі мен қайратына қарамастан, оны жеңіп, қол астындағы тұтқындарды босатып, еліне оралады.

«Кейіпкердің, міне, осындай алып та күшті дұшпандарын жеңуі — сөзсіз, халықтың бұқара қорғанышы боларлық жан туралы арманының жемісі мен оның жақсылық пен жамандыққа, әділеттікпен әділетсіздікке деген көзқарасының сәулесі»¹¹.

Жырдың мазмұны тартымды, көркемдігі біршама тәуір. Мәтінде басқа тілден енген біршама сөздер кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға ұсынылып отырған «Арық мерген» дастанының мәтіні 1986 жылы Бейжің қаласындағы «Ұлттар баспасынан» шыққан «Қазақ қиссалары» атты жинақтың 5-томынан (649-868-бб.) алынды.

Қ. Алпысбаева

ӘБУ ЖЫЛАН

Дастан Алтай аймағына кең таралған. Бұл жырды Алтай аймағы, Бурылтоғай ауданының тұрғыны Шаяхмет Жәңгірұлының айтуынан жазып алып, баспаға ұсынған — Заңқан Сәкияұлы. Шығарма алғаш рет 1992 жылы «Бурылтоғай ауданының қисса-дастандары» атты жинақта жарияланған¹².

«Әбу жылан» дастанының оқиғалық құрылымы күрделі. Мұнда талай замандардың елестері бар деуге болады. Солардың бірі — көне дәуір санасын елестететін тұсы, яғни кейіпкердің жер жүзінен бір сұлу табамын деп, белгісіз қауіп-қатері мол сапарға аттануы. Міне, оқиға осыдан барып дамиды. Кейіпкер көптеген қиыншылықтарға кез болып, оларды жеңіп отырады. Ал бұдан былайғы жерде оқиға өрілімінде қиял-ғажайыптық элементтер кездесіп отырады, яғни шығарма оқиғасында адамдардан басқа дию, көгершін, жылан сияқты кейіпкерлер араласып жүреді. Оған мына бір

¹¹ Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. — Алматы: Ғылым, 1984-252-б.

¹² Әбу жылан // Бурылтоғай ауданының қисса-дастандары. 1992. — 44-87-бб.

мысал дәлел бола алады. Кейіпкер көгершіннің айтуымен Арал тауына барып, Ақсұлу атты сұлу қызды көріп ғашық болады.

Осы тұста жыршы қыздың кескін-келбетін, көрік-сұлулығын дәріптеуге ерекше көңіл аударған. Қыздың сұлулығы дастан поэтикасына орай көркемделіп, дәріптеледі.

Қыз бен жігіт үйленеді. Қыз күн сайын түнде күйеуінің қанын сора бастайды. Мұндай сюжеттер көптеген ертегілерде кездеседі. Олардың қатарына «Айдаһар қатын»¹³, «Айдаһар»¹⁴, «Арғы мерген»¹⁵, «Аюдәу»¹⁶ т.б. ертегілерді жатқызуға болады. Талданып отырған дастандағы кездесетін тағы бір мотив — «бал ашу» мотиві. Оған мына бір мысалды келтіруге болады. Кейіпкер Ақсұлуға үйленгеннен бері өзіне бір науқастың жабысқанын біледі. Бірақ оны ешкімге айтпай, жасырып жүреді. Оның науқас екенін сезген бір шал кітап ашып, Ақсұлудың қыз бейнесіндегі жылан екенін біледі. Жігітті одан сақтандырады. Бұл орайда аталған мотив оқиғаның одан әрі дамуына дәнекер болып тұр. Мұнан кейін дастан мазмұнына тағы да басқа сюжеттер кіріп, кейіпкердің Әбу жыланнан құтылуымен аяқталады. «Бал ашу» мотиві «Құсайын қиссасы», «Олжабай батыр» «Салсал», «Сәнуар патша» сияқты жырларда көрініс береді.

Жырға «қыз, не әйел» бейнесінде келіп кейіпкерге ұшырасатын айдаһар туралы ертегілердің бірінің сюжеті арқау болған.

Дастанның көркемдігі жақсы, оқиғасы қызық. Мәтінде басқа тілден кірген біраз сөздер кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға енген «Әбу жылан» дастанының мәтіні 1992 жылы Алтай аймағынан шыққан «Бурылтоғай ауданының қисса-дастандары» атты жинақтан (44-87-бб.) алынды.

Қ. Алпысбаева

¹³ Айдаһар қатын // Ертегілер. 2-том. — Алматы: Жазушы, 1988. — 149-150-бб.

¹⁴ Сонда. — 244-245-бб.

¹⁵ Арғы мерген // Ертегілер. 3-том. — Алматы: Жазушы, 1988. — 214-217-бб.

¹⁶ Аюдәу // Ертегілер. 4-том. — Алматы: Жазушы, 1989. — 89-102-бб.

ТЕЛІМ — ТЕНТЕК

Қытайда тұратын қазақтардың арасына кең таралған дастандардың бірі — «Телім — Тентек». Бұл жырды жырлап, ел арасына таратқан — Әріпжан Жанұзақұлы деген ақын. Ақынның Ғарифолла деген ұлы бұл дастанды әкесінің қолжазбасынан көшіріп алып, сексенінші жылдары баспаға табыс еткен.

Шығарма мәтіні алғаш рет 1986 жылы Қытайда шыққан «Мұра» журналының 1-2-сандарында жарық көрген¹⁷.

Жырдың мазмұны көптеген елдердің ертегілерінде кездесетін «Ақымақ бала» туралы сюжеттен алынған. Шығармада Тентектің жастықпен әр түрлі ақымақтық іс қылғаны үшін әр қилы жағдайға душар болғандығы баяндалады.

Телім — Тентек өмір жағдайына бейімделе алмайды, сондықтан ол ақымақ болып көрінеді. Ол екі ағасына ұқсамайды. Екі ағасы өздеріне қажетті шаруа істесе, Тентек бәрін керісінше істейді. Бірде қақпанға түскен қоянды босатып жіберсе, енді бірде қақпанға түсіп қалған кемпірді босатудың орнына, оның аяғына шылбыр байлап, үйіне сүйретіп апарады. Сондай ақымақтық істерінің бірін көрсететін, яғни судан өте алмай тұрған қойлардың тұяқтарын сыпырып тастайтын тұсынан мына бір мысалды келтіруге болады:

Қой судан өтпейді екен сабаса да,
Тентекке қарап жүру жараса ма.
Шарасын өткізудің ойланады,
Қараңыз, тағы қызық тамашаға.

Иірді бір шұңқырға жинап бәрін,
Көсілтіп жатқызады сирақтарын.
«Кебісімді шеш деген екен ғой» деп
Сыпырды бәрінің түгел тұяқтарын.

Шығармада Тентектің іс-әрекеттері күлкілі етіп суреттеледі. Осыған ұқсас эпизодтар «Делдар тентек», «Кеген тентек», «На-

¹⁷ Телім — Тентек // Мұра журналы №1, №2. 1986.

¹⁸ Ертегілер. 265, 182-папкалар (ОҒК); 116, 117, 120-папкалар (ӨӨЙ).

маз сатып алған бай» т.б. ертегілерде кездеседі¹⁸.

Телім — Тентек қаншалықты ақымақ болғанымен, оның жүрегі таза, қайырымды, ойы адал жан. Ол екі ағасының жасаған опасыздығы мен тасбауырлығына қарамастан, оларға талай рет қайырым жасайды. Тіпті ағасы үшін өзінің жанын құрбан етеді. Жырдағы негізгі назар қатыгез байдың сарандығы мен Тентектің екі ағасының әділетсіздігін әшкерелеуге аударылады.

Шығарманың тілі таза, шұрайлы. Басқа тілден кірген сөздер жоқтың қасы.

Томға ұсынылып отырған «Телім — Тентек» дастанының мәтіні 1986 жылы Қытайда шыққан «Мұра» журналынан алынды.

Қ. Алпысбаева

ЕКІ АҒАЙЫН

Бұл жыр ел арасына ауызша тараған. Дастанды жинап, жүйелеп баспаға ұсынғандар: Іле аймағы, Тоғыз тарау ауданының белгілі ақыны — Көпбосын Сәскеұлы мен сол ауданның мәдениет қызметкері — Дәулет Жапарұлы.

Шығарма алғаш рет «Қазақ қиссалары» атты жинақтың 13-томында жарияланған¹⁹.

Дастанға арқау болған — жазықсыз қуғынға ұшыраған жандар туралы Шығыс пен Батысқа кең тараған сюжет желісі. Оқиға патша қызының жемістен жүкті болып, одан туған балалары: Иманжан мен Пірістапарды өлімге қиып, үйден қууынан басталады. Ақырында қыздың даяшысы балаларды аяп, киімдерін қанға бояп алып келеді. Осы сәттен бастап қуғынға ұшыраған балалар көптеген қиындықтарды бастан кешеді. Жырдың осы тұсы «Болат пен Жанат»²⁰, «Гүлшаһри»²¹

¹⁹ Екі ағайын // Қазақ қиссалары. 13-том. — Бейжің: Ұлттар баспасы, 1993. — 288-348-бб.

²⁰ Болат пен Жанат // Бабалар сөзі. 6-том / Құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Ақан А., Өзібаева Б., Әлібек Т., Рақышева Ж., — Астана: Фолиант, 2004. — 9-68-бб.

²¹ Гүлшаһри. ОҒҚ. 519-папка. Жинаушысы — Ш. Кәрібаев.

дастандарын есімізге салады.

Жырдың композициялық құрылымы күрделі. Ол ертегілік, хикаялық сюжеттер мен мотивтерден тұрады. Олар: дүние жүзі халықтарының ертегі, эпостарында жиі кездесетін перзентсіздік зары, яғни дүниені белшесінен кешіп жүрген патшаның бір шыр еткенге зар болып, қартайған шағында Істәлипа атты қыз көруі; Иман мен Пірістапардың көптеген ертегілер мен эпикалық жырлардың кейіпкерлері сияқты ерекше жағдайда тууы, яғни олардың дүниеге келуіне қасиетті жемістің себеп болуы; болашақ кейіпкерлердің дүниеге келу тарихын баяндайтын эпизодтар фольклортану ғылымында «ғажайып туу мотиві» деп аталады. Дастандағы «ғажайып туу мотиві» кейіпкерлерді әсірелеп көрсету үшін қолданылған көркемдік тәсілдердің бірі. Классикалық, ғашықтық эпостардағыдай, аталған дастан кейіпкерлері де өзгелерден ерекше болып көрінеді. Олар ақылды, өнерлі, кейде батыр сипатында суреттеледі. Аталмыш дастанда зәбір көрген, тарыққан жазықсыз жандарға қысылған кезде жәрдемге келетін ғажайып күш — ғайып ерен, қырық шілтендер қызметі де көрініс тапқан.

Сол сияқты аталған дастанда халық ауыз әдебиетінде ең кең тараған «Аллаға жалбарыну» мотиві де кездеседі. Мұнда бұл мотив кейіпкердің жан қиналысын, күйзелісін, шарасыздығын аңғартады. Оған мына бір мысалды келтіруге болады. Иманжан тасқа айналып кеткен інісінің кейпін көргенде, шарасыздан Аллаға мінәжат айтып, былай жалбарынады:

Ей, Алла, дүниені сен жараттың,
Әлемді он сегіз мың кең жараттың.
Ұшқан құс, жүрген аң, қарайған жан
Бәріне ризық беріп, жем жараттың.
Жан беріп сол қатардағы бізге дағы,
Солармен бізді дағы тең жараттың.
Туған жанның барлығы ұқсас емес,
Өр түрлі кеудесіне шер жараттың.
Не қылса да құдіретің жетеді ғой,
Жан беріп, бұл інімді бері қаратқын...

Оның тілегі қабыл болып, Алланың құдіретімен інісі тіріліп ағасымен табысады. Соңында екі бала шешесін іздеп тауып, бар-

ша мұраттарына жетеді. Аллаға жалбарыну мотиві «Таһир — Зухра», «Сәнуар патша» сол сияқты басқа да көптеген діни дастандарда жиі кездеседі.

Жырдың көркемдігі жақсы, оқиғасы қызық. Мәтінде басқа тілден кірген біраз сөздер кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға енген «Екі ағайын» дастанының мәтіні 1993 жылы Бейжің қаласындағы «Ұлттар баспасынан» шыққан «Қазақ қиссалары» атты жинақтың 13-томынан (288-348-бб.) алынды.

Қ. Алпысбаева

МҰРАТ СӘЛИХ ПЕН МАҒРИПА

Дастан қытайдағы қазақтардың арасына кең таралған. Бұл дастанды Іле аймағы, Күнес ауданының тұрғыны Әлиакпар Шанданұлының айтуынан жазып алғандар — Тоқан Кәмалұлы мен Нұрсұлтан Орманұлы. Шығарма мәтіні 1991 жылы Іле халық баспасынан шыққан «Күнес ауданы қисса-дастандары» атты жинақта жарық көрген²².

Дастанның қысқаша мазмұны төмендегідей.

Күйеуіне адал Мағрипа атты әйелдің жаланың кесірінен көп азап шегіп, қорлық көрсе де адамгершілік қасиетін жоғалтпай, сабыр мен ақылдылық арқасында жеңіске жетіп, күйеуіне қосылып, бақытқа кенелгені баяндалады.

Мұндағы баяндаудың барысы үнемі әділдік пен сабырлылық жеңісіне бағытталады.

Жырға арқау болған «Мың бір түннің» 489-490 түндеріндегі айтылған әңгімелер²³. Шығармада біраз мотивтер қамтылған. Солардың бірі — көптеген халықтың ертегі, жырларында кездесетін жазықсыз қуғынға ұшыраған жандар туралы мотив.

Дастанның композициясы күрделі. Ол бір-біріне жалғасып отыратын бірнеше әңгімелерден құралған.

«Мұрат Сәлих пен Мағрипа» жырының бір нұсқасы (Қазан, 1889) «Хикаят Марғұба қатын» деген атпен «Бабалар сөзі» сери-

²² Мұрат Сәлих пен Мағрипа // Күнес ауданы қисса дастандары. Іле халық баспасы, 1991. — 271-306-бб.

²³ Мың бір түн. 3-том. Аударған Әбдіқадыров Қ. - Алматы, 1993. — 62-63-бб.

ясы бойынша әзірленген жүз томдық жинақтың 5-томында жарық көрді²⁴. Құрастырушы осы мәтінге берген түсініктемесінде қолжазбалар қорында аталған дастанның мұнан да басқа бірнеше нұсқасы бар екенін көрсетеді және оларды салыстырып, айырмашылықтарын талдайды²⁵.

Жоғарыда айтылған екі мәтінді салыстырып қарағанымызда, екі шығарманың мазмұны ұқсас болып шықты. «Хикаят Марғұба қатын» дастанындағы оқиғалық желілер мен сарындар түгелімен «Мұрат Сәлих пен Мағрипа» жырында кездеседі. Алайда екі шығарманың сюжеті ұқсас болғанымен, оқиғаларының кейбір айырмашылықтары да бар екені анықталды. Мысалы, 2004 жылғы басылымда кейіпкердің шеккен тауқыметі кеңірек баяндалады. Сол сияқты «кеме оқиғасы» екі шығармада әр түрлі суреттеледі. Мағрипаға зәбір көрсететін адамдар Әлиакпар Шаңданұлының нұсқасында суға кетіп қаза болса, ал 2004 жылғы басылымда ол адамдар кемемен бірге өртеніп кетеді. Екі мәтіннің баяндалу мәнері де әр түрлі болып келеді. Яғни әр нұсқаның жыршысы белгілі сюжеті өзінше жырлаған.

«Мұрат Сәлих пен Мағрипа» жырының көркемдігі жақсы, оқиғасы қызық. Мәтінде басқа тілден енген біршама сөздер кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға енген «Мұрат Сәлих пен Мағрипа» жырының мәтіні 1991 жылы «Іле халық баспасынан» шыққан «Күнес ауданы қисса-дастандары» атты жинақтан (271-306-бб.) алынды.

Қ. Алпысбаева

КӨКЕК ПЕН ЗЕЙНЕП

Дастан ел арасына ауызша айту арқылы тараған. Жырды айтушылардан жазып алған Іле аймағы, Тоғыз тарау ауданының тұрғыны — Рәш Нәбиұлы. «Көкек пен Зейнеп» дастаны алғаш рет 1993 жылы Бейжің «Ұлттар баспасынан» шыққан «Қазақ

²⁴ Хикаят Марғұба қатын // Бабалар сөзі. 5-том / Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Б.Әзібаева. — Астана: Фолиант, 2004. — 83-115-бб.

²⁵ Сонда., — 296-298-бб.

²⁶ Көкек пен Зейнеп // Қазақ қиссалары. 13-том. — Бейжің: Ұлттар баспасы, 1993. — 403-431-бб.

қиссаларының» 13-томында жарық көрген²⁶.

Жырдың сюжеті шығысқа кең тараған, мазмұны өте қызықты әңгіме, ертегі, хикая, қиссалардың бірінен алынған. Мұндай хикаят, әңгіме, ертегілер көптеген жинақтардың құрамында кездеседі. Дастанның мазмұны ғашық болған екі құстың (Көкек пен Зейнеп) тағдырын баяндауға құрылған. Екі құс жем іздеп жүріп адасып кетеді. Зейнеп қорылдайды кездестіріп, оған ғашық болады. Көрсекұмар болған Зейнеп ақыры жалғыз қалады.

Негізінде бұл шығармада ажырасып қалған кейіпкерлер бірін-бірі іздегенімен алыс сапарға шығып, мехнат шекпейді. Олар көбінде ойланып, толғана береді, онысы ұзақ болып келеді:

«Қош, қош, Зейнебім,
Еш болмасын еңбегің.
Жем қуалап кетіп ең,
Өз уағданда келмедің.
Көп іздеумен өзінді
Арып-шаршап терледім.
Қайда кеттің, не болдың,
Хабарыңды бермедің?
Сонан тағат таба алмай,
Сапарға қанат сермедім.
Құрсағыңды тойғызсаң
Артымнан заулап келерсің...

Жыршы кейіпкерлердің қайғысы, ішкі налысын, шарасыз кешкен күйлерін монолог арқылы шебер суреттеген.

Мұндағы Көкек пен Зейнеп образы шартты түрде алынған аллегориялық образдар болғанымен, ғибрат ашық айтылады. Жырдың мақсаты өнегелі сөздерге тіреледі. Мақсатқа тек ақылмен, адамгершілік, адалдық, еңбекпен жетуге болатынын насихаттайды.

Шығарманың көркемдігі жақсы. Мәтінде басқа тілден кірген сөздер жоқтың қасы.

Томға енген «Көкек пен Зейнеп» жырының мәтіні 1993 жылы Бейжің қаласындағы «Ұлттар баспасынан» шыққан «Қазақ қиссалары» атты жинақтың 13-томынан (403-431-бб.) алынды.

Қ.Алпысбаева

ҚОЙШЫ БАТЫР

«Қойшы батыр» дастаны қытайда тұратын қазақтар арасында ертеден мәлім. Әсіресе Алтай аймағының бірқатар аудандарында кең жайылған. Жырды айтушы Алтай аймағы, Бурылтоғай ауданы, Қарамағай ауылының тұрғыны — Сағидолла Қисықұлы. «Қойшы батыр» дастанының мәтінін 1992 жылы Сағидолланың айтуынан қағазға түсірген жергілікті ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы — Құрбан Құныпияұлы.

Дастан алғаш рет 1992 жылы «Бурылтоғай ауданының қисса-дастандары» атты жинақта жарияланған²⁷.

Жырға арқау болған қазақ еліне кеңінен таралған «Қойшы батыр²⁸» атты ертегінің сюжеті. Дастан:

«Бір байға Қойшы батыр жалшы болған,
Қапамен жүрегі оның шерге толған.
Ойы оның батырлықпен ел қорғамақ,
Жігіттің кезі еді әбден толған.
Жас қойшы осы істі армандайды,
Көңілі қой бағуды ар ойлайды...»

деген өлең жолдарынан басталады. Кейіпкер сол арманын жүзеге асыру үшін әрекет жасайды; яғни ол патшаның жоғалып кеткен жалғыз қызын тауып береді; жазықсыз елге соғыс салған ханнан елдің кегін алады; сол сияқты тірі жан қарсы келе алмаған айдаһардан елін құтқарып, халық ықыласына бөленеді. Сөйтіп, патша қызына үйленіп, әскербасы болады. Осының бәрінде кейіпкер жауларынан күш асырып, бәрін жеңген болып шығады. Ол қысылған сәттерінде өзінің тапқырлығын, айлакерлігін құрал етеді. Сөйтіп, өз ақылы, қайраты, тынымсыз әрекеті арқылы әр түрлі қиындықтардан аман шығады. Жырдағы осындай сюжеттер көптеген халықтың ертегілеріндегі айлакер кедейлер, малшылар жайындағы

²⁷ Қойшы батыр // Бурылтоғай ауданының қисса-дастандары. — Бейжің: Ұлттар баспасы, 1992. — 255-280-бб.

²⁸ Қойшы батыр // Қазақ ертегілері. 2-том / Құрастырған: Қ.Толыбаев. — Алматы: Жазушы, 2003. — 135-141-бб.

әңгімелерге өте ұқсас болып келеді.

Дастанның мақсаты — талапты, тапқырлықты, алғырлықты, әділдікті дәріптеу. Яғни талаптанған, еңбек еткен адамның өз бақытына жететінін насихаттау болып табылады.

Шығарманың тілі таза, көркем. Басқа тілден кірген сөздер жоқтың қасы.

Томға ұсынылып отырған «Қойшы батыр» дастанының мәтіні 1992 жылы Бейжің қаласындағы «Ұлттар баспасынан» жарық көрген «Бурылтоғай ауданының қисса-дастандары» атты жинақтан (255-280-бб.) алынды.

Қ.Алпысбаева

САНАЛЫ САРА

«Саналы Сара» дастанының сюжеті «жарына адал әйелдер» туралы шығысқа кең тараған новеллалық ертегіден өрбіген. Ертегіні жырға айналдырған — Қорғас ауылының тұрғыны Иян Асқарбекұлы. Шығарманың мәтіні алғаш рет 1992 жылы Бейжің ұлттар баспасынан шыққан «Қазақ қиссалары» атты жинақтың 12-томында жарияланған²⁹.

Дастанда ертеде Намұрт деген патшаның өз күйеуіне адал Сара деген әйелге ғашық болып сөз айтқаны, ол көнбеген соң, күйеуін жазықсыз түрмеге жапқызғаны, сөйтіп, ерлі-зайыптылардың тағдыр тәлкегіне түсіп, өмірдің небір тауқыметін тартқаны, ақыры Сараның ақылдылығы мен сабырлылығы арқасында ері түрмеден босатылып, бақытқа кенелгені туралы айтылады. Осындай адал жарлар туралы сюжеттер «Мархұма³⁰» атты ертегіде, «Мың бір түндегі» 489-490 түндері³¹ айтылған әңгімеде, «Хикаят Марғұба қатын³²» атты дастанда т.б көрініс тапқан.

Жарына адал Сара қаншалықты азап шеккенімен адамгер-

²⁹ Саналы Сара // Қазақ қиссалары. 12-том. — Бейжің: Ұлттар баспасы. 1992. — 164-192-бб.

³⁰ Марқұма. ӘОЙ-дің қолжазба қорында сақтаулы 114-папка.

³¹ Мың бір түн. 3-том. Аударған Қ.Әбдіқадыров. — Алматы, 1993. — 62-63-бб.

³² Хикаят Марғұба қатын // Бабалар сөзі. 5-том / Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Б.Әзібаева. — Астана: Фолиант. 2004. — 83-115-бб.

шілік, имандылық қасиеттерін жоғалтпайды. Барлық ауыртпалыққа төзе біледі. Ақылы мен сабырлылығы арқасында қиындықты жеңеді. Ол өзін жәбірлеушілерден кек алмайды. Намұрт патшаның әділдігін, халқына жасаған жақсылығын ескеріп, оны аяп, ауруынан емдеп, кешірім жасайды.

Аталған жырдағы баяндаудың барысы үнемі әділдік, адалдық, ақылдылық, сабырлылық жеңісіне бағытталып отырады. Сараның бейнесі жырда былай суреттеледі:

Сарадан жан болған ба адал жүрек,
Жеткізер адамдарды таза тілек.
Беріктіктен ақыры бақыт тапты,
Адамға бақтың бірі — батыр жүрек...

«Саналы Сара» дастанының көркемдігі біршама жақсы. Жыр мәтінінде басқа тілден енген біраз сөздер кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға енгізіліп отырған «Саналы Сара» дастанының мәтіні 1992 жылы Бейжің қаласындағы «Ұлттар баспасынан» шыққан «Қазақ қиссалары» атты жинақтың 12-томынан (164-192-бб.) алынды.

Қ. Алпысбаева

СӨУКЕЛЕ

Дастан ғашықтар хикаясына арналған. Шығармада өткен ғасырларда Жоңғар даласын мекендеген ру-тайпалардың тұрмыс-тіршілігі, феодалдық салт-сана мен көшпелі халықтардың ескі әдет-ғұрпы бейнеленген. Сондай-ақ дастанда жоңғар халқының ежелгі наным-сенімдері мен мифтік сана көріністері де ұшырасып отырады. Мұны жыр соңында кейіпкерлердің «Бұрқан — құдайдың» құдіретімен тасқа айналу сәтінен көруге болады. Жыршы Алтай, Ертіс өңірлерін мекендеген моңғол-қазақ ұлыстарының көне аңыздарына сүйене отырып, тегі туыс халықтардың тарихын жыр тілімен шынайы кестелеген.

Дастан оқиғасын ел арасына тараған ескі аңыздардың ізімен жырлаушы — Қытайға қараған Алтай аймағы, Көктоғай ауда-

ны, Шәкүрті ауылының тұрғыны Қызыр Алдажарұлы. Жергілікті фольклор жанашыры, ақындық өнері бар ол аталған дастанды өзі құрастырған «Жалаңаш батыр» атты қиссалар жинағына (Шыңжаң «Жастар-өрендер» баспасы, 1998 жыл) енгізген.

Томға ұсынылып отырған «Сәукеле» дастанының мәтіні осы кітапта басылған нұсқа бойынша әзірленді.

С. Қосан

БӨКЕН ЖАРҒАҚ

Қытайдағы қазақ халқының сүйіп тыңдайтын жырларының бірі — «Бөкен жарғақ». Жырды кім жырлағаны белгісіз. Шығарманы ел аузынан жазып алып, жүйелеп, баспаға берген — Іле аймағы, Нылқы ауданы, Мәдениет үйінің жауапты қызметкері, белгілі ақын Дәулетбек Қаңбақұлы. Дастан алғаш рет 1992 жылы Бейжің «Ұлттар баспасынан» жарық көрген «Қазақ қиссаларының» 12-томында жарияланған³³.

Жыр сюжетіне арқау болған ел арасына кең тараған «Бөкен жарғақ» атты күйдің шығуы туралы аңыз. Қысқаша мазмұны төмендегідей:

Бір жылы жұт болып, Жанқылыш деген бай қол астындағы жылқышысын отарға көшіріп, Күлән атты қызын тоқалдыққа алмақшы болады. Әкесі мен анасы қаза болып, Күлән мен Әлбатыр екеуі жетім қалып, тағдыр тауқыметін тартады. Бір күні Әлбатыр аң терісін жамылып аң аулауға шығады. Ердос деген жігіт Әлбатырды аң екен деп өлтіріп алады. Күлән ағасын жоқтап күй шығарады. Күйдің атын «Бөкен жарғақ» деп атайды. Істің мән-жайын түсінген Күлән Ердоспен бас қосып, әкесінің түтінін қайта түтетеді. Күй ел арасына кең жайылып кетеді.

«Бөкен жарғақ» — Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ өмірінің шындығын көрсететін жырдың бірі. Дастанда барлық оқиға Күлән мен Әлбатырдың тағдырын баяндауға қатысты өрбиді.

Шығарманың ерекшелігі — суреттеу мен баяндаудың мейлінше нақтылығы. Күлән мен Әлбатырдың туып өскен ортасы,

³³ Бөкен жарғақ // Қазақ қиссалары. 12-том. Бейжің: Ұлттар баспасы, 1992. — 346-403-бб.

әкесі — Байбосынның тұрмыс-халі ақиқат, әсерлі суреттелген. Олардың тұрмыс-халі мынау:

Жұтан, жұқа халі бар,
Жетім — жесір зары бар.
Тауда отырып бір түтін,
Тартқан бейнет қамы бар.
Жалғыз сиыр — бар малы,
Бір «Саққұлақ» арланы...

Ал Күләннің басындағы оқиға, яғни кедейдің қызын Жанқылыштың тоқалдыққа алмақшы болуы да, сол кездегі шындықтың бір көрінісі.

«Бөкен жарғақ» дастанының көркемдігі жақсы. Мәтінде басқа тілден енген сөздер аз.

Томға енген «Бөкен жарғақ» жырының мәтіні 1992 жылы Бейжің «Ұлттар баспасынан» шыққан «Қазақ қиссалары» атты жинақтың 12-томынан (346-403-бб.) алынды.

Қ. Алпысбаева

БҰЛҒЫН — СУСАР

Ел арасында кең таралған аңыз. Жырға кім айналдырғаны белгісіз. Бұл жыр ел арасында ауызша және қолжазба күйінде сақталған. Дастанның мәтінін Алтай аймағы, Шіңгіл ауданының тұрғыны, «Астық» мекемесінің қызметкері Қабыл Шәмілұлының айтуынан жазып алып, реттеп баспаға әзірлеген — сол ауданда тұратын Мәдениет үйінің қызметкері, белгілі айтыс ақыны Құрманбек Зейтінғалиұлы.

Дастан алғаш рет 1991 жылы «Іле халық баспасынан» жарық көрген «Шіңгіл ауданының қисса-дастандары» атты жинақта жарияланған³⁴. Дастанның қысқаша мазмұны төмендегідей:

Байлыққа көзі тоймаған Бірбай қарт Бұлғын атты сұлу қызын Суырбай деген байдың ұлына ұзатпақ болады. Бұлғын қарсылық білдіріп, өзі сүйген Сусар атты жігітпен қашып кетеді. Жігіт жолшыбай «Бұлғын — Сусар» деген күй шығарады.

³⁴ Бұлғын — Суар // Шіңгіл ауданының қисса-дастандары. Іле халық баспасы. 1991 — 227-249-бб.

Осыдан бұл күй ел арасына тарап кетеді.

«Бұлғын — Сусар» — әлеуметтік-тұрмыстық дастан. Жас қыздың сүймеген адамына айттырылуы «Бұлғын — Сусар» жырының оқиғалық желісін құрайды. Кедей қызы Бұлғынды Суырбай деген байдың баласына айттыру Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ қоғамында болған шындықтың бір елесі деуге болады. Көптеген қазақтың сұлу қыздарының күштілердің құрған тұзағына еріксіз құрбан болғаны белгілі. Бірақ Бұлғын өз намысы үшін күресуге қабілетті. Ол әкесінің құда түсіп қойғанына қарамастан, сүйген жігітімен қашып кетеді. Жырда қоғамның өз ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен күрестер сөз болады. Жырдың көтеріп отырған мәселесі сол дәуірдің шындығы, негізгі нысанасы — адамның бас бостандығы, әйелдің тең құқықтылығы.

Дастанның композициясы барынша қарапайым. Шығармада барлық оқиға Бұлғын мен Сусардың бақыт үшін күресіне, тағдырына қатысты өрбиді. Кейіпкерлердің іс-әрекеттері нағымды. Жырда Бұлғын мен Сусардың талпынып, азаттыққа жетпек болған әрекеті кең суреттелген.

«Бұлғын — Сусар» жырының көркемдігі біршама тәуір. Мәтінде араб, парсы, тілдерінен енген біраз сөздер кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңында арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға ұсынылып отырған «Бұлғын — Сусар» жырының мәтіні 1991 жылы «Іле халық баспасынан» шыққан «Шіңгіл ауданының қисса-дастандары» атты жинақтан (227-249-бб.) алынды.

Қ. Алпысбаева

ҮШ ЖЕТІМ

Дастан оқиғасы ертедегі қазақ өмірінен алынған. Сюжеті қарапайым. Мазмұны «Үш жетім қыз» дастанына ұқсас. Мұнда қыздардың орнында ата-анасынан жастай айрылып, тағдыр тауқыметін тартқан үш жетім ұл — Ғалым, Сәлім, Мырзабектердің басынан өткен ауыр тұрмыс суреттеледі. Жалпы қазақ фольклорында көп кездесетін «үш ұл» мотивіне құрылған ертегі, жыр, дастандар жетерлік. Мәселен, «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» атты кітапта «Үш

ағайынды жігіт», «Үш жетім бала», «Үш зерек бала», «Үш дос», «Үш мерген» т.б. аңыз, ертегілердің тізімі беріліп, олардың қысқаша мазмұны баяндалған³⁵.

«Үш жетім» — ертегілік дастан. Халықтық шығарманың Шыңжаң қазақтары арасында тараған нұсқасын өлеңмен жырлаушы — Бұратола өңірінің тұрғыны, белгілі ақын Нәзір Омарұлы. Дастан мәтіндерін көшіріп жазып алып, сақтаушы және баспаға ұсынушы — Сейітқазы Тамшыұлы. Алғаш 2001 жылы «Қазақ қиссалары» жинағының 17-томында (Бейжің «Ұлттар» баспасы, 150-177 беттер) жарық көрген. Томға аталған басылым бойынша әзірленді.

С. Қосан

ҮШ ЖЕТІМ ҚЫЗ

Дастан оқиғасы ертедегі Бағдат шаһарында — Шах Ғаббас патшаның заманында өтеді. Шығарма сюжеті «Мың бір түн» хикаяларының бірінен алынғаны аңғарылады. Дастанның кейіпкерлері — ағайынды үш жетім қыз (Айым, Ғайша, Шәмсия), падиша мен уәзір, перзентсіз, малсыз кемпір мен шал образдары да шығыстық ертегілерде ең жиі кездесетін тұрақты персонаждар. Мұндағы кіші қыз Шәмсияның өз ақыл-парасатымен бақыт пен байлыққа қол жеткізуі — фольклорлық шығармаларға тән ежелгі сарындардың бірі. Ғылым тілінде бұл мотив «минораттық ғұрып» деп аталады.

Үйіне қыз келіп, аяқ астынан балалы болған шалдың дарияға салған қармағына ақ қайран сияқты сирек балықтың ілінуі де ертегідегі «алтын балық» мотивін еске түсіреді.

Шыңжаң қазақтары арасында кең тараған дастанның жырлаушысы белгісіз. Шығарманың бұл нұсқасын жинаушылардың бірі — Бейбіт Қырықбайұлы болса, жүйелеп, көшірген — Қабден Балықшыұлы. Дастан алғаш 2001 жылы Қытайда жарық көрген «Қазақ қиссаларының» 18-томында (138-187 беттер) жарияланған. Бұл томға мәтін аталған басылым бойынша әзірленді. Бұрын-соңды зерттелмеген. Қазақстанда тұңғыш жарияланып отыр.

³⁵ Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 7- том. Ертегілер. Алматы: Ғылым, 2003, 176-185 б.б.

С. Қосан

КЕЗБЕ ШАЛ

Дастан оқиғасы шығыс халықтары арасында ерте заманнан танымал көне ертегілік сюжетке құрылған. Шығарма мазмұны жағынан мысал жанрына барынша жақын тұр. Әлбетте өткен ғасырдағы қазақ ауыз әдебиетінде осы тектес көшпелі сюжеттер қара сөзден өлеңге яки, керісінше, ертегіге, одан қалса қисса түріне құбылтылып айтыла берген. Бұған осы дастанды нәзиралай жырлаушы Құрбанғали Құсайынұлының «Төрт мысал оқырманға ұсынамын», «Ат қойдым бұл қиссаға «Кезбе шал» деп» дейтін сөздері де куә.

Қалай десек те, дастанның кейбір нұсқалары Қытайға қарасты Алтай, Тарбағатай, Іле өңірінің қазақтары арасына кең тарағаны белгілі. Шығарманы жатқа айту арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізушінің бірі — шыңжандық Насырулла Құрманғажыұлы. Аталған нұсқа 1992 жылы Іле «Халық» баспасынан жарық көрген «Бурылтоғай ауданының қисса-дастандары (209-225 бб.) атты фольклорлық жинақта алғаш рет жария болды.

Дастанның көлемі шағын, сюжеттік құрылымы да онша күрделі емес. Кейіпкерлері: шал, қасқыр, бәйтерек, балық және Тәңірдің өзі. Ақырында, ақылсыз қария аш қасқырдың жемі болады.

Осыған ұқсас ертегілік сюжеттер бізде де сақталған. Мәселен, ОҒК (Ш.142) қолжазба қорында сақталған «Бақытты басқа тепкен жігіт» атты ертегіде осы оқиға сәл өзгерістермен қайталанатын. Мұнда кезбе шал орнында жігіт, Тәңір орнында Қызыр, Бәйтерек пен балық орнында — патша мен бай, ал қасқыр орнында — айдаһар болып кезігеді. Осыған ұқсас тағы бір ертегі «Қасқыр мен кедей» деп аталады (ОҒК, Ш.108). Мұнда бір еріншек кісі Құдайдан байлық сұрап бара жатып, жолда қасқырға, жеміс ағашына, балыққа жолығады. Сөйтіп, олардың арыз-сәлемін Алла тағалаға жеткізуге уәде береді. Кейіннен, Құдай тілегін берген жалқау жеміс ағашы мен балықтың сыйлығынан бас тартып, ақыры аш қасқырдың жемі болады.

Дастан мәтіні бұрын-соңды жарияланып, зерттелмеген. Томға ұсынылып отырған нұсқа шыңжандық басылым (Іле «Халық» баспасы, 1992 жыл, 209-225 беттер) бойынша дайын-

далды.

С. Қосан

ХАН ХҮКІМІ

Дастан сюжеті шағын әрі қарапайым. Шығарманың бас кейіпкерлері — Қадиман патша, Қызыр мен шал және үш уәзір. Дастанда патшаның әмірі бойынша шал Қызырды іздейді. Мың ділдә ақы алған қарияға Қызыр бала кейпінде жолығады, әйтсе де оны ешкім тани қоймайды. Патшаның екі уәзірі қартты дарға асып өлтіруді және терісін сойып, денесін ағаш басына іліп қоюды ұсынады. Үшінші уәзір шалға кешірім етуді сұрайды. Әр уәзір жауап берген сайын әлгі бала: «Әр нәрсе асылына қайтады», «Әрбір зат қалыбына түседі», «Барлығы өз тегіне тартады» деген сөздерді қайталай береді. Патша себебін сұрағанда, бала уәзірлердің әрқайсысының шыққан тегін, мінез-құлқын сипаттап береді де; «Мен — Қызыр, кешіріңіз, шалдың қанын», — деп көзден ғайып болады. Дастанның басты идеясы адалдық, әділдік және қайырымдылық қасиеттерін дәріптеуге құрылған.

Дастанның кейбір нұсқалары Шыңжаң өңірі қазақтары арасында «Қызырды іздеген патша», «Әділ ханның хукімі» деген атаулармен мәлім. Оның бір вариантын Іле аймағы, Күнес ауданы, Талды ауылы, 7-қыстақтың тұрғыны Құсайын Ержанұлы деген зейнеткер 1984 жылы ел аузынан жазып алған. Ол 1991 жылы осы ауданның «Қисса-дастандары» жинағында жарық көрген. Ал «Хан хукімі» дастанының тағы бір нұсқасы Алтай аймағы, Буыршын ауданы, Егізтөбе ауылының тұрғыны Қалиғазы Дастанұлының айтуынша «Ғазиз әулие» атты кітаптан көшіріліп, кейін ауызекі жолмен халыққа тараған.

Дастанның аталған нұсқасының мәтіні 1991 жылы «Буыршын ауданының қисса-дастандары» (67-71 беттер) атты жинаққа еніп, Іле «Халық» баспасында жарық көрген.

Бұл томға осы соңғы нұсқа бойынша әзірленіп, ұсынылды.

С. Қосан

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)—ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

* Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар, Әлхамду-лиллаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші «әділетті халифа». Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның «зұлпықар», «қамқам», «самсам» деген үш қылышы болғаны айтылады. Әсіресе Әли «зұлпықарын» сілтегенде бірнеше жүз кәпірді шауып түсіреді. Әлидің есімі көптеген шығыс қиссаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол қиссалардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ аттың нышанына айналған.

Дәуіт — Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі.

Жүсіп — Зылиқа — шығыс халықтарының «Жүсіп — Зылиха» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері, махаббат пен сұлулық символы.

Құсайын (Хұсайын) — Мұхаммедтің қызы Фатима мен Әли ибн Әбу Тәлибтің кіші баласы, шииттердің үшінші имамы. Ислам тарихында Хұсайынның есімі Хасенмен бірге аталады. 669 жылы Хасен өлгеннен кейін Әли ұрпақтарына басшылық етеді.

Алайда 680 жылы халифа Мағауия қайтыс болғаннан соң Иракта үмийалықтарға қарсылық күшейеді. Осы кезде куфалық халифа Йазидтың белсенділігі де арта түсті. Оның адамдары Хұсайынның немере інісі Мүслімді дарға асып өлтіреді. Куфаға келе жатқан Хұсайын қайғылы хабарды естісе де, сапарын жалғастыра береді. Оның Кербала шөлінде ат суытқанын білген Йазид Хұсайынға қарсы төрт мың әскерін қарсы аттандырады. 680 жылдың 10-қазанында күші басым жаумен ерлікпен

айқасқан Хұсайын жолдастарымен бірге ұрыс даласында шейіт болады.

Имам Хұсайын қайтыс болғаннан кейін Кербала шииттер табынатын қасиетті орынға айналады. Ал оның өлген күнін барша шиит қауымы аза тұтып, құрметпен еске алады.

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді.

Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр] — ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Ләйлі — Мәжнүн — Таяу және Орта Шығыс пен Оңтүстік Шығыс, Азия халықтарының «Ләйлі мен Мәжнүн» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері. Араб мәнбілері бойынша, Мәжнүн — өмірде болған, VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасыр аралығында өмір сүрген ақын. Ләйлі мен Мәжнүн қазақ фольклорында шын ғашықтардың сүйенер пірі ретінде суреттеледі.

Мұхаммед — ең соңғы пайғамбар, Ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед (ә.с.) 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла* алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (ә.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Мұхаммед 610 жылдары 40 жасында

* Расул Алла — [Расул (а) — елші] — Алланың елшісі.

Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — Исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (ә.с.) Ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар Ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл Ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (ә.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күпшекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді, осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Сүлеймен — Құран бойынша, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Фатима (Бибі Бәтима) — (635 жылы қайтыс болған) — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасен мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір

тұтатын қасиетті әйел бейнесі. Фатимаға табыну, шамасы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулетінің ықпалы күшеюіне байланысты туып қалыптасса керек. Фатима — шииттердің діни хикаяларының басты қаһармандарының бірі. Көптеген мұсылман елдерінде алақанды белгілейтін ежелгі нысана «Фатиманың қолы» деген атақ алған. Оның небір үмітсіз ауруларға да ем қондырып, дәру дарытатын қасиеті бар деп саналған.

Шаһариарлар [шаһар /п/ — төрт, яр /т/ — жар, серік] — тарихта «ал-Хулафа ар-Рашидун» деген атпен белгілі, араб мемлекетін бірінен соң бірі кезекпен билеген төрт әділетті халифа — Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли.

Олар Мұхаммед пайғамбар уағыздаған жалғыз Құдайлық дінді ең бірінші болып қабылдап, оның ең жақын, шын берілген сенімді серігі, жолдасы болды және Ислам дінін тарату, нығайту ісін ары қарай жалғастырды.

СӨЗДІК

Абдыра — киім-кешек салатын сандық, кебеже.

Адырна — садақтың керме қайысы.

Айыл — ер-тоқым ауып кетпес үшін малдың бауырын, шабын орап тартатын жалпақ қайыс.

Ахирет, ақирет — ақырет күні. Мұсылмандардың ұғымы бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

Алман — алым-салым

Арда емген — құлын күнінен бастап, құнанына дейін еміп, ақ жілік болған.

Аужай — ыңғай, жай-жапсар

Әзелде /ж/ — о баста, әуелде

Әтей /ж/ — әдейі

Бада болу — жоқ болу, мүлдем құрып кету

Байғыз — үлкендігі қара торғайдай сәл ірірек сұр түсті түн құсы.

Бейуаза — мезгілсіз, уақытсыз

Білеулеу — мығымдап, нығарлай ұстау

Ғазиз — қадірлі, қымбатты, ардақты

Ғаріп /а/ — бейшара, мүсәпір, міскін

Дая — қызметші

Делебесі қозу — көңілі алып ұшу, желігу

Еңіс — жотаның, өрдің түсе берісі, ылди

Жайла — орын тебу, қоныстану, мекендеу

Жаллад /а/ — әскер, жендет, бас алғыш

Жарғақ — түгін сыртына қаратып тіккен сырт киім.

Жардам /ж/ — жәрдем

Жәннат /а/ — бақ. О дүниеде күнәдән ада, таза адамдардың баратын орны (жұмақ, пейіш). Жәннат — бұлақтар мен сулары мол, саялы бақ. Онда дәмі өзгермейтін сүт өзені, шарап, бал өзендері ағады. Жәннатқа түскендер қалаған нәрселерін ішіп-жейді. Жәннатты Ридуан бастаған періштелер күзетеді.

Жәһил /а/ — надан, білімсіз

Жиһан, жаһан /п/ — әлем, дүние

Жігіну — жындану, нақұрыстану, астаң-кестеңі шығу, қарбаласу

Заһар /а/ — у

Инғам /а/ — тарту, сыйлық

Иншалла /а/ — Алла қаласа

Кәтел /о/ — қазан

Кернай /д/ — керней

Кетеуі кету — шырқы бұзылу

Көзел — көпті көрген, сұңғыла

Көрік — ұста дүкеніндегі көмірді үрлеп темірді қыздыру үшін теріден жасалған үрлеуші.

Қарық — көздің суықтан, әсіресе шаңқан қарлы далада жүруден болатын ауруы.

Қасам /к.с./ — ант, серт

Қиуа — алыс жер, қиян, шалғай

Қораш — көзге олқы көрінетін, жұпыны

Құзар — асу бермес биік, заңғар

Құқай — азап, бейнет, қиындық

Құмай — таулы жерді мекендейтін ірі жыртқыш құс.

Лама — будда дінінің сопысы, дінбасы.

Мағұрып /а/ — батыс

Мағшұқ /а/ — ғашық, сүйікті

Машұрық /а/ — шығыс

Мархабат — рақым, қайырым

Махшар /а/ — адамдардың о дүниеде жаза күніне жиналатын орны.

Мәштір /о/ — шебер

Меш /ж/ — пеш

Мосқал — біраз жасқа келген, егде, қартамыс

Мұрсат /а/ — уақыт, мерзім

Мыту — шымшылау, қайта-қайта нұқу

Мінажат /а/ — құлшылық ету

Нәзір /а/ — құрбанның бір түрі, уәжіп-құрбан; Құдай жолына берілетін садақа, қайыр.

Оқа — жібек және зер жіптерден өрнектеле тоқылған зер.

Омақасу — кенет ұшып, мұрттай ұшу

Ошарылу /ж/ — бір жерге жиналу, топталу, шоғырлану

Өбектеу — жаны қалмау, бәйек болу

Пәни — бұ дүние

Паруардигар — Жаратушы Алла, Құдай.

Пәуеске — төбесін, сыртын былғарымен жапқан, ою-өрнек сап сәндеп жасаған, күймелі жеңіл арба.

Перғауын — Ертедегі мысыр патшаларының атағы, титулы.

План /о/ — жоспар

Потал /ж/ — күміс өңдес жұқа мата.

Пысыру /ж/ — пісіру

Сайлауыт /ж/ — сақадай сайланған, әбден іріктелген

Санат /а/ — құрметті, дәрежелі, атақты

Сәна /а/ — ой, қайғы

Селебе — ұшы үшкір, жүзі өткір ұрыс қаруы.

Сонар — қалың қар жауып ашылғаннан кейінгі аңға шығуға қолайлы тынық күн

Соны — ешкім аяқ баспаған, тың жер

Сөтке /о/ — уақыт, мерзім

Сүмбі — жіп-жіңішке, түп-түзу

Сүрен салды — бүлік салды, сойқан салу

Сырттық — сырт киімдерді тыстауға жарайтын қалың мата.

Тазқара — үлкен жыртқыш құс, жыл құсы.

Тәуба /а/ — мойындау, тәубеге келу

Телім — үлес, сыбаға, тиесі

Тепкішек — жоғары-төмен көтеріліп түсу үшін жасалған басқыш баспалдақ, саты.

Тоғанақ — бума, жүк

Топшы — құс қанатының кеудеге жалғасқан жері

Тораңғы — шөлейт аймақтарда, өзен аңғарларында түк жапырақты, көп жылдық қатты ағаш.

Тұқыра — басын төмен салып, мойнын ішке алу

Тұйткілісу — қобалжу, толқу, әбігерлену

Тылсым — тыным, тыныштық, жым-жырт.

Түзі /ж/ — жүзі

Тылсымат /а/ — тұтқындарды ұстайтын жабық, құпия зындан тектес құдық.

Уаң — мәнсап аты, аға сұлтан дәрежесі.

Ұзын сонар — ұзаққа созылған

Ұрын бару — күйеу жігіттің қыз жеңгелеріне сый-сияпат алып, айттырған қызының аулына жасырын келуі.

Факт /а/ — дерек, дәлел

Халифа /а/ — орта ғасырлардағы мұсылман елдердің мемлекет билеушісінің атағы, лауазымы.

Хас — дәл, нақ, шын мәнінде

Хикмет, хикмат /а/ — керемет, ғажайып, сұмдық.

Хор, хордың қызы — діни наным бойынша, жұмақта болатын мәңгі жас, өте сұлу қыз.

Шағи — таза тінді жібек мата.

Шарайна — сауыт, латы.

Шаужайға оралды — алдын орау, кес-кестеу

Шаһар, шәр /а/ — қала.

Шел — көздің қарашығын жауып тұратын ақшыл ет, ноғала.

Шерік /т/ — әскер, қол.

Шұрқан шығарды — әлек салды, шатақ шығарды.

Шіл — құр тұқымдасына жататын, кекілікке ұқсас, сұрғылт түсті кішкентай құс.

Шілия — аттың қамытын мойнына кернеу үшін қажет әбзел.

Ықылым /а/ — жер, бөлік, ел.

Ыра — ылди-еңіс, құлди.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Алтай аймағы — Қытай Халық Республикасы Іле Қазақ автономиясы облысына қарасты әкімшілік аймақ. Батысында Қазақстанмен, Солтүстік батысында Ресеймен, Солтүстік Шығысында Монғолиямен шектеседі.

Бағдат — (кей жорамалдарға қарағанда ежелгі парсы тілінің «бага» — құдай, «дад» — берген, яғни «құдай сыйы» сөздерінен шыққан) — 1921 жылдан қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халифа Мансұр 762 жылы салдырған. Бағдат — орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Насредин Туси, Әл-Фараби т.б.] оқып, білім алған.

Бұлғары (Болгар) — Еділ Бұлғариясының астанасы. Еділ өңірінің ірі саяси және мәдени орталығы болған. Бұлғар қаласын 1431 жылы Мәскеу князі Василий Темный бағындырғаннан кейін, Еділ бойы өңірінің орталығы Қазан қаласы болды. Бұлғардың қираған орны Татарстан аумағында, Еділ өзенінен алты шақырым жердегі осы аттас ауылдың маңында.

Қап тауы — Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының арғы жағын йәжуж бен мәжуж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп, бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Қап тауымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Солардың бірсыпырасында Қап тауының арғы жағында керемет мақұлықтар, дәулер мен перілер мекендейтін ғажайып елдер бар деп айтылады.

Мәдине—арабша «қала» деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталады. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдине оның алғашқы астанасы болды.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630-жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Үрім, Рұм — шығыс халықтары орта ғасырда Византияны осылай атаған. Сол халықтардың фольклоры мен әдебиетінде Рұм атауы өте алыс, ғажайып өлкенің символы ретінде қолданылған.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Әріпжан Жанұзақұлы (1878—1946) — Әріпжанның азан шақырылып қойған аты — Өзімжан. Ел арасында Әріпжан аталып кеткен. Ақын Бәйжігіттен төрт ата бері Дәулетбай батырдан тарайды.

Әкесі Жанұзақ Шіңәнұлы дейтін кісі ерекше шежіре, шешен ақын болған адам. Шыңғыс хан ұрпақтарының қазақ даласына жасаған жантүршігерлік озбырлығына қарсы Қаракерей Қабанбай батыр мен оның немере інісі Дәулетбайдың ерлік істерін жырлап, тарихта қалдырған және қазақ фольклорының алтын қоры қатарында саналып жүрген «Бақтиярдың қырық бұтағы» атты дастанды жырлаған. Әріпжан кішкентай кезінен бастап әке жолын қуған. Күнді түнге жалғап жыр айтатын суырып салма ақын болған. Ол отау көтеріп әкеден енші алғанда, мал орнына қызыл тал мен аршадан қиюластырып жасалған, кейін өзіне ұзақ жыл серік болған домбыраны және әкесі жырлаған «Дастархан», «Азат бақыт», «Алпамыс», «Шәкір — Шәкірат», «Нұғман — Назым» қиссаларын қалап, еншіге алған екен.

Ақынның өмірі Тарбағатай тауының теріскей мен күнгей бетінде өткен. Өзі де көптеген қисса, толғау, өлең, жыр шығарған. Әкесі жырлап, аяқтай алмаған «Бақтиярдың қырық бұтағы» дастанын жырлап, аяқтаған.

Дәулетбек Қаңбақұлы — Іле аймағы, Нылқы ауданында туған. Жоғары оқу орнын бітірген. Нылқы ауданы Мәдениет үйінің қызметкері. Ол сондай-ақ ШҰАР жазушылар одағының және ШҰАР фольклоршылар қоғамының мүшесі. «Ғазірет Өлі мен Дариғаның күресі», «Нұғман — Назым», «Пұрақ баланың хикаясы», «Мұхаммед — Қанапия» қиссасы, «Сұлтан патшаның қиссасы», «Ұры мен жолбарыс» сияқты халық мұраларын жинап, сақтаған. Кейбіреулерін жүйелеп, басылымдарда

жарық көрсеткен. «Іле халық баспасынан» 1990 жылы басылып шыққан «Нылқы қазақ қиссалары» атты екі кітаптың бас редакторлық қызметін атқарған.

Қызыр Алдажарұлы—1926 жылы Алтай аймағы, Көктоғай ауданы, Шәкүрт ауылында туған. Ғұлама ақын. Өлемжі Ахытұлының (1866-1940) туған немересі. Жастайынан ата тәрбиесінде болып, сол кісінің ақындық өнерін қуған. Атасының «Сейфүлмәлік», «Бәдіғұл—Жамал», «Сейітбаттал ғазы», «Ишан Махмұд» сияқты қисса-дастандарын жаттап, елге таратқан. Атасына еліктеп өзі де жастайынан көптеген қисса-дастандар жырлаған. Солардың біразы басылымдарда жарық көрген. «Жалаңаш батыр», «Қасым батыр», «Сәукеле» атты үш жыры 1998 жылы «Шыңжаң жастар-өрендер» баспасынан «Жалаңаш батыр» атты кітап болып басылып шыққан. Ол сондай-ақ Қытай Халық Республикасы фольклоршылар қоғамының мүшесі.

Нұрсұлтан Орманұлы—1961 жылы туған. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Орта мектепті бітірген. Қазір Күнест ауданы, Қарабура ауылы, Ақтаған екінші қыстағының егіншісі.

Оразанбай Егеубаев—1935 жылы Шыңжаң өлкесі, Шағантоғай ауданы, Ойқұдық ауылында туған. «Өмір өткелдері», «Тау ұлы», «Ту мекенде», «Қазақтың ғашықтық жырлары», «Қазақ қиссалары—батырлық, тарихи жыр-қиссалар» т.б. еңбектері жарық көрген.

Ол Таңжарық Жолдыұлының өмірі мен шығармаларын ұзақ жылдар зерттеп, жаладан ақтап, ақын мұрасын халық игілігіне қайта жаратуда көп еңбек сіңірген ғалым.

Тоқан Кәмалұлы—1960 жылы туған. Орта мектепті бітірген. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Қазір Күнест ауданы, Қарабура ауылы, Кент мектебінің мұғалімі.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

/ж/ — жергілікті

/к.с./ — көне сөз

моңғ. — моңғол

/қ/ — қытай

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Әуезов М.О.* Әдебиет тарихы. — Алматы, 1991.
2. Бабалар сөзі. 5-том / Томды құрастырып ғылыми қосымшаларын дайындаған: *Б.Әзібаева*. — Астана: Фолиант, 2004.
3. Батырлар жыры. 3-том. — Алматы, 1964.
4. *Бердібаев Р.* Қазақ эпосы. — Алматы, 1982.
5. *Ғабдуллин М., Сыдықов Т.* Қазақ халқының батырлық жыры. — Алматы, 1972.
6. Ертегілер. 3-том. — Алматы, 1988.
7. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1-том. — Алматы, 1976.
8. Қазақ тілінің сөздігі, — Алматы, 1999.
9. Қазақ ертегілері. 2-том. — Алматы, 2000.
10. Қазақ кітаптары / Құрастырғандар: *Е.Есова, Ү.Сүбханбердина, Д.Сейфуллина* — Алматы, 1986.
11. *Қасқабасов С.* Казахская волшебная сказка. — Алматы, 1972.
12. *Қоңыратбаев Ә.* Эпос және оның айтушылары. — Алматы, 1975.
13. *Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр аңыздар. — Алматы, 1985.
14. Мың бір түн. 3-том. Аударған *Қ.Әбдіқадыров*. — Алматы, 1993.
15. *Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. — Алматы, 1993.
16. Арабско-русский словарь. Составитель *Х.К.Баранов*. — М., 1968.
17. Древнетюркский словарь. — Л., Наука, 1969.
18. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р.Сыздық, Н.Уәлиұлы, Қ.Жаманбаева, Қ.Күдеринова*. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
19. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.

20. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев*. — Алматы, 1977.

21. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика*. I-II т. — М., 1970.

22. Татарско-русский словарь. — М., Советская энциклопедия, 1966.

23. Турецко-русский словарь. — М., Русский язык медиа, 2005.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Предлагаемый вниманию читателей 31-том свода включает в себя фольклор казахов, проживающих в Китае. В Китае проживает около полутора миллиона казахов. Волею судьбы оказавшиеся на чужбине, они сохранили свой язык, обычаи и фольклор. В репертуаре тамошних сказителей сохранились почти все сюжеты общеказахского эпического, сказочного, песенного и др. творчества. Наряду с ними бытуют сюжеты, возникшие в других историко-социальных условиях.

Данный том включает в себя дастаны сказочно-новеллистического содержания, это такие произведения, как: «Құламерген», «Арық мерген», «Әбу жылан», «Телім — Тентек», «Екі ағайын», «Мұрат Салих пен Мағрипа», «Көкек пен Зейнеп», «Қойшы батыр», «Саналы Сара», «Сәукеле», «Бөкен жарғақ», «Бұлғын — Сусар», «Үш жетім», «Үш жетім қыз», «Кезбе шал», «Хан хукімі»

Сюжеты некоторых из них восходят к произведениям восточной литературы, другая же часть их сложена по следам региональных легенд и преданий.

В соответствии с принципами издания «Бабалар сөзі» том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ их; данные о исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в

текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

В Казахстане все тексты данного тома публикуются впервые.

Объем тома — 23,5 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura» («Cultural heritage»).

The proposed 31st volume includes folklore of Kazakh people who live in China. About million and a half Kazakh people live in China. Historically it happened so that Kazakh people have left to China, lived there and preserved their native language, customs and folklore. The repertoire of the narrators have preserved almost all plots of common Kazakh epic, tale, song and other creative work. Alongside with them there the plots that have originated in new conditions, in a different environment.

This volume includes dastans of tale and novel content such as «Kulamergen», «Aryk mergen», «Abu zhilan», «Telim-tentek», «Eki agajin», «Murat Salikh pen Magripa», «Kokek pen Zeinep», «Koishi batyr», «Sanaly Sara», «Saukele», «Boken zhargak», «Bulgin — Susar», «Ush zhetim», «Ush zhetim kyz», «Kezbe shal», «Khan kukimi».

Some of their plots are based on the Oriental works, regional legends and tales.

According to the principles of the edition «Babalar sozi» the volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic, Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

Texts published in this volume have been published in China. Regretfully they have been subject to editing and literary processing. Possibly this happened both on the stage of recording texts from the narrators and in the process of re-writing of the manuscripts (possibly several times) as well as during preparation of the texts for publishing. However they have preserved the peculiarities of the folklore of Kazakh people who live in China.

In Kazakhstan all texts of this volume are being published for the first time.

Volume includes 23,5 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
-------------------------	---

Мәтіндер

Құламерген	9
Арық мерген	26
Әбу жылан	38
Телім — Тентек	68
Екі ағайын	93
Мұрат Сәлих пен Мағрипа	130
Көкек пен Зейнеп	155
Қойшы батыр	173
Саналы Сара	189
Сәукеле	208
Бөкен жарғақ	233
Бұлғын — Сусар	268
Үш жетім	283
Үш жетім қыз	300
Кезбе шал	314
Хан хукімі	325

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	331
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	352
Сөздік	353
Жер-су атаулары	361
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет	363
Шартты қысқартулар	365
Пайдаланылған әдебиеттер	366
Резюме	368
Summary	370

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

31 том

НОВЕЛЛИСТИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Қ. Тұрлынова*
Редакторы *Ұ. С. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *М. М. Әлсейітова*
Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Баур» баспасы

ИБ № 2153

Теруге 30.03.06 жіберілді. Басуға 07.04.06 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 23,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № .

«Фолиант» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

